

Вильгельм Буш

ИСА – БІЗДІҢ ТАҒДЫРЫМЫЗ

Магнит таспасынан жазылып
алынған дәрістер



Wilhelm Busch
Jesus – unser Schicksal
Original edition © by
Aussaat- und Schriftenmissions-Verlag GmbH,
Neukirchen-Vluyn, Germany

Вильгельм Буш
«Иса – біздің тағдырымыз»
Қазақ тілінде бірінші басылуды
© 1998 «Шығыс Сәулесі»

МАЗМҰНЫ

Кұдай Иеміз бар дейік,	
жарайды, ал Иса бізге не үшін қажет?	7
Мен не үшін өмір сүремін?	23
Менің уақытым жоқ!	37
Тындаңыздар! Өмір үшін қауіпті!	53
Не істеуіміз керек?	69
Кұдай неге үндемейді?	85
Біздің махаббатқа құқымыз!	101
Кұдаймен сөйлесуге бола ма?	116
Егер бұдан әрі сене алмасақ, бұл өмірдің қынышылықтарына қалай төтеп бере аламыз?	129
Біз үнемі қателіктер жіберіп, күнәлі болып жүрсек, онда өмірімізде жеңіске қалай жетуге болады?	145
Егер бізді адамдар ашуландырса, біздің не істеуіміз керек?	160
Бәрі өзгеруге тиісті, бірақ қалайша?	173
Аулақ, мен емес!	187
Діни мәселелерде айқын жүйелілікке жетуге бола ма?	199
Мәсіх жолын қуышылық жеке адамның ісі болып табыла ма?	216
Ақыр заман қашан болады?	233
Кұдайға өз өмірімізді арнағанда, біздің қолымыз неге жетеді?	252

ИСА – БІЗДІҢ ТАҒДЫРЫМЫЗ!

„Иса – біздің тағдырымыз!“ – бұл діни жетекші Буштың Изгі хабарды кең көлемде насихаттау мақсатымен, 1938 жылы Эссен қаласында өткізген әңгімесінің басты тақырыбы.

Ол Эссен жастарының арасында діни қызметті үлкен ризашылықпен атқарды, Изгі хабардың нағыз уағыздаушысы есебінде көп уақытын ел аралаумен өткізді. Қалалар мен қыстақтарда, Шығыс пен Батыста және бүкіл дүние жүзінде оқыған көптеген дәрістерінде, ол адамдарды Исаға құлшылық етуге шақырды. Изгі хабарды естуге жан-жақтан адамдардың толассыз ағылыш келгеннін көргенде, оның қалай қуанғанын көрсөніз фой! Ол, Иса туралы Изгі хабар қай уақытта да адамдар жүргегіне ұялайтынына, шын сенді.

Оны тыңдауға мындаған адамдар келетін, ал ол, нағыз рухани тәрбиеші ретінде, олардың әрқайсысымен жеке-жеке әңгімелескендей әсер қалдыратын. Бұл – Изгі хабарды уағыздаушының ерекшелігі еді. Магнитті таспаға жазылыш алынған, осы кітапта баяндалған әсерлі әңгіме арқылы, ол – айқыш ағашқа керіліп, қайта тірілген Иса Мәсіхтің жаршысы ретінде, әрбіріміздің жүргімізге жол тапсын.

Оның Изгі хабарының басты тақырыбы – „Иса – біздің тағдырымыз!“ Сіздердің осы хабарды тыңдағыларының келе ме? Мұндай мүмкіншілік сіздерге беріліп отыр. Өздерінізді оның тыңдаушылары ретінде сезінсеңіздер, көп кешікпей барлық адамзаттың, біздің бүкіл өміріміздің басты тақырыбы – „Иса – біздің тағдырымыз!“ екеніне әлі-ақ көзіңіз жетеді.

Карл-Гейнц Эринг

ҚҰДАЙ ИЕМІЗ БАР ДЕЙІК, ЖАРАЙДЫ, АЛ ИСА БІЗГЕ НЕ УШИН ҚАЖЕТ?

Өмірбақи үлкен қалада қызмет еткен, мен секілді кәрі діни жетекшіге көп жылдан бері: „Неліктен Құдай осының бәріне төзіп отыр?“, „Қабыл мен Әбіл бір туған емес пе еді? Қабыл Әбілді өлтірді. Қабыл әйелді қайдан алды?“ – деген сауалдарды біршама жылдан бері жи тыңдауыма тура келді. Маған жиі былай деп мәлімдегендері де бар: „Діни жетекші мырза, сіз ылғи да Иса туралы айтасыз. Бұл – барып тұрған фанатизм фой. Өйткені, қай дінді ұстаймын десе де, адамның өз еркі емес пе? Ең бастысы – бәрінен де Жоғары, Көрінбейтін Құдайға құрмет етсе, болғаны да“.

Дәлелді пікір, солай фой? Менің ұлы жерлесім Гете де (ол да Франкфурттен) дәл осылай деп айтқан: „Ең бастысы – сезім. Есім – тек дыбыс және тұтін...“ Біз: Алла, Будда немесе тағдыр дейік, – бәрі бір. Ең негізгісі – біз әрқашан сенімге ие болсақ, жетіп жатыр. Мейлі, қандай болса да. Сіздердің тең жартыларыңыз осылай деп есептейтіні шындық қой? Бір егде тартқан әйелдің: „Оу, діни жетекші мырза, сіз Иса туралы толассыз айтасыз! Исаңың Өзі: „Менің Әкемнің үйінде тұрақтар көп. Онда бәріне де орын жетеді!“ – дегенді айтпап па еді?“ – деп дәлелдемек болғаны, есімнен кетпейді. Достарым менің, бұл дегеніңіз – барып тұрған үлкен адасушылық қой!

Бірде Берлиндегі „Темпельгоферфельд“ әуежайында болғаным бар. Ұшаққа отырар алдында төлқұжаттарымызды тағы бір тексерді. Менің алдында ұзынтыра мырза тұрған еді, оның бейнесі әлі күнгे дейін көз алдыннан кетпейді: нағыз дәудің өзі. Қолтығына үлкен жылы жапқышты қысып алған. Ол тексерушіге төлқұжатын тез-ақ ұсынды. Алайда тексеруші: „Сәл кідіріңіз! Сіздің төлқұжатыңыздың мерзімі өтіп кеткен екен!“ – деді. Мырза қарсылық білдіріп: „Оның несі бар? Ең бастысы, менде төлқұжат бар фой“, – деді. „Жоқ, – деп оның ойын кесіп

тастады тексеруші, ең негізгісі – сіздің төлқұжатының мінсіз болуы тиісті!“

Міне, сенім де осы сияқты: мәселе – қандай болса да дінді қабылдау емес. Әркімнің өз сенімі бар. Жақында бір кісі маған: „Екі қадақ еттен жақсы сорпа пісіруге болатынына сенемін“, – деді. Бұл да сенім, бірақ тұрпайы сенім. Мәселе – қандай ғана болсын сенімге ие болуда емес, сіздің сеніміңіз шынайы, тар жол, тайғақ кешуде де алдамайтын, қайта аялайтын, өліп кетсең де қорқыныш тудырмайтын сенім болуы керек. Ажал – сіздің сеніміңіздің адалдығын айыратын әділ сыншы!

Дұрыс өмір сүргізіп, дұрыс көз жұмдыратын бір ғана шынайы сенім бар, бұл – Құдай Ұлына, Иса Мәсіх Тәнірғе сену. Исаның Өзі: „Мениң Әкемнің үйінде орын көп“, – деп айтқан. Бірақ Құдай мекеніне апаратын бір ғана есік бар: „Мен – есікпін: кім Мен арқылы енсе, сол құтқарылады“. Бұл есік – Иса болып табылады! Адамдардың мұны естігілері келмейтінін білемін. Құдай туралы сафаттап пікір таластыруға болады. Біреулер Құдайды өзінше, өзгелері басқаша елестетеді. Алайда Иса туралы айтыс болмауы тиісті. Мынаны айтар едім сіздерге: „Тек Құдай Ұлы Исаға сенім арқылы өмір сұру және өлу – құтқарушы сенім болып табылады!“

Мұндай сенім адамдарға күлкілі болып көрінетінін, мына бір оқиға дәлелдейді. Бұдан бірнеше жыл бұрын Эссен көшесімен келе жаттым. Жол жиегінде, шахтерлер болса керек, екі кісі тұрды. Мен олардың қасынан өте бергенімде, біреуі менімен амандастып: „Қайырлы күн, діни жетекші мырза!“ – деді. Мен оған бұрылып: „Біз таныс емеспіз фой“, – дедім. Ол күлді де, қасындағы жолдастына: „Бұл – діни жетекші Буш! Сүйкімді жігіт!“ – деп түсіндірді. „Алғысымды білдіремін“, – дедім мен. „Тек бір өкініштіңі, кішкене миы жетісіңкіремейді“, – деп қосып қойды ол. „Миы жетіспейді дегенің не сөз?“ – деп ашуаланып қалдым мен. Ол сөзін тағы қайталап: „Шынымен діни жетекші өте сүйкімді жігіт, алайда оның бір кемшілігі бар: ол ылғи да Иса туралы айтады!“ – деді. „Faфу етіңіз, – деп қуанғанымнан айқайлап жібердім мен. – Бұл – мұлдем басқа әңгіме фой! Жүз жылдан

соң мәңгілікте боласыз. Сонда бәрі де сіздің Исаны білу-білмеуіңізге байланысты болады. Сіздің тамұқта немесе аспанда болуыңыздың тағдыры сол арада шешіледі. Айтыңызшы: сіз Исаны білесіз бе?“ „Көрдің фой, – ол күліп, жолдасына бұрылды – Міне, тағы да өзінікін бастады!“

Мен қазір де осыдан бастағанды жөн көремін. Киелі кітапта: „Жүргегінде Құдай ұлы бардың – өмірі бар“, – деген бір шумақ бар, мен оны эпиграф етіп қояр едім. Сіз, мүмкін, Иса Мәсіх туралы естіген боларсыз, бірақ Оны сіз иемдене алған жоқсыз. „Жүргегінде Құдай Ұлы бардың, – естіп тұрсыз ба, – бардың! – өмірі бар, осы дүниеде де, мәңгілікте де! Жүргегінде Құдай Ұлы жоқтың – өмірі де жоқ. Бұл – Құдай Сөзі! Халық арасында: Тәнір кімге жар болса, Ол – сонда!“ – деген қафида бар. Мына Киелі кітаптағы шумақтың мән-маңызы да сондай. Мен сізге, өзіңіздің игілігіңіз үшін сендіре айттар болсам, сіз Исаға бой ұсынып, өз өміріңізді Соған бағыштаңыз, өйткені, Онсыз өміріңізде мән-мағына болмайды.

Енді сіздерге неліктен Иса барлық жерде бар және Оған деген сенімнің неге бірден-бір дұрыс сенім екенін айтайын. Немесе, ойымды өзіме тән ниетпен өрбітуіме рұқсат етіңіздер: мен сізге: „Маған Иса не үшін қажет және Оған не үшін сенемін?“ – деген тақырыпта әңгімелуеді жөн көріп отырмын.

1. Иса – Құдайдың бізге жіберген аяны

Егер біреу маған: „Мен Құдайға сенемін! Ал Иса не үшін қажет?“ – десе, мен оған: „Не деген сандырақ сөз! Құдай – құдіреті күшті Құдай болып табылады! Ал Исасыз біз Құдай туралы ештеңе біле алмаймыз!“ – деп жауап беремін.

Рас, адамдар Құдайды өздерінше сайлап ала алады, мәселен – күн сайын бес тостаған сыра ішетін, кез келген әділсұмыңа қісіге оның аузын қақпайтын сыпайы Тәнір керек. Бірақ, ол – Құдай емес. Алла, Будда – бұл біздің ықыласымыздың көрінісі іспеттес. Ал Құдай ше?

Біз Исасыз Құдай туралы ештеңе біле алмаймыз. Иса арқылы Құдай санаға ұялайды. Иса арқылы Құдай төмен түсіп, бізге қол ұшын береді.

Мен мұны сендерге түсіндіргім келеді: Бізге көрінбейтін, қалың түтін арасында Құдайды көз алдарынызға келтіріңдерші. Адамдар Онсыз өмір сүре алмайды. Сонда олар Оны іздей бастайды. Олар тұмшалаған түтін арқылы өткісі келеді. Бұл – діннің тыраштануы. Барлық діндер де – адамдардың Құдайды іздеуі болып табылады. Бүкіл діндерді біріктіретін бір зат бар: олар тұманда адасып, Құдайды кездестіре алмай жүр.

Құдай – адамның ақыл санасы жетпейтін Құдай. Ишая атты кісі мұны түсініп, шын жүректен былай деп жалбарынған: „Тәнірім, біз Саған жете алатын емеспіз. Уа шіркін, Сен аспанды қақ айырып, төмен түссең фой!“ Қалай деп ойлайсыздар: Құдай бұл зар жылауды естіді. Ол түтін пердені ысырып тастап, бізге Иса бейнесінде келді. Сонда Бетлемек даласында періштелердің бәрі қосылып: „Сендерге Құтқарушы туды! Құдайдың даңқы арта берсін!“ – деп жар салғанында, Құдай бізге көктен түсіп келді. Иса: „Мені кім көрсе, сол Әкемді көріп тұр“, – дейді.

Мен Исасыз Құдай туралы ештеңе білмеген болар едім. Ол – Құдай жөнінде ақиқат мәлімет алатын қайнардың бірден-бір Көзі! Сонда: „Иса – да күн көремін!“ – деп айтуға қалай фана біреудің аузы барады десенізші.

Мен бұл мәселеге қысқа фана тоқталып, көп жайды айтпауыма тұра келіп тұр. Ал Иса туралы қанша айтсам да, әңгіме таусылмайды, дегенмен, мен қазір: „Иса не үшін қажет?“ – деген мәселе төңірегінде ең маңызды мысалдарды келтірумен фана шектелмекпін.

2. Иса – Құдайдың құтқарушы сүйіспеншілігі

Мен сіздерге мұны түсіндіруім керек. Жуырда менен интервью алған бір журналистпен сұқбаттасқан кезімде, оның: „Сіз мұндай дәрісті неге оқисыз?“ – деп сұрағаны

бар. Мен оған былайша жауап бердім: „Менің оларды оқытыным, адамдар тамүққа түсіп қала ма деп қорқа-мын“. Сонда ол күлімсіреп: „Ол мүмкін емес!“ – деп қар-сылық білдірді. Мен де қарсы дау айттым: „Тоқтай тұрыңыз! Жұз жылдан кейін сіздікі ме, әлде Құдай Сөзі дұрыс бола ма, оның ақиқатына жетерсіз. Айтыңызшы, – дедім мен оған, – сіз бұрын-соңды Құдайдан қорық-тыңыз ба?“ – „Жоқ, – деп жауап берді ол, – қайырымы мол Құдайдан қорқуға болмайды ғой“. Сонда мен оған былай деп түсіндірдім: „Сіз онда өте қателесесіз. Құдай туралы аздал болса да түсінігі бар адам: „Біздің күнә-мыздың әділ Қазысы, қасиетті де шыншыл Құдайдың қаһарынан сақтасын“, – деп жалбарынар еді. Ол сіздің күнәңызды мақұл көреді деп ойлайсыз ба? „Сіз қайы-рымы мол Құдай“, – дейсіз. Киелі кітапта бұл туралы басқаша айтылған. Онда: „Тірі Құдайдың қолына тұсу қор-кынышты!“ – делінген.

Сіз өміріңізде Құдайдан қорку дегенді білдініз бе? Егер білмесеңіз, онда сіз Құдайдың құдіреті мен өз күнәңыздың бүкіл шындығын әлі түйсіне, түсіне қоймағансыз. Құдайдан қорқа отырып, сіз: „Құдай алдында қайтіп тұра аламын?“ – деп өзіңізге сауал қояр едіңіз. Мен біздің уақытымыздың ең үлкен оғаштығы – Құдайдың қаһарынан қорқудың жоқтығы деп есептеймін. Ол – ол ма, тірі Құдайды және біздің күнәмьыз үшін жазалайтын Оның ашу-ызасын елемеушілік – бұл өрестігіміздің айғағы. Профессор Карл Гейм Қытайға барған сапарында, Пекинде болғаны жайлы айтқаны бар. Онда оны тауға алыш барып, оған таудың ұшар басында тұрған мезбақты (құрбандық шалатын орын) – „аспан мезбағын“ көрсетіпті. Және оған „татуласу тұнінде“ осы тауға қолдарында ұстаған түрлі-түсті кішкене шамы бар, жүздеген мың адам шығатынын түсіндіреді. Император (Қытайды ол кезде әлі император билеп тұрған кез) жоғарыға көтеріліп, өз халқының татуластығы құрметіне құрбан шалады екен. Осыны әңгімелей отырып, профессор Гейм былай деді: „Құдайды танымайтын бұлар да, Құдайдың қаһары туралы және адамдардың Жаратқанмен татуласқысы келетіні жөнінде бірдене білген болуы керек“.

Ал білімді Европаның тұрғыны, егер адамдар тек өздері қауым салығын уақытында төлесе, „сүйкімді Құдай“ бақытқа кенелетіні туралы пайымдауға құқы бар деп ойлады! Сондықтан, кәне, қайтадан Құдайдан қорқайық! Бәріміз де күнәға баттық! Ал сіз: „Тазамыз“, – дейсіз бе? Мүмкін емес!

Құдайдан қорқуды қайтадан үйренген шақта, біз өзімізге мынандай сұрақ қоямыз: „Құдайдың қаһарынан аман қалудың жолы қайсы? Қайда барып құтыламыз?“ Сонда бізге Иса – Құдайдың құтқарушы сүйіспеншілігі екені аян болады! „Құдай барлық адамның құтқарылуын қалайды“. Бірақ Ол әділетсіздікке бармайды, күнәкарлыққа немқұрайды қарай алмайды. Міне, сондықтан да Ол бізді құтқару үшін, Өзімен татуластыру үшін, Ұлын берді.

Менімен бірге Иерусалимге жүріңіз. Онда, қаланың алдында төбе тұр. Біз оның үстінде мындаған адамдарды көреміз. Ал олардың бастарынан жоғарырақта үш айқыш ағаш көрінеді. Сол жақтағы айқыш ағаштағы адам – біз сияқты күнәкар. Оң жақтағысы да – сондай. Ал, анау – ортасындағысы! Соған қараңыздаршы: тікенді тәж киген Адам – Тірі Құдайдың Ұлы! „Жүзі жарқын, мейірімді. Сен қалайша жәбірленгенсің!“ Неліктен Ол онда керулі тұр? Бұл айқыш ағаш – Құдайдың мезбағы болып табылады. Ал Иса – Құдайдың Тоқтысы, Оған бүкіл әлемнің күнәсы жүктелген, Ол – Құдаймен татуластыруши.

Сіз қаншалықты байқамасаның да, тіпті сіз Оны жокқа шығарғанның өзінде де, Исаны таппай тұрғанда, Құдайдың қаһарының астында боласыз. Тек кімде-кім Исаға келсе, сол фана Құдайдың шапағатына бөленеді: „Біздің әлемнің айыбы Соның мойнында болды“.

Маған мұлдем қарапайым мысалды айтуға рұқсат етіңіздер. Бірінші дүниежүзілік соғыста мен артиллеришты едім. Бізде қалқанды зенбіректер болды. Бірде біз жаяу әскерсіз алдыңғы шепкे шықтық. Сонда танклер шабуылның астында қалдық. Қалқандарымызға оқ бұршақтай жауды. Бірақ қалқандар өте берік болғандықтан, оның тасасында тұрған біздерге қауіпсіз болды. Осы жерде мен: „Қалқаннан қолымды шығарсам болды,

кул-талқаны шығар еді, сонда мен қансырап өлер едім“ – деп ойладым.

Сіз мені түсінген боларсыз: Иса – мен үшін осындай қалқан. Исадың Құдай сотынан өлетінімді мен жақсы білемін. Исадың не істесем де, жүрегімде жан тыныштығы болмайды. Исадың өлім қорқынышын сезінбей өле алмаймын. Исадың мен мәңгілік өлімге душар болар едім. Әлі-ақ көрерсіздер, мәңгілік өлім бар! Бірақ, егер мен Иса айқыш ағашының тасасында тұрсам, қалқан тасасындағыдай, қауіпсіздіктемін. Сонда мен: Ол – менің Татуластырушым! Ол – менің Құтқарушым! Иса – Құдайдың құтқарушы сүйіспеншілігі! – екенін білемін.

Естіп тұрсыздар ма: Құдай барлық адамның құтқарылуын қалайды. Сондықтан да Ол Өз Ұлын бізді құтқару үшін, бізді Өзімен татуластыру үшін берді. Оны сіз үшін де берді!

Ал енді сіз Құдай мейірімін алғанша, құтқарылғанша жайбақақ болмаңыз!

Сонда Иса не үшін қажет?

3. Иса – біздің өміріміздегі ең үлкен қыншылықты шеше алатын бірден-бір тұлға

Біздің өміріміздегі ең маңызды қыншылық қайсы екенін сіз білесіз бе? Жасы ұлғайғандары, әрине, қазірде кесел болып тұрған бауыр, бүйрек аурулары немесе басқалары туралы ойлайды. Оғаштау қыншылықтар! Жастардың көкейіндегі – „бойжеткен“ немесе „бозбала“ жайлы. Сөйтіп, әркімнің өз күйкі тірлігі бар. Ал енді маған сенсөніздер, өміріміздегі ең үлкен қыншылық – Құдай алдындағы күнәмымыз деп айтар едім.

Бірнеше ондаған жылдар бойы мен жастар арасында діни жетекші болдым. Жастарға Құдай алдындағы күнәларымыз туралы айтып түсіндіру үшін, маған үнемі небір жаңа образды мысалдарды іздеуге тұра келді. Соның бірін қазір келтірейін. Менің айтқаным: „Көз алдарыңызға келтіріңіздерші, біз табиғаттан мойнымызға темір күрсау салынып туылдық дейік. Әрбір күнә жасаған

сайын, бір сақинадан қосыла берді. Арам ой келген екен – бір сақина қосылды; шешеме тілім тиді екен – тағы бірі; басқалар туралы оғаш пікірім үшін, тағы біреуі қосылды. Құдай жоқтай бір күнімді мінәжатсыз өткіздім екен – тағы біреуі қосылды. Алдағаным, арбағаным үшін – тағы құрсау“ – дедім.

Өзіміздің артымыздан қандай ұзын шынжырды сүйреп жүргенімізді ойлап көрсөніздерші! Түсінесіздер ме, бұл қарыз шынжыры ғой! Тіпті көзге көрінбегеннің өзінде де, бұл – Құдай алдындағы күнәмьыздың ақиқаты. Ал ол болса – сүмдыш ұзын. Біз оны соңымыздан барлық жерде сүйретіп, алып жүреміз. Мен ылғи да өзіме-өзім былай деп сауал қоямын: неліктен адамдар шын мәнінде куанбайды, бақытты екендерін сезінбейді? Егер сіздер ештеңеден тарықпасаңыздар, өздеріңізді бақыттымын деп санайсыздар ма? Бақытты бола алмайсыздар, өйткені сіздер өздеріңізben бірге күнә шынжырын сүйретіп жүрсіздер! Одан сізді діни жетекші де, діни қызметкер де, періште де босата алмайды. Құдай да алып тастамайды, өйткені Ол – әділ: „Не ексең – соны орасын“, – деген бар емес пе!

Ал, Иса! Өміріміздегі үлкен қыыншылықтың түйінін тек Сол фана шеше алады. Ол біздің күнәларымыз үшін өлді. Ол өлімімен күнәларымызды өтеді. Сондықтан Ол бізден борыш шынжырын шеше алады. Мұны істеуге мүмкіндігі бар – жалғыз Сол фана!

Мен өз тәжірибемнен мысал айтайын: менің күнәларым кешірілді деген ұғымды – азаттық деп түсінемін. Қарттар, сіздерге айтарым: күнәларыңыздың кешірілуіне мүмкіндік беріп, өлуге болады. Немесе өздеріңің күнәларынды арқалап, мәңгілікке кетуге болады! Бұл сүмдыш!

Өмір бойы өздерін: „Мен мейірімдімін. Мен әділмін“, – деп айтатын адамдарды білемін. Ал өлер шағында олар өздерінің өмір қайықтары түнектің мәңгілік ағынына ілесіп кеткенін, сөйтіп Құдайдың алдына аппаратының сезеді. Олар өздерімен бірге үйді де, банктең есепшотын да, салым кітапшасын да алмай, тек күнәсын фана арқалап кетеді. Осы қалпында олар Құдай алдына барады!

Сүмдүк қой! Бірақ адамдар дәл осылай көз жұмады. „Бәрі де осылай өледі“, – деп айтсаңыз, онда шынында да, бәрі осылай өлгені. Бірақ сіздер бұлай өлуге тиісті емессіздер! Иса күнәны кешіреді! Бұл – қазіргі барлық құтылудың ішіндегі ең ұлы құтылу болып табылады.

Күнәның кешірілуінің не екенін білген кезде, мен 18 жасар жас жігіт едім. Шынжыр үзілді. Бір өлеңде былай деп айттылады: „Бүкіл күнәкарлар кешірілді! Бұл – мәнгілік өмір сөзі. Жан үрейі өшірілді. Бұл кешірілуді Иса-ның есімі берді!“ Сіздің де осындай жайды басыңыздан өткізгеніңізді мен қалаймын. Исаға барыңыз! Бүгін. Ол сізді құтеді. Оған былай деп айттыңыз: „Тәңірім, менің өмірім өксікке және ақауға толы. Мен ол туралы тіс жармадым және мұныма мақтандым. Қазір мен күнәла-рымның бәрін Саған әкелдім, Сенің Қаның оларды ақтап, тазартқанына сенгім келеді“. Күнәңның кешірі-луінен артық не бар, шіркін!

XVII ғасырда Англияда Буньян деген адам өмір сүрді. Ол өз сенімі үшін абақтыда жылдап отырды. Мұндай жағдайлар әр уақыттарда болған. Құдай Сөзінен соң, адамзат қоғамындағы ең бір тұрақты құбылыс – түрме болып табылады. Сонда, түрмеде, Буньян тамаша кітап жазды, ол күні бүгінге дейін де маңызын жойған жоқ. Онда Мәсіхтің жолын куушының қауіпті де, қызық оқи-фаларға толы саяхаты баяндалған. Кітап былай бастала-ды: „Бейбіт“ деген қалада бір адам тұрады. Бірде ол тынышсыздана бастап, шамамен былай деген: „Мұнда бірдеңе жетіспейтіндей. Менде маза жоқ. Мен – бақыт-сызбын. Менің ғұл арадан кетуім керек“. Ол осы туралы әйелімен де ақылдасты. Сонда әйелі оған: „Сен күйге-лектеніп, күйіп-пісіп тұрсың. Саған демалу қажет“, – деді. Бірақ оған ештеңе де көмектесе алмады. Абыржұ-шылықтан арылмады. Бірде ол мынандай тұжырымға келеді: „Маған ештеңе де көмектесетін емес, менің ғұл қаладан кетуім керек!“ Сөйтіп ол қашады. Жолда арқа-сында бір жүктің барын байқайды. Одан құтылғысы келгенімен, құтыла алмайды. Барған сайын әлгі жүк ауырлай береді. Бұрын ол мұны байқамаған еді. Бұл – солай болуы керек секілді. „Бейбіт“ қаласынан алыста-

ған сайын, жүгі зіл батпанға айналғандай. Ең ақырында ол аяғын әзер-әзер баса алды. Жалғыз аяқ жолмен тауға қарай қинала жүріп келеді. Арқасындағы жүгі ауырлай түсуде. Бір уақытта жол түйісінде алдынан айқыш ағаш көрінеді. Есінен айрылар-айрылмас сөтте, ол айқыш ағаш алдына құлап, одан шап ұстайды да, оған көз салады. Осы мезетте ол арқасындағы жүгі ажырап, жерге тарс ете түсіп, еңіске қарай домалай жөнелгенін сезеді. Иса Мәсіхтің айқыш ағашы алдында да адамның нені бастан кешіргені туралы ғажап жазылған: „Мен рухтанып, айқыш ағашқа көз салдым, сонда менің көз алдымға сол ағашта Өз Қанын төккен, сөйтіп мен үшін жанын берген Құдайдың Тоқтысы келді. Мен сол жерде екі кереметті кездестірдім деп, ұяла айтуға тиістімін: бұл – сүйіспеншіліктің шапағаты мен күнәмның ауыртпалығы. Күнәның кешірілуі дегеніміз – Иса менің күнәларымды өтеді. Мен борыштарымның шынжырынан босандым. Мен ауыртпалықтан біржола арылдым деген сенім. Күнәны кешіру тек Исаңың ғана қолынан келеді.

Иса не үшін қажет? Исаға не үшін сенетінімді тағы да түсіндіре түсуім керек.

4. Иса – мейірімді бақташы

Сіз, мүмкін, бірде жалғызырап, өз өміріңіздің бостан-босқа өтіп жатқанын сезінген жағдайды басыңыздан кешірген боларсыз. Сонда сізге бір нәрсе жетіспей тұрганын сезесіз. Бірақ, ол – не? Мен сізге оны айтайын: жетіспей тұрганы – тірі Құтқарушы!

Иса біздің күнәмьызды өтеу үшін, айқыш ағашта өлгени туралы мен сіздерге жаңа ғана айттым. Мына сөзге назар аударыңызбы: „Әлемнің айыбы Оның мойнына жүктелді“. Содан соң оны жартаста ойылған көрге салды. Көрдің аузын ауыр таспен жапты. Біржола көнілі жай табуы үшін, Рим басқарушысы тасқа мөр басып, қабірдің алдына әскерден күзет қойды. Күзетшілердің арасында түрлі елдерде: Галлияда (қазіргі Франция), Германияда, Азияда, Африкада соғысқа қатысқан, небір

ыгай мен сығай жігіттер болғанын көз алдыма елесте- темін. Бұлар – денесін соғыс тыртығы басқан батырлар еді. Сөйтіп, үшінші күні таң атар сәтте сол қолында қалқаны, оң қолында наизасы, басында дұлығасы бар олар, табыт алдында тапжылмай тұрған еді. Рим легионері – күзетте. Оған сенуге әбден болады. Бірақ, аяқ астынан маңай күндізгідей жарқырап кетті. Киелі кітапта айтылғанында: „Тәнір періштесі аспаннан түсіп, табыт алдындағы тасты ысырып таstadtы“. Сонда Иса табыттан тұрды! Мұның ғажаптығы соншалық, әскерлер есінен айрыла құлап қалды. Осыдан бірнеше сағат өткеннен кейін, Иса кедей қызбен жүздеседі. Киелі кітапта Иса ол қыздан жеті алbastыны аластағаны туралы айтылады. Бұл қыз жылап тұрған еді. Иса оған жақындағанда, ол есінен тана құламайды, қайта тірілген Иса Тәнірді көріп, қуанғанынан: „Рәббім!“ – дейді. Оның жаны жай табады, өйткені ол „Мейірімді Бақташы Иса – тірі және өзіммен бірге!“ – дегенді түсінді.

Білесіздер ме, Иса маған Оның қолынан мықтап ұстаяу үшін де қажет. Өмір көші мені түпсіз тұңғиыққа таstadtы. Исаға сенгенім үшін, маған нацистік тұрмеде отыруға тұра келді. Онда маған: „Енді бір адым жасасам, қайта шығар жол жоқ, естен адастыратын қараңғы қапас басталады“, – деген ойдың келген шақтары да болды. Осындағы қысылтаянда маған Мәсіх келді! Сөйтіп, бәрі де дұрыс болды. Мен бұл жайды басқаша түсіндіре алмаймын.

Мен тұрмеде нағыз тамүқ тәрізді тұндерді бастан кешірдім. Бірде тұрменің алдына үміті үзілген адамдарды концлагерьге аппаратын көлік келді. Бұл тұтқындардың кейбіреулері қылмыскер болатын, басқалары – ешқандай кінәсү жоқ еврейлер еді. Бір сенбінің кешінде осы адамдар ашына айқайлай бастады. Олардың боздағандарын ауызбен айтып жеткізу қын. Бүкіл үй камерадағы адамдардың ашынған айқайымен, қабырға және есікті үрғылаған дүрсіліне толды. Қарауылдағылар абыржып қалды, тапаншаларымен жоғарыға қарай атып, олай-бұлай жүтірісіп, тұтқындарды ұрып-соғып, бір бұрышқа тықсырды. Мен өз камерамда: „Тамүқта да осы-

лай болады“, – деген ойға шомып отырдым. Болған істің бәрін айтуға менің тілім жетпейді. Осы бір сәтте маған мынандай ой келді: „Иса! Ол – осында фой!“ Мен сіздерге шынымен басымнан өткізгенімді айтып отырмын. Мен сонда өз камерамда отырып: „Иса! Иса! Иса!“ – деп, ақырын, тіпті күбірлей қайталадым. Сонда үш минуттан кейін бәрі тынышталғандай болды. Түсінесіздер ме, Мен Оған жалбарындым. Мұны ешбір жан естіген жоқ, тек Ол ғана естіді – сонда әзәзілдердің тайқақтап кетулеріне тұра келді! Осы сәтте мен қатаң тыйым салынғанына қарамастан: „Иса – Сен қуанышымсың, Жанымның жұбанышысың. Жүрек сөзі ақтарылсын: Сен – менің мақтаннымсың. Қашанға дейін қамайды? Қорқыныш сейіліп, Сенімен бірге болуды қалайды!“ – деп, бар дауысыммен әндептің қоя бердім. Тұтқындағылардың бәрі мұны естіді. Қарауыл ауыз ашқан жоқ, ал мен болсам тағы да қаттырақ: „Мейлі дауыл долдансын, әлемді түгел орасын, Иса – Мениң Тірегім!“ – деп әндettім. Достарым менің, міне мен сонда тірі Құтқарушыны иемденудің қандай екенін сезіндім.

Барлығымызға да бір кезде – мен бұл туралы айттым да, – өте қауіпті жолдан – өлім өнірінен өтуімізге тұра келеді. „Сіздер – діни жетекшілер – адамдарды әрдайым өліммен үрейлендіресіздер!“ – деп, мені жазғырғандар да болды. Мен оларға былайша жауап бердім: „Онымен мен ешкімді де қорқытып-үркіткім келмейді, бәріміз де одан қорқамыз!“ Өлім халінде жатып, мейірімді Бақташының ұсынған қолын сезіну – қандай фанибет десеңіз-ші! Маған айтады – шыны да сол: „Қазіргі адамдар өмірге қараганда, өлімнен аз қорқады. Өмір дегенің – өлімнен де сүмдүк үрейлі болып тұр фой!“ Достарым менің, тірі күнінде де Исамен бірге болуға болады!

Мен сіздерге жиі еске алатын бір оқиғаны айтып беруге тиістімін. Ол – ақылға симайтындағы іс, бірақ болғаны рас. Эссенде мен өнеркәсіпшілердің бірімен таныстым; ол – өзі, қалай айтсан екен, жақсылық ойлайтын, тілектес адам болды: „Діни жетекші мырза, балаларды ақиқат жолына бағыттауыңыз – қандай жақсы іс. Міне, еңбегініз үшін 100 марка“, – дегені фой. Мен сонда: „Ал сіз – өзі-

ніз – қалайсыз? – дедім. „Жоқ, жоқ, діни жетекші мырза, менің ендігі қалыптасқан өз дүние танымым бар...“ – деді ол. Түсінесіздер ме: қайырымды жан, бірақ Айдың Сири-устан алыстығы қандай болса, оның Құдайдан алыстығы да сондай. Бірде мен неке қидым. Бұл рәсім аса зәулім, қаңыраған бос ғибадатханада өткізілгенде, көңілсіз көрінеді. Күйеу жігіт пен қалыңдық және тағы да оншақты адам келеді. Олар қаңыраған ғибадатханада өздерін қола-йсыз сезінеді. Ал менің өнеркәсіпші мырзам күә ретінде келді! Әдемі фрак киіп, қалпағын қолына ұстаған осы бір бейшара адамға жаным ашыды. Ол ғибадатханада өзін қалай ұстаяу керек екенін мүлдем білмей сасқалақтады. Оны мына мәселелер: „Тіземді бұксем бе екен? Мүмкін сиынұым керек шығар? Өзімді-өзім қалай ұстаям керек?“ – деген сан сұрақ мазалағаны, бет әлpetінен ап-айқын білініп тұрды. Мен оған аздал көмектестім, қолын-дағы қалпағын алыш, қатардағы орындыққа қойдым. Содан соң дүға оқыдық. Әрине, оның дүға туралы түсінігі де жоқ еді. Әйтеуір өзі сондай кейіп танытты. Бұл мыр- заны көз алдыңызға елестете аласыз ба? Жалған дүниенің адамы! Бір уақытта ғажап іс болды. Қанша дегенмен, қалыңдық бұрыннан балалардың Құдайға құлшылық ет-кен кездерінде, оларға көмектесуші еді, сондықтан неке-кияр рәсімі кезінде галерея жақтан отыз шақты қыздар-дың қосыла айтқан әні естілді. Олар өздерінің жағымды дауыстарымен, мүмкін сіз де білетін шығарсыз, нағыз қарапайым балалардың дүғасын айтты: „Тоқтысымын Мәсіхтің! Білемін дәмін бақыттың, Негізі берік іргемнің, Бақташымен біргемін...!“

Мен бұл адамға бірдеңе болды ма, әлде сырқаттанып қалғаннан сау ма, деп ойладым. Ол бір уақытта бүрісіп, қолымен бетін жауып, дірілдеп кетті. Оған бірдеңе болды деген ойым беки тұсті. Дәрігер шақыруым керек шығар? Енді бірде қарасам, әлгі адамым жылап отыр, тіпті жұбанар емес. Балалар болса: „...Бақташы мені бағады, қуанту жағын табады. Сүйіспеншілікке меңзейді, атымды айтып, іздейді. Қасиетті – Оның таяғы, Байлықты алға жаяды...“ – деп әндетуде.

Міне, ірі кәсіпкер адам... көзінің жасын бұлап, жылап

отыр. Мен сонда не болғанын түсіндім. Оның: „Балалардың мейірімді Бақташысы бар, ал мен болсам – жалғызынын, алдым – терең жар“, – деп қапаланғанын, мен сонда білдім.

Ерлер мен әйелдер, сіздердің өмірдегі ең бір қол жеткен жетістіктеріңіз – балалар сияқты, Иса Мәсіхтің тоқтылары екендерінізді біліп, Ізгі, мейірімді Бақташыларыңыздың бар екенін түсіну. Бұл – өмірдегі ең ірі жетістік! Осыны айтуға ұмтылыңыздар! Мен неге Исаға сенемін? Өйткені, Ол – менің мейірімді Бақташым, менің жақсы Досым, менің тірі Құтқарушым!

Иса не үшін қажет? Сіздерге тағы мынаны айтсам деймін:

5. Иса – өмір әміршісі

Осыдан бірнеше жыл бұрын біз жастармен Бөгем орманында демалысымызды өткіздік. Балалар жүріп кеткеннен кейін, менің бір күн сонда қалуыма тұра келді, өйткені, маған арнайы автомашина жіберулері керек еді. Мен сол кешті, бұрын бір корольдің иелігінде болған, ескі аң аулау қорғанында өткіздім. Қазір мұнда орманшы ғана тұрады екен. Үй – жартылай құлаған. Электр жарығы жоқ. Бірақ үйде ашық камин пеші бар үлкен бөлме бар екен, каминге от жағылды. Орманшы менің қасыма керосин шамын қойып, қайырлы түн болуына тілектестік білдірді. Далада дауыл соғып тұрды. Жаңбыр үйді айнала өскен шыршаның бұталарын сабалап, құйып тұр: нағыз қарақшылардың қимылдайтын кезеңі туғандай. Ал мен оқи қоятын ештеңе ала келмеппін. Камин үстінде тұрган кітапшаны тауып алғып, керосин шамының жарығымен оқи бастадым. Бірақ сіздерге бұған дейін, бұдан асқан зәре ұшырап нәрсені оқымағанымды айтуға тиістімін. Бұл оқиғада бір дәрігердің ажалға қарсы әрекеті суреттелген екен. Кітаптың кейбір беттерінде былай деп жазылышты: „Сен, ажал, адамзаттың жауысың! Бір апта бойы адамның өмірі үшін арпалыстым, оны ажал аузынан құтқардым той деп ойлаған едім, сен болсан, жатқан жерінен көте-

ріліп, мені әжуалағандай қолыңды создың да, менің барлық еңбегімді еш еттің. Мен бекершілік екенін біле тұра, адамдарға көмектесудемін, ал сен арбифан етсіз қолыңды созып келесің. О, опасыз, сатқын ажал, сен – нағыз жаусың!“ Кітап беттері ажалға деген жек көрушілік сөздерге толы. Ал соңында ең сүмдышы жазылған: „Оу, ажал! Сен – нүктесің, сен – леп белгісің!“ Бұдан әрі ол былай деп жазыпты: „Оу, қарғыс атқан, сен қалай еткенде де, леп белгісі болсаң фой! Бірақ, мен саған қарап тұрсам, сен сұрақ белгісіне айналғандайсың. Сонда мен өзімен өзім: ажалдың ақыры бар ма, әлде ол әлі аяқталған жоқ па? – деп саяул қоямын. Одан әрі – не? Ажал, – сен бәрінің білгісі келген сұрағысың“.

Міне, қандай! Мен сіздерге айттар едім, өлім – бұл әлі өмірдің ақыры емес! Бұл сұрақтың жауабын билетін Isa былай деген болатын: „Өлімге апаратын жол – кең, ал өмірге апарар жол – тар!“ Бірақ жеребе осы арада тасталынады. Сондықтан, өмір ұсынатын Құтқарушының осы дүниеде барына қуанамын. Ол Өзі – өмір, өмірге бастайды және өмірге әкеледі; сондықтан мен Ол туралы шын көңілден жар саламын. Білесіздер ме, бірінші дүниежүзілік соғысы кезінде мен аса ірі шайқас жүріп жатқан, Верден қаласының іргесінде апталап жаттым. Майдан шебінде өліктер бірінің үстіне бірі үйіліп жатты. Мен өмір бойы осы өліктердің іісін ұмыта алар емеспін. „Отан үшін опат болды...“ деп жазылған ескерткіштерді көргенде, мен Верден түбіндегі өліктер иісін еске түсіремін. Жұз жылдан кейін біздердің бәріміз бұл арадан кететініміз туралы ойлағанда, мен араны ашылған ажалдың тынысын сезгендей күй кешемін. Сіз сондайды сезінесіз бе?

Осы өлім бар дүниеде де өлімнен қайта тірілген Біреу бар! Оның не айтқанын естеріңізге салайын: „Мен – тірімін және сендер де тірі боласындар! Маған сеніңдер! Маған келіңдер! Маған ықылас білдіріңдер! Менің игілігім болындар! Мен сендерді өмірге енгіземін!“ Бұл – ғажап емес пе? Сонда, бұл өлім бар дүниеде өмір беретін және мәңгілік өмірге жеткізетін Құтқарушысыз, бізге қалай өмір сұруге болады!?

Мен күні кеше профессор Гейм бастырып шығарған

бір ескі хатты оқыдым. Бұл – екінші дүниежүзілік соғыста Рессейде ауыр жарапанған Мәсіх жолын қуушы солдаттың хаты. Хатта былай деп жазылған: „Айналамыздығының бәрін түсініп білу қыын! Орыстардың зенбіректері атылғанда, бәріміздің үрейіміз ұшады. Ал аязы ше! Қары қандай! Масқара! Бірақ, мені қорқыныш билемейді. Егер өле қалсам, ғажайып іс болар еді. Сонда мен көзді ашып – жұмғанша аспанға көтерілемін. Дауыл тыйылыш, мен Тәніріммен бетпе-бет ұшырасамын, Оның даңқы мені баурап алады. Мен мұнда көз жұмуға қарсы емеспін“. Осыдан көп ұзамай, ол қаза тапты. Мен бұл хатты оқығанда: „Жас адамның Исаны білгендіктен, өлімнен қорықпағаны керемет қой“, – деп ойладым.

Иә, Иса – өмірдің әміршісі. Ол Өзінің жолын қуушыларға мәңгілік өмір туралы үміт береді!

Бірде Лейпцигтегі ғибадатханада өткен қауым мерекесінде, үкімет басындағылар мен қауым басқармасының кездесуі болды. Бір-бірінің жанды жерлеріне тименйтіндей, ештеңеге міндеттемейтін сөздер сөйленіп жатты. Қорытынды сөзді сол кездегі Германиядағы Ізгі хабар комитетінің бас хатшысы Генрих Гизен алды. Генрих Гизеннің орнынан тұрып, айтқан сөзі жадымнан шықпайды. Ол былай деген еді: „Мениң мырзаларым, сіздер бізден: „Біз қандай адамдармыз?“ – деп сұрайсыздар. Мен мұны сіздерге бір ғана сөйлеммен айтамын: біз былайша дұға ететін адамдармыз: „Күдай – Эке, мениң тәжім аспанда болуы үшін, маған момындық бере гөр“. Осыны айтты да, ол өз орнына отырды. Жиналғандар бұл жауапқа шын мәнінде таңғалысып қалды.

Отыз жылға созылған соғыс кезінде, Пауль Герхардт өз өлеңінде былай деп жазған еді: „Тұрсам-ау, деймін киелі жерде, қалмаймын мұлде бейтаныс елде. Жүремін жолмен аспанға баар, Әкемнің маған сыйлары даяр“. Сіздердің де өздеріңіз өмірлік жолдарыңызды осылай жүріп өтулерінізге тілекtesпін.

Ал Иса не үшін қажет? Шынына келгенде, бәрі – сіздердің Оны тану-танымаларыңызға байланысты!

МЕН НЕ ҮШІН ӨМІР СҮРЕМІН?

Сонымен: мен не үшін өмір сүремін? Немесе: бұл жер бетінде не үшін жүрмін? Немесе: өмірімнің мәні – неде?

Бірде Эссенде мен телефоннан бір өнеркәсіпшінің: „Діни жетекші мырза, келіңізші!“ – деп абыржы сөйлемен дауысын естідім. Мен асығыс түрде келіп жеткенде, ол мені мына сөздермен қарсы алды: „Менің ұлым атылып өлді!“ Мен бұл бозбаланы билетінмін. Ол – студент еді. Оның ойына келгеннің бәрі алдынан табылатын еді. Денсаулығы жақсы, сымбатты, жас және ауқатты болатын. Оның көптен бері жеке меншік автомобилі де бар еді. Ол ешқандай қисынсыз іске араласпаған. Сонда да осы жас жігіт өзін-өзі маңдайынан атып, өлді! Ол қалдырыған хатта: „Менің өмірден кету себебім – одан ешқандай мән-мағына көріп тұрған жоқпын!“ – деп жазған. Жан түршігерлік!

Көрдіңіздер ғой, өміріміздің мәні туралы мәселе – өте маңызды. Оның олай болатын себебі, бізге өмір бір-ақ рет берілуінде! Өзіміздің жалғыз фана өмірге ие болуымыздың маңызы қандай екенін ойланған шығарсыздар.

Мектепте оқып жүргенімде, мен математика жағынан шамалы болдым. Мұғалімім менің шығарған есептерімді түсінгісі, қарағысы келмейтін. Математикадан берілген тапсырманы мұғаліміме тексеруге ұсынғанымда, ол менің қабілетінді бағаламай, дәптерімнің бетін қызыл сиямен жазылған сандармен толтыруышы еді. Бұл жиіркенішті болып көрінетін. Дәптерім осылай қызыл жолақ болған кезде, олар аяғына дейін пайдаланылмаса да, мен оны жыртып тастап, таза дәптер сатып алатынмын. Сөйтіп, мен оны жаңадан бастап алатынмын. Шіркін, өмірді де осылай жаңадан бастай алса ғой! Маған сеніңіздер: миллиондаған адамдар өлім аузында жатқанда: „Шіркін, дүние-ай, бәрін басынан бастар ма еді! Бәрін басқаша атқарар едім!“ – деп ойлайтыны даусыз. Эрине, жаңа мектеп дәптерін сатып алып, қайтадан бастауға болады, ал өмір – олай емес. Өмір бізге бір-ақ рет беріледі! Егер біз оны бұлдірсек, дұрыс өмір сүре алмасақ,

қандай өкінішті! Бізде бір ғана өмір бар. Егер ол жоғалса, ол ғасырдан ғасырға ғайып болады. Мен мұны мүлде шын айтып отырымын.

Бүгін таңертең мен жатқан мейманхана жанынан сиыр табыны өтті. Мен өкітін дүғамды дайындаң жатып, былайша ойладым: „Мына сиырлар қандай бақытты десеңші, өйткені олар мына жарық дүниеде не үшін өмір сүріп жатырмын деп, еш ойламайды. Бұл жерде бәрі де айқын: сұт беру, ең ақырында сиыр етін беру. Сіздер түсінесіздер ме? Жануарға өмір мәні туралы ойлаудың қажеті жоқ. Адамның жануардан айырмашылығы да осында. Бір өкінішті – өле-өлгенше: „Осы мен не үшін өмір сүріп жүрмін?“ – деп бір сұрамай өтетін адамдар арамызда көп. Бұлар жануарлардан еш айырғысыз. Көріп тұрсыздар ғой: біз де олардан алыс емеспіз. Адамды адам ететін не? Ол өзін-өзі: „Мен неге бармын, не үшін өмір сүремін?“ – деп сауал қоя алғанында.

1. Үстірт және ағат айтылған жауаптар

Сонымен, достарым менің, „Мен не үшін өмір сүремін?“ деген сауалға үстірт және ағат жауаптар көп. Сондай үстірт және ағат айтылған жауаптарды менің бір мезгілде алғаным бар. Бұл – 1936 жылды, Гитлер үстемдігі кезінде болған еді. Мюнстердегі студенттер: „Менің өмірімнің мәні неде?“ – деген тақырыпта әңгіме – сұхбат құрьымды өтінді. Олар бірден-ақ дәріс тыңдағылары келмейтінін, бірақ осы тақырыпта пікір таласын қалайтындарын айтты. „Жақсы, – дедім мен, – онда бастаңдар! – Өмірімнің мәні неде? Мен не үшін өмір сүремін?“ Жоғарыда айтылғанындей, пікір таласы Гитлер үстемдігі кезінде өткендіктен, біреуі орнынан тұрып, былайша түсіндірді: „Мен өз халқым үшін қажетпін. Бұл – жапырақ және ағаш сияқты. Жапырақ – ештеңе емес, ал ағаш – бәрі. Мен халқым үшін өмір сүремін!“ Мен бұған былайша жауап бердім: „Жақсы! Ал ағаш не үшін өмір сүреді?“ Кідіріс! Бұл жөнінде ол білмейді екен. Түсінесіздер ме, нағыз сұрақ жауапсыз қалды. Сонда мен олар-

ра: „Қадірлі адамдар! Сіздер сауалды айналып өтетін, оны кері тартатын жауап беруге тиісті емессіздер!“ – деп айттым.

„Сонымен, менің өмірімнің мәні неде? Мен не үшін өмір сүремін?“ – деп сұрадым тағы да. Соңда екіншісі былайша түсіндірді: „Мен жарық дүниеде өзімнің борышымды орындау үшін, өмір сүремін!“ – „Достым, – дедім мен, – солайы солай фой: ал менің борышым – неде? Мен Құдай Сөзін сіздерге жеткізуді – борышым деп білемін. Матильда Лудендорф болса, борышым – Құдайды танымау деп есептейді. Борыш деген – не, соңда?“ Бірде жоғары шенді қызметкердің маған былай дегені бар: „Діни жетекші мырза, құпиясын айтсам: мен күні бойы құжаттарды көшіремін, егер осылардың бәрі өртеніп кетсе, бәрібір өмір жалғаса береді. Шын мәнінде, осындаі мән-мағынасыз жұмыспен шұғылданғаныма қиналадын“. Борыш деген не? Мындаған эсесшілер жүздеген мың адамның обалына қалды. Олар сот алдында: „Біз өз борышымызды орындағық, ейткені бізге солай деп бұйырылды“, – деп ақталды. Басқа бір адамдарды өлтірумен, адам борышы ақталады дегенге сенесіздер ме? Мен бұған сене алмаймын. Сөйтіп, мен студенттерге былай дедім: „Істің ақиқатына келейік: менің борышым не? Мұны маған кім айта алады? Міне, біз тағы да түйікқа тірелдік“.

Бұдан кейін жас мырзалар жауапты біраз ойланып барып беретін болды. Содан соң біреуі орнынан тұрып, маңғаздана: „Мен ежелгі дворян тұқымынанмын. Мен ата-тегімді 16 атаға дейін айтып, ажырата аламын. Бұл үлкен – шежіре! Осы тұқымды лайықты жалғастыру – өмірдің мәні, өмірдің мақсаты емес пе?“ – деді. Мен оған былайша ғана жауап бере алдым: „Достым! Осы 16 үрпақтың не үшін өмір сүргенін білмесен, оған 17-шісін қосудың қажеті бар ма?“

Байқадыныздар ма, қаншама үстірт те, ағат айтылған жауаптар. Біздің газеттерімізде өлген кісі туралы көңіл айту мақалаларын көтеп көруге болады. Солардан мынандай үрейлі өлең жолдарын да оқимыз: „Қызғанып бәрін өзіңнен, „Жұмыс“, – деп өттің өмірден, жақынға

бердің қол ұшын, ойладың – сол – деп борышың“. Бұл сіздерге таныс па? Осыны оқыған сайын менің бойымды қорқыныш билейді. Мен: „Бұл – тек жылқы өлгенде жазылатын хабарлама!“ – деп ойлаймын. Солай емес пе? Тек жылқы фана өмір бойы жұмысқа жегіледі. Ал адам болса, белін бір сәт жазбай, өмір бақи жұмыс істеу үшін жарапалды дегенге, мен сенбеймін. Бұл барып тұрган күйкі тірлік болар еді. Егер өміріміздің мәні осымен шектелсе, онда көп өмір сүрмей-ақ, он жас шамасында өзімізді өзіміз өлтіру дұрыс болған болар еді. „Жұмыс“, – деп өттің өмірден...“ Не деген сұмдық!!! Жоқ, өмір мәні – мұнда емес.

Басқа бір студент сонда маған былай деп түсіндірді: „Білесіз бе, менің дәрігер болғым келеді. Адамдар өмірін қорғау – ғажап іс емес пе?“ Мен оны құптай қойған жоқтын: „Жақсы! Егер сіз адам не үшін өмір сүретінін білмесеңіз, оның өміріне араша тұрудың қажеті қанша?“ – дедім. Мені дұрыс түсініңіз және мен адамдар өмірін қорғаудың қажеті жоқ деп айтты, деген сөзді өсек етіп таратада көрмейді. Менің айтып тұрганым, шындығына келгенде, бұл өмір мәні туралы біздің сұрағымызға жауап бере алмайтынын алға тарту.

Сонда осының бәрі мені қапаландырды, олардың бәрі студент еді, тіпті бұл күндері білімді адамдардың да, жарық дүниеде не мақсатпен өмір сүретіндері туралы түйсіктері жоқ.

Менің байқауымша, сіздерді менің сөзім тіксіндіретін секілді. Эрине, мен көптеген көпірінді шетел сөздерін пайдаланып, білгішсіне сөйлей алар едім, ал онда сіздер жарты сағаттан кейін маужырап, үйқыға басар едініздер. Осыдан қорыққанымнан, көшедегілер бір-бірімен кездескенде, қалай сөйлессе, мен де сіздермен солай сөйлесуді жөн көрдім. Бұл сіздерге түсінікті шығар? Алғысымды білдіремін!

Міне, көрдіңіздер ме? Осының бәрін ой елегінен өткізіп, шет жағасын айта бастасаң-ақ, Мюнстердегі студенттердің жауабында жауаптарды естисің: „Өмір дегеніңің, жалпы алғанда, терең мәні жоқ. Менің дүниеге келуім – кездейсоқтық. Мұнда тұрган ешқандай мән-ма-

ғына жоқ. Сондықтан, ең дұрысы – өмірден не қажеттінің бәрін алып қалуға тырысу“. Мүмкін адам үшін ең үлкен арбау – мына ой болуы мүмкін: „Менің өмірім – мағынасыз. Оның ешқандай мақсаты жоқ. Егер менің әке-шешем үйленбекендеге, мен тумаған да болар едім. Мен мұнда кездейсоқ келіп, өмір сұрудемін. Шындаپ келгенде, менің өмірім басынан аяғына дейін мән-мағынасыз“. Егер кімнің тұрмысы ауыр болса, ол мұндаі сәтте өзін-өзі өлімге қиында жақын: „Өмірімді жалғастырудың қажеті қанша? Егер бәрі де кездейсоқ және мән-мағынасыз болса, онда ең жақсысы – бәрінің ақырын кесіп, тоқтату“. Сіздер білетін боларсыздар, Германияның батысында жол апатынан қаза тапқандардан гөрі, өзін-өзі өлтіру жағы басым. Білесіз бе, өзін-өзі өлімге қиғандардың елу проценті 30-ға дейінгі жастар. Бұл – біздің кезеңіміздің кейіпсіз көріністері: біз сөйтіп өмір мәнінің не екенін түсініп отырғанымыз жоқ.

Мен жи: „Менің өмірім мәнсіз, сондықтан мен оны не ойын-сауық пен ләззатқа бөленип өткізем, не өзімді-өзім өлтіремін“, – деп маған шағым айтатын кіслермен сұхбаттасамын. Сонда мен оларға былай деп саяул қоямын: „Ал, егер шынында, өмірдің мәні болса, бірақ сіз оны мәні жоқтай өткізіп алсаныз? Өмір соңын сіз қалай көз алдыңызға елестете аласыз?“

Киелі кітапта өңменіңнен өтер бір шумак бар. Онда былай делінген: „Адамға бір күні өлуге тұра келеді, содан соң – Құдай соты“. Киелі кітаптағы осы сөзді біліп, ақылға сала отырып: „Осы мен не үшін өмір сұрудемін!“ – деп өзінен-өзің сұрау керек шығар. Егер өмір мәнін түсінбесек, Құдай соты алдына қалай барамыз? Енді бұл саяул сіздерге түсінікті болар? Онда әңгімені тағы да жалғастырайын:

2. Кім жауап берे алады?

„Мен неге өмір сұрудемін?“ – деген сұраққа кім жауап бере алады? Кім? – Қауым ба? Жоқ! – Діни жетекші ме? Жоқ! Ол да сіздердей жағдайдағы адам. – Профессорлар

ма? – Пәлсапашылар ма? Олар да: „Мен неге өмір сұрудемін?“ – деген сұраққа жауап бере алмайды. Тек Біреу фана біздің неге өмір сүретінімізді айта алады: Ол – бізге өмір берген, бізді жаратқан Құдай!

Маған тағы да келесі мына қарапайым мысалды келтіруіме рұқсат етініздер. Бірде мен пәтерге кірдім. Онда бір еңгезердей жігіт сым мен кішкене шамдардан бірдене құрастырып отырғанын көрдім. Мен одан: „Қандай тозақ машинасын жасап жатырың? Бұл не болмақ?“ – деп сұрадым. Ол әрине, маған түсіндіруге тырысып бақты, бірак, шынын айтқанда, мен ештеңе түсіне алмадым. Сонда маған мынандай ой келді: „Мұның сырын ешкімде біле қоймас, тек шебердің өзі фана оның не болатынын және ол не үшін қажет екенін айта алады“.

Біздің өмірімізде де дәл солай: тек Жаратушы фана бізді не үшін жаратқанын айта алады! Бұл: „Мен не үшін өмір сұрудемін?“ – деген сауалға дұрыс жауапты Ол аян ретінде береді дегенді білдіреді. Құдай мұны бізге айтуы тиіс. Егер мен осы уақытқа дейін Киелі кітапты оқымасам, онда бұл сұрақ мені Киелі кітапқа әкелері сөзсіз. Осы бір қарғыс атқан дүниеде неге өмір сүретінімді білмесем, өзімді-өзім одан әрі ұстай алмаған да болар едім. Сіздерге менің „қарғыс атқан дүние“ дегенім тым шектен шығып кеткен сияқты болып көрінер. Бірак, бұл – Киелі кітаптың сөзі. Егер сіздер үлкен қаланың діни жетекшісімен жарты жылдай қарым-қатынаста болсандыздар, онда сіздер менің айтайын дегеніме түсінер едініздер: бұл дүние – үлкен қарғыс құшағында. Егер Құдайдың ақиқатын білмесем, онда мен мұнда тұра алмас едім.

Құдай Киелі кітапта біздерге өмірдің мәні неде екені туралы жауап береді. Мен: „Біз бәрі бір Киелі кітапты оқымаймыз!“ – деп менменси айтатын, көрсөкүр адамдарды да білемін. Мен олардың сөзіне былайша жауап берер едім: „Сіздер әлі күнге дейін „не үшін өмір сұрудемін?“ деген сұраққа жауап беруді қатты ойланған жоқсыздар. Алайда абайламаушылық, аңдаусыздық – кең тараған кесапат сырқат, егер ол жанфа батса, бүкіл дүние айқайға толар еді. Мен сіздерге Киелі кітаптағы

бір сөйлеммен ғана жауап бергім келеді: „Құдай бізді Оның балалары болуымыз үшін, жаратты!“

Әкесі өзінің ұлында өзін қалай көргісі келсе, Құдай да, сол сияқты, адамды „Өз кейіпінде“ жаратты. Құдай бізді Онымен әңгімелесетін, Ол да бізben әңгімелесе алатын, Оны сүйетін, Ол да бізді жақсы көретін Өзінің балалары болуымызды қалайды. Сіздер дұға оқи аласыздар ма? Баласы жылдар бойы өзімен сөйлеспейтін әкенің қалі қандай мүшкіл! Дұғасыз адамдар да дәл осы сияқты, өйткені, олар аспандағы Әкесімен әңгімелеспейді. Міне, көрдіңіздер ме, Құдай біздің Оның балалары болғанымызды, Онымен әңгімелесуімізді, Оның бізді суюін және біздің Оны жақсы көруімізді ұнатады. Міне, бұл – жарық дүниеге келуіміздің себебі. Мені дұрыс түсінулеріңізді өтінемін: мен қауым туралы, догма (соқыр сенім) туралы, дін туралы және басқалар туралы айтып тұрған жоқпын, менің айтып тұрғаным – тірі Құдай туралы. Ал Ол сізді Оның баласы болуыңыз үшін, жаратты! Сіз – Оның баласысыз ба?

Ал енді одан әрі кетеійк. Біз Құдайдың балалары болуға тиістіміз, алайда өзіміздің табиғатымыз бойынша, біз – Оның балалары емеспіз. Киелі кітаптың басында былай делінген: „Құдай адамды Өз кейіпінде жаратты“. Содан соң Киелі кітап ұлы алапат апат туралы хабарлайды. Адам еркін болып жаратылған еді, бірақ аяқ астынан Құдайға қарсы шықты. Ол тиым салынған жемісті жеді, бұл: „Мен тәуелсіз болғанымды қалаймын! Мен Құдайсыз-ақ өмір сүре аламын!“ – дегенді білдірді. Түсінесіз бе, Адам-ата Құдайдың барын ешқашан жоққа шығармаған, бірақ ол Одан қол үзді: „Мен өз өмірімді өзімнің қалауыммен өткіземін!“

Осы жөнінде мен сіздерге бір оқиғаны айтып беруім керек. Жақында бір ер адам менен көшеде былай деп сұрады: „Діни жетекші, сіз ылғи да Құдай туралы атасыз. Бірақ мен оны көре алмаймын. Айтыңызшы, мен Құдайды қалай таба аламын?“ Мен оған былай деп жауап бердім: „Көңіл қоя тындаңыз! Көз алдыңызға уақыт машинасы барын елестетіңіз. Соның арқасында мен мың жыл алға, немесе артқа кете аламын. Сөйтіп, уақыт

машинасының көмегімен адамзаттың басталу кезеңіне сапар шегейік. Бір күні кешке жұмақ бағын аралап жүрген едім. Сіздер күнәға батудың тарихын білесіздер фой. Соңда, бір бұтандың тасасында алғашқы адам – Адам-атаны кездестірдім. „Кеш жарық, Адам-ата“, – деп сәлем бердім оған мен. „Кеш жарық, діни жетекші Буш“, – деп, жауап қатты ол. „Сен менімен кездескеніце қайран қалып тұрсың ба? – деп сұрадым мен одан, – әлемдік театрдың декорациясын ауыстырған кезде, мен мұнда, пейіш бағына қателесіп келдім“, – деп түсіндірдім оған. – „Ал, сені неліктен мұнды ой басты?“ – деп сұрады ол менен. Мен соңда оған былай дедім: „Құдайды қалай кездестіремін? – деп біреу маған сұрақ берген еді, дәл қазір мен осы мәселені ойластырудамын“. Адам-ата қарқылдан күлді де: Мәселе – Құдайды қалай табуда емес. Ол – осында фой! Діни жетекші Буш, адал болыңыз, бар мәселе – Одан қайткенде құтылуда фой. Барлық қыншылық – Одан құтылудың мүмкін еместігінде фой!“

Адам-атанікі дұрыс емес пе еken? Құдай – барлық жерде! Оны табуға болады! Бірақ одан құтылу – мүмкін емес! Соңғы 300 жылдағы діни тарихты қаастыра отырып, Құдайдан құтылууды ойлаған қаншама әрекеттер жасалғанын көреміз. Бірақ біз Құдайдан әлі күнге дейін құтылғанымыз жоқ. Достарым менің, сіздер барлығыныз да Құдайдың барына сенесіздер, бірақ сіздер Оған берілген жоқсыздар. Көптеген адамдар сияқты, сіздер де Құдай туралы мәселені кейінге қалдырасыздар. Сіздер оны жоққа шығармайсыздар, алайда Оған тән де емессіздер. Құдай сіздерге – дұшпан да емес, дос та емес. Сайып келгенде, біздің өміріміздегі ең маңызды мәселе әлі шешүсіз қалып отыр.

Бір швейцар дәрігері өз кітабында, егер адамның өмірлік маңызы бар мәселесі шешілмесе, онда оның жаңы күйзелетіні туралы былай деп жазған: „Біз мұнда, Батыста, Құдай туралы ойдан ауырғандаймыз. Біз Оны теріске де шығармаймыз, бірақ Оған тән де емеспіз, біз, тұрасын айтқанда, Оның (бізде) болуын қаламаймыз. Соңдықтан да, Құдай – біздің сырқатымыз, ауруымыз болып табылады“.

Иә, мен мұнымен келісемін!

Мен барлық жерден: „Қазіргі адамдардың Құдаймен ісі жоқ“, – дегенді естігенде, мен оған: „Қазіргі адамның ісі – іске асқысыз“, – деген жауапты берген болар едім. Бірақ мен де солар сиякты, қазіргі кездің адамымын ғой, бірақ мен осы мәселеге көңіл бөлемін. Мен өзімді ескі көзқарастың адамымын деп ойламаймын. Егер қазіргі адамдар өздерінің құтқарылуы туралы елеулі түрде ойланбаса, онда, істің тұйыққа тірелгені! Мынандай бір қарапайым мысал айтайын. Аспаз шәкіртін көз алдыңызға елестетіңіз. Бірде аға аспаз ол туралы: „Ол аспаздық іске ешбір қызықпайды“, – деді. Мен: „Ал онда оны не қызықтырды екен?“ – деп сұрадым. Аға аспаз былай деп жауап берді: „Күтабақтар мен қыздар“. – „Несі бар, онда сізге бұл жағын ескере отырып, тек күтабақ пен қыздар туралы әңгіме айтуға тура келетін шығар“, – дедім. „Жоқ, жоқ, атамаңыз, – деп азар да безер болып, қарсылық білдірді аға аспаз, – егер бұл жігітті аспаздық қызықтырмаса, онда ол өз мамандығын дұрыс таңдамағаны!“

Сіздер түсінесіздер ме, – Құдайдың баласы болуға тағайындалғанбыз. Егер қазіргі адамдар бұған қызықпаса, онда олар адам ретіндегі өз тағдыры туралы қателескені. Онда олармен өздерін қызықтыратын қисынды және қисынсыз заттар туралы сөз етудің қажеті жоқ. Бірақ мен: „Сіздер тірі Құдайдың баласы болсаңыздар ғана, адам қатарына қосыласыздар!“ – деген сөзді қайталаудан танбаймын.

3. Барлық сұрақтардың сұрағына Құдайдың жауабы

Табиғатымызға байланысты біздер Құдайдың балалары емеспіз, бірақ осы дүниеде Соның баласы болу үшін, өмір сүріп жатқанымызды мен тағы да қайталап айттар едім. Сондықтан, біздің өмірімізде қандай болса да өзгеріс болуы керек. Менің дәрісімнің мақсаты – осыған көмектесу. Мен мұнда аздап сіздердің көңілдерінізді

көтеруге келгенім жоқ, бірақ, ең болмаса, бірнеше адамның болса да қөңлі оянып, олардың өмір мәні туралы ойы – саналы болса деймін. Шіркін, осылай болса фой!

Сонымен, біз – Құдайдың балалары емеспіз, біз Құдайды сүймейміз, біз Оның өситеттерін аяққа басамыз, біздің Онымен ісіміз жоқ, біз мінәжат етпейміз – кейде қысылған жағдайда ғана осы бір амалсыз шараға иек артамыз. Сондықтан сұрақтардың сұрағы: қайткенде мен тірі Құдай баласы бола аламын? Қазір қағаз берілгенде қарындашты таратып беріп: „Қайткенде Құдайдың баласы бола аламын?“ деген тақырқап бойынша өз ойларыңды жазып көріндерші“, – деу жеңіл де болар еді. Біреулері: „Қайырымды адам болу қажет“, – деп жазса, басқалары: „Құдай Тәңірге сену“, – керек деп пайымдайды. Бірақ, мұның бәрі – жеткіліксіз! Барлық сұрақтардың сұрағы: „Қайткенде тірі Құдайдың баласы бола аламын?“ – деген сұрақ әрқашан алда тұрады.

Бұл барлық сұрақтардың сұрағына мен аян арқылы ғана жауап ала аламын. Құдай мені қалай баласы етіп қабылдай алады, бұл туралы Ол маған Өзі айтуы керек. Мұны діни жетекші да біле, ойластыра алмайды. Ал Киелі кітап оған анық жауап береді. Онда былай делінген: „Тек Иса арқылы!“ Достарым менің, Иса туралы сөз болғанда, менің жүргегім дүрсілдеп, тамырым жиі соғады, сонда менің өмірімнің ең басты тақырыбы туралы сөз қозғалады. Мен тек Исаңың араласуы арқылы, Құдайдың баласы бола аламын!

Киелі кітапта, сөзбе-сөз аударғанда, мынандай мағынаны беретін сөздер бар: „Иса Құдай әлемінен осы дүниеге келді“. Бүгін біз әрдайым: „Киелі кітаптағы әлем туралы жазылған: „Үстінде – аспан, астында – жер“, – деген ежелгі ұфым ескірген“, – деген сөзді жиі естіміз. Бұл – барып тұрған ақымақтық, Киелі кітапта дүние туралы ондай қафіда атымен жоқ. Онда Құдай туралы: „Сен барлық жағымнан мені көмкересің“, – делінген. Бұл – мұлдем басқа ұфым. Сіздер түсінесіздер ме: егер мен тіпті жердің астына жасырынғым келсе де, онда да Құдай бар болады. Киелі кітапта, біз қазіргі тілмен айтатынымыздай, әлемнің көп өлшемді бейнесі

берілген. Біз үш өлшемді дүниеде тұрамыз: ұзындық, ендік және биіктік. Бірақ бұдан басқа да өлшемдер бар. Құдай әрине өзге өлшемде тұрады. Ол өте жақын – қол созым жерде. Ол бізben қатар жүреді. Ол сізді құдайсыздар жолында көрді. Бірақ біз басқа өлшемнің қабырғасын бұза алмаймыз. Бұны тек Құдайдың Өзі ғана істей алады. Ол бұл қабырғаны бұзып, бізге Иса болып келді!

Бұдан әрі Жаңа Өсиетте Иса туралы былай делінген: „Ол Өз жақындарына келіп еді, жақындары Оны қабылдамады“. Әлем Соның иелігінде фой! Ізгі хабардың тарихы әлі күнге дейін осындағы. Иса келгенде, адам есігін жауып алады. „Ол Өз жақындарына келіп еді, жақындары Оны қабылдамады“. Шын мәнінде, осымен мұның соңына нұкте қоюға да болар еді, сөйтіп Құдайдың адаммен қарым-қатынасы аяқталуы тиісті еді. Бірақ бір ғажабы, оның жалғасы бар, атап айтқанда ол мынау: „Оны қабылдағандарға – Құдайдың баласы болуға билік берді“. Демек, Құдайдың қалаған баласы болу үшін, Исаны қабылдау керек! Сіздер өз өмірлеріңіздің есігін Исаға аштыңыздар ма? „Ал Оны қабылдағандарға, Құдайдың баласы болуға билік берілді“.

Бірінші дүниежүзілік соғыста мен Құдайды танымайтын, жас офицер едім. Менімен осы жағдай болғанда, мен осындағы қорытындыға келіп, Исаға мойын бүрдым, Оны қабылдадым. Бұл менің барлық өмірімді өзгертіп жіберді. Бірақ мен мұныма титтей де өкінбеймін. Маған Мәсіх үшін тар жол, тайғақ кешуден өтуіме тура келді. Мәсіх үшін түрмеге тасталдым. Мәсіх үшін көптеген мұқтаждықтарға душар болдым. Бірақ, егер менде тағы да жүздеген өмір болса, мен өмірімнің алғашқы саналы сэттерінде: „Оны қабылдағандарға – Құдайдың баласы болу билігі берілді“, – деген сөзді басшылыққа алар едім. Құдайдың баласы атанғаннан соң ғана менің өмірім толық дәрежесінде мәнді болды. Менің кім екенім бәрібір: діни жетекшімін бе, әлде аула сыйырушымын ба, бас директормын ба, әлде ұстамын ба, үй шаруасындағы әйел ме, әлде мұғалім бе, – Құдайдың баласы атанғаннан соң ғана, мен саналы боламын. Сонымен,

сізге Исаны қабылдау қажет! Сонда сіздің өміріңіз мәнді болады! Тек сонда фана!

Осындаған жағдайда Жаңа Өсиеттің адамдарына бой ұсынған дұрыс. Мәселен, онда өмірі өте аңдаусыз қылыққа толы әйел, мағдалалық Мәрияммен кездесесіз. Ол туралы тек түспал түрінде: „Оны жеті жын-шайтан иемдеген“, – деп жазылған. Ал мен он екі жын-шайтан ұялаған көптеген адамдарды білемін. Ол әйелдің өмірі, мүмкін, қорқынышты болған шығар, Оның қорқынышты болғаны сондай, ол азап шекті. Міне, сонда оның өміріне, Құтқарушы – Құдайдың Ұлы Иса арапасып, жын-шайтандарды қуды. Бұл Оның қолынан келеді! Ол осыны іске асырады да! Сол сәттен бастап бұл әйел Тәнірім Исаның иелігінде. Оның өмірі мәнді болды. Одан соң ол Исаның қалай айқыш ағашқа шегеленгенін, Оның өлгенін өз көзімен көрген күәгер болды. Сонда оны қорқыныш билеп, ол: „Қазір менде тағы да бұрынғы мәнсіз өмір басталады“, – деп үрейленді. Иса айқыш ағашқа керілгеннен кейінгі үшінші күні, таңтерең ол бақта Исаның табыты жанында тізерлей отырып, жылады. Ол Исаның табытына келгенде, табыттың бос екенин, тастың мола алдынан құлатылғанын көрді. Тіпті онда Оның денесі де жоқ болып шықты. Сондықтан ол жылады. Мен бұл әйелді түсінемін. Егер мен бүгін Исадан айырылған болсам, бұл менің мақсатсыз өмірге душар болып, тұңғиққа құлайтынымың белгісі болар еді. Мен әйелді түсінемін: „Құтқарушым жоқ. Енді менің өмірім тағы да мақсатсыз болады фой“. Бірақ сол арада ол арт жақтан: „Мәриям!“ – деген дауысты естіді. Ол жалт бұрылып, Оны – қайта тірілген Исаны көреді. Қуаныш пен бақыттан шыққан көз жасы бетін жуған: „Раббым, Тәнірім менің!“ – деген оны, мен дәл көз алдында түрғандай сезінемін.

Осы әйелдің мысалынан-ақ маған бәрі түсінікті, өмір мәні туралы сауалға жауап алу үшін, өте пәлсәпалықтың қажеті жоқ. Ең қарапайым адамның өзіне де бәрі аян: „Менің өмірім мәнсіз! Мен осы, не үшін өмір сұрудемін?“ Мағдалалы Мәриям Исаға бой ұсынғанда, ол өзінің өмірінің мәні туралы мәселенің шешімін тапты, ол

тірі Құдайдың баласы атанды, оның өмірі терең мәнге ие болды.

Сондықтан менің сіздерге айтқым келетіні: Исаны қабылдаңыздар! Ол сіздерді күтуде. Үйлеріңізге бара жаткан жолда, сіздер Онымен сөйлесе аласыздар. Ол – сіздерге өте жақын. Егер көпшілік бірінші рет Исаға келіп: „Тәңірім Иса! Менің өмірім – мағынасыз. Мағдалалы Мәриямға келгендей, маған да келе гөр!“ – десе, қандай тамаша болар еді.

Егер біз Исаны қабылдасақ, біздің өмірімізде де ұлы төңкеріс болатыны түсінікті: Ол маған Оның өліміне қатысушы болуыма мүмкіндік береді, сөйтіп, мендегі ескі адам өледі. Мен Құдайдың баласы есебінде Онымен бірге, тіптен жаңа өмірге қайта тірілу құқына ие боламын. Ол маған Өзінің Рухын береді, сонда мен басқаша ойдана бастаймын, менде мұлдем басқаша мұдделер пайда болады. Мұның бәрін сіздер әлі-ақ бастан кешіресіздер. Тек қана Исаны қабылдаңыздаршы! Менің бірден сіздерге айтарым: кімде-кім Исаны қабылдаса, сол жаңа өмірді де қабылдайды. Құдайдың баласы болу – ойланудың өзгеруі деген сөз емес, алайда мұлдем жаңа өмірге ие болу дегенді білдіреді.

Откен ғасырда Вестфалияда Раленбек деген етікші өмір сүрді. Оны „такуа діни жетекші“ деп бекерден бекер атамаған, өйткені, ол Исаның жолына шын берілген Мәсіх ізін қуушы болды. Ол – Құдайдың шапағатына бөлениген – ірі тұлға еді. Бірде оған жас діни қызметкер келді. Раленбек оған былай деді: „Дін қызметкери мырза, діни ілімді зерттеу – әлі сізге Құдай баласы деген кепілдікті бере алмайды. Сіз Исаны қабылдауының керек“. Сонда діни қызметкер былай деп жауап берді: „Иә, мен Исаны қабылдағанмын. Менің оқу кабинетімде, тіпті, Оның бейнесі де ілулі тұр“. Бұған қарт Раленбек қарсылық білдіріп: „Иә, қабырғадағы Иса тып-тыныш ілулі тұр. Ал қашан сіз Оны өз жүргегіңізге ұялатқанда, Ол сіздің өміріңізге енеді де, абыржушылық тудырады“, – деді.

Мен сізге сіздің өміріңіздегі ескінің бәрі өліп, осы бір тамаша абыржушылықты бастан кешіруіңізді қалай-

мын. Сонда сіз Құдайдың баласы ретінде Аспандағы Әкенің даңқын дәріптеісіз, өйткені мына жарық дүниеде не үшін өмір сүретініңізді білетін боласыз. Құдайдың баласы болған соң, Аспандағы Әкені ісіңізбен, сөзіңізбен, ойыңызбен мадақтайсыз.

Мені дұрыс түсініңіз: менің сізге айтып отырғаным – дінге әуестік, немесе діни қызметкердің идеясы да емес, бірақ сіздің өміріңіз бер өліміңіз, мәнгілік өміріңіз бер мәнгілік өліміңіз осыған байланысты.

Тәңірім Иса былай деген: „Міне, мен есігіңің алдында тұрып, есікті қағып тұрмын. Кім Менің дауысымды естіп, есігін ашса, соған кіремін“. Иса дәл осыны бізге де айтты: „Сенің өміріңің есігіңің алдында тұрған Менмін! Аш! Мен сенің өміріңе мән бермекпін!“

Бірде маған қарт шахтер келіп, былай деді: „Діни жетекші мырза, мен сізбен сөйлесейін деп едім. Мен қазір жетпіstemін, он жеті жасымда осындағы Ізгі хабарды тарату жиналысына қатыстым. Сонда Иса менің жүрегімнің есігін қаққандай сезіндім. Бірақ мен өзіме-өзім былай дедім: егер мен бұған кәдімгідей сеніп, Оны қабылдасам, онда жолдастарым мені әжуалар еді. Бұл мүмкін емес. Сөйтіп шығып кеттім. Міне, енді менің өмірім өтіп барады. Қартайдым. Сол бір сэтте Исаға есігімді аша қоймағандықтан, өмірім өксікпен өткенін, енді біліп отырмын!“

Достар, біздің өміріміз біреу-ак, сондықтан біз үшін: „Мен не үшін өмір сүрудемін?“ – деген мәселенің өмірлік маңызы бар. Құдай бұл сауалға айқыш ағашқа керілген және қайта тірілген Исаңың араласуымен нақты да айқын жауап берді. Енді міне, сол Иса сіздің есігіңізді қағып тұр. Оған өміріңізді ұсыныңыз, сонда бұған ешқашан да өкінбейтін боласыз.

МЕНИҢ УАҚЫТЫМ ЖОҚ!

Біреулерді менің дәрісіме шақырып: „Жүр, діни жетекші Бушты тыңдайық!“ – дегенде, олардың жиі айтатыны: „Менің уақытым жоқ!“ – деген жауап.

Бұл оқиға курортта болған еді. Мен асханада бір-бірі мізді жақсы түсінісетін, егде тартқан бір адаммен қара-ма-қарсы отырып едім. Осы бір сымбатты ер адам рахаттана отырып тاماқ ішкенде, немесе күнге қыздырынып маужыраған сәтінде: „Бұл нағыз тұтынушы!“ – деп ойлайтынмын. Әңгімелесе келе, біздің әңгімеміздің түкке тұрмайтын сылдыр сөз екенін түсінгенімде ішім ашып, бірте-бірте ренжитін де болдым. Біреу-міреу: „Онда тұрған не бар?“ – деп айтуы да мүмкін. Бірақ мен басқаша ойлаймын. Құдайдың Ұлы ақиқат екеніне менің көзім анық жетті. Құдай төтенше керемет іс атқарғанын білгенде, менің бүкіл өмірім өзгеріп кетті: „Өйткені Құдай адамзатты өте қатты сүйгендіктен, Оған сенуші әркімнің жаны тозаққа тұспей, мәңгілік өмірге ие болу үшін, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді“ (Жох. 3:16). Құдайдың осындай шапағатының жанынан адамның өтіп кеткені қандай сұмдық. Менің әңгімелесіп жүрген кісім осындай күйде еді. Егер ол Құдаймен бетпе-бет жолықса, онда оның халі қандай болмақ?! Бірде, тұскі тاماқ кезінде мен оған өзім жазған кітапшаны ұсынып: „Мынаны оқып шығыңыз. Мұнда Құдаймен өмір сұру туралы айтылған. Сонда сізге маңызды мәселелер туралы ойлануыңызға мүмкіндік туады!“ – дедім. Қалай болды дейсіз фой? Ол шын жүректен алғысын айтып: „Қазір менің дем алуым керек, мүмкін, үйде оқуға уақыт табармын!“ – демесі бар ма. Осыны айтты да, ол кітапты былай ысырып қоя салды. Мен іштей күйзеліп қалдым. Осы курортта болатын бос уақыттан артық бос уақыт, басқа еш жерде оған бүйірмайды. Ол, әншіейін, Құдайға уақытын бөлгісі келмеді. Құдайға былайша қарау қауіпті, сондықтан осы тақырып төңірегінде пікір алысу, орынды деп ойлаймын.

1. Истің әдептеген тыс жағдайы

Шын мәнінде, неліктен бізге уақыт жетпейді? Бәрінен бұрын мен түсініксіз сияқты көрінетін бір жағдайға көніл аударуды жөн көріп отырмын, оны бірде-бір адам әлі күнге дейін ажыратып бере алмаған.

Мынаған назар аударындаршы, егер осыдан жұз жыл бұрын Штуттгарт көпесі Эссендергі адамдармен сауда келісімін жасағысы келсе, онда ол сол жаққа бару үшін, почта пәуескесімен бес күн жол жүріп баруы керек, ал қайтуына тағы бес күн қажет. Бұған он күн кетеді делік, келіссөз жүргізуге тағы екі күн керек. Барлығына шамамен жарты ай кететін. Ал қазіргі коммерсант телефон арқылы халықаралық телефон станциясын пайдаланбай-ақ, тікелей сөйлесіп, он екі күнді үнемдейді. Бірақ егер коммерсанттарға қарасақ, олардың ешқайсысының да артық он екі күні жоқ. Қайта, әрқайсысы: „Менің уақытым жоқ!“ – дейді. Бұл қалай?

Бала кезімде Шваб Альбіндегі әжем мен атама барғанымда, бұл – мен үшін Урахтағы Эльберфельден басталып, бүкіл жерді айналған саяхаттай көрінетін. Қазіргі көлікпен бұл қашықтық – 5 сағаттық жер. Осыған қаранданда, қазіргі адамдардың бос уақыты көп болуы тиісті фой. Бұрын адамдар аптасына 60 сағат және одан да артығырақ жұмыс істейтін. Қазір аптасына 40 сағаттайғана жұмыс істейді. Сонда да ешбір адамның асып жатқан бос уақыты жоқ. Бұл қалай болғаны?

Немесе тағы да: қазір барлық өміріміз бар нәрсеге сондай үстірт женіл қаруға негізделген. Менің шешем күн сайын Киелі кітаптың төрт тарауын оқитын және өзінің бүкіл туыстары үшін дұға қылуына уақыты жететін. Ал, ол кезде электр қуатымен жүретін кір жуғатын және ас үйге керекті машиналар жоқ болатын. Сегіз баласына қамқорлық жасау да соның мойнында еді. Ол кезде нейлоннан тігілген киімдер, шұлықтар болмағандықтан, оған осы киімдердің бәрін жамап-жасқауы керек болды. Соған қарамастан күніне Киелі кітаптың төрт тарауын оқуға оның уақыты жетті! Сіздің бұған уақытыңыз жете ме? Жоқ, сізде мұндай уақыт жоқ! Сонда не болғаны?

Түсінесіздер ме, барлық жағдай уақытты үнемдеуге бағытталған, ал бірақ, бірде-бір адамда артық уақыт жоқ. Сіз өзіңізге мұны түсіндіре аласыз ба? Мен де осы туралы көп ойландым, бірақ бұл – түсінуге келмейтін киын шаруа. Шын мәнінде, адамдар бұл жайында естігісі келмесе де, бұл жағдайдың бір ғана түсінігі бар, мен басқасын білмеймін: біреу сыртта тұрып, бізді асықтыруда! Адамдардың уақыты болмауына ықпал жасайтын біреу бар. Цирктең үйретуші сияқты ол қамшы үйіріп, кісілерді зыр жүгіріп жүргүре мәжбүр етеді. Киеle кітапта да осы туралы айттылған: иә, осы „біреудің“ бары рас. Бұл – шайтан. Енді біздің алдымызда тағы бір сұрақ туындаиды: шайтан бар ма? Мен бұған былай деп жауап берер едім: иә, шайтан бар! „Түнекті басқаратын албастылар“ бар.

Жақында менімен сөйлесіп отырған бір адам, өзінің „Мәсіх жолын қуушылықты тоқтатқанын“ айтты. Мен оған қарсылық білдіріп: „Қандай адасушылық. Сізді шайтан билеп алған. Ол сізді құртады“, – дедім. Ол бұған мырс етіп күлді де: „Шайтан! Бұл шіркінің бар ма екен?“ – деді.

Киеle кітапта былайша жазылған: шайтан Исаны бүкіл әлем алақанында көрінетіндей, өте биік тауғарды. Әлемнің бүкіл патшалығын және оның салтанатын Иса рухымен көру үшін, шайтан барлық кедергі жасайтынды алып тастады. Содан соң әзәзіл Исаға бұрылышп: „Егер маған бас исен, табынсан, осылардың бәрін Саған беремін, өйткені мұның барлығы – менің қол астында, кімге берем десем де, өз еркімде“, – деді. Киеle кітаптың осы бір тұсы маған күшті әсер етеді, өйткені, Тәніріміз Иса шайтанға қарсы дау айтпайды. Ол әзәзілдің әлемге билік жүргізетінімен келіседі.

Қара түнектің күші бар екенін түсінбеу үшін, көр соқыр және есалан болу керек! Әйтпесе, дүние дегенді басқаша қалай түсіндіре аласыз? Мен тек бірнеше жағдайға ғана тоқталайын.

Мәселен, мен әртүрлі әуесқойлыққа берілген көптеген адамдарды білемін. Бірде, түнде маған бір кәсіпорынының директоры келді, өлердей мас, сондағы айтқаны:

„Көмектесіңізші, ішпей тұра алатын емеспін. Әкем марқұм маскүнем еді. Маған осы сырқат содан жабысты. Басқаша күй кеше алатын емеспін!“ Осындай, жүрек түкпірінде күйзелген: „Мен басқаша күй кеше алмаймын!“ – дейтін, әлі қаншама жан бар деп ойлайсыздар? Сонда оларға билік жүргізіп тұрған кім? Біздің заманымыздағы барлық кесапатқа қараңыздаршы, сонда сендердің Киеle кітапта осы туралы айттылған „қара күшті басқарушының“ барына көздеріңіз жетеді!

Немесе қазіргі күндердегі некенің неліктен тұрақсыз екеніне ой жіберейікші. Бір мырзаның тамаша отбасы, көрікті әйелі бар болатын. Сол аяқ астынан сілтідей бұзылып, өз кәсіпорындағы қызметкер бикештің „қармағына ілініп“ қалды. Мен оған арнайы барып: „Қымбаттым менің, сіз өз өміріңізге нұсқан келтірудесіз, өз отбасыңызды ойрандатудасыз. Сіз өз балаларыңыздың күлкісіне қалдыңыз!“ – дедім. Қазір де мен өзімді осы ірі өнеркәсіп қызметкерінің алдында отырғандай сезінемін. Ол: „Діни жетекші мырза, мен бұл бикештен құтыла алмаймын, бұл – қолымнан келмейді!“ – деді. Мұнда қара күштің билігі жоқ деп, кім айта алады?

Ағылшынның атақты жазушысы Сомерсет Моэм „Адамның тәуелділігі туралы“ деген көлемді кітап жазды. Адамдар қалай бір-біріне кіріптар болады! Адамдар қалай Гитлердің құлдығында болғанын білсеңіз ғой! Олар екі жердегі екіні – жиырма болады дегенге сенді, өйткені, мұны айтқан – фюрер ғой. Енді сіздер қара күштің билігіне, шайтанның барына иланған боларсыздар.

Немістің ұлы ақыны Гете ғажап „Фауст“ драмасын жазды. Сіздер білімді адамсыздар, „Фаустты“ білесіздер ғой деп сенемін. „Фаустта“ Маргарита деген қыз бейнеленген. Пәк, таза осы қыз азғырындының құрбаны болады. Маргаританың ағасы оның абырайын қорғағысы келгенде, азғырушылар төбелесте оны өлтіреді. Арбаушыны өзіне жақыннату үшін, Маргарита шешесіне үй-ықтататын дәрі беріп, ол одан өліп кетеді. Ал құрсағына нәресте біткенде, Маргарита оны қазіргі кезде де балаларының көзін құрсақта жатқанда-ақ жоятын аналар сияқ-

ты, өлтірді. Бұлар өз мойнына қаншама күнәны артады десеңізші! Міне, қойылымның соңында сахнада ағасы, шешесі және сәбіи өлтірілген, әлгі бойжеткен тұр: ол жүрек тебірентерлік сөз айтады: „Құдайым! Бар өмірімнің ләzzаты мені осы күйге жеткізді“. Гете ақымақ болған емес. Оның „Фаустта“ айтайын дегені – осы оқиғаның беріне әзәзіл араласқан!

Улкен қаланың қауым басшысы болғандықтан, мен осындай оқиғаларды жиі кездестіремін. Егер маған біреу келіп: „Шайтан жоқ!“ – деп айтса, онда мен одан: „Сіз қай қыстақтан келдіңіз?“ – деп сұрап едім. Шынына келгенде, ол қыстақтың өміріне де шайтанның араласпауы мүмкін емес.

Достарым менің, Мәсіх жолын қуушылардың өздерінің қателіктерін көрмейтіндіктерін бақылай жүріп, шайтанның барына менің көзім әбден жетті. Кейде мәселен, құдайшыл әйел шектен шыға өзімшіл болады. Ол өзінің келінің өлердей қинайды, бірақ оны өзі де байқамайды. Құдайды билетін әйел! Сенушілер, Құдайға қара түнектің билігінен құтқара ғөр деп жалбарыныңдар.

Көрдіңіздер ме, шайтанның, қара құштің үстемдігі барын, олар бір мақсатқа негізделіп, үстемдік ететінін, сөйтіп бізді үнемі шиеленісте ұстағанын назарға алмай, дүние туралы түсіну мүмкін емес. Біздің уақытымыздың жоқтығы да осыдан. Шайтан бізге осы түнек билігінен құтылуды ойлануымызға мүмкіндік бермес үшін, бар күш-жігерін жұмсал бағады!

Ал енді, мен осыдан кейін, құтылу туралы екінші әңгімемді айтуым керек.

2. Ғажап жәйт (айғақ)

Құтылудың бар болғаны – ғажап жәйт. Ау, достарым менің, менде осындай тамаша хабардың барына, мен қуаныштымын! Карнавалда сайқы мазақтар өнер көрсетісіп жатады фой. Кейде мен, олар кешке өз бөлмесінекеліп, беттеріндегі бояуларын сұрткеннен кейінгі көңіл-күйлері қандай болады еken деп, ойланамын.

Шынымды айтсам, ондай сайқы-мазақ: „Мен ойсыз, оспадарсыз, екі ойлы былғаныш сандырақтарды айтып, ақша тауып жүрмін-ау“, – деп ойлануы керек еді. Ол үшін өзі де ұялатын шығар! Қара түнек билігінен құтылу туралы фажап хабарды айта алудың өзі – маған бакыт қой!

Елші Пауыл бір жолы Мәсіх жолын қуушылар туралы былай деп жазды: „Құдай бізді түнек иелігінен құтқарып, Оның Қанымен кешірілген біздерді Өзінің сүйікті Ұлының патшалығына енгізді“. Демек, Мәсіх жолын қуушылық дегеніміз – бірінші кезекте – тек қана шомылдырылып, діни рәсімдерді орындаپ немесе бітір беру дегенді білдірмейді. Мәсіхтің жолымен журу дегеніміз – бәрінен бұрын қайта туылуды бастан кешіріп, түнек иелігінен құтылып, жаңа өмірде жаңа Иенің билігінде болу!

Осыған орай берлиндік Изгі хабарды таратушыдан естіген бір оқиға туралы сіздерге әңгімелейін. Ол бір маскүнемді қамқорлығына алып жүреді. Бұл – өте қорқынышты жәйт. Бірде ол, әлгі кісі тағы да арақ ішіп, жихазын сындырып, әйелін сабады, дегенді естиді. Содан, ол оның үйіне баруға бел буды. Уақыт түскі астан кейінгі мезгіл болатын, келсе, үй иесі кофе ішіп отыр екен. Оның қасында бес жасар ұлы отыр. Изгі хабарды таратушы жылды шыраймен сәлемдесіп: „Сен тағы да бұлінгенсің бе?“ – деді. Ал анау болса, тісін шықырлатып, атып тұрды. Тіс жармастан, ол қатар орналасқан зат қоятын бөлмеге барып, кір жаятын жіпті алып келді. Содан соң үн-түнсіз өзінің кішкене баласын орындыққа байлайды. Изгі хабарды таратушы болса: „Бұл не істеп жатыр? Элі күнге дейін мастығы тарқамағаны ма?“ – деп ойлайды. Бірақ ісіне араласпай, оған ойындағысын білдіруге толық мүмкіншілік берді. Ал анау болса, баласын шанди байлап, арқаның бір ұшын күрмеп байлады да, баласына: „Тұр орныңнан!“ – деп ақырды. Бала жылап: „Мен тұра алатын емеспін!“ – деді. Осы сэтте ішкіштің бет әлпеті жанашырлықтай өзгеріп, Изгі хабарды таратушыға: „Міне, көрдіңіз ғой, мен де – осындаймын! Менің де жағдайым осындай: қолымнан келмейді“, – деді.

Сүмдық: „Қолымнан келмейді!“ Сонда Ізгі хабарды таратушы қалтасынан бәкісін алып, жіптің жаңа екеніне қарамастан, аямай кесіп жіберді. Сосын ақырын ғана балаға: „Тұра фой!“ – деді. Бала тұрганнан кейін, Ізгі хабарды таратушы маскүнемге қарап: „Міне, көрдің бе?“ – деді. „Солайы – солай фой, – деді анау келіспей, – өйткені сіз жіпті кестіңіз фой!“ Оның бұнысына Ізгі хабарды таратушы: „Тыңдашы: бізді матаған жіпті кесетін біреу ғана бар, ол – Иса!“ – деді.

Әлемде Мәсіх жайлы күә келтіретін адамдар жеткілікті. „Келді де Иса, ашылды кісен, өлім тұзағын үзді фой кілең, масқараның негізін қаусата бұзды, Құтқарушы Құдай Ұлы бізге бостандық берді. Келді де Иса, бұфауды шешті, жандардың барлық күнәсін кешті“ (өлеңнің мағнасы).

Тамаша жәйт: түнек иелігінен босанудың жолы бар!
Мен үшіншіден – сіздерге мынаны айтайын деп едім:

3. Менің тақырыбымның мәні

Менің тақырыбымның мәні? Түнек иелігінен босану – Иса арқылы жүзеге асады. Мен қазір Иса туралы айтпақтын. Ал мен Иса жайында айтсам, демек, бұл – менің нағызғы тақырыбым.

Нью-Йоркте болғанымда, негрлердің клубына шақырылғанымды еске түсіремін. Сіздер онда нәсілдік шиеленістің барын білесіздер фой. Негрлер клубы орналасқан, осы үйдің төменгі фойесіндегі тұфырда мәрмәр мүсін тұрды. Мұның негр емес екені көрініп тұр. Қаралар ақ нәсілге ескерткіш қойғанына қайран қалған мен, бір қара джентельменнен: „Достым, бұл – кім?“ – деп сұрападым. Сонда мен өмірі ұмытпайтындей жағдай болды. Әлгі кісі мүсін алдына барды да, салтанатты түрде: „Бұл – Авраам Линкольн, менің азат етушім!“ – деп түсіндірді. Сонда мен бұл жас жігіт дүниеге келгеннен көп уақыт бұрын, президент Линкольн сұрапыл соғыс барысында негрлерді босатқанын көз алдыма елестеттім. Бұл жас жігіт ол көтеріліске қатысқан жоқ еді. Авраам Линкольн

қанды қақтығыс арқылы оған бостандық әпергеніне, ол алғысын білдіруде. Мен басқышпен жоғары көтерілген-нен кейін де, әлгі адамның мұсін алдында: „Авраам Лин-кольн – мені азат етуші!“ – деп қайталап тұрғанын бай-қадым.

Мен де Исаңың айқынш ағашының алдында тұрып: „Иса – менің Құтқарушым!“ – деп айтқым келеді.

Киелі кітапта тамаша іс туралы айттылатын бір сөй-лем бар: „Өмір рухының заңы біздерді күнә мен ажал заңынан азат етті“, – делінген онда. Көптеген табиғат заңдары бар. Егер мен қол орамалымды ұстап тұрып, қоя берсем, ол табиғат заңы бойынша, төмен қарай тұ-сер еді. Оны өзгерту мүмкін емес. Егер оны орта жолдан қағып алсам, онда ол жерге түспейді. Яғни, анағұрлым қуатты қүш іске қосылса, қол орамалды жерге түсірмеу-ге болады. Табиғатымызға байланысты біз күнә мен ажал заңына душар болдық. Біздің бәріміз құлап бара-мыз, бәріміз мәңгілік өлімге сырғудамыз. Мұны біз білеміз. Енді мұның шешімі – осы қозғалысқа ұлы қүштің иесі араласып, біздің құлауымызды тоқтатуына байланысты. Құдай осындай үлкен қүштің иесі етіп, бізді азат етуге, Исаңы берді. Түсінесіздер ме, Иса шай-танның соңғы билігін жойды. Иса сыйлайтын Киелі Рухтың қүшімен біз жаңа, еркін өмір суре аламыз!

Әлемнің Исадан бөліне алмайтыны ғажап-ақ. Сіздер осыны түсінесіздер ме? Бірде біреудің: „Иса – бұл дүние-де бір бөтен дене секілді“, – деп айтқаны бар. Иә, бұл шындық: аспаннан келген, бөтен дене. Сонда, Иса – кім? Сіздердің Исамен танысуларының керек болғандықтан, мен аздал болса да, осы жерге тоқталайын. Иса жөнінде қайдағы бір журналдар арқылы жорамалдамаңыздар. Исаңы дұрыстап білмейтіндердің сөздеріне сеніп, өзіңіз-ді уландырмаңыз. Тек Жаңа Өсиет (Інжіл) қана Иса туралы шынайы мәлімет бере алады. Лютер Киелі кітапты негізге ала отырып, мұны былайша тұжырымда-йды: „Экeden мәңгілікке туылған – шынайы Құдай, сонымен бірге, Мәриям қыздан туылған – шынайы Адам“. Құдай және Адам! Ол арқылы аспан мен жер бір-бірімен байланысқан!

Иса – „шынайы Адам!“

Ол Елазардың табыты жанында жылай алды. Мен ойлаймын; Ол шәкірттеріне: „Аспандағы құстарға қараңдаршы: олар екпейді де, ормайды да, қамбаға да жимайды – ал Аспандағы Әкелерің оларды асырайды!“ – дегенді айтқанда, күлген де шығар. Иә, мен өзімнің Құтқарушымның шынында да күлгениң көріп тұрмын: „Әдепсіз торфайлар! Олардың ештеңемен ісі жоқ – ал бәрбір тойынып, семіріп алады“. Оу, Иса дегенің – не деген тамаша адам еді!

Киелі кітапта ол уағыз айтып болған соң, 5000 адамды тойындырыды деп жазылған. Эйелдер мен балаларды қоспағанда – 5000 адам! Егер біздің жиындарымыздан әйелдерді шығарып жіберсек, онда біздің бас қосуларымыздағы адамдардың қаншасы қалар еді? Тәңірім Исаңың айналасындағы бұл жиын қандайлық үлкен болды десенізші: әйелдер мен балаларды есептемегендеге – 5 мың адам! Ал Оның микрофоны болған жоқ қой. Ол үшін Исаңың дауысы қандай ғажап болуы керек! Ол – тамаша адам болды!

Жаңа Өсиеттегі ең бір аянышты көрініс, Рим әміршісі Понтий Пилаттың тапсыруы бойынша, Исаға дүре соғу болып табылады. Оның басына тікенді бұттадан істелген тәж кигізілді. Оның Беті түкірілген. Әбден қорланған Адам! Міне, Ол шығып келеді... Пилат ең алдымен Оған, соңан соң халыққа қарады. Бұдан кейін Исаңы нұсқап: „Мынау – адам!“ – деді. Лютер мұны „Қараңдаршы, қандай адам!“ – деп аударды. Сөзбе-сөз аударғанда „Бұл – адам!“ – деген сөз. Пилат бұнысымен тұрғандарға былай деген еді: „Мен екі аяқтыларды көп көрдім, бұлар – аш қасқырлар, қауіпті жыртқыш – жолбарыстар, айлакер тұлкілер, тіпті маймылдар еді. Ал Иса болса – адам!“ Мүмкін, Пилатқа белгілі болғаны: „Иса – біздің қандай болу керектігімізді көрсететін адам!“ – деген ақиқат шығар. Жақында маған біреудің былай дегені бар: „Иса – біз сияқты адам болған“. Мен – оның мұнысымен келісіпедім: „Исаңың адам болғаны рас, бірақ біз сияқты емес, біз ол сияқты болуға тиістідей адам!“ Иса – біз болуға тиістідей, яғни Құдайдың ойындағыдай адам болды.

Егер сіздерге біреу: „Иса біз сияқты адам болды“, – деп айтса, сіз одан: „Сен өзің Иса сияқтысың ба?“ – деп сұра.

Иса – „Әкеден мәңгілікке жаратылған шынайы Құдай!“

Мен бұл жөнінде токтаусыз айта бергім келеді. Мысалы Генисарет көліндегі дауылға тап болған шәкірттердің қайығы туралы үзіндіні алайық. Қайық лезде суға толды. Желкен діңгегі сынды. „Бірақ бұл теңізшілерді үрейдіндермейді“, – деп мақтанды олар, өйткені олар тәжірибелі теңізшілер болатын. Біраздан соң шәкірттер қорқа бастады, тіпті байбалам салғандары да бар, олар: „Иса қайда? О, ол қаютада ұйықтап жатыр!“ – деп айғайға да басты. Олар қаютаға жүгірді, су сондарынан лап қойды, шәкірттер Оны оятып: „Тәңірім, біз батып бара-мыз!“ – деді үрейлене. Сол кезде Исаңың дауылға қарсы палубаға шыққанын көз алдыма келтіремін. Біз Исаңы әр дайым ғибадатханада ұстап тұруға тырысамыз. Ол болса, дауыл арасында жүр. Сіздер бұл туралы білесіздер ме? Дауыл Оны аяқтан шалуға дайын тұрғандай. Бірақ Ол қолын алға созып, бұйыра, тіпті айбынмен дауылға: „Басыл!“ – деп бұйырады. Сол сәтте-ақ толқын тынышталып, бұлт сейіле бастайды! Мен осы оқиғаны өзімнің кішкене балаларыма айтқанымда, балам маған: „Күннің күркіреуі де қойды ма?“ – деді. „Иә, – деп нығыздай түстім сөзімді, – күннің күркіреуі де тыйылды!“ Күн күлімдей шықты. Шәкіртері тізерлеп: „Бұл не деген адам! Бұл біздер сияқты адам емес!“ – десті. Ақыры олар: „Бұл – адам болған Құдай!“ – деген жауапты тапты.

Ал шын мәнінде, олар мұны тек Құтқарылу мейрамында, Иса өлімнен қайта тіріліп оралғанда түсінді. Достарым менің, мен сіздерге ертегі айтып отырған жоқпын. Егер мен: „Қайта тірілген Иса бізге тірі Құдай болып келді“, – деген ақиқатқа сенбесем, мен бұл арада тұруға батылым да бармас еді.

Бәрінен де мен оны ағашта керілген қалпында көруді ұнатамын. Ол сол жерде шын мәнінде – „Құдай және адам“. Мен тәж кигенде, қорлық тәжін киген Оны көз алдарыңызға елестеткім келеді! Күшті қолдар ағашқа шегеленген. Ол басын төмен салбыратып өлді. „Айқыш

ағашқа керіліп, көтерілген Менің Құтқарушым, Сенің қасіретпен күйзелген жүзің айқыш ағашта солды“.

Осы Исаға қараңыз, Оның алдына аялдап, сұраңыз: „Ол неге онда керіліп тұр?“ Қашан: „Онда ол мені түнек билігінен азат етеді! Ол онда мені шайтанның құлдығынан босатады!“ – деген жауапты тапқанша, сұрай берініздер. Мен сіздерге Исаның сол бір айқыш ағашқа шегелену кезеңіне ойша оралып, оны көріп: „Құдайдың еркін баласы болуым үшін, осында менің түнек билігінен құттылуым жүзеге асты“, – дегенді түсініп, сеніп, ұғынуыңызды ұсынар едім. Енді сіздерді еш шайтан азғыра, аздыра алмайды. Сөйтіп айқышқа қарап: „Шайтанның билігі қүйреді. Иса одан күшті! „Осы керілген адам менің күнәмді өтеді, мен – азатпын!“ – дегенге көзіңізді жеткізіңіз. Қазіргі уақыттағы, керегі жоқ проблемалармен айналысады қойыңыздар! Шындыққа шын мәнінде бойласаныздаршы! Біз Құдайдың еркін балалары болуымыз керек және болуға құқымыз бар! Айқышқа керіліп өліп, одан кейін біз үшін қайта тірілген Иса арқылы, Құдай бізге барлық алғышарттарды жасады!

Құдай туралы айтқанда, адамдардың алғашқы сэтте қымсынып қалатынын мен білемін. Неліктен олай? Қарап тұрсаңыз, біз бәріміз Киелі кітапта жазылған адасқан ұл сияқтымыз. Ол әкесінен, үйінен кетіп қалды. Бірақ отбасынан алыста жүріп, ол бақытсыздыққа душар болды. Ол қуана үйіне қайтар еді, бірақ қорықты, оған батылы жетпеді. Неліктен? Өйткені, әкесі мен ұлының арасында көп келіспеушіліктер болған еді!

Міне, осылайша көптеген адамдар Құдаймен кездесуді қаламайды. Олардың жүрек түкпірінде: „Құдай мен менің арамыз соншалықты алшақ, біз бір-бірімізге сәйкес келмейміз“, – деген ой жатыр. Олардың бұл ойы өте дұрыс. Олар әрине түнек билігінен шыға алмай, Құдаймен ешқандай қарым-қатынас жасай алмайды! Иә, бірақ сіздер қалай ойлайсыздар? Егер Иса бізді түнек билігінен құтқарғысы келсе, сөйтіп бізді Құдай баласы еткісі келсе, онда Ол Құдай мен біздің арамыздағы кедергінің бәрін де алып тастағысы келгені ғой! Ол мұны айқыш ағашта істеді. Енді біз Одан күнәмьыздың

кешірілуін ала аламыз. Иә, осы шегеленген Иса күнәларды өтеді! Осының мәнін түсініп, Пауыл: „Құдай бізді түнек билігінен құтқарып, Өзінің сүйікті Ұлының Патшалығына енгізді“, – деді. Табиғатымызға байланысты, біз әзәзілдің қол астындамыз! Ал Құдайдың Ұлы – Иса біздің күнәмізды кешіре отырып, бізді құтқарады.

Сондықтан, достарым менің, Құдай бізге Иса арқылы босатылуды қабыл алу үшін, уақыт берді!

4. Уақыты жетпеген адам туралы

Мен әлі әңгімемді аяқтаған жоқпын. Мен қазір сіздерге уақыты жетпеген бір адам туралы айтып бергім келеді. Оны біз Жаңа өсiette кездестіреміз. Ол – ұлы адам болған: Рим әміршісі. Оның есімі – Феликс. Ражап есім. Феликс деген сөз – „бақытты“ дегенді білдіреді. Оның Друзилла деген әйелі бар еді, ал тұтқынын Пауыл деп атайдын. Бірде, оның уақыты болған кезде: “ Пауылды шақырып, тергейікші. Әйелім, менімен бірге жүр!“ – дейді. Олар сот мәжілісі залына салтанатты түрде келіп жайғасады. Олардың оң және сол жақтарында жауынгерлер тұрды. Содан кейін тұтқынды енгізді. „Пауыл, сен мұнда неге тұтқында отырсың, соны айтшы?“ – деп, Феликс тұтқыннан мән-жайды түсіндіруін талап етті. Сонда Пауыл керемет сөзін бастады. Мен де осылай сөйлей алсам ғой, шіркін! Жағдай өзгере бастады. Бір уақытта залда тірі Құдайдың қатысып отырғаны сезілгендей болды! Пауыл соттың әділ болуы туралы айтты. Бұл сөз Феликстің жүрегін туýреп өткендей болды. Ол пара алған барлық сүмдік оқиғаларын есіне түсірді. Ал Пауыл болса пәктік, тазалық туралы айтты. Осыны естігендеге, Друзилла орындығынан құлап қала жаздады. „Жігітім, қай уақытта тудың екен?“ – деп ойлады ол. Пауыл болса, сөзін одан әрі сабақтап: „Құдай осыны қалайды!“ – деді. Осы сэтте екеуін де ыстық леп шарпығандай болды. Содан соң Пауыл ажалдан құтқармайтын Құдай соты туралы айтты. Сол кезде Феликс орнынан айтып тұрып: „Тоқта, Пауыл! Сенің айтқаныңың бәрі –

жақсы, жаны бар сөз. Әрине, бұл – өте маңызды. Менде тағы бір уақыт табылса, сені тағы да тыңдаймын. Ал қазір менің уақытым жоқ!“ – деді. Сөйтіп тұтқынды алып кетуді бұйырды. Содан кейін оның ешқашан уақыты болған жоқ...

Егер ақиқат, төзімділік және Оның болашақ соты туралы Құдайды тыңдауға уақыт таба алмай жүрсек, онда Феликстей болып қаламыз ба деген қауіп билейді мені. Құдайдың бар екендігін сезінгенде, біртүрлі тынышсызданып қалатынымыз шын емес пе? Сол кезде біз кинотеатрға жүгіреміз немесе теледидарды қосамыз. Біз онда аздал болса да самарқау, бәрінен қолузушілік жағдайды бастан кешіреміз. Сөйтіп, бәрі сол баяғы қалпында қалады!

Егер өмір туралы: „Бәрі – сол баяғы қалпында мәңгі бақи қалды!“ – деп айтуға мәжбүр болсақ, бұл сүмдік емес пе? Алайда Құдайдың ұлы келіп: „Міне, бәрін жаңадан жасаймын! Өткенді кешіремін. Мен Өз өлімім мен Сендерді құтқарып алдым да, Құдай Патшалығына лайықты еттім! Жаңа адамдар болуларың үшін, мен сендерге Киелі Рухты беремін!“ – деді. Ал біз болсақ: „Жоқ, жоқ!“ – дейміз, сөйтіп бәрі бұрынғыша, мәңгі сол қалпында қалады. Баяғыдан-ақ Мәсіхтің жолынан тайған мәсіхшілер бар, бірақ олар мұны сезінген жоқ, сондықтан бәрі де баяғы қалпында қалды. Достарым менің, мен сіздердің жағдайларыңыздың басқаша болуына тілек-теспін. Мен сіздерге бәрінің тамаша болуын: барлығы сол баяғы қалпында қалмай, Иса арқылы жаңаруын қалаймын!

5. Кімнің уақыты бар, солар жайлыш.

Сөзімнің қорытындысында мен өте маңызды іс туралы айтуға тиістімін: бізге шайтан үстемдік етіп тұрган барлық уақытта, біз тауы шағылып, жүрегі шайлышқан адамдар қалпында қаламыз. Мен, сіздер үшін уақыты бар біреуді білемін, бұл – Иса, өліден қайта тірілген Құтқарушы. Ерлер: „Әйелімнің маған қарауға ешқашан

уақыты жоқ“, – деп шағынады. Әйелдер де мүмкін: „Күйеуімнің маған дегенде уақыты болмайды“, – дейтін шығар. Ал ата-аналары болса: „Балаларымыздың бізге қарауға уақыттары жоқ“, – деседі. Естисіздер ме? Тәнір-дің уақыты бар. Исаның біз үшін уақыты жеткілікті!

Мен үшін бұл – соңғы кездे ашылған жаңалық. От-кен аптада менің біршама қызындықтарым болғанын қазір айтпай-ақ қояйын. Алайда, кейде шын мәнінде, уақыт қайшылығына тап болып қаласың. Менің жабыр-қағаным сондай, тіпті әйелім: „Сен төзгісіз адамсың, бірақ мен мұныңды түсіне аламын!“ – деді. Мен бұған қатты ұялып, орман ішіне кетіп қалдым. Онда, тыныштықта, оңаша жерде, мен Құтқарушыммен сөйлестім: „Иса, мен қалайда Саған барлық іс – жағдайымды түсіндіруім керек...“ – дедім. Мен Оған бәрін айттым. Ол болса, Оған жағдайымның бәрін тәптіштей түсіндіруіме, уақыт тапты. Екі сағат білінбей өте шықты. Мен өзімнің Жаңа өситетімді аштым – ондағы әрбір сөз Құдайдың өзіме қайтарған жауабы болды. Мен қуана үйге қайттым! Мен мұлдем ерекше жаңалық жасадым: Исаның мен үшін уақыты бар!

Жаңа өситетте таңқаларлық бір оқиға бар. Бір соқыр адам жолға жақын жерде жайғасып, қайыр-садақа сұрап отырады. Оның үлкен ағаш қасығы бар екен. Біреу қасынан өтсе, ол қасығын созып: „Садақа берші?“ – деп сұрайды; бірде, оның жанынан бір топ адам өтіп бара жатты. Соқыр: „Бұл кімдер? Біреуді жерлеуге бара жатқандар ма, әлде әскерлер ме екен?“ – деп ойлады. Ақыры ол: „Не болды?“ – деп сұрайды. Сонда оған: „Иса өтіп бара жатыр“, – деп жауап берді. Сонда әлгі соқыр іштей жадырап сала береді. Иса туралы ол бұған дейін естіген еді. Ол Иса – Құдайдың Ұлы екеніне сенетін. Ол: „Құдайдың Ұлы – Иса, маған көмектес! Құдайдың Ұлы – Иса, маған кешірім жасай гөр!“ – деп дауыстай бастады. Адамдар күйіп-пісіп: „Айқайламасаңшы, біз Исаның не айтқанын естик те“, – деседі. Бірақ соқыр құлақ қояр емес: „Иса, Құдайдың Ұлы, мені кешіре гөр“, – деп айқайлай береді. Сонда адамдар ашуланып: „Егер сен қой-масаң, саған кәзір көресінді көрсетеміз!“ – деп қорқыта-

ды. Бірақ соқыр тыныштанған жоқ: „Құдайдың Ұлы – Иса, мені кешіре гөр!“ – деп қайталай берді. Егер ол маған қарап айтса, онда мен оған: „Тындасаншы, сенің түсінуің керек қой, Иса Фолғотаға бара жатыр. Ол барлық адамдардың күнәсі үшін өлмек. Элем өз күнәсін көтере алмай, құрып барады. Иса осы мәселені шешіп, бізге Құдайдың жан тыныштығын беру үшін, барлық күнәні өз мойнына алмақ. Одан, өліден қайта тіріліп, ажалды аяқта баспақ. Бұл – аса ұлы міндет! Сен несіне қыстырыласың?“ – дер едім. Алайда соқыр барған сайын дауысын үдете түсті. „Құдайдың Ұлы – Иса, мені кешіре гөр!“ – деп айқайлайды. Содан соң Жаңа өсиеттен мынандай бір тамаша сөздер келтіріледі: „Сонда Иса аялда-ды“. – „Ай, Тәңірім Иса-ай, – менің шұғыл мәжілісім болғанда, мен ешкімге өзімді кідірткізбеймін!“ – деп айтқым келеді. Ал Киелі кітапта былай делінген: „Иса тоқтап, оны ертіп келуді тапсырды“. Элем проблемасын шешетін Исаңың, соқыр қайыршы үшін уақыты бар! Міне, Ол адамды осылай жоғары бағалайды!

Ол сізді де осылай жоғары бағалайды! Сізді осылайша жоғары бағалайтын, бүкіл дүниеде басқа біреу бар ма еken? Ал сіздің Оған деген уақытыңыз жоқ, ә? Білуімше, шайтан сізді күшті есенгіретіп тастаған!

Бірде менің бір сүмдік оқиғаны естігенім бар: кеме суға батып бара жатады. Каюта бойымен жүгірген стюарт: „Бәрің палубаға шығыңдар. Кеме батып барады!“ – деп айқайлайды. Ал ас бөлмесінің қасынан өтіп бара жатып, ол балапан қораздарды қуырып жатқан аспазды көреді. Аспаз: „Мен алдымен өз жұмысымды орында алайын!“ – дейді аспай-саспай. Ол сол қораздарын қуырған күйінде, суға батады. Осы күнгі адамдар да маған осындай болып көрінеді: „Иса ма? Өзекті емес! Мені қызықтырмайды! Менің уақытым жоқ!“ Сөйтіп, бұл дүние Исаңы қабылдамастан, тамұққа асығады!

Мен: „Алдымен – ең маңыздыны жүзеге асыру кепек“, – деп есептеймін. Ал егер Құдай құтылуды ұсынса, онда ең маңыздысы – құтылуды қабылдау. Мен сіздің Исаңың айқыш ағашы алдында тұрып, осы өлеңнің авторымен бірге қосылышпен: „Мен өзімді кімге сеніп тап-

сыра аламын, о, айқыш ағашқа керілген, Патшам менің?
Саған жүргегімнің есігін ашамын да, өз өмірімді Саған
арнаймын. Сөйтіп, айқыш ағаштың астында тұрып, Се-
нің күрескерің және құллың боламын деп, уәде етемін“, –
деп айтқаныңды қалар едім.

ТЫНДАҢЫЗДАР! ӨМІР ҮШІН ҚАУІПТІ!

Мен сіздерге жаңа ғана автомобиль жолымен асырып келдім. Ал басымдағы ойым тек қана баяндама жайлы болғандықтан, әрқашан есімнен: „Тындаңыздар! Өмір үшін қауіпті!“ – деген сөз кетпей қойды. Түсінесіздер ме, қазіргі уақытта көбісі өмір қызығына тойып барып, жасы келіп, күні жеткен соң өлмейді. Бұгін жиі-жіе кездесоқ өқиғадан немесе инфарктан өледі. Бұрын адамдар 90 жасқа дейін өмір сүріп, өзінің ақ өлімімен өлетін. Қазір тіптен басқаша. Біздің уақытымызда мұхит үстінде ұшақ жарылып кетіп, 80 адам аяқ астынан опат болады. Автобус ылдига құлап, 60 адам апатқа ұшырайды. Фабрикада жарылыс болды – тағы да өлім. Рур облысының рудниктерінде әрқашан кісі шығыны болып тұрады. Бірнеше ондаған жылдар ішінде бір рет қырғын соғыс болады. Бір соғыста 2 млн., келесісінде – 5 млн. адам шәйіт болады. Эйтеуір, қадам басқан сайын, біздерді қатер тосып тұрады!

Осылар туралы ойланған кезімде, маған: „Тып-тыныш өлуге шама бермейтін, бұл не қылған өмір?“ – деген ой келеді. Енді мынаны ақылға салып көріңіздерші: бұгін сағат 10-да сізben бақытсыз оқиға болады делік. Мұндай болуы да ғажап емес қой. Сонда сағат 11-де сіз қайда боласыз? Сонда сіздің жағдайыңыз қандай болады? Осы жайлы сіз бұрын-соңды ойладыңыз ба?

1. Жағдайдың маңыздылығы

Өзім бастан кешірмеген, бірақ атамнан естіген бір хикаяны сіздерге айтып берейін. Ол тамаша әңгімелі еді. Бірде бір жас жігіт қарт нағашысына келіп: „Нағашы, мені құттықтаңыз! Мен кәмелеттік аттестатқа емтихан тапсырдым!“ – дейді. „Өте жақсы! – деді нағашысы, – міне, сүйіншіңе 20 марка, өзіңе бірдене сатып ал. Енді бұдан былай не істейтініңді айтшы?“ „Бұдан әрі – деді

жас жігіт, – бұдан әрі мен оқимын, заң қызметкері болғым келеді“. – „Жақсы, – деді нағашысы, – ал содан соң?“ – „Енді содан соң бірінші сатыдағы сот кеңесшісі боламын“, – „Жақсы, – деді нағашысы, – ал содан кейін ше?“, „Содан кейін жергілікті соттың кеңесшісі боламын“, „Жақсы, – деді нағашысы, – ал содан соң?“ – „Содан кейін, нағашы, үйленіп, отбасын құрамын“. – „Жақсы-ақ, – деді нағашысы, – бұдан әрі не істемексің?“ – „Иә, бұдан әрі мен, мүмкін, ұлы адам болатын шығармын, жергілікті соттың төрағасы немесе бас прокурор болуым мүмкін“. – „Жақсы, жиенім, – деді нағашысы, – одан арғы тірлігінді ойластырың ба?“ – „Иә, нағашы, – деп, жігіт күйіп-пісе бастайды – сосын қартайып, зейнет-керлікке шығамын“. – „Жақсы, – деді нағашысы, – ал содан соң ше?“. – „Содан соң жақсы бір орынға барып орналасамын да, үй түрғызып, құлпынай өсіремін“, – „Жақсы, – дейді нағашысы, – одан кейін ше?“ Жиені әбден ашуланды: „Одан кейін өлетін шығармын“. – „Жарайды, – деді нағашысы, – ал содан соң?“ Жігіт күлуді қойды. Оны үрей жайлады: „Содан соң өлемін, ал содан кейін...?“ „Ал содан кейін?...“ – деп сұрады нағашысы. „Нағашы, – деп жауап қатты ол, – ол жағын мен әлі бірде-бір рет ойлаған жоқпын“. – „Оның қалай, – деді нағашысы, – сен кәмелеттік атtestatқа емтихан тапсырың, сонда да тек мынадан мынаған дейін ойлайтын ақымақсың ба? Құдай берген ақыл-парасатты пайдаланып, адам біршама әріректегіні, содан кейін не болатынын ойлауға тиісті емес пе? Содан кейін не болады?“ Бозбала бірден қарсылық білдірді: „Нағашы, өлгеннен кейін не болатынын ешкім де білмейді!“ – „Олай емес, балақай, өлгеннен кейін не болатынын нақтылы біletін Біреу бар, ол – Иса. Оның былай деп айтқаны бар: „Өлімге апаар жол – кең, мәңгілік өмірге апаар жол – тар. Өлгеннен кейін, Құдай соты басталады. Сонда не өлуге, немесе құтқарылуға болады“.

Мен сіздерге, өмір жоспарын тек табыт тақтайына дейін ғана жоспарлау жеткіліксіз деп, айтуға тиістімін. „Одан кейін не болады?“ – деп сұрау абзал. Жастардың діни жетекшісі есебінде, мен жігіттер мен қыздарға

мынаны жи түсіндіруші едім: „Егер кебісімді жөндету керек болса, мен автослесарьға бармаймын. Автослесарь дегендеріңіз тамаша жандар, бірақ олар кебісінді жөндеуді қайдан білсін. Демек, мен ол кебістермен етікшіге барамын! Ал егер автомобилім апатқа ұшыраса, етікшіге емес, автослесарьға барамын. Егер нан сатып алғым келсе, ет сатушыға бармаймын. Ол тамаша адам, бірақ тоқаш пісіруді білмейді. Ол үшін мен наубайшыға барамын. Егер су құбыры жарылса, қаңылтыршыға жалынамын. Яғни, мен әрдайым маманға жүгінемін. Ал, егер, біздің өлгеннен кейін не болатынын білгіміз келсе, біз бірінші жолыққан адаммен пікір бөлісіп, болмаса өзіміздің шолақ ойымызға жүгінеміз. Осы бір өлімнен кейін не болады деген маңызды мәселе жайында, бізге маманнан сұрауға болмас па еді?! Ал ондай маман – басқа дүниеден келген, Өзі де өлім патшалығында болған – Құдайдың Ұлы. Ол айқыш ағашта өліп, өліден қайта тірілді. Ол Өз ісін біледі. Ол былай деген: „Сен тамүққа түсіп қалуың мүмкін! Алайда сенің аспанға шығуыңда да мүмкіндігің бар!“ Егер бүгін 25 профессор келіп: „Өлгеннен соң бәрі бітеді“, – деп түсіндіруге тырысса, мен оларға былай дер едім: „Мен сіздердің жоғары дәрежелеріңізді өте құрметтеймін, бірақ сіздер бұл істің маманы емессіздер. Сіздер әлі аспанда болған жоқсыздар. Бірақ мен онда болған Біреуді білемін: Ол – Иса, Ол бұл туралы басқаша айтады“.

Адамдар қазір өлімдерімен бәрі бітетіндей, қауіп-қатерді біле тұра, көз жұмып, тәуекел деп, өмір сүреді, немесе шомылдырылу рәсімін қабыл алса, және оларды діни жетекші жерлесе, сөзсіз аспанға шығамын деп ойлайтын болуы мүмкін. Алайда, бір кездері тамүқ шомылдырылу рәсімін қабылдаған және діни жетекші жерлеғен адамдарға толады. Өздеріңіздің өте қауіпті жағдайда тұрғандарыңызды түсінесіздер ме? Ерте ме, кеш пе, әйтеуір бәріміздің Құдай сотының алдында тұратынымыз хақ.

Осы бір ой мені бүгін сіздердің алдарыңызға алып келгенін, мен ашық мойындауым керек. Жас кезімде мен ешқашан осындай мінбеде тұрамын деп ойлаған

жоқ едім. Бірінші дүниежүзілік соғыста мен жас офицер болдым. Полкымызда шығынға ұшырағандар саны өте көп болды. Менің өзге офицерлерден ешбір айырмашылығым болмады. Сонда егер маған: „Бір кезде қауым алдында уағыз жүргізесің“, – десе, мен ішек-сілем қата күлген болар едім. Шынымды айтайын-, мен Құдайдан алыс едім. Бірде әкем менен: „Сен Құдайға сенесің бе?“ – деп сұрады. Мен былайша жауап бердім: „Құдайға қарсы шығар есуас емеспін. Атеизм – ақылсыздықтың айғағы, алайда Құдайды өзім кездестірген жоқпын, сондықтан Онымен менің ісім жоқ“. Осы әңгімeden соң, көп кешікпей Францияға шабуыл жасалғанда, өзімдей жас лейтенантпен Верден түбінде, окопта отырдым. Шабуылға шығу туралы бұйрықты тосып, біз бір-бірімізге пасық анекдоттарды айтып отырғанбыз. Мен анекдотымды айтып болғанда, досым күлген жоқ. „Сен неге күлмедің?“ – деп сұрадым мен одан. Сол кезде ол құлап түсті, қарасам – ол өліп қалыпты. Гранатаның кішкене жарықшағы оның жүрегіне қадалған екен. Алғашында ештеңе болмағандай, досымның мәйтінің жанында немқұрайлы тұрып қалсам керек: „Құрметтім менің, мен анекдотты аяқтағанша кетіп қалған, не деген әдепсіз едің!“ – деймін. Бірақ сол арада менің ойыма: „Енді ол қайда екен?“ – деген сауал сап ете түсті. Қазір де, окоптың жанында тұрған маған, атом жарылғандағы сәуледей жарқ еткен ойдың келгені, менің есімде: „Ол қазір Қасиетті Құдайдың алдында тұр!“ Келесі көзім жеткен ойым – мынау болды: „Егер біздер керісінше отырсақ, онда мен қазір Құдай алдында тұrap едім!“ Жай Құдайдың алдында емес, Өзінің еркін білдіріп, заң шығарған Құдайдың алдында тұrap едім. Ал мен болсам ол зандардан аттап өттім. Сіздердің беріңіз де солай сол зандарды бұздыңыздар. Құнәсі басынан асып жатып: „Мен тақуамын, ешкімнен қорықпаймын!“ – деп кеудесін қафатындар барын қайтерсің. Не деген өтірік! Менің сол бір сәтте үққаным: мен Құдайдың бүкіл занын аттап өттім. Егер қазір маған оқ келіп тисе, мен де Құдай алдына барамын! Онда мен айна-қатесіз тамүққа баратынымды сезіндім. Бір уақытта жігіттер ат алып

келіп: „Алға!“ – деді. Мен атқа қарғып міндім. Менің өлген досым сол арада қалды. Сөйтіп көптеген жылдардан соң, мен алғаш рет қолымды қусырып, сиына бастадым: „Құдайым менің, тамყқа түспейтініме сенімім мығым болғанша, мені өлтіре көрме!“ – дедім жалбарынып. Кейін мен әскери діни жетекшіге келіп: „Жетекші мырза, тамყқа түспеуім үшін, не істеуім керек?“ – деп сұрағаным жайлы мен сіздерге байсалды түрде айтқым келеді. Ол былай деп жауап берді: „Лейтенант мырза, бәрінен бұрын біз женуіміз керек, женуіміз, женуіміз керек!“ – деді. „Сіз өзіңіз де мұны білмейді екенсіз!“ – деп, мен оған дау айттым. Мындаған жас қыршын өлімге басын тігіп бара жатқанда, оларға қалай құтқарылу керек екендігі туралы ешкімнің айта алмауы – жан түршігерлік жәйт емес пе? Және бұл Мәсіх жолын қуушы халықтың арасында! Егер қолыма Жаңа өсиет дер кезінде түспегенде, мен де үміттен күдер үзер едім. Мен тоқтаған француз шаруасының үй-іші осы уақытқа дейін көз алдымда. „Ізгі хабар! Мұнда қалай құтқарылуға болатыны туралы жазылған шығар!“ – деп ойладым. Мен оны бұрын білмегендіктен, жай параптап қарап шықтым. Менің көзім: „Иса Мәсіх дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келді“, – деп жазылған бірақ сөйлемге түсті. Бұл маған жай түскендей әсер етті. „Күнәкар“ – бұл – мен ғой, маған одан әрі түсіндірудің қажеті жоқ. Сіздер де Құдай алдында және адамдар алдында: „Күнәкар – мына мен“, – деп мойындағыларыңыз келмей ме? Өзіңіздің отірік акталуыңызды қоя тұрыңыз! Сол бір сәтте маған ешқандай діни жетекшінің керегі де жоқ еді. „Мен – күнәкармын“, – бұл – айдан айқын еді. Ал мен шын құтқарылуды қажет еттім! Бірақ оның қалай болатынын, мен ол кезде біле алмаған едім. Мен бір ғана нәрсені түсіндім: құтқарылу дегениңің мәнісі – менің сол кездегі жағдайымнан босатылуым, Құдаймен татуласуым, „Иса Мәсіх дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келді“. Егер Иса мұны жүзеге асыра алса, онда маған Исаны табу керек! Тағы да бірнеше апта өтті. Маған Исаны көрсете алатын біреуді кездестіруім керек болды. Сонда өзім істеген ісімді сіздерге де істеуге ұсынамын.

Біз тағы да шабуылға шықтық. Мен француз шаруасының ескі үйіне бас сұқтым. Үйдің жартысы құлаған, бос екен, тек бір бөлмесі ғана сау қалыпты. Есікті кілт түр. Мен ішке еніп, есікті кілттеп жаптым да, тізерлей отыра қалып, дауыстап былай дедім: „Иса! Ізгі хабарда Сенің күнәкарларды құтқару үшін, Құдайдан келгенің жайлы айтылған. Мен де – күнәкармын. Алдағы уақытта да мен Саған ештеңеге уәде бере алмаймын, өйткені, менің мінезім шәлкес. Бірақ маған оқ тиे қалған болса, менің тамұққа түскім келмейді. Сондықтан да басымнан аяғыма дейін өзімді Саған тапсырдым. Өзіңе лайықты дегенінді маған жаса!“ Сол арада таң қаларлық төтенше ештең бола қойған жоқ, бірақ мен Тәңірді таптым, осы уақытқа дейін мен Соның қол астындамын.

Ол кезде мен 18-де едім, сөйтіп адамдардың өмірі үшін қандай қауіпті жағдайдың туғаны туралы ақиқат, күн сайын маған ашыла берді. Күнәлары кешірілместен, бәрі өмір сүріп жатыр. Сіздің күнәларыңыз кешірілді ме, әлде жоқ па, оны білесіздер ме? Құдай соты алдына қалай барғыларыңыз келеді?! Адамдар, Құдаймен тіл табыспай, өмір сұруде. Өз өмірін өзгертулері де келмейді. Сырттай болар-болмас Мәсіхтің жолын қуушы екенін сездіргенімен, ішіне қарасаң көңілің құлазиды, аянышты, бәрінен жүрдай болған, ымырасыз, жансыз күйіс кеуде. Тыңдал тұрсыздар ма? Құдай біздің тамұққа түсіумізді қаламайды! Ол мұны тіpten қаламайды! Құдай бар адамдардың құтқарылып, ақиқатты түсінуін қалайды. Сондықтан Ол өзінің Ұлын жіберді. Достарым менің, сондықтан да біздің Исаға баруымыз керек. Біз Оның иелігінде болуымыз керек. Алайда, Құдайға және Иса арқылы құтқарылуға Германиядағы және басқа жерлердегі Мәсіх жолын қуушылардай қарауға эсте болмайды. Біз өмір үшін өте қауіпті кезеңде тұрганымызды түсініздер, өйткені біз Құдай сотына бара жатырмыз.

Менің жастарымның ішінде бір сүйкімді бозбала болды. Алғашында ол біздің Құдай Сөзін талқылап түсінуге арналған жиыннымызға үзбей қатысып жүрді. Ол кез Гитлер рейхінің тұсында болатын. Аяқ астынан ол ұлттық-социалистік оқу курсынан өтуге тиісті болды да,

жолынан мұлдем адасты. Мен оны содан кейін көрмегім. Бірақ, бірде ол маған жолықты. „Қайырлы күн, Гюнтер!“ – дедім мен оған. Ол маған: „Хайль Гитлер!“ – деп жауап берді. „Гюнтер, жағдайың қалай? Мен сені көптен көрген жоқпын!“ – дедім мен. Ол денесін тік ұстап, былайша түсіндірді: „Менің ұраным: мен – тақуамын, сондықтан ешкімнен қорықпаймын! Егер менің өмірімде бұрыс бір нәрсе болса, немесе Құдай бар болса, онда мен әділ адам ретінде, бұл үшін Құдай алдында жауап беремін. Бірақ „мен үшін өлген, Өзін құрбан еткен Исаңың маған керегі жоқ“. Дәл осылай ойлайтын миллиондаған адамдар бар екенін, мен айтпаса да білемін. Бұлар: менің күнәм мен бұзықтығым жоқ, өз өмірім туралы Құдай алдында жауап беремін деп, көкірегін қафады.

Сүйікті достарым, мен өз тақуалығыма жүгінгім келмейді. Қайта мен соны бетке ұстансам, өміріме аса зор қауіп төнетінін білемін. Бәріміз де Құдай соты алдына баратынымызға сеніңіздер! Сондықтан мен сендерді сақтандырғым келеді. Адамдардың Құдай сотына қамсыз, бейқам баратыны, мені қатты қүйзелтеді!

Суретші және сәулетші Эрнст Барлах тамаша бейнелер жасады. Ол сонымен бірге „Маскүнем Болл“ деген қойылымды да жазды. Маскүнем Болл – әрқашан ішіп алып, қызып жүретін бай адам. Бір күні түскі тамақта ол жақсылап ішіп-жеп, ыстыққа қарамай кішкене қалашықтағы базар алаңына барды. Ол шіркеу алдында аялдаап, есікке ойып салынған төрт керней тартқан херувимнің* бейнелерін көреді. Ол назар салып қараса, әлгілер тірі секілді, Құдай соты туралы хабарлап тұрғандай көрінеді: „Қазір барлық адамзат Құдай сотына тартылады!“ Барлах былай деп жазады: „Барлық өлгендер, көрлеріңнен шығындар! Шірігенмен – құтылу жоқ! Шығындар!“ Осы арада маскүнем Боллдың есі кіріп: „Мен Құдайдан қашып құтыла алмаспыш. Бірде менің Оның алдында мұсәпір болып тұрарым хақ!“ – дейді.

* Херувимдер – Құдайға ең жақын аспан нөкерлері, жоғарғы дәрежедегі періштер.

Әділін айтқанда, „Мен тақуамын, ешкімнен қорық-паймын!“ дегенімізбен, біздің алысқа бармайтынымыз рас. Құдай сотынан құтыла алмаймыз! Сол кезде біздің әділеттілігіміз, отқа түскен балауыздай, еріп кетеді!

Әрине, бұл хабарды бүгін ықылассыз тыңдайтында-рынды да білемін. Мен: „Сен Иса алдында тәубе етпесен, тамұққа түсесің“, – десем, маған мықылдан: „Тамұқ – ортағасырлық түсінік. Ондай жоқ!“ – дейді.

Осыны естіген сайын ойыма бір оқиға түседі. Соны сіздерге айтып берейін.

Бұл соғыс кезінде болған еді. Мен біреулерге бармақ болдым. Жолда келе жатқанымда, әуе шабуылы басталып кетті. Ол аяқталғанша, жақын маңдағы бір бомба-панаға бас сауғалай тұру үшін, жүгірдім. Содан соң баратын елді мекенге қарай жолымды жалғастырдым. Бұл қыстақ әлі күнге дейін бар. Бірақ ол кезде ондағы барлық 20 үйде бірде-бір жан жоқ болып шықты. Мен сонда: „Сен тұс көріп тұрған шығарсың, бүкіл үйлер тұр, ал адамдары жоқ!“ – деп ойладым. Сол кезде маған бомба-хананың күзетшісі кездесіп, мен одан: „Бүкіл адам неге кетіп қалған?“ – деп сұрадым. Ол ештеңе деместен, мені жетектеп, бір үйдің терезесіне апарды. Үйлер үлкен алаңды қоршай орналасқан екен. Осы алаңда, көлемі – тепловоздың оттығындағы, бомба жатыр. „Жарылмаған ба?“ – дедім мен. – „Жоқ, – деді күзетші, – жайлап жарылатын бомба!“ Бұл – ең бір зұлым бомбалар еді. Ондайлар құлағанда жарылмай, бес, тіпті, жиырма сағаттан кейін жарылатын.

Олар, жұрт дабылдан кейін бомбапанадан үйлеріне оралғанда, жарылатын. „Бұл жерден бәрі қашып кетті, тықылдан жатқанын естімісің?“ Расында да, жарылыштың сағат механизмінің дыбысы естіліп тұрды. Бомбаның кез келген сәтте жарылуы мүмкін еді. „Бұл жерден, кетейікші, бұл жер бір түрлі жайсыз екен“, – дедім мен күзетшіге. Біз әрірек барып, егер бомба жарылса, таса болсын деп, жасырынып тұрдық. Осы бір мезгілде құлқілі оқиға болды: бір топ торғай үшіп келіп, бомбаның үстіне қонды. Тіпті біреуі жарғыштың үстіне қонды. Мен: „Торғайлар, бұл – қауіпті ғой!“ – деп айқай

салдым. Олар маған: „Ха-ха! Біздің де түсінігіміз бар! Бомбаға бұғінде кім сенеді?! Бұл – түк те қауіпті емес!“ – деп жауап бергендей болды.

Түсінесіздер ме? Қазіргі адамдар да дәл осындай аба-йсыз. Құдай Өзінің Сөзі, соты арқылы адамзатқа, соның ішінде – біздің халыққа, төтенше жағдайларда ескертулер айтты. Сөйтіп, Құдайдың Ұлы келіп, айқыш ағашқа шегеленіп, өліден қайта тірілді. Осыны әркім түсіне алады: Құдай бар, Ол – қасиетті Құдай! Егер біреу келіп: „Сіздің өміріңізге қауіп төнді! Сіз өз жаныңызды сақтауыңыз керек!“ – десе, адамдар оған күліп: „Ха-ха! Бұған кім сенеді!“ – дейді.

Білесіздер ме, Киелі кітап та өте кекесінді бола ала-ды. Бүкіл атеизм, яғни Құдайды жоққа шығару, онда бір-ақ рет, бір сөйлеммен ғана берілген: „Ақылсыз шын жүргімен: „Құдай жоқ“ – деді“. Киелі кітап атеизм туралы осылай, тек осылай айтады.

2. Өмірді құтқару

Құдай өткен өмірде жерді бір рет қаһарлана сottады. Сонда бір-ақ адам отбасымен аман қалған еді. Оның есімі – Нұх болатын. Құдай Өз үкімін орындалас бұрын, оған кеме жасауды бұйырды. Сіздер топан су қаптағаны туралы оқиғаны білетін боларсыздар? Егер одан беймәлім болсаңыз, онда оны ешкімге білдірменіз, өйткені, бүкіл дүниежүзілік топан су туралы білмеу ұят-ақ! Сонымен Өз үкімін орындар алдында, Құдай Нұхқа: Сен және сенің үй-ішің кемеге мініндер!“ – деді. Нұх кемеге мінгеннен кейін, Құдай есікті олардың сыртынан жапты.

Мынаған назар аударыңыздаршы, дүние Құдайдың әділ сотына жақындаپ келеді. Алайда, құтқару кемесі бар, бұл – Иса арқылы бізге ұсынылған рақымшылық. Ол Құдай әлемінен біздің аянышты дүниемізге келді. Ол біз үшін айқыш ағашта өлді! Тындаңыздар, егер сіздерге бәрі түсінікті болмаса да, мұны сіздер қайткенде де түсінетін боласыздар: егер Құдай Өз Ұлының айқыш ағашта қорқынышты өліммен өлуіне жол берсе, осы

арқылы үлкен күнәкарларды да құтқаратын жол ашылды! Ол өліден қайта тірілді. Ол бізді Киелі Рух арқылы шақырады. Иса – құтқару кемесі! Құдай сонда Нұхқа: „Сен бүкіл отбасыңмен кемеге отыр!“ – дегеніндей, Ол сендерге де мен арқылы былай айтады: „Иса Мәсіхтің рақымын қабыл ал! Құдай әлеміне қадам жаса! Сені осы дүниеде ұстап тұрғандармен байланысты біржола үз! Өзіңнің Құтқарушыңа: „Саған үлкен күнәкар келе жатыр“, – де. Барлық күнәларыңды Оның айқыш ағашына сал! Оның қаны сен үшін де төгілгеніне сен! Оған айт: „Тәңірім, өз өмірімді түгелдей Саған тапсырамын“. Мұны – құтқару кемесіне мінү деп айтады.

„Тыңдаңыздар! Өмірге қауіпті!“ Біздің арамызда рухани қайта туылмаған жандар, Құдайдың сотына дайын еместер әлі де көп. Бірақ Құдайдың рақымы шексіз. Ал сенім – Құдай сотынан Исаңың рақымына қарай қадам жасау деген сөз. Және бұл қадам – балалардың ойыны емес. Қайта, ол өмірге төнген қауіптен құтылууды білдіреді.

Жаңа Гвинеядағы бірінші Ізгі хабарды таратушы, менің танысым Альберт Гофман бірде менің есімнен ешқашан кетпейтін бір оқиғаны айтқаны бар. Мен оған былай дедім: „Бауырым Гофман, өзімнің Мәсіх жолын қуушылық сенімім үшін, әлі де талай күресуіме тұра келеді. Жын-шайтанға қызмет етіп, тамүққа асырып бара жатқан осы дүниеде өмір сүретін діни жетекшіге Исаға тәуелді болу – онайлыққа түспейді“. – „Осы туралы мен саған бірдене айтайын, – деп бастады ол сөзін. – Бізде, Жаңа Гвинеяда, мынандай әдет-ғұрып бар: Мәсіхтің жолын қуушы болғысы келген папуастармен, Исаны дұрыс тануы үшін, арнайы сабак жүргізіледі. Содан соң бір жексенбіде олар шомылдырылу рәсімін қабылдайды. Бұл – әрқашан да үлкен мереке. Оған Құдайды танымайтын пүтқа табынушылар да көптең келеді. Бірақ ең негізгісі – мейрамның алдындағы кеште болады. Үлкен алау жағылып, оған шомылдырылатындар жақындайды. Олардың қолдарында пүтқа табынушылардың түрлі заттары: тұмарлар, жансыз тұлғалар – пүттар... Алауға жақындасымен, олар қолдарындағыны өткен өмірінің белгілері ретінде, отқа лақтырады. Бірде мен бір жас

әйелдің сыртынан бақылағаным бар. Ол да қолына тұ-
марлар мен пүттарды толтыра ұстап, алауға жақындасты.
Бірақ қолындағыларды отқа тастайын деген сәтте, оны
бірдене кідірткендей болды. Мүмкін ол: „Менің ата-ба-
баларым осыларменен өмір сүрді, менің де өткен өмірім
осылармен байланысты, сондықтан бұларды тастауға
қолым бармайды“, – деп ойлаған шығар. Ол кейін шегін-
ді. Бірақ содан соң оған: „Онда мен Исаға тән бола алмай
қаламын-ау“, – деген ой келген болар. Сонда ол үш
қадам алға жүрді, бірақ қолындағы заттардан айырыл-
ғысы келмей, қайта шегінді. – Гофман сөзін жалғас-
тырды. – Сонда мен оған жақындарап келдім де, былай деп
сұрадым: „Айырылысу қыын шығар? Тағы да ойлан.
Сөйтіп, сен екінші шомылдырылу рәсіміне келе аласың
фой“. Жас әйел тағы да біраз ойланып тұрды, содан соң
алға жылдамдата үш қадам аяқ басты да, барлық затта-
рын отқа лақтырып жіберіп, өзі талып құлады“. Соңын-
да Ізгі хабарды таратушы Гофманның былай деп қоры-
тындылағанын ұмытар емеспін: „Бұл әйелдің күйзелісін,
нағыз қайта туылуды басынан кешірген адам ғана түсіне
алады деп ойлаймын“, – деген еді ол.

Достарым менің, құтқару кемесіне дейін небәрі бір-ақ
адым! Өмірге қауіпті аймақтан шығып, Исаның қол
астына барыңыздар. Бірақ бұл қадамды жасау – оңай
емес. Ол бұрынғының бәрінен қол ұзу дегенді білдіреді.
Тыңдал тұрсыздар ма? Арзанға түспейді ол!

Мен жеткілікті түсіндіре алдым ба? Қаншама адам-
дардың ескертулерге қарамастан, мәңгілік өлімді қарсы
алуға жүгіретіндерін көрген сайын, менің жаным күйзе-
леді! Құдай мұны қаламайды! Ол сіздердің құтқарылу-
ларыңызды қалайды! Сондықтан да Ол сіздердің күнәла-
рыңызды өтеуі үшін, Өз Ұлын жіберді. Сіздерге тек өз
күнәларыңызды мойындарап, сеніммен құтқарылуды қа-
былдасаныздар, болғаны!

Үшінші рейх кезінде, бірде мені гестапоға шақырды.
Сонда маған шкафттар қаз қатар қойылған бөлмеде ұзақ
күтүге тұра келді. Шкафттарда жинақталып, толтырылып
буылған папкаларға салынған іс қағаздырынан көз
сүрінеді. Әр папқадан „Майер, Карл, Щульце, Фридрих“

деген фамилиялар жазылған белгілер шығып тұр. Мен шақырылуымды шексіз күтіп, іс қағаздары жинақталған осы шкафттар арасында тұрғанымда, мұндай қағаздармен өз өмірімді өткізбегеніме Құдайға мың мәртебе алғысымды айттым. Ерігіп тұрғандықтан: „Майер, Карл, Щульце, Фридрих“ деген жазуларды оқи бастадым. Бір кезде „Буш Вильгельм!“ деген жазуфа көзім түсті. Бұл – менің ісім тігілген папка еді. Сол екі арада бұл шкафттар маған бұрынғыдай байыпсыз емес болып көрінгенін, көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші. Өйткені онда мен туралы жазылған қағаздар бар ғой. Менің оны алғып, онда мен туралы не жазылғанын окуға ниетім ауды. Бірақ оған бара алмадым, сөйтіп денем дірілдеп, папканың қасында тұрып қалдым: „Менің ісім!“

Білесіздер ме, мен үшін Исаңың айқыш ағашымен де тұра солай болды. Айқыш ағашты көрген сағатқа дейін, маған Мәсіх жолын қуушының өмірі сондай қызығылсыз, мәнсіз болып көрінген кездер де болды. Айқыш ағашты көргеннен соң: „Бұл – маған да қатысты ғой! Мұнда менің күнөм және менің құтқарылуым туралы сөз болып отыр“, – деген тұжырымға келдім. Содан бері Исаңың айқыш ағашы мен үшін ең қымбатты. О, тікенек тәж киген адамға қараңыздаршы! Ол – өмірдің Ұлы Құтқарушысы! Сонау айқыш ағашта сіздің де, менің де құтқарылуым жүзеге асады! Тіпті мұны білмесеңіз де, бұл сізге де қатысты. Мен тіпті қатты сөйлем кеттім ғой деймін, маған ақырынырақ сөйлеу керек шығар, бірақ құтқарылу туралы ақырын айтуға бола ма?

3. Өлімнен – өмірге

„Тыңданыздар! Өмір үшін қауіпті!“ Мен осы бір ұфымды басқа қырынан баяндасам деймін. Бірде: „Тыңданызы! Қауіп! Тоқта! Адам, кері қайт! Өз Құтқарушынды ізде!“ – деген ой жүргегімді тіліп өткендей болды. Мен сонда кенеттен, қауіп-қатерде тек тірілер ғана болуы мүмкін ғой деп ойладым! Егер автобус жардан құлап, ондағы барлық жолаушылар өлсе, оларға қатер енді төнбейді. Түсініп

тұрсыздар ма? Ал мен мұны сіздерге қазір мына тұрғыдан айтайын: „Сізге мәңгілік өмірге ие бола алмау қауіп төніп тұр. Сонда сіз мәңгілік өмір үшін өлі болып, өлі күйінде бұл өмірден өтесіз“. Мен жете түсінікті айтып тұрмын ба? Сіздер бар өмірді бекер жіберіп аласыздар ма деп қорқамын. Киелі кітапта: „Кімде-кім Құдай Ұлын иемденсе, оның өмірі бар. Кімде-кім Құдай Ұлын иемденбесе, оның өмірі жоқ!“ – деп ап-анық айтылған.

Жақында мен Берлиннен келген шетел тілі мұғалімі болып істейтін бір қызды жолықтырдым. „Faфу етіңіз! – дедім мен қызыға, – діни жетекшінің кейде қолайсыз сұрақ қоюға да қақысы бар: Сіз нешедесіз?“ Былай алғанда, қыздың жасын сұрамайды ғой. Бірақ мен секілді қарт діни жетекшіге олай етуге болады. Ол кідірместен: „Сегіз жастамын“, – деді. „Тоқтай тұрыңыз – деп таң қалдым мен, – сегіз жас? Сіз уш шетел тілін үйрететін мұғалімсіз, сонда сіз сегіз жастасыз ба?“ Ол күліп, маған былай деп түсіндірді: „Осыдан сегіз жыл бұрын мен Исаны таптым. Өмірге мен содан кейін ғана келдім, ал оған дейін мен өлі болатынмын“. Мен қайран қалдым: „Өте керемет айтылған!“ – деймін. Сонда ол маған мына сөздерді айтты: „Кімде-кім Құдай Ұлын иемденбесе, оның өмірі жоқ!“ Содан соң сөзін сабактап: „Түсінесіз бе, бұрын менде Құтқарушы жоқ болғанда, дұрыс өмірім де болмады. Мен бұрын ақша тауып, көніл көтерумен күн кештім, бірақ дұрыс өмір сүре алмадым“, – деді.

Мұны батыл тұжырым демей не дейміз? Кімде-кім өзін ерікті тұрде Исаға бермесе, оның өмірі де болмайды. Иә, Исадың біздің өмір туралы ойлауымыз да орынсыз! Тек Құдай Ұлын иеленген адамның ғана өмірі бар!

Бірнеше жыл бұрын маған бір жас жігіт келді. Мен одан: „Саған не керек?“ – деп сұрадым. „Мен өзім де білмей тұрмын, – деп ағынан жарылды ол, – бар білетінім, қазіргі менің бастан кешіп жатқаным өмір емес, нағыз азап!“ Мен таңданып, былай дедім: „Қалайша? Сен слесарысың, табысың жақсы“. „Бірақ ол – өмір емес қой, – деп наразылық білдірді ол, – дүйсенбіде – слесарь, сейсенбіде – слесарь, сәрсенбіде – слесарь, бейсенбіде –

слесарь, жұмада – слесарь, сенбіде – футбол, ал жек-сенбіде – кино мен қыздар: бұл – өмір емес қой!“ Сонда мен: „Иә, жігітім, сенікі дұрыс, мұның өмір емес еkenін білгенің – ақылмен алға басқаның! Мен саған өмір дегеннің не еkenін айтайын. Менің өмірімде үлкен бет-бұрыс болды. Мен үшін өліп, өліден қайта тірілген Иса, мені тауып алды. Ол менің Құтқарушым және Құдаймен келістірушім болды. Осыған көзім жеткеннен кейін, мен Оған өз жүргімді ұсындым. Міне, содан бері өміріме жан кірді!“ – дедім. Бұл жігіт те сол кезде жаңа өмірге ие болды. Оны мен жуырда Фрайбургте тағы да кездестірдім. „Ал, жағдайың қалай? – деп сұрадым мен одан. – Енді өмірге ие болдың ба?“ Оның өңі нұрланып: „Иә, енді шынайы өмірдің иесімін!“ – деді. Қазір ол құлшына жастар үйірмесіне жетекшілік етеді, адамдарды Исаға алып келуде. Ол Иса арқылы өмір тапты.

Түсінесіздер ме? Сіздерге өмірлеріңді жіберіп алу қауіп төніп тұр, өйткені, сіздер Мәсіх туралы естігендеріңізben, Құтқарушымызды ешқашан таба алмай қалуларыңыз мүмкін!

Менің бір досым бар, өзі – саудагер. Оны жуырда, керемет саябақтың ішінде тұрғызылған тамаша үйі бар, бір фабрикант қонаққа шақырды. Оның үйіне жүздей адам жиналған еken. Ушудың үстінде үй иесін кездестірген досым: „Жақсы тұрады екенсіз! Сіз – патшасыз, мынандай үй-жайыңыз бар! Үлкен фабрикаңыз, әдемі әйеліңіз, сүйкімді балаларыңыз бар!“ – деді. Үй иесі: „Иә, сіздікі дұрыс, мен жақсы тұрып жатырмын“, – деп жауап берді. Бірақ кенет тұнжырап: „Тек мынаның іші қандай еkenін сұрамаңыз“ – деп, ол өз жүргін нұскады.

Көшемен келе жатқанда, мен мынаны жиі ойлаймын: „Егер адамдар аз да болса адап болса, онда олар тоқтай қалып: „Мұнда – менің жүргімде – не болып жатқанын сұрамандар!“ – деп айқайлар еді. Онда жан тыныштығы жоқ. Онда адам жанына тыныштық бермейтін, күнә жатыр.

Тек біреу ғана бізді сауықтыра алады. Осыны түсіні-ніздерші. Құдай біздің бейшаралық жағдайымызды көріп отыр. Біз өз бетімізben Құдайға жақындаі алмай-

мыз, бірақ Ол өзінің сүйіспеншілік ізеттілігімен бізге Иса арқылы келді. Мен сіздерге жүректі тебірентетін, мына хабарды жариялад: „Құдайдың бұл дүниені сүйгендігі сонша...“ – деп жар саламын. Мен оны сүймес едім, ластық, жауызыңың пен ақымақтық жайлапан бұл жалған дүниені мен быт-шыт етіп турал тастар едім. Ал Құдай оны жақсы көрді! Бұл – миға қонбайтын іс. „Құдай адамзатты қатты сүйгендіктен, Оған сенуші әркімнің жаны тозақта түспей, мәңгілік өмірге ие болуы үшін, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді“. Сіздің мәңгілік өмірге ие болуыңыз үшін, Өз Ұлын құрбандыққа бергеннен артық, Құдайдың тағы не істеуі керек екенін айтыңызшы!

Соңында мен сіздерге бір қызық оқиғаны айтЫП берейін. Бірде ағылшынның атақты дін уағыздаушысы Чарльз Спердженге бір жас жігіт келіп, былай деді: „Дін уағыздаушы мырза, сіздікі дұрыс, маған да сол Фолготадағы қасірет шеккен Адамды іздестіріп, Құдай баласы болуым керек. Эйтеуір бір кездерде мен тәубеге келермін“. – „Бір кездерде ме?“ – деп сұрады Сперджен. „Иә, кейінірек“. – „Кейінірек дейсіз бе? Неліктен қазір емес?“ Жас жігіт аздал ыңғайсыздаңқырап: „Мен құтқарылсам деймін, сондықтан да, бір кездерде Иса алдында күнәм үшін тәубеге келемін, бірақ оған дейін бұл өмірден де бірдене олжаласам деймін“. Сперджен қарқылдан күлді де, былай деді: „Жас жігіт, сіз өте сыпайы екенсіз. Сіз өмірден ептең бірдене алсам дейсіз, менімше, бұл – өте аз. Мен өмірден аздал алушы емес, өмірге ие болуды қалар едім. Менің Киелі кітабымда былай деп жазылған (ол Киелі кітаптан оқып берді): „Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағылтегіл мол болсын деп келдім“. Осындай дәрістің соңында, мені: „Мүмкін, сен адамдарға бұл мәселені дұрыс түсіндірмеген шығарсың?“ – деген үрей билейді.

Сондықтан маған тағы да қысқаша қайталауға рұқсат етіңіздер. Біздер, құрып бара жатқан және қарғыс атқан күнәкарлар, осында және қазір шынайы өмірге ие болуымыз үшін, Құдай Исаны айқыш ағаштағы өлімге қиды. Таңертең оянғанда, мен өзімнің Құдай баласы екенімді,

Ол арқылы жаңа өмірге ие болғанымды сезініп, қуанғандықтан, өлең айтқым келеді.

Тындал тұрысыздар ма? Иса бізге осында-ақ мәңгілік өмірге ие болуымыз үшін, ал мәңгіліктегі Құдай сотына бармауымыз үшін, келді. Олай болса, біз осы жолды таңдал, сол жолмен қуанышты түрде жүре беруімізге болады.

Аздап мысал келтіруіме рұқсат етіңіздер: бұл қараша-ның бір кешінде болған еді. Қар аралас жаңбыр жауып тұрды. Үзғырық жел соғып, сұық түскен. Көшеде екі кісі келе жатты. Біреуінің плащы жоқ, пиджагының жағасын көтеріп алған. Ол үсті-басы малмандағы су болғанына қарамай, қайда баарын білмей келе жатыр, өйткені оның тоқтайтын орны, баспанасы жоқ. Бұл дүниеде көптеген адамдар осындай күй кешуде. Олардың мақсаты жоқ. Олармен не болады? Мақсаты болмау – бұдан артық не қайғы бар! Құдайды танымай өткен пәлсағашы Ницше өзінің бір өлеңінде былай деп жазған: „Қарқылдаған қарғалар қалаға қарай үшады, қорқытқаны оларды – қардың ызғар құшағы. Қызық бітті көп айғы, үйі жоққа сол – қайғы“. Сіздердің де мәңгілік үйлеріңіз жоқ па? Міне, екінші бір жолаушы келе жатыр. Оның айналасында да, сол бір дауыл, сол бір лас, сол бір жаңбыр, сол бір қар. Алайда, ол бір өлеңді ысқырып, аяғын ширак басып келеді. Неге дейісіздер ғой? Ол алыстан өз үйінің жарығын көреді! Ол жерде оны жайлы жағдай күтіп тұр. Онда жылы! Оны жол қапаландырмайды. Бұл дүниеде Исаға шын сенгендер және Ол арқылы мәңгілік өмірге ие болған адамдарғана, осылай жүреді.

Құдай Нұхқа: „Кемеге мін!“ – деді. Сол сияқты мен де сіздерден: „Исаға барындар! Ол – жақын! Сіздер Онымен әңгімелесе аласыздар. Оған жүректеріңізді ағынан ақтарыныңдар“, – деп, сұраймын. Маған бір адам: „Сізде адамдарды қабылдау уақытының жоғы қалай?“ – деп, сауал қойды. Мен: „Не үшін? Адамдардың менімен сұхбаттасуының қажеті жоқ қой. Олар бірден Иса мен сөйлесуі керек!“ – деп жауап бердім. Сіздер де соны жасаңыздар.

НЕ ИСТЕУІМЗ КЕРЕК?

Достарым менің, мен сан алуан сұрақ қойған көп хаттар аламын. Бір хатта: „Сіз өз пікіріңізді жариялайсыз ба, әлде бұл сіздің қауымыңыздың ілімі ме?“ – деген сұрақ болды. Мен оған: „Бұл Киелі кітаптың ілімі!“ – деп қана жауап бере алдым. Содан соң былай деп ойладым: „Сіздердің діни жетекші Буштың пікірін тыңдағандарыныз – алданғандарыныз. Бұдан сіздерге пайда аз. Сіздер Исаңың айтқанын тыңдауларыныз керек! Иса Өзін Мейірімді Бақташымын деп атады. Міне, сіздер осы Мейірімді Бақташының сөзін тыңдауларыныз керек. Мен өз әлсіздігімнен тек „Менің жанымның Мейірімді Бақташысы“, – Исаңың дауысын құлақтарыңа жеткізу үшін, аздал көмектесе аламын“.

Егер біз қазір: „Не істеуіміз керек?“ – деген тақырыпта әңгімелесетін болсак, онда сіздер Исаңың дауысын тыңдап, Оның сіздермен әңгімелесуіне мүмкіндік берулеріңіз – өте маңызды.

1. Өздеріңіздің болымсыз сенбеушіліктітеріңізді тастаңыздар.

Үлкен қалада көп жылдар бойы діни жетекші болған мен, Киелі кітапқа қарсы өте көп ойларды естідім. Маған соншама көп ескі сенбеушілікпен кездесуге тұра келді, сондықтан мен бәрінен бұрын өз жандарынызды құтқару үшін, сенбеушілікті тастаңыздар деп, өтінер едім.

Софыс уақытында, мен өзімнің негізгі қызметім – жастардың діни жетекшісінен басқа, біраз айлар бойы үлкен ауруханада сонымен қатар діни қамқоршы болдым. Бірде мен бір палатаның алдында тұрып, енді есігін қафуға ыңғайлана бергенімде, ұзын коридор арқылы маған қарай жас медбике жүгіріп келіп: „Мырза, Тәңір жарылқасын, бұл палатаға кірменізші!“ – деді. – „Неге?“ – дедім мен. – „Бұл мырза өзіне діни жетекшінің келуіне – үзілді-кесілді қарсы! Анығын айтқанда, сіздің оған бару-

ыңызды қаламайды! Ол сізді қуып шығады!“ – деді. Осыны айтып, ол есіктегі оның аты-жөні жазылған қағазды көрсетті. Мен одан, жарнама арқылы танымал болған, бір кәсіпкердің есімін оқыдым. „Медбике, – дедім мен қызға түсіндіріп, – менің жүйкем әлдеқашан-ақ темірдей шындалған“. Соны айттым да, есікті қақтым. „Кіріңіз!“ – деген еркектің күшті дауысы естілді. Мен палатаға кірдім. Төсекте шашы ағарған қарт мырза жатыр екен. „Қайырлы күн! – дедім мен. – Мен – діни жетекші Бушпын!“ – „Oho, – деді ол, – мен сіз туралы көп естігенмін. Сіз маған келіп тұра аласыз!“ – „Тіпті жақсы!“ – деп қуаныш қалдым мен. Ал ол болса: „Бірақ өзіңіздің Мәсіх жолын қуушылықтарыңыз жайлы айтып, менің басымды ауыртпаңыз!“ – деді. „Қандай өкінішті, – деп күлімсіредім мен, – ал мен сізben тұра осы туралы әңгімелеспек едім!“ – „Ол болмайтын іс! – деп, ол қолын бір-ақ серменді. – Бұл мәселені мен баяғыда-ақ шешкенмін. Білесіз бе, бала күнімде зорлап дұға оқытқызытын, бірақ мен Дарвиннің, Геккелдің және Ницшенің ілімдеріне негізделген өз дүниетанымымды қалыптастырған адаммын“. Осы кезде мен қызыарып кеттім де, (мұндағы қанымның тез қызатыны бар) оған бас сала: „Тыңдаңыз, ақсақал: егер он алты жастағы бозбала: „Пайғамбар етіп Ницшені таңдадым“, – деген болса, оған мен езу тартып қана қойып: „Бұл – құбылмалы жастықтың желігі ғой. Сен қазіргі пәлсағашылардың өздерінің ежелгі пайғамбарларына сенбейтінін әлі-ақ түсінесін!“ – деп ойлар едім. Ал енді осындай сөздерді мәңгілік алдында тұрған қариялардың айтуы – сүмдүк қой! Сіз қатты науқассыз ғой. Сіз Құдай алдына да осындай ойсыз сандырақпен барғыңыз келіп тұр ма? Райыңыздан қайтыңыз!“ – дедім.

Ол менің бетіме таңырқай қарады. Оған менің сөзімнің екпіні оғаштау болып көрінуі керек. Сол кезде мен қателескенімді дер кезінде байқап қалдым да: „Тоқта! Ауруханада ашулануға болмайды. Мұнда барқыт шәрке-ймен фана жүреді“, – деп ойладым. Бір уақытта осы бір байғұсты аяп кеттім. Сонда мен жайлап қана, оның алғашында қарсылық білдіргеніне қарамай, оның Ізгі Бақташысы болғысы келетін Иса туралы акырын айта баста-

дым. Ол терең күрсініп алды да, былай деді: „Иә, бұйтсе жақсы болар еді. Бірақ мен өз дүниетанымымды қайда қоямын? Немене, өзімнің бүкіл өмір бойы сенгенімнің бәрінен безуім керек пе?“ – „Эрине! – дедім мен қуана. – Қымбаттым менің! Мәңгілік алдында керек болмай қалатынның бәрінен бас тартуыңыз керек. Мұны ертеңге қалдырмай, бүгін істеңіз! Сіздің болымсыз ескі түсінігінізben ақыры дұрыс өмір сүру және өлер алдында құтқарылу мүмкін емес. Сіз үшін өліп, сіздің күнеларыңызды өтеген Құдай Ұлының қолына өзінізді беріңіз. Бұл Құтқарушы – сіздің де Құтқарушыңыз болғысы келеді!“ Осы кезде медбике кіріп, біздің шын көңілден әңгімелесіп отырғанымызға қайран қалып, маған белгі берді. Менің кететін уақыттым таянғанын түсіндім. Мен қарт мырзаның қолын қатты қысып, ақырын ғана палатадан шықтым. Оның Исаны қабылдаған, қабылдамағанын білмеймін. Сол түні ол қайтыс болды!

Білесіздер ме, мені сонда мына жәй таңғалдырды: білімді, оқыған адамдардың Дарвин, Геккель және Ницшеге сеніп, жер бетінде тырбыңыздан, өздерінің осы болымсыз сенімі арқылы мәңгілік бақыттан айрылатындығы. Сондықтан да менің сіздерден бәрінен бұрын өтінерім: „Өздерініздің Құдайға сенбеушіліктеріңізге негіз болған, осы болымсыз тезистердің бәрін сыртқа лақтырыңыздар. Олармен мұлде қоштасқандарыңыз жөн! Сіздердің болымсыз нанымдарыңыздың құны тынға да татымайды. Киелі кітапта былай деп жазылған: „Құдай – біреуак, Құдай мен адамдар арасын келістірушіде Бірсу – Ол – адам (болып дүниегенілген) – Иса Мәсіх!“

Бірде бір кісіге қарама-қарсы отырғаным бар. Үш қақпаль шкаф секілді дәү екен өзі. Мен оны үстіне ала-құла киім кигені үшін, Алакұла деп атадым, әрине, оның есімі – басқа. Оның әйелі бомбалау кезінде қаза тапқан. Екі ұлы да соғыста опат болды. Байғұс адам! Мен онымен жолығысайын деп, алдына барып отырғаным сол, ол маған былай деп ескертті: „Діни жетекші мырза, Мәсіх жолымен жүргеніңіз өзінізге, тек маған тиіспенеңізші. Менің басымнан кешіргенім – бір өзіме жетеді, сондықтан мен ештеңеге де сенбеймін!“ Мен күліп, оған мынаны айт-

тым: „Мен мұны түсіне алмай тұрмын. Айтыңызы, Алакұла мырза, – шын мәніндеге оның аты басқаша, – сіз кейде темір жолмен сапар шегесіз фой?“ – „Иә“ – деп жауап қатты ол. – „Онда сіз әрбір сапарыңыздың алдында машинистке барып, оның поезды жүргізуге құқы бар екенін растайтын күелігін талап ететін шығарсыз!“ – „Жоқ, жоқ! – деді ол, – темір жол басқармасына сенемін, олардың машинистері...“ – „Қалайша?! – деп таңырқадым мен, – бұл жігіттің локомотивті жүргізе алатыны на көзіңіз жетпей, вагонға кіруіңіз дұрыс бола қояр ма екен?! Алакұла мырза-ау, егер біреуге өз өміріңізді сеніп тапсырсаңыз – сенім деп осыны айтады емес пе! Олай болса: „Мен ештеңеге нанбаймын!“ – дегеніңізді алдағы уақытта маған айтпаңыз, оның орнына: „Темір жол басшыларынан басқаның біріне де сенбеймін“, – десеңіз, әңгіме басқа“. Содан соң мен одан мынаны сұрадым: „Алақұла мырза, сіз анда-санда дәріханаға баратын боларсыз?“ – „Иә, – деп сөзімді құптады ол, – басымның жиі ауыратыны бар. Сонда мен дәріханадан бас сақинасының дәрісін аламын“. – „Алақұла мырза, бірақ дәріханаға ылғалдардың кейде дәрінің орнына байқамай у салып жіберетіні болады фой. Мүмкін, сіз бас сақинасына қарсы ішетін ұнтақты алдымен қарап, тексеретін шығарсыз?“ – деймін оған. – „Жоқ, – деді ол, – сондай тәжірибелі дәрі сатушының шатасуы мүмкін емес, ол мені алдамайды“. – „Қалайша, сіздің алдын ала қарап алмай, дәріні жұтуыңызға жол болсын? Сіз дәріхана қызметкеріне өміріңізді сеніп тапсырғаныңыз фой бұл? Оған сенгендіктен, дәрісін қылғытып жұта бересіз бе?! Міне, сенім деген қайда? Сүйікті Алакұла мырза, маған ендігәрі „Ештеңеге сенбеймін!“ деп ауыз ашуыш болмаңыз, одан да: „Темір жол басшылығы мен дәріхана қызметкерлерінен басқаға сенбеймін!“ – дегеніңіз дұрыс болар“, – деп, мен әңгімемді одан әрі жалғастыра бердім. Түсініп отырсыздар фой, тағы да көп ойдың төркіні көрінді. Содан кейін мен оған былай дедім: „Бері қаранызышы, бірде маған өлімнен қайта тірілген, қолында шегеден қалған жарасы – Оның мені өте сүйіп, мен үшін жанын қигандығының айғағы болған, Құдайдың Елшісі

кездесті. Бұл дүниеде ешкім де маған дәл Исадай жақсылық жасаған жоқ! Ешкім де дәл Исадай сеніміме кіре алмайды! Исаңың жалған айтқан кезін білесіз бе? Иса бірде болмаса бірде жалған айтты деп ойлайсыз ба? Жоқ! Мен ешбір адамға осындай кепілдік бере алмас едім, тек Исаға ғана бере аламын. Осыны түсінгеннен кейін, мен өзіме-өзім былай дедім: «өз өмірімді мен Исаға тапсырғым келеді». Сонда менімен сөйлесіп отырған кіси менен: „Не жолы осының бәрі – сондай оңай?“ – деп сұрады. Мен: „Әрине, оңай, Алакұла мырза. Сондай оңай! Сіз барлық бағыттарға, не болса соған сенесіз, ал шынында сенуге болатын тек Біреуге, сіздің сенгіңіз келмейді. Өзіңіздің бұрынғы болымсыз сеніміңіздің бәрін сыртқа тастап, «өз өміріңізді Тәңіріміз Исаға сеніп тапсырыңыз, Алакұла мырза!“ – дедім. Бірде мен жұз шамалы жас жігіттерге: „Кімде-кім «өз өмірін Исаға сеніп тапсырғанына өкінетін адамды көрсете алса, соған мен миллион марка сыйлық беремін“, – дедім. Менде осыншама қаржы жоқ та еді, бірақ мен оны қиналмай-ақ бәске тіктім, ейткені ол үшін өкінетін адам болмайтынына сенгендейдікten, осыған бардым. Бірақ мен осыны істемегені үшін, өкінген адамдардың көбін көрдім!

Сондықтан айтарым: болымсыз сенбеушіліктен арылышыңыз. Сізге барлығын Жасағанға сеніңіз. Бұл іс Құдай мен сіздің араларыңызда шешіледі. Ол үшін оңаша қалып, тыныштықта ақырын ғана: „Тәңірім Иса, бүгіннен бастап мен Саған берілгім келеді!“ – дегеніңіз жөн.

2. Сіз өзіңіздің күмәнды тақуалығыңызды қоюыңыз керек

Киелі кітапта былай деп жазылған: „Иса Мәсіхтің дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келгені – ақиқат және қабыл алуға тұрарлық“. Көптеген адамдарды осы тұсы наразыландырып, олар былай дейді: „Бірақ мен күнәкар емеспін! Мен қылмыскер емеспін фой!“ Мен оларға тұра қазір айттар едім: „Сен жалған айтып тұрсың! Мұны сен қиямет соты күні Құдайдың Өзіне: „Мен күнә-

кар емеспін! Мен сенің барлық өсиетінді орындағым!“ – деп айтуға тиістісің! Сен осыны айта аласың ба? Эй, өздеріңдің – барлығы да орнында деп алдаусыратқан, шұбә туғызатын сопылықтарыңды қойындаршы! Қайта, бәрі де орнында емес, бәрі де! Осыдан бірнеше жыл бұрын жиырмалар шамасындағы бір жас жігітпен сұхбаттасқаңым бар, мен мұны ешқашан ұмытпаймын. Бірде мен оны кездестіріп, былай дедім: „Менің сүйкімді Гейнцім, мен сені жастар үйірмесіндегі Киеle кітап сабактары кезінде көре алмай жүрмін ғой?“ Ал ол болса маған былайша жауап қатты: „Білесіз бе, діни жетекші мырза, мен осы уақыттар ішінде барлық жайды таразыға салдым. Сіз әрдайым күнәкарлар үшін өлген Иса туралы айтасыз. Бірақ маған ара түсетін біреудің қажеті жоқ. Егер мен бір нәрсені дұрыс істемесем және Құдайдың бары рас болса, онда мен өз ісім үшін Оның алдында өзім жауап беремін. Мен үшін өлген қайдың бір Құтқарушыны қажетсінуім – күлкілі жай емес пе!“ Мен оған қарсылық білдірдім: „Жақсы, қымбаттым! Жарайды, сен Құдай алдында заңға сүйенгің келеді еken. Оны сен істей аласың! Сен Исаны елемей: „Мен Құдай алдында заңға сүйенемін!“ – деп айтартсың. Бірақ, қымбаттым менің, мынаны түсінші: Францияда француз заңы, Ұлыбританияда ағылшын заңы бойынша соттайды, ал Құдай алдында – Құдай заңымен жазаланаңың! Сүйіктім менің, сенің бірде-бір заңды аттап өтпеуіңе тілекtesttіk білдіремін, әйтпесе, сен өлесің! Сау болып тұр.“ – „Тоқтай тұрыңыз, – деді ол, – іс осылай бүге-шігесіне дейін қаралмайды ғой!“ – „Па, шіркін! – дедім мен, – Қасиетті Құдайды сен кім деп жүрсің? Мынаны түсінші, мен елу жыл жақсы және дұрыс өмір сүрдім делік, ал одан кейін, бірде, үш минуттың ішінде бірденені жымқырдым. Мұным әйгілі болып, осы үшін сот алдына барамын делік. Сөйтіп мен сот алдында тұрып: „Сот мырза, ұсақ-түйекті қазып не керек. Елу жыл таза, жазасыз өткен жылдар мен ұрлықтың үш минутын салыстыруға бола ма! Осындаидай да ұсақ-түйекке жақын боларсыз ба, сот мырза“, – дейін. Сен осыны көз алдыңа елестете аласың ба? Сонда сот былай дейді: „Тоқтай тұрыңыз! Мен сіздің елу жыл-

дық мінсіз өміріңізді сөз етіп тұрганым жоқ, мына үрлік жасаған соңғы үш минуттық мерзімді айтамын. Заң сізді осы ісіңіз үшін айыптайды“. Егер жердегі сот осылай істесе, онда Құдай одан да асып түседі!

Сіз Құдай алдында өзіңізді мінсізбін деп ойлайсыз ба? Сіз күнәңыздың кешірілуі қажет деп, есептемейсіз бе? Өзіңіздің күнәкар емеспін дейсіз бе? Эй, өзіңіздің шұбә туғызатын сопылығыңызды қойыңызшы. Одан да сіздің күнәңыз үшін айқыш ағашта өліп, сізді Құтқарған Тәнір-дің ізденің. Оны қабылдаңыз, Оған өзіңіздің күнәларыңызды мойындал, былай деп айтыңыз: „Тәнірім, мен Саған өзімді және бүкіл әділетсіздігімді әкеleдім! Маған Өзіңің рақымындағы көрсете гөр! Өз қаныңмен мені тазарта гөр!“

3. Шешуші қадам жасаңыз

Менің не айтайын дегенім сізге айқынырақ болуы үшін, мен сіздерге тағы бір оқиғаны айтып берейін. Бұл нацистік рейхтің бастапқы кезінде болған еді, сонда менің бір жоғары шенді адаммен араласуыма тұра келді. Діни жетекшілердің беделі болмағандықтан, мен бұл кісіге қорқыныштан денем дірілдеп бардым. Бірақ мені таңғалдырғаны – бұл адам мені қызып шығудың орнына, көңіл қоя тыңдады. Барған шаруам біткен соң, мен одан былай деп сұрадым: „Тыңданыңыш! Сіздей дәрежедегі адамдардың менімен бұлай шын көңілмен сөйлесуі сирек болушы еді. Мен бұл үшін сізге алғысымды білдіргім келеді! Мені осылай жақсы қарсы алғаныңыз үшін, мен сізге үлкен сыйлық ұсынсам деймін. Мен сізге өз хабарымды айтқым келеді: „Құдай адамзатты өте қатты сүйгендіктен, Оған сенуші әркімнің жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болу үшін, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді“. Ол менің бетіме қарады да, былай деп түсіндірді. „Одан әрі маған айтпауыңызға да болады. Менің ата-анам – тақуа, дінге сенетін адамдар. Сіздің хабарыңыз маған жасымнан таныс. Алайда...“ Ол столдың бетіне үлкен бір бет ақ қағазды салып, қарын-

даш алды да, ақ қағаздың орта тұсынан сызық жүргізіп, сөзін одан әрі жалғастырды: „Көрдіңіз ғой, діни жетекші мырза, мен бәрін білемін, егер қажет деп тапсам, мына сызықтан аттап өткендей, шекарадан да өтуге тұра келетінін білемін. Мен сол шекараға өте жақын тұмын, – ол осыны айтып, сызықты көрсетті. – Менің, шешуші қадам жасау үшін, батылырақ болуым керек еді!“ Содан соң ол азырақ абыржыңқырап отырды да, былай деп айтты: „Бірақ оған менің қоғамдағы алып отырған орным мүмкіндік бермейді!“ Мен одан өте қапаланып қайттым. Ол көптен бері қайтыс болған. Қоғамдағы жағдайы оны мәңгілік өмірде құтқара алмайды. Бірақ ол: „Егер мен Құдай Патшалығында болғым келсе, мына шекарадан аттап өтуім керек“, – дегенді білді.

Ал сіздің бұған батылдығыңыз жете ме? О, ол өтеледі! Иса сізді құшағын жая қарсы алады! Исаның ашық құшағына өту үшін, шекара арқылы осы шешуші қадамды жасаңыз!

4. Айқын күнәдан аулақ болыңыз

Әйелінің көзіне шөп салатын бір кісіні білемін. Оның ісі жария болып қалған соң, мен оған: „Сіз әйеліңізден айнып, оны бақытсыз еттіңіз! Сіз мәңгілік өлесіз!“ – дедім. Ал ол маған былай жауап берді: „Түк те емес! Мен сізге түсіндірейін: әйелім мені түсінбейді...“ Ол күнәға батқанын шын білсе де, маған өз қылышын түсіндіруге тырысып бақты. Бір-бірімен қырғи-қабақ болғандардың өзара: „Менің дүшпаным бірінші бастады!“ – дейтіндері бар. Қашан болса да, жанжал екінші жағы бастағандаған басталатыны белгілі. Ешқашан бір адам өз-өзімен оны бастаған емес, шын емес пе? Әрқашан екінші жақтан басталады. Бірақ менің сіздерге айтайын дегенім: Құдай алдында дау-жанжал – кісі өлтіргеннен бірде-бір кем емес! Сонда сіз оны неге қоймайсыз? „Менің не істеуім керек?“ – деп сұрайсыз сіз. Оған мен сізге былай дей аламын: „Нағыз айқын күнәдан іргенізді аулақ салыңыз!“

Аялдаңыз да, сұраңыз: „Менің өмірімде не дұрыс емес?

Менің неден іргемді аулақ салуым керек?“ Оны айқындау – сізге қыынға соқпайды! Егер біле тұра, күнәға батсаңыз, Иса сізге рақымшылық көрсетеді деп ойлайсыз ба? Киелі кітапта былай деп жазылған: „Тәубеге келіңдер!“ Адасқан ұл өзінің бұрынғы өмірінен қол үзді. Сіз Исаға еңсөнізді ауыртпалық басқан және Құдайға сенбейтін күйінде келе аласыз. Алайда сіз өзінізді өлімге сүйрейтін нәрсе – күнә екенін нақты білесіз, демек, бәрінен бұрын күнәға апаратын қылыштардан өзініздің іргенізді аулақ салғаныңыз жөн.

Адамдардан келген көптеген хаттарда: „Сіз өте қатал айыптайсыз! Мынау немесе анау – тіпті де күнә емес кой!“ – деп жазылған. Сөйтіп, тіпті мен айтпаған заттарды атап көрсетеді. Осыларға сүйене отырып, мен: „Біздің ар-ұжданымыз өмірімізге Иса Мәсіхтің билік жүргізуіне қарсы шығады“, – деген қорытынды жасауыма мүмкіндік береді. Тынданыздар! Егер өз өмірінізді Исаға беруге, сөйтіп шын мәнінде күнәлының бәрінен іргені аулақ салуға жігеріңіз жетпесе, онда сіз шынайы сенімге ие бола алмайсыз. Айқын күнәдан қол үзініз!

5. Құдаймен әңгімелесінің!

Сіз сиына аласыз ба? Мүмкін сіз жаттап алған шумақты бірдене деп міңгірлейтін шығарсыз, ал сиына аласыз ба? Онда мынаны білгенінің жөн: көп адамның сиыну жөніндегі түсінігін естігенде, егер шашым болса, таң қалғандықтан төбе шашым тік тұрар еді. Жақында бір үйде болдым, сонда: „Иә, біз де – игі Мәсіх жолын қуушылармыз. Кларочка, мында келш!“ – деді шешесі төрт жасар қызына: „Сен дұғаны жақсы білесің фой, діни жетекшіге солардың біреуін айтып берш!“ Сәби бастап кетті. Бірақ мен оны тез тоқтаттым: „Жетеді, қызыым, діни жетекшіге дұға айтып берудің қажеті шамалы. Құдай үшін, дүниедегінің бәрі үшін, мұндаиды тоқтатыңыз! Бұл – дұға емес қой! Дұға ету дегеніміз – бізге Иса болып келген тірі Құдаймен әңгімелесу, Оған өз жүрепінді ашу. Сіздің осылай дұға оқығаныңыз бар ма?“

Ағылшының Робинзон деген бір діни қызметшісі „Бөгде Құдай“ деген жантүршігерлік кітап жазды. Ол бұл шығармасында: „Қазіргі адамдар мұлдем сиына алмайды“, – депті. Мен оның мұнысымен, әрине, келісемін. Бірақ бұл дұға оқуға емес, қайта қазіргі адамдарға қарсы айтылған сын ғой. Солай емес пе? Ал бұл діни қызметші, қазіргі адам енді дұға ете алмағандықтан, бүкіл Мәсіх жолын қуушылықты қайта тәрбиелеуді ұсынады. Мұндай жағдайда мен былай дер едім: „Қазіргі адамдар одан да дұға етуді қайтадан жақсылап үйренсін!“

Тағы бірде сиынып көріңіш! Тіпті сіздер жай ғана: „Тәңірім, Сені табуға маған көмектес!“ Немесе: „Тәңірім, мені құтқара гөр!“ Болмаса: „Тәңірім, мені шынайы сенімге жетеле!“ Әлде: „Тәңірім, күнәларым үшін мені кешіре гөр!“ – деңізші. Тек бастаңыз! Бірден тілдің майын тамыза дұға ету – мүмкін емес. Кейбір діни жетекшілер, мүмкін, дұғаны қолдарына кітап ұстап тұрып, онда жазылған сөздерді оқу арқылы, шешендігін көрсетіп оқитын шығар. Біздің шешенсуіміздің еш қажеті жоқ. Ең бастысы – тірі Құдаймен шынайы әңгімелесе алсақ болғаны. Тек бастаңызшы, сонда жаксы дұға етуді үйренесіз!

Мынаны білгеніңіз абзал: сенім – менің Тәңірім мен менің арамыздағы сырластық қатынас. Ол әңгімелесусіз бола алмайды, солай ғой? Сонда мен Онымен сөйлемесін, ал Ол менімен әңгімелеседі. Сөйтіп, мен келесі мәселеге де келдім:

6. Киелі кітапты оқыңыздар!

Құдай адаммен қалай сөйлесе алады? Ол Киелі кітап арқылы тілдеседі! Сондықтан сіздердің міндетті түрде Киелі кітапты оқуларыңыз қажет! „Қазіргі уақытта Киелі кітапты бірде-бір адам қолына алмайды“, – деп ойлауларыңыз мүмкін. Иә, өкінішке орай, солай! Бірде мен мынандай түсініктемені естідім. Ізгі хабарды уағыздаушы Мәсіх жолын қуушылар реформация күнін мереке-

легенде, әрдайым, Лютердің „Сенімді баспана“ ән-ұранын шырқайды. Ол: „Құдай Сөзі мыйзымасын!“ деген сөздермен аяқталады. Сөйтіп Мәсіх жолын қуушылар Оны (Киелі кітапты) кітап сөресіне „қойып“, оған тиіспейтін көрінеді және: „Осылай тұрғаны – жақсы, әрі дұрыс,“ – деп ойлайды. Алайда Лютердің айтпағы бұл емес еді фой.

Үйлерге кіріп жүріп, мен мынаны жиі естімін: „Иә, діни жетекші мырза, бізде тіпті үлкен әжемізден қалған 1722 жылғы Киелі кітап бар!“ Осы сөздерді айтып, маған ешкім оқымайтын ескі кітапты көрсетеді. Ежелгі Киелі кітаптарды қадірлей отырып, мен осы кітаптардың иелеріне айтар едім: кішкене Жаңа өсиетті сатып алышыздар! Олардың кейбіреулері менің алақанымнан да кішірек. Жаңа өсиеттің тамаша басылымдары бар. Өздеріңізге осындай бүгінгі басылымды сатып алғандарыңыз абзал!

Содан соң оны күн сайын оку үшін, белгілі бір уақытты белгілеңіздер. Сөйтіп ықылас қойып, оқыңыздар! Өйткені, Исаңың Өзі сіздермен әңгімелесіп отыр емес пе?

Мүкін, сіз мұлдем түсінбейтін жерлері де кездесетін шығар, бірақ одан әрі ақырын оқи беріңіз. Мен өзіміздің жастарға былай деп түсіндіремін: „Бразилияның бір фермерінің маған айтқаны бар. Ол Бразилияға келгенде, оған қалың жынысты ағаш өскен жерден жер бөліп береді. Оған ағаштың бәрін кесіп, түбірлерді қопарып, оны тастандардан тазалауға тұра келді. Сөйтіп, екі өгізді жегіп, жерді жыртуудың да куні туды. Бірақ үш қадам жасамай жатып-ақ, соқасы үлкен тасқа тіреле берді. Фермер не істеді дейсіз фой? Фермер үйіне барып, қопарғыш зат әкеліп, тасты соқамен бірге талқандады деп ойлайсыз ба? Жоқ! Ол соқасымен тасты айналып өтіп, жерді жырта берді. Ол жерді жыртып біткенде, көзге сүреңсіз сурет түсті. Бірақ ол алғашқы жылы да түқым сеуіп, біраз өнім алды. Келер жылы жер жыртқанда, оның ісі әжептәуір онға басты. Ол түбірлерді тағы да қопарып, біршама дұрыстады. Ал үшінші жылы жер жырту одан да жақсы жүргізілді.

Сіздер Киелі кітапты да осылай оқуларыңыз керек. Тек бастаңышы! Егер түсінбейтін тұстары болса, қалдырып, одан әрі жалғастырыңыз. Сөйтіп, Жаңа өсиеттің алғашқы тарауынан мынандай сөйлемді оқисыз: „Иса Өз халқын күнәдан құтқарады“. Сіз сонда айтасыз: „Бұл маған түсінікті! Бұл маған ұнайды!“ Осылайша Құдайдың Киелі кітап арқылы сізben әңгімелесуіне мүмкіндік беріңіз! Күн сайын Құдай Сөзі үшін уақыт табыңыз! Осыған орай: „Тәнірім, Менің көңіліме сәуле түсіре гөр! Менің түсінуіме көмектес! Менің жүргімді, менің ақылойымды, менің жанымды жарықтандыр!“ – деп жалбарыныңыз.

Тағы мынаны қосқым келеді: Сізге Киелі кітапты жек көрсетуге тырысатындардың сөзіне ерменіз! Киелі кітап – тамаша кітап! Киелі кітаптан басқа ең қажетті, маңызды және жүректі тебірентетін кітап жоқ!

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, жас солдат болған маған, барлауға баруға тұра келді. Күн кешкірген мезгіл. Айналаға қараңғылық түсे бастаған. Мен сайдың шетінде отырғанмын. Бір уақытта ымырттың арасынан сүрлеу жолмен келе жатқан жаудың далалық асханасын көрдім. Біз бұл сүрлеумен жүруге болады деп ойлаған да жоқпыш. Бірақ қараңғылықтың түскенін күтпеген осы далалық асхана арқылы, біз жаудың қайда орналасқанын біліп алдық. Егер бұл жолмен далалық асхана жүріп өтсе, онда жаяу әскер де, қару-жарақ тиеген колонна да осы арамен жүреді деген сөз. Демек, бұл жауға апаратын жол! Біз не істедік дейсіз фой? Мүмкін сүрлеуді сақтау үшін біз ол жолды атқыламауды ұйғарған шығармыз? Жоқ, қайта оның орнына біз түні бойы оны оқтың астына алдық!

Тындаңыздаршы! Киелі кітап – Мәсіх жолын қуушыларға күш беретін, рухани азық-түлік пен қару жарақ жеткізетін Құдайдың жолы болып табылады. Ал шайтан болса, Құдайдың осы жолын оқ астына алып, айласын асырмақшы. Сонда бір ақылсыз бала менсінбей: „Ту-у! Қандай кітап?“ – деп айтып қалады. Тіпті нағыз ақылды профессорлардың өзі Киелі кітапты – адам қолының туындысы деп дәлелдейді. Түсінесіз бе? Бұлардың бәрі

де бір ауыздан Киелі кітапқа қарап оқ жаудыруды көксейді! Егер сіз шын Құдай баласы болғыңыз келсе, құтқарылуды қаласаңыз, онда бұған мән берудің қажеті жоқ. Киелі кітапты жек көрушілердің сөздеріне ерменіз! Киелі кітапта оны Киелі Рух дем берген адамдардың жазғаны жайлы айтылған. Егер Киелі кітапты оқи бастасаңыздар, онда оның Құдай Рухына кенелгенін көп кешікпей өздеріңіз-ақ түсінесіздер.

Бірде біреудің маған былай деп шағым айтқаны бар: „Мен үшін Құдай Сөзі мұлдем өлі секілді. Мен құтқарылсам деймін, бірақ Оның Сөзі маған түк әсер етпейді“. Мен оған: „Құдайдан Киелі Рухты сұраңыз! Егер қажет болса, үш ай бойы күнде: „Тәңірім, Сенің Сөзінді түсіну үшін, Саған деген сенімімнің жандануы үшін, Киелі Рухынды маған сыйла! – деп жалбарын. Маған сеніңіз: Құдай сонда сізге нақты жауап береді!“ – деп жауап бердім. Ал енді сіздерге соңғы сөзімді айтсам деймін:

7. Құдай Сөзінің жетегінде болыңыз!

Нағыз таза Құдай Сөзін еститін жерге барыңыздар! Мен сіздерге бүгін Ізгі хабарды сұйылтып уағыздайтын кафедралардың барын дер кезінде айтуфа тиіспін. Мен ондай жерге бармас едім, өйткені мені қызықтыратын – Ізгі хабардың қуанышты сусыны, ал қайдағы бір жаман қоспа мені қызықтырмайды. Сіздерге қуанышты Ізгі хабарды уағыздай ма, жоқ па, оны сіздер бірден түсінеп-сіздер. Ізгі хабарды жұртқа уағыздайтын діни жетекшілер, уағыздаушылар және адамдар барлық жерде де бар. Алайда сіздер Құдай Сөзінің күнбезінің астына барыңыздар! Оны қандай фана жағдайда болса да көңіл қоя тыңдауды қалайтындарды ұстаныңыздар. Жуырда маған біреудің: „Сіз білесіз бе, мен – өзгеден оқшау адаммын!“ – дегені бар. Мен бұған былай деп қана жауап бере ала-мын: „Мәсіх жолын қуушылармен араласпасаңыз, Құдай Сөзі уағыздалынатын жерге бармасаңыз, онда сеніміңізді тірідей ұстап тұра алмайсыз!“

Сөзімнің ақырында, бірде менің бір қарт әйелмен та-

нысқаным жайлы айтып берейін. Бір жас жігіт маган бірде: „Қарт әйел тарихын айтпай-ақ қойсаңыз да болады“, – деді. Жас адамдардың бәрі, бірақ, осындай фой. Ал менің өмірімде бұл әйел үлкен роль атқарды. Арада жылдар өтіп, мен сол әйел арқылы Исафа сенген үш инженерді жолықтырдым. Бұл әйелде үлкен күш, дарын барын байқап, мен оны іздеп, тауып алдым. Ол – бір шахтердің жесір әйелі еді. Ол менің келгеніме қуанып, Құдайға қалай сенгенін айтып берді. Ол осы күндері Эссенмен қосылып кеткен, қала іргесіндегі елді мекенде тұрады. Бірде ол газеттен Паулус-кирхеде (Пауылдың ғибадатханасы) екі жаңа діни жетекшімен танысу болатыны туралы оқыды. Осыдан кейін ол құрбыларына: „Бұл – әрқашан Эссендегі үлкен оқиға. Жүріндер, көрейік!“ – дейді. Олар даламен төтелей Эссенге жүреді. Паулус – кирхеге апаратын жол ұзақ болатын. Бұлар келгенде, ғибадатхана адамдарға лық толған еken. Олар жұрттың арт жағына орналасады. Міне, сөйтіп, діни жетекшінің біреуімен: Эссенде үлкен беделге ие болған – Юлиус Дамманнмен танысу басталады. Әйел әңгімесін жалғастырды: „Юлиус Дамманн бірінші рет мінбеге көтеріліп: „Өйткені Құдай адамзатты өте қатты сүйгендіктен, Оған сенуші әркімнің жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болу үшін, Өзінің жалғызы Ұлын құрбандыққа берді“, – деген сөздерді оқыды. Содан соң ол алға қарай еңкейе түсіп, былай деді: „Мен Изгі хабардағы жүздеген мың сөздердің ішіндегілердің бәрінен де, „өлім“ деген сөзден қатты қорқамын. Құдайға жалбарынбай, мәңгілік өлуге болады. Ал бұл – тамұқ!“ Мен ол кезде жас қыз едім. Үлкен ғибадатхананың шыға берісінде тұрдым, сондықтан бұдан басқа ештеңені ести алмадым. Сол кезде мені: „Мен де өлмекпін“, – деген ой билеп, денемді жай түскендей тітіркендіріп жіберді. Мен Құдаймен татулықта емеспін фой! Менің күнәларым кешірілген жоқ! Мен Құдайдың баласы емеспін! Мен өлдім! Үйге мен-зең болып оралдым. Үш күннен кейін әкем менен: „Сен ауырып жүрген жоқсың ба?“ – деп сұрады. Сөйтіп ол атаанасына бәрін түсіндірейін десе, олар: „Сенің есің дұрыс па? Жүйкең жүқарған еken фой!“ – дейді. Ол ешбір

адамға өзінің жанын жеген қорқынышы туралы айта алмады: „Мен өлмекпін!“ Мен сіздерге барлық жақсылықтарды тілей отырып, соған қарамастан, дәлірек айтсам, сол себепті, сіздерге Киелі Рухтың әсері арқылы: „Мен өлдім!“ – дегеннің не екенін біліп, сезінуге тілек-тестігімді білдіремін. Одан әрі әлгі әйел әңгімесін былай деп жалғастырды: „Төрт апта бойы ешнәрсеге зауқым соқпай, дел-сал болып жүрдім. Бірақ тағы да бірде мен діни жетекші Дамманның уағыз айтатыны жайлыш оқып біліп, тағы да Эссенге жүгірдім. Жол бойы сиынып бардым. Ойыма тек бір-ақ дұға – ән-ұранындағы: „Маған ең керегі – Тәнірім, Өзінді тануды үйрете гөр, күнәларым зіл батпан, көтертпейді еңсемді“, – деген бір шумағы ғана түсті“. Бұл дұғаны ол жол бойы неше мәрте қайталайды. Міне, ол Паулус – кирхеге де жетті. Дамманн уағыз айтып тұр. Айналада ине шашшар жер жоқ. Ол тағы да ішке кіре алмай, арт жақта тұрды. Сөйтіп ол тағы: „Маған керегі, Тәнірім, Өзінді тануға үйрете гөр!“ – деп қайталады. Содан соң ол айтыла бастаған әнұран жазылған бетті ашты. Сол кезде ол өз қуанышына орай, сол бір әнұранды көріп қалды: „Маған керегі, Тәнірім“. „Егер бәрі бұны дұға етіп айтса, онда бірдене болуы тиісті фой“, – деп ойлады ол. Бұдан кейін діни жетекші Дамманн мінбеге шығып, Жохан жазған Ізгі хабардан оқыды: „Иса былай деді: Мен – есікпін. Кім мен арқылы кірсе, сол құтқарылады. Аумин!“ Әйел сөзін жалғастырды: „Мен енді екінші рет ғибадатханада болып, тағы да осы дұғадан басқа ештецені ести алмадым, өйткені маған сол кезде бәрі айқын болды: өліден қайта тірілген Иса – өмірге енгізетін есік! Сөйтіп мен осы есік арқылы кірдім. Мен бұл уағыздан басқа ешбір сөзді ести алмадым, бірақ соның өзі маған жеткілікті болды. Мен өмірге аяқ бастым!“

„Мен сиыну үйіне бармаймын! Ондағы қапырық ауаны көтере алмаймын. Одан да құстар сайрап, жапырақ сыйбырлайтын жасыл желекті орманға барғаным дұрыс“, – дейтіндерге, мен ылғи осы оқиғаны айтамын. Сонда мен: „Бұл әйел Құдай Сөзін тыңдауға бармаса, шынайы сенімге ие бола алмас еді!“ – деймін оларға.

Біз не істеуіміз керек? Өзіңіздің болымсыз сенімсіздігініңден бас тартыңыз! Өзіңіздің күмәнді тақуалығынызды жайына қалдырыңыз! Шешуші қадам жасаңыз! Көпе-көрнеу күнәдан қол үзіңіз. Құдаймен әңгімелесіңіз! Киелі кітапты оқыңыз! Құдай Сөзінің панасына барыңыз!

„Не істеуіміз керек?“ – деген сұраққа менің толық жауап беруім қажет еді. Мен сіздерге қомақты жауаптар бердім. Бірақ сөзімнің қорытындысында мен сіздерге тағы бірнеше сөзбен ең маңыздысын айтсам деймін.

Шын мәніне келсек, қандай маңызды болса да, біз атқарған істер шешуші болып қала алмайды: Ең маңыздысы – біз үшін Құдайдың Иса арқылы жасағаны: Менің сіздерге жеткізгім келген қуанышты хабарым – осы: „Иса барлығымыз үшін бәрін жасады! Ол бізге келді. Ол бізді өліден қайта тірілтті. Ол біз үшін Әкесінің оң жағында отыр. Ол – Өзінің қойлары үшін бәрін жасайтын Мейірімді Бақташы. Дәуіт пайғамбар Забурдың 22-ші жырында мынандай сөздермен қуәландырады: „Тәңірім – менің Бақташым, мен ешнәрседен тарықпаймын...“ Содан соң жыршы өзі үшін ізгі Бақташының не істегенін тізіп айтады. Менің тілегім – сіздер де: „Тәңірім – менің Бақташым!“ – деп айта алсаңыздар еken!

ҚҰДАЙ НЕГЕ ҮНДЕМЕЙДІ?

Әлемде сүмдық істер істеліп жатыр!

Ұмытпасам, бұл 1937 жылы болған еді: мен Эссен көшесімен келе жатып, өте қапаланған 16 жастағы бір жасөспірімді жолықтырдым. Мен оны өзімнің жастар арасында жүргізетін жұмысыма байланысты білетінмін, сондықтан: „Саған не болды?“ – деп сұрадым. Ол маған: „Шешем еврей болғандықтан, мені күшпен ауруханаға салып, ұрықсыздандырды. Содан үйге қайтып келсем, ата-анам жоқ“, – деді. Ол оларды содан кейін көрген жоқ. Әкесі тұтқындалыпты. Шешесін Аушвицтегі концентрациялық лагерге жіберіпті. Менің бар қолымнан келгені – әлгі жасөспірімді Голландияға аттандырдым. Ол жерден ол Америкаға кетті. Бірақ мен сол жігіттің: „Шешем еврей болғандықтан, мені күшпен ауруханаға салып, ұрықсыздандырды. Үйге қайтып келсем, ата-анам жоқ екен!“ – дегендегі, абыржыған кейпін ұмытар емеспін. Ал мұндай оқиғалар миллиондан болды ғой. Сонда: „Құдай ше? Құдай қайда? Құдай неге үндеңейді?“ – деген сауалдардың туындағаны сөзсіз.

Немістің ұлы ақыны Фридрих Шиллердің „Куанышқа“ деген одасында: „Бауырларым, сонау жұлдыздардың ар жағындағы өлкеде біздің сүйікті Әкеміз тұрады!“ – деген сөздер бар. Ал қазіргі адамымыз мұны: „Бауырларым, сонау жұлдыздардың ар жағындағы өлкедегі сүйікті Әкеміз өлген“, – деп айтпасына кім кепіл.

Кімнің басына: „Құдай қайда?“ „Неліктен Ол бұған тоқтау салмайды? Осындаі сүмдық істерді көре тұрып, Ол неге үндеңейді?“ – деген сауалдар келсе, онда сол сияқты: „Мүмкін, Құдай мұлде жоқ шығар? Мүмкін, аспанда ешкім де жоқ болар? Мүмкін, атеизм сөзі шындық шығар?!“ – деген қауіпті сұрақтар келуі де ықтимал ғой. Достарым менің, кімдерге мұндай ой келсе, сол қатты шошынуы керек: егер шынымен Құдай жоқ болып шықса, бұл – сүмдық болар еді. Олай болса біздің бәріміз, жауыз адамдар, жападан жалғыз қалар едік. Онда біз үйімізге жолымызды таба алмайтын, адасқан

балалар сияқты болар едік. Құдай жоқ па? Бұл сөз қатерлі естіледі. Сіз онымен не айтпақ болып тұрғаныңызды түсінбейсіз де! Мұның арты – мәнсіз қуыстық, бекершілік. Біз өз бетімізben, панасыз қаламыз. Адам үшін – адамның өзінен қорқынышты ешкім жоқ, солай емес пе? Римдіктерде „Адам адамға – қасқыр“ деген мақал болған. Қандай сүмдық!

Маған діни жетекші ретінде: „Құдай осыған неге тыйым салмайды? Неліктен ол осының бәріне үндемей отыр?“ – деген сұрақтарды жиі қоятынын сіздерге айтып жеткізу өте қыын. Маған осындау сауалдарды жиі қоятындықтан, мен қазір бұл сұрақтарға жауап берсем деймін.

Бірақ алдын ала айтып қояйын: мен – Құдайдың жеке хатшысы емеспін. Ол маған Өз жоспарларын сеніп тапсырмағаны және стенограммасын жазғызбағаны белгілі. Сіздер мені түсініп отырсыздар ма? Біз Құдайды түсіне алатындау, сұрақты бұлай қоюдың өзі ақымақтық дер едім. Мен өзім түсінетін құдай, әрі кеткенде, – қауымның бас діни жетекшісі немесе жергілікті жердің бас қазысы фана бола алар еді. Оларды мен әзірше түсіне аламын. Ал егер мен шын мәнінде солардың біреуін түсіне алатын болсам, онда ол Құдай бола алмайды. Киелі кітаптың бір жерінде Құдай былай дейді: „Менің ойларым – сендердің ойларың емес, сендердің жолдарың да – Менің жолым емес“. Бұл – ақиқат айтылған сөз.

Бірақ Киелі кітаптан мен бірқатар мағлұматтарды ұғындым, сөйтіп сендерге өз мүмкіндігім келгенше: „Құдай неге үндемейді?“ – деген сұраққа жауап берсем деймін.

1. Сұрақтың түбірінен дұрыс қойылмауы

Біріншіден – „Құдай неге үндемейді?“ – деген сауал қате, керісінше қойылғанын айтуға тиіспін. Шын мәнінде сұрақты былай қойсақ, сот мәжілісінің билер отыратын орындықтарында Шульце ханым немесе діни жетекші Буш, ал айыпталушының орындығында Құдай

отырғандай көрінеді. Сонда біз: „Айыпталушы Құдай, Сен осының бәріне неге жол бересің? Сен неге үндемей-сің?“ – дер ме едік. Сондықтан мен сіздерге бар айқын-дықпен айтқым келеді: „Өзі айыпталушының орынды-ғында отырып, бізді билердің орнына жайғастырып, сот жасауға мүмкіндік беретін Құдай жоқ!“

Өзім жас діни жетекші болған кезімде өткен бір жо-сықсыз оқиғаны, еске түсіріп отырамын. Бәрімізді қүшті үрейлендірген шахтерлер ереуілі бұрқ ете түскен Эссен-ге келгенімде, мен 27 жаста едім.

Бір күні үлкен алаңың жанымен өтіп бара жаттым. Бір адам сабыннан босаған жәшіктің үстіне шығып алыш, жиналған халыққа бар дауысымен сөйлеп тұр екен. Ол аш-жалаңаш балалар, аз жалақы және жұмыссыздық туралы айтуда. Бір уақытта мені көріп қалып, танып, маған айқайламасы бар ма: „Иә, міне, діни жетекшінің өзі! Ал, кәне, мында кел!“ Әдетте, мен жылы жүзben айтылған шақыруға барушы едім. Осы жолы да жиналғандарға жақыннадым. Жұрт екі жарылып маған жол берді. Мен ортадағы шешеннің жанына бардым. Мені айнала қоршаған жүздей шахтерлер тұр. Сонда аздап ыңғайсызданып қалдым. Мұндай жағдайға бізді университетте даярламаған фой. Сөзді ол бастады: „Тыңдаши, діни жетекші! Егер Құдай бар болса, мен мұны білмеймін, мүмкін Ол бар да шығар, егер мен өлсем, Оның алдына барып, – енді ол айқайлай сөйлемді: – „Неге Сен адамдарды соғыс алаңында кескілеуге рұқсат еттің? Неге Сен өзгелер тоқ болғандықтан, тамақты төгіп-шашып жатқанда, балалардың аштан өлуіне мүмкіндік бердің? Неге сен адамдардың рактан жүдеп өлуіне жол бердің? Неге? Неге?“ – деп айтамын. Мен Оған тағы да былай деймін: „Сен, Құдай, – жоғал! Аулақ! Кет!“ Сол адам осылай деп айқайлады... Осы арада мен де айқайға бастым: „Дұрыс айтасың, мұндай Құдайдың көзі жоғалсын! Жоғалсын бұл Құдай!“ Айнала тып-тыныш бола қалды. Шешен таңғала маған былай деді: „Сәл аялдаңызышы, сіз – діни жетекші емессіз бе? Сізге: „Бұл Құдай жоғалсын!“ – деп айқайлауға болмайды фой“, – деді. Сонда мен оған былайша жауап бердім: „Ал енді сен мені тыңда! Алдында сені

осылайша сөйлетіп тұрған, сенің аузыңды арандай ашқызын, соттың алдындағы айыпты адамдай саған есеп беруші, кім көрінгеннің қолжаулығына айналған Құдай – тек сенің қиялышыңдағы Құдай. Ондай Құдайға мен де: „Жоғалсын ондай Құдай“, – деймін! Біздің замандастарымыз өзіне жасап алған, керек болған жағдайда сөгіп, қып немесе қайтадан орнына қоюға болатын Құдайдың көзі жоғалсын! Ондай Құдай болмайды! Ал мен саған басқа бір нәрсені айтайын: басқа, нағыз Құдай бар! Сен Оның алдында айыпты адам болып тұрасың әлі, сонда сенің осылай аузыңды ашуың да келмейді, өйткені Ол сенен: „Сен Мені неге еске алмадың? Сен Мені неге шакырмадың? Сен неге таза жүрмедің? Сен неге өтірік айттың? Сен неге біреуге жек көрушілік жасадың? Сен неге ұрыстың? Сен неге...?“ – деп сенен сұрайтын болады. Ол дәл осылай сұрайды сенен. Сонда сенің сөздерің тамағыңа кептеліп тұрып қалады? Сонда сен мың сұрақтың біреуіне де жауап қайтара алмайсың. Демек, „жоғалсын“ дегізуге көне қоятын Құдай жоқ. Ал бір кезде бізге: „Менен аулақ жүр!“ – деп айтатын қасиетті, тірі, шынайы Құдай бар!

Сіздерге де мынаны айтсам деймін: егер сіздер адамдардың Құдайды жазғырып: „Құдай бұған қалай жол береді? Құдай неге үндемейді?“ – деп жатқанын естісініздер, оларға былай деңіздер: „Егер біз Құдайды айыптаі алсақ, ол – ақымақ, ойдан шығарылған Құдай! Сіз бен мені, бәрімізді айыптаі алатын бір фана қасиетті Құдай бар!“ Сіздер Құдайдың өсиеттерін сақтадыңыздар ма? Сіз қалай деп ойлайсыз? Құдай Өзінің Өсиеттеріне өте қатал. Айыпталушы – Құдай емес, – біздер!

Менің сіздерге түсіндіре айтайын деген бірінші мәселем – осы еді: басынан бұл сұрақтың қойылуы – түбірімен қате!

Ал енді, екінші мәселеге келейік:

2. Құдайдың үндемеуі – бұл Оның үкімі

„Құдай неге үндемейді?“ Иә, Құдай жиі үндемей қалады, Құдайдың үдемеуі – біз үшін ең қатал үкім!

Мен тамүқтың барына шын сенемін. Бірақ ол қазір де көптеген суреттерде бейнеленген, жанды отқа қақтап жатқан шайтан секілді, түкке тұрғысыз мылжың емес. Мен тамүқты – Құдайдың адамдарға басқа айтары болмаған жағдайы деп, түсінемін. Сонда адамдар Оны шақырады, Оған құлшылық етеді, жалынып-жалбарынады, – ал Ол оларға жауап қатпайды! Орыс жазушысы Достоевскийдің бірде: „Тамүқ – Құдай бұдан былай жерге назарын салмайтын орын“, – деп айтқаны бар. Шынында да, ол – Құдайдың бізден безіп, бізді керек қылмаған жер. Иә, Құдайдың үндемеуі – бұл Оның үкімі. Сөйтіп, тамүқ Құдай үндемеген сәттен бастап, осы өмірде-ақ басталады.

Осыған орай мен сіздерге Киеle кітаптағы бір оқиғаны айтсам деймін. Бір кездерде жоғары мәдениетті, биік өркендерген Содом мен Гоморра деген екі қала болған. Олардың халқы Құдайды жоққа шығармады. Мүмкін, олардың арасында бейшара болып жүрген діни жетекшілер де болған шығар. Алайда, олар Құдайды шын мәнінде қабылдамады. Мүмкін, үйлену тойлары мен кісі жерлеңгендеге, Құдайға құлшылық еткен болар, ал басқа кезде Оның бұларға қажеті болмады. Оның бүкіл өсietтері аяқ астында қалды. Содомда Лұт деген тақуа адам бар еді. Ол анда-санда: „Құдайға былайша қарauғa болмайды! Алдан-бандар, біз аяққа баса алатын Құдай жоқ! Адам не ексе, соны орады!“ – деп айтып қоятын. „Әй, – деп жауап қата-тын оған адамдар, – бізben қалжындаспа! Сен діни жетекші емессің fой! Адам не ексе, соны орады деген былшылыңды тый!“ Міне, бірде, таң атып келе жатқанда, Құдай бұл қалаларға аспаннан күкіртті жаңбыр мен от жаудырды. Оның қандай болатынын біз әскери шабуыл кезінде көрдік. Бірақ Құдай ұшақты пайдаланбай-ақ, оны жасай алады. Kіcілердің төсектерінен атып тұрып: „Төлеге!“ – деп айқайлағандарын көз алдыма келтіремін. Бірақ төле-лердің іші пеш жаққандай, біртінде ыси бастады. Шыдау мүмкін емес. Тағы да айқай: „Шығыңдар!“ Бәрі сыртқа лап қойды. Ал сыртта, барлық жерде күкіртті жаңбыр мен от төгілуде. Қауқарсыз жандар: жоғары шыға алмайды, ал төледе тұншығып өletіні хақ. Бұл туралы Kиеle

кітапта айтылған. Мен әр түрлі мінезді, пішінді кісілерден құралған тобырды көз алдыма елестетемін: осы кезге дейін Құдаймен ісі болмаған, Оны сондай ақ, көңіл деп санаған жас ақсүйек әйел; шараптың әр түрін дәмінен айыра алатын егде тартқан мырза. Ол да Құдайға қарсы емес еді, бірақ Оған немкетті қарайтын. Сөйтіп төледе сондай адамдар бірге болды: сүйкімді, әдепті адамдар, адап азаматтар, салықты уақытында төлеушілер – олардың бәрі қазіргі адамдар секілді жүрек түкпірінде ашылмаған құпияларын сақтап келген. Төленің іші одан сайын қапырықтанған берді. Олар далаға шыққысы келгенімен, шыға алмайды, себебі айналада ажал анталап түр. Сол кезде оларды үрей биледі. Бір уақытта толық мырза: „Адамдар, Лұттың айтқаны – ақықат екен! Құдай – шынымен, тірі!“ – деді. Ал ақсүйек әйел: „Олай болса, бізге бір фана нәрсе көмектесе алады: қазір дұға оқуымыз керек!“ – деді. Бірақ кім дұға оқи алады?! Міне, сол кезде ешқашан көтерілмеген қолдар көтеріле бастады (ерте кезде қолды жоғары көтеріп, дұға оқитын). Бір кезде: „Тәңірім, кешіре гөр! Біз күнә арқаладық! Біз Сені ескермедік! Тындашы бізді! Сен – сүйіспеншілігі мол Құдайсың. Сенің рақымың мол! Тәңірім, кешіре гөр!“ – деген дауыстар төлені басына көтере кернеп кетті. Бірақ Ол үн қатар емес! Тек оттың гуілдеп, сатырлай жанғаны естіледі. Сонда көтерілген қолдар төмен түсіп, жұдырықтар түйіліп: „Құдай! Сен неге үнде-мейсің!“ – деген сөздер айтылды. Алайда, үн жоқ! Тек құлаққа оттың ғүрілі естіледі. Олар қазір сиына да, ашу шақыра да алады, бірақ бұған Құдай енді қайтіп жауап бермейді!

Бірде-бір адам, бірде-бір қала, бірде-бір халық аттап өте алмайтын шекара бар, бұл – тірі Құдайдың немікұрайдылығының шекарасы. Содан бастап Құдай бұдан әрі естімейді немесе жауап қаттайты! Сол кезде қанша-ма дұға оқы, балағатта, бәрібір, Ол жауап бермейді. Енді сіздер түсінген боларсыздар, осы үндеңеу – Құдайдың Содом қаласына еткен қатал үкімі болды. Киелі кітапта Құдай туралы: „Мен сендерді шақырдым, ал сендер жауап бермединдер“, – деп жазылғаны бар. Құдай сені шақырғанда, неліктен жауап бермедин, адам баласы?

Қорытындылап келгенде, Құдайдың үндемеуі – Оның ең қатал үкімі болып табылады! Үшіншіден, айтайын дегенім мынау еді:

3. Ұлкен қашықтық естілуді қыындарады

Егер біз Құдайдың үндемегенін байқасақ, онда, мұмкін, біз Одан өте алыста тұрған шығармыз!

Жақында маған бір жас жігіт келіп, былай деді: „Діни жетекші Буш, сіз мені кейітіп тұрсыз! Сіз үнемі Құдай туралы айтасыз. Егер мен сізben жолда жолықсам, сіз әрдайым Құдай туралы айта бастайсыз. Мен Құдайды естіген де, көрген де жоқпын. Ол қалай сөйлейді еken? Мен ештеңе естімей тұрмын!“ Мен оған былай жауап бердім: „Жас жігіт, сіз адасқан ұлдың тарихын білетін боларсыз!“ – „Жәй, шамалы“, – деді ол. „Жәй, шамалы“, – дегеніңіз – сіз ол туралы ештеңені білмейді деген сөз. Исаңың Өзі айтқан бұл тарихты мен сізге баяндайын. Бір бай адамның екі ұлы болады. Біреуі ептеп жел өкпелілеу болса керек. Оған өз үйі тым тар, қызығылышыз көрініп, көңліне жақпады. Бір күні ол әкесіне былай деп мәлімдейді: „Шал, маған өзіме тиісті мұрамды бөліп бер де, тап қазір қолыма ұstat, менің жарық дүниені аралдауға аттанғым келеді“. Әкесі оның сұрағанын екі етпей береді де, ол аттанып кетеді. Одан әрі ол туралы былай делінген: „Ол азғындыққа беріліп, қолындағысын ондық солды шашады“. Әрине, сіздер біліп отырсыздар, ұлкен қалада ақша дегенің су секілді тез таусылады. „Қырсық-қанда қымыран іриді“ демекші, қас қылғандай, осы сәтте елді аштық пен жұмыссыздық жайлайды. Сөйтіп жоқшылық оны ақырында шошқа бағуға мәжбүр етеді. Исраилде шошқа – хайуан деп саналады. Исраилдіктер үшін шошқа бағу дегеніңіз – ең мұсәпірдің істейтін іci. Бірақ сол кезде ашаршылық болғандықтан, әлгі жігіт науада шошқадан қалған оны-мұны қалдықтарды жегенінің өзіне шүкіршілік етеді. Ол жерде ол әкесінің дауысын ести алмады. Өйткені, ол одан өте алыста еді. Адасқан ұл былай деуі мүмкін: „Мен әкемнің дауысын ести

алмаймын“. Бұл түсінікті де. Ол әрине, оны естіген жок! Киеңі кітапта бұл айтылmasa да, осы тарихты толықтыра түсуіме рұқсат етіңіздер: міне, қашқын ұл шошқалардың қасында отыр. Оны аштық қалжыратқан, ол өз әкесін айыптаған: „Менің осыншама азап шегуіме әкемнің қалай ғана дәті шыдап отыр екен?“ – дейді. Маған осы заманғы дүние де осылайша болып көрінеді. Ол Құдайды тастап кетті, ал енді, басына қара күн туғанды: „Құдай осының бәріне қалайша төзеді? Неге Ол үндемейді?!“ – дейді. Алайда Иса адасқан ұл туралы оқиғаны басқаша әңгімелейді: оның өмірінде өзінің қателескенін мойындаған сәт туады: „Мен – ақымақ қашқынмын! Әкемнің наны жеткілікті, ал мен болсам, аштықтан өлгелі отырмын. Тұрып, әкеме барып, былай дейін: „Әке, мен күнәға баттым!“ Соны айтты да, ол орнынан тұрып, үйіне оралды! Әкесі оны алыстан байқап қалып, алдынан жүгіріп шықты. Адасқан ұл оған: „Әке, мен күнәға баттым!“ – дейді. Әкесі оны құшағына қысып, қызметшілеріне: „Балама жақсы киім мен жүзік, аяғына аяқ киім әкеліндер!“ – деп бұйырады. Енді ұлы әкесінің дауысын естіп тұр. „Егер сіздер Құдай дауысын естімесеніздер, онда Одан алыста болғандарыңыз! Сіздер сиынып, өтініш етулерініз керек, сіздер мұны жақсы білесіздер!“ – дедім мен әлгі жас жігітке.

Адасқан ұлдың шошқа астауының қасында отырғанындей, адамдар Құдайдан өте алыста болуы мүмкін. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, адамдардың Құдайдан мұлдем ат-тондарын ала қашып безген шағында, лейтенант болған мен: „Түбінде Құдайға жүгінуім керек!“ – деп үнемі ойлаушы едім. Мен Құдайға жүгінудің керектігін білмейтін бірде-бір кісіні кездестірген емеспін. Өзімен-өзі болған бір менмен әйелдің былайша түсіндіргені бар: „Менде бәрі де ойдағыдай!“ Бірақ мен онымен әңгімелескенде, ол: „Иә, шынын айтқанда, менің Құдайға жүгінуім керек еді! Мен өз өмірімде көп күнәға баттым. Шынын айтсам, менің жүрегім тас болып қалғандай!“ – деді.

Әрқайсымыз: „Менің Құдайға жүгінуім керек!“ – дегенді жақсы білеміз. Оны сіздер неге істемейсіздер? Құдай-

ға жүгініңіздерші, сонда Әке дауысын сіздер де еститін боласыздар!

Мен „Құдай неге үндемейді?“ деген мәселенің келесі тармағына көшуім керек.

4. Құдайдың қорытынды сөзін естуіміз қажет.

Сіздер әлі тыңдай аласыздар ма? Әлде мен сіздерді жалықтырып жібердім бе? Егер сіздердің іштеріңіз пысса, ол Ізгі хабарға байланысты емес, маған байланысты. Ізгі хабарды қызықсыз ету діни жетекшілердің қолдарынан келеді. Онда Ізгі хабарды бізсіз, өздеріңіз оқыңыздар. Ізгі хабар рухыңызды жаулап алады, сеніңіздер маған!

Менің қазір сіздерге айтайын дегенім, ең бастысы болып табылады: егер Құдайдың үндемегенін сезінсеңіздер, онда Құдайдың қорытынды сөзін естулеріңіз керек! Сонымен мен сіздерге Киелі кітаптан бірер сөйлемді келтірейін, оның мағынасы аумақты болғандықтан, маған оны тағы да қайталауға тұра келер. Ол Еврейлерге арналған хаттың бірінші тарауында жазылған: „Өткен заманда Құдай әлденеме рет түрлі жолдармен Өз хабарын ата – бабаларымызға (Муса жұс Еремиясияқты) пайғомбарлар арқылы жеиткізін отырған, ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өз Ұлын жіберіп, жеткізді – делінген. Құдайдың бұл Ұлы кім екенін, сіздер білесіздер ме? Ол – Иса!

Иса! Тағы да мен өзімнің жақсы көретін тақырыбыма жеттім. Иса туралы айта алғанымда, менің жүргегім лұпілдеп тез-тез соғады. Бұл Иса – Құдайдың нағыз жүзеге асқан Сөзі, Оны кезінде солай атаған: „Сөз тәнге айналып, бізben бірге мекендеді“. Түсіндіңіздер ме: егер біз бір сөз айтсақ, онда ол бу секілді ұшып кетеді. Құдай Өзінің бір Сөзін тұлғаға – Исаға айналдырды. Иса – Құдайдың қорытынды Сөзі болып табылады!

„Менің соңғы Сөзім“ деген ұғым сіздерге таныс па? Айталық, мен сіздерге сиыр сатқым келеді делік. Қорықпаңыздар, мен мұны істемеймін! Сиыр сату менің қолымнан келмейді. Жарайды, мен сіздерге сиыр сатқым келеді делік. Сиыр қанша тұрады? Оны мен білмей-

мін. Айталық, 1000 марка. Сіз айтасыз: „300 марка беремін, одан артық бере алмаймын!“ „Бұған шын мәнінде 1200 марка алуым керек еді,“ – деп, мен сізге түсіндіруге тырысамын. Сонда сіз маған 400 марка ұсынасыз. Мен қарсылық білдіремін: „1100 марка алуға тиіспін“, – деймін қасарысып. Сөйтіп, біз біріміз бен біріміз саудаласып, ең ақырында мен: „Мениң ақырғы сөзім – 800 марка!“ – деймін. Егер мен сөзімде тұратын адам болсам, осы айтқаным айтқан, осымен біtedі. Иса – Құдайдың соңғы Сөзі! Егер сіздер Оны қабылдамасаңыздар, Құдай сіздерге басқа ештеңе айтпайды. Түсіндіңдер ме? Егер адамдар: „Құдай бізben сөйлеспейді, Ол үндемейді“, – деп абыржы бастаса, менің оларға берер жауабым: „Құдай сіздерге енді ештеңе демейді, өйткені сіздер Оның соңғы Сөзін қабылдағыларыңыз келмеді. Сіздер Исаны қабылдауларыңыз керек! Эйтпесе, іс оңға баспайды!“

„Мен де Құдайға сенемін. Бірақ Иса – …“ – деп айтатындарды мен жиі кездестіремін. Тынданыңдаршы, Иса – бізге арналған Құдайдың соңғы Сөзі. Мұның мәнісі неде еkenін түсіндірейін. Бірақ ол үшін, мен ең өуелі Иса туралы аздал айтайын. Ал оны айту – мен үшін бақыт!

Міне, Иса адамдардың арасында тұр. Ол олармен әңгімелесуде. Бір сәтте арт жақтан абыржушылық білінді. Адамдар өзара сөйлесіп, мазасыңдануда. Иса сөзін тоқтатып: „Не болды?“ – деп сұрады. Сүмдық бір іс болған еді: алапес адам келді. Алапестің не еkenін білесіздер ме? Адам тірідей шіриді. Бұл – қорқынышты: шіріген құлақ, мұрын, ерін. Алапестің жұқпалылығы сондай, тіпті дем алатын ауя арқылы да адамдарға жұғады. Сондықтан мұнымен ауыратындар шөлді жерде тұруға тиісті еді. Олар адамдардың арасына жіберілмейтін. Енді міне, осындай алапес адамдардың арасына келіп тұр. Ол Иса туралы естіген, Оны бір көруге құштар. „Исаны көргім келеді!“ – дейді ол. Міне, ол келе жатыр. Оның алдындағы адамдар шегініп, оған жол беріп: „Әй, сен, жақсылықпен кет! Жоғал!“ – деп айқайлайды. Олар тас алып, қорқытпақ болады. Бірақ, ол тайсалатын емес. Зығырданы қайнаған халық жол беріп, анау болса, Исаға жақындарап келе жатқанын мен өз көзіммен көріп тұрғандай-

мын. Жоқ, ол Исаңың алдында тұрған жоқ, ол шаңға, Оның аяғына жығылып, Құтқарушыға көз жасымен өз мұңын шағуда: „Менің өмірім құрдымға кеткен! Иса, егер Сен қаласаң, мені тазалай аласың. Маған көмектес!“ Білесіздер ме, өмірі өксікке толы адам мен Құтқаруши, Құдай Ұлы міндепті түрде кездесуі керек! Осылай болады да: біздің бақытсыздығымыз Исаға белгілі болуы тиісті! Мен сіздердің кішкене діндарлық дегендеріңіздің бәрінен іргені аулақ салып, Исаға келгендеріңізді қатты қалаймын. Міне, сол алапес Исаңың аяғының астында жатыр: „Егер Сен қаласаң, мені тазалай аласың!“ – дейді ол жалбарынып. Осы арада мен „керемет“ деп есептейтін, ғажап іс болды. Иса сол бір адамның сұлдесінен бір адым кейін шегініп: „Жарайды, жақсы! Тұр! Тазалан!“ – деп айтуын күтүге болар еді. Жоқ, Ол олай жасаған жоқ. Иса оған қарай бір адым алға жүріп, Өз қолын аурудың басына тигізді! Адамдар мұндаі сүмдикты көріп, айқа-йлап жіберді: „Алапес адамға қолын тигізуге болмайды фой!“ Киелі кітапта былай делінген: „Иса оған қолын тигізді“. Исаға ешбір сүмдик жиіркенішті емес! Ешқандай қайфы-қасірет Оған үлкен болып көрінбейді! Ол оған Өз қолын тигізеді! Егер мен басқа Вильгельм Буш, яғни суретші болсам, мен бұны былай бейнелер едім: Исаңың қолы алапестің бүлінген, жартылай шіріген бетінің үстінде. Уақыт ғажайыбы – Иса осында. Егер қазір араларыңызда өзгелер оны өгейсіреткен адам болса, Иса оған қолын созып: „Мен сенің күнәларынды өтедім, сен – Менікісің!“ – дер еді. Егер кімде-кім осында келіп, күнәның алапесі қинағанын айтса, Иса оған қолын тигізіп: „Тазалан!“ – дейді. Исада Құдай сүйіспеншілігі толығымен ашылып, ол бізге келіп, қасіретті, күнәһар, таза емес, сырқат болып журген біздерге мейірімін төгеді. Иса – жүзеге асқан Құдай Сөзі. Соны біле тұрып, адамдардың: „Құдай неге үндемейді?“ – дейтінін қайтерсің. Құдай осылайша жеткілікті, анық та тамаша айтпады ма? Бұл Құдайдың Сөзі емес деп, кім айта алады?

Міне, сөйтіп, сол Исаңы бір күні айқыш ағашқа көріп, Оның қолы мен аяғына шеге қақты. Содан соң айқыш ағашты көтеріп тұрғызды. Оны айнала қаптаған адамдар

тұр. Рим әскерлері адамдарды кейін ығыстыруды. Жүріндер, бұқараға қосылып, біз де айқыш ағаштың астына барып тұрайық! Фолготаның азабын шеккен Оған қаранызы! Басы қан мен жара, келемеж етіп кигізілген тікенек тәж оның ауыр қайфы-қасіретін одан сайын тереңдетіп тұр. Қараңыздаршы Оған! Одан: „Сен неге бұл арада ілулі тұрсың?“ – деп сұраңызышы! Сонда Ол сізге: „Өйткені, сен Құдай алдында күнәлі болдың. Жазаны не сен тамұқта тартасың, не Мен сенің борышыңды осында өтеймін. Біреу болмаса біреу жазаға тартылуы керек емес пе! Мен мұны сен үшін атқармақпын. Осыдан былай сен Маған сен!“ – деп жауап береді.

Жас жігіт кезімде мен бүкіл әлемнің, оның ішінде мениң де күнәмды арқалаған (Ол менен күнәны түсіріп, мұнда Ол мені Құдаймен табыстырыды, мұнда Ол менің Құдай алдындағы борышымды өтеді) осы Қозы екенін түсініп, мен сонда өзімнің жүргегімді айқыш ағашқа әкеліп, былай деген едім: „Қанымды да, тәнімді де, жанымды да – бәрін толығымен Саған құрбандыққа беруге дайынмын, Сенен басқа кімге мен өзімді арнай аламын, уа, айқыш ағашта қансыраған Патшам!“

Исаны жартастан үнгіген табытқа салды. Үлкен қақпақ таспен қабірдің аузын жапты. Рим әскерлерінен күзет қойылды. Үшінші күні ертемен, жуық маңда атом бомбасы жарылғандай, маңай жап-жарық болып кетті. Сол кезде әскерлер – әлжуаз бойжеткендер емес – мықты деген жігіттердің өзі – есінен танып құлады. Олардың соңғы көргендері – Исаның табыттан даңққа бөленіп, жарқырап шығуы.

Мен сіздерге ертегі айтып тұрған жоқпын. Менің айтып отырғаным: өзімнің нақты билетінім – Иса өлімнен қайта тірілді. Сіздер үшін өлген сол Иса – тірі! Исаның өлімімен күнәсі ақталмаған ешкім жоқ. Міне, сол Иса – тірі! Құдайдың соңғы Сөзі болған ОЛ, сіздерді шақырады! Оны сіздер қабыл аласыздар ма, жоқ па, міне, сіздердің өмірлеріңіздің негізгі мәселесі – осы!

„Құдай неге үндемейді?“ Достарым менің, Құдай үндемей тұрған жоқ. Ол сөйлеп тұр ғой. Оның сөзі – „Иса!“ Ал бұл – сүйіспеншілік, ізгілік, шапағат деген сөз!

Маған өз өмірімде нацистік түрмеде және бомбалаш кезінде жантүршігерлік сағаттарды бастан кешіруге тұра келді. Ал бір қорқынышты сәтті дәйім есімде сақтаудамын. Бомбалаш кезінде мен бір аулаға барған едім, сонда мені мендеген үрей тамағыма кептеліп қалғандай. Менің айналамда бомбапанадан алыш шыққан сексендей өліктер жатты. Мұндай қорқынышты жайларды бірінші дүниежүзілік соғыстың шайқас далаларынан да көп көруіме тұра келді. Бірақ, үл – одан да қорқынышты еді. Мұнда жатқандар солдаттар емес, қаусаған қариялар, әбден әлсіреген әйелдер, ұзақ соғыс салдарынан жүдеп-жадаған жазықсыз бала-шағалар. Балалар! Олардың осы бір қандыбалаш соғыспен ортақ нелері бар еді? Мен осы қөп өліктердің ортасында, үреймен бетпе-бет келіп, жалғыз тұрғанымда, менің жүргегім туласы: „Құдай-ау, Сен қайдасың? Сен неге үндемейсің?“ – деп жан түршіге айқа-йлағандай әсерде болдым. Кенет ойыма Киелі кітаптағы: „Құдай адамзатты қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді“, – деген сөз оралды. Мұмкін, менің ашынғаным орай, Құдайдың Өзі осы сөзді ойыма салған шығар. Сонда біз үшін Құдай Ұлының қаны ақсан фолғоталық айқыш ағаш көз алдыма келді.

Мен Құдайды түсінбеймін. Неліктен Құдай осындай-ларға жол беретінін мен білмеймін. Алайда, Оның сүйіс-пеншілігінің ескерткішіндей белгі бар. Үл – Исаңың айқыш ағашы. „Өзінің жалғыз Ұлын аямай, Оны біз үшін өлімге қиған Ол, ұлымен бірге бізге қажеттілердің бәрін қалайша сыйламайды?“ Елші Пауыл осылай дейді. Үл сөздің жаны бар: мен Исаңың айқыш ағашының қасында Құдаймен тіл табысқанымда, өзге мәселе жок-тай сезінемін.

Менің балаларым жас кезінде менің не істеп жүргег-німді түсіне қоймайтын, алайда олар: „Әкем бәрін дұрыс істейді!“ – деп, маған сенетін. Исаңың айқыш ағашы қасында Құдаймен тіл табысқанымда, сөйтіп Құдайдың баласы болғанымда, мен де Аспандағы Әкеме сенемін: Ол бәрін дұрыс істейді. Сонда менде ешбір сұрақ тумайды да. Барлық істің түйіні мынада: сіздер Құдайдың соңғы Сөзі – Исаңы қабылдауларыңыз керек!

Сіздердің мені тағы да бес минут тыңдауға төзімдерінің жете ме? Мен сіздерге тағы өте маңызды бір нәрсені айтуым керек.

5. Құдайдың үндемеуі бізді шақырган дауысы болуы мүмкін.

Құдай неліктен анаған немесе мынаған жол береді деген тақырып бойынша сафаттап пікір таластыруға болады, бірақ мәселе тек өзіңде тірелгенде, ол – нағыз өзекті және өткір бола түседі. Осылай емес пе? Өзімнің өмірімдегі қорқынышты, көңілсіз сэттерде мен тек Иса-ның айқыш ағашының жанында жеңілдік табамын.

Жақында бір жас қызы өте туңілген кейіпте маған былай деді: „Мен бұдан әрі өмір сүре алмаймын!“ Сіздердің қандай жағдайда екендеріңіз маған беймәлім, алайда, өмірлерінізді қапас деп түсінсеңіздер, мен сіздерге айтар едім: оның бәрі „Неліктен? Неге?“ деген сұрақ қоюла-рында, оның орнына „Не үшін?“ деп сұраған жөн болар еді. Осыған орай мен сіздерге мынаны айтуға тиістімін.

Бірнеше ондаған жылдар бұрын мен сүмдық оқиғалар жайланаған бір шахтерлер аймағында діни жетекші болдым. Бірде бір шахтер оқыс жазатайым оқиғаға үшырады деп естідім. Оның беліне тас түсіп, денесінің төменгі жағы жансыз, сал болып қалған, оның осыдан сауығамын-ау деген үміті әбден үзілген еді. Сүмдық қой! Мен оған оның денсаулығын біле бардым. Бұл – менің бұрын-соңды барып жүргендерімнің ішіндегі ең бір қорқыныштысы болды. Оның бөлмесінде шахтерлер толып отыр екен. Үстел үстінде арақ шөлмектері самсып тұр. Сал болған адам өзінің арбасында отыр. Мен ішке енгенде: „Сен, қара барылдақ торғай, кірме! Менің беліме тас құлағанда, сенің Құдайың қайда болды? Құдай неге үндемейді?“ – деген дауыс шықты. Оның арты балағаттауға ұласты. Нағыз тозақ дерсің! Мен ештеңе айта алмай, келген ізіммен қайта шықтым. Осы аймақтағы шахтерлер арасында менің бірнеше досым бар еді. Келесі кеште, шағын фана топпен әңгіме үстінде, мен сол үйге

барғаным туралы айттым. Арада бір апта өткенде, манағы шағын топпен әңгімелесуге жиналышп жатқанымда, есік ашылып, сал болған шахтердің арбасы ішке енді. Шахтер достарым оны әңгімеге алышп келген екен. Олар оны ұзақ үгіттеді ме, білмеймін, бірақ байқауымша ұзақ емес сияқты. Міне, ол алдында отыр. Сол жолы мен: „Құдай адамзатты өте қатты сүйгендіктен...“ – бірақ біздің осында жақсы өмір сүруіміз үшін емес, жоқ, – „...Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді“, – деген тақырыпта әңгіме бастадым. Мен Құдайдың соңғы Сөзі – Иса туралы, оны тыңдау керектігі жайлы айттым: „...Исаға сенуші адамның жаны тозаққа түспейтінін...“ тілге тиек еттім. Ал мұны әлгі шахтер тыңдады. Ол Иса туралы бірінші рет естіді. Сол кезде ол жарық дүниені қайта көрді. Қысқаша айтқанда, үш айда ол Тәңірім Исаңың игілігіне айналды. Оның өмірінде бәрі қалай жаңағанын айтуға – тіл жетпейді. Оның тұрған үйі ретке келтірілді. Бұрын балағаттау сөздері жайлаған жерде, енді Исаңы даңқтаған өлеңдер айтылды. Ескі достарынан қол үзіп, жаңа достар тапты. Арақ шөлмектері жоғалышп, үстел үстінде Киелі кітап орын алды. Мен мұны ешқашан ұмыта алмаймын. Оның „Амзель“ деген есімі өте нәзік естілуші еді. Оның есімін осы арада айтқанымда ол ренжімес, өйткені ол енді мәңгілікке кетті. „Амзель, – дедім бірде мен оған, – халың қалай?“ – „Ah, – деп жауап берді ол, – Исаға өмірім бағышталғаннан бастап, күнәлағым кешірілгеннен бастап, Құдайдың баласы болғаннан кейін, менің үйімде, – ол осы арада аздап бөгелді де, ойын әрі қарай жалғастырып, – әр күн – Исаңың Туған күні мейрамы алдындағыдай!“ – деді. Шахтер үшін тамаша айтылған сөз емес пе?! Ал содан кейін ол менің есімнен кетпес әңгіме айтты: „Буш, мен жуырда өлемін, оны сеземін“. Біз жақсы достар болғандықтан, бір-бірімізben „сен“ деп сөйлесетінбіз. „Сонда, қақпадан өткеннен кейін, мен Құдай алдына барамын. Өлім – ақыры емес екені маған әбден түсінікті. Мен онда, мәңгілікте, Оның тағының алдына барғанымда, етпетімнен жатып, бел омыртқама зақым түсіргені үшін, Оған алғысымды жаудырамын“. Мен шошып кетіп: „Амзель, сен не айттып

тұрсың?“ – деп, сөзін бөлдім. Ал ол маған былай деді: „Мен не айтып тұрғанымды білемін. Егер бұл оқиға болмағанда, егер Құдай мені құдайсыздар жолында тастап кеткенде, мен бірден тамүққа түсер едім, мәнгілік өлер едім. Сондықтан Құдай Өзінің құтқарушылық сүйіспен шілігімен менің өміріме араласып, бел омыртқамды үзді, Құдайдың бақытты пендесі болуыма көмектескен, Өз Ұлы – Исаны табуыма жәрдемдесті. Мен осы үшін Оған рақмет айтқым келеді!“ Мұнан әрі жадымда әбден жаттаған мына сөзді айтты: „Сап-сая екі аяқпен тамүққа жүгіргенше, одан да сал болып, Исаға берілу, Құдай баласы болу – көп артық!“ Сонда мен оған былай дедім: „Қымбатты Амзель! Құдай саған үлкен қыыншылықты жіберді. Алғашында сен қасарысып: „Құдай қайда? Неге Ол үндемейді?“ – дедің. Ал қазір Құдай саған сырқатты не үшін жібергенін білесің: Ол сені – Исаға, ал Иса сені – Оған апару үшін, сырқатты жібергенін түсіндің.“.

Енді сіздер көрдіңіздер фой? Бізге „неге?“ деп сұраудың қажеті жок, керісінше – „не үшін?“ деп сұрауымыз керек. Сіздерге тағы бір айтайын дегенім: өміріміздегі бүкіл қыындық – Құдайдың Иса арқылы бізді Өзіне тартуына барып тіреледі. Мен әнұрандағы мына бір шумақты айтуды ұнатамын: „О, Экем, мені Ұлыңа тарт, себебі, Ол мені Саған әкелсін. Өз Рухынды жүрегіме үялат, өйткені Құдайдың жан тыныштығы менде болсын, сөйтіп мен Саған жыр-дұғаны қуанышпен айтайын“. Сіздердің де осы мен секілді ән салып, дұға оқуларыңызды өте қалаймын.

БІЗДІҢ МАХАББАТҚА ҚҰҚЫМЫЗ

Кейде бұл тақырыпты мен былайша тұжырымдаймын: „Махабbat күнә болады ма?“ Мұнда әңгіме тән сүйіспен шілігі, яғни біздің бәрімізді ынталандыратын жағдай туралы болып отыр. Менің „Біздің махаббатқа құқымыз“ деген тақырыпқа кірісімे рұқсат етініздер. Бұл туралы мен өте елеулі және маңызды жақтарды айтпақпын.

1. Сұмдық бақытсыздық

Адамдар ешқашан да дәл қазіргідей жалғызысырамағаны, сонымен бірге қазіргідей жабырқаңқы тұрмағаны белгілі. Соған қарамай, адамдар бір-бірімен дәл бүгінгідей өте тығыз ешқашан өмір сүрген емес. Біз бір-біріміз-бен тығыз байланыста болғанымызben, біз ешқашан өзімізді дәл бүгінгідей жалғыз сезінген емеспіз.

Он алты жастағы бір жасөспірімнің: „Менің ешкімім жоқ!“ – дегені бар. Мен оған қарсылық білдіріп: „Ондай орынсыз сөзді айтпа, балақай! Сенің әкең бар фой!“ – дедім. – „Әй! Ол шалды қойыңызшы, – деді ол, – түстен кейін, сағат бестер кезінде үйге келіп, аздал үрсады да, тамақтанып алыш, тағы да кетеді“, – „Ал сенің шешең ше?“ – „Оның жұмысы бір басынан асып жатқандықтан, оның маған мойын бұруға да мұршасы жоқ!“ – „Ал сенің жұмыстас достарың ше?“ – „Бұлар әріптестер фана! Шын көніліммен мұнымды шағар ешкімім жоқ“. Мұны маған он алты жастағы жасөспірім айтып тұр. Алайда мұндай жалғыздық балаларда фана болмайды. Кейде, қасында күйеуі жатса да, бүтіндей жалғыздықты бастан кешіре-тін әйелдер, сондай-ақ оған керісінше, еркектер де бар. Күйеуі – әйелін не толғандырып жүргенінен бейхабар. Ал әйелі болса – еркегінің мұң-мұқтажын біле бермейді. Осыларды да ерлі-зайыпты дейді-ау! Біздің бәріміз, шын мәнінде, жалғыздықты бастан кешірудеміз!

Осы кездегі пәлсафашилар кіслердің жалғыздығы туралы айтқанда, аудиторияда адамдар толып отырады.

Адам жалғыздықтан құтылуды көксеп, жан дауысын шығарады. Көрдіңіздер ме, жалғыздықтан құтылу туралы қамығушылық – өміріміздегі ең үлкен күшпен, жыныс құштарлығымен ұласып жатыр. Он бес жасар жасөспірім өзін жалғыздықтан құтқаратын құрбысын іздейді, сөйтіп бөгеттер қираиды. Ер адам әйелмен бірге тұрса да, мұлдем жалғыз қалғанын сезініп, хатшы әйелге: „Осы мені жалғыздықтан құтқарап“, – деген оймен қырындайды. Университеттегі 11 мың немесе 20 мың жастың арасында жүрсе де, жас студент жалғызырап, өзіндей бір студент қызбен өмір өріне бірге аттанады. Жалғыздықтан құтылуға ұмтылу – өмірдің ең қуатты түйсігі – жыныс құштарлығымен қауышады, сондықтан да біз қазір төтенше азғындыққа салынған әлемде өмір сүріп жатырмыз. Адамдардың жалғыздықтан құтылағатын жолды іздеуін түрлі іскерсұмақтар өз пайдасы үшін пайдаланып қалуға тырысады, мысалы: кинофильмдер шығарушылар мен жазушылар. Олардың ұраны: төсек ләzzатынсыз – бірде-бір кино түсірілмесін! Ерлі-зайыптылардың опасыздығын суреттемейтін бірде-бір кітап жазылmasын!

Егер байқап отырсаныздар, онда ашыналық, көnlін табу, сую сияқты қылыштар нәзік сезімді, жарқын қуаныштарды туғызатындаі көрінеді. Жас қыз маған былай деді: „Діни жетекші мырза, бұл жөнінде біз бабаларымызға қарағанда, басқаша түсініктеміз. Біздің адамгершілігіміз, этикамыз да – жаңа!“ Мен оның алдында қалпағымды қолыма алып: „Мә саған, безгелдек!“ деп айтуға дайын едім. Алайда үлкен қалада көп жыл бойы діни жетекші болғандықтан, мұндай көпірме сөзге сенбейсің де. Осы барлық еліре сөйлеушілік-бетперде ғана екенін, тәжірибемнен білемін, ал оның тасасында талай бақытсыздық жатыр: жас жігіттер мен қыздардың әделсіздік жасап, өз бастарын өздері алып жүре алмауы, ерлі-зайыптылардың бірін-бірі алдап, екіжүзділік жасауы немесе айырылып тынуы, – шексіз бақытсыздық! Жеке бақытсыздық туралы біз бәріміз де білеміз. Мен басқа бір халық туралы емес, сіздер мен біздердің басымындағыны айтып тұрмын.

Бірнеше жыл бұрын Липперленд деген кішкене қала-да, тек жастар үшін мен осындай дәріс оқығаным бар. Залға кірген мен: „Бұл – тамүқ қой!“ деп ойладым. Жігіттер мен қыздар тартқан шылымның тұтіні бұркы-рап тұр. Біраз жігіт арағы бар шөлмек те алыш шыққан. Қыздардың кейбірі жігіттердің тізелеріне жайғасқан. Осындай жерде менің сөйлеуім керек! Тапқан жерімнің түрін қараши! Осыны ойладым да, сөзімді мынадан бастадым: „Жыныстық қатынас төнірегіндегі жағдай – сұмдық!“ Осы бір сәтте терезе жапқыш көтерілгендей сезім пайда болды. Тіпті, бір жігіттің қасындағы қызын „былай тұр“ – деп, кейін шегіндіргенін де байқап қал-дым. Міне, сөзім оған дарығандай. Аяқ астынан зал іші үн-тұнсіз күй кешті, сонда мен ықтиярсыз былай деп ойладым: бір көргенде бәрі де қуаныш пен шаттыққа толы секілді болып көрініп еді, бірақ „Жыныстық қаты-нас төнірегіндегі жағдай – сұмдық!“ – деп, олардың жан-ды жерлеріне тиген көрінемін.

2. Бақытсыздықтың мәні неде?

Білесіз бе – бақытсыздық, біздің шын мәнінде, жақ-сылық пен жамандықты айырудан қалғандығымызда. „Біз қазір бұл мәселе жөнінде басқа көзқарастамыз!“ – дейміз біз. Бірақ бір нәрсе өзгермейді: күнә – ақиқат. Егер мен күнәға батсам, онда бұл менің арыма салмақ түсіреді. Бұл – шындық! Сол себептен, бақытсыздық жақсылық пен жамандықты айыру мүмкіндігінен айрыл-ған сәтте туады. Сөйтіп, маған бір тұрпайы сұрақ қоюға мүмкіндік беріңіздер: некеге дейінгі жыныстық қатынасты қолдауға бола ма, әлде – бұл қастық па? Қыздар ара-сындағы қалыптан тыс бұзылған сүйіспеншілік – күнә ма, әлде жоқ па? Ерлер бір-бірімен (гомосексуализм) немесе балалармен айналысатын былапты іс – бұзықтық па, әлде жоқ па? Онанизм, неке бұзу – бақытсыздық па, әлде жоқ па? Шын мәніндегі жамандық дегеніміз – не, жақсылық дегеніміз – не? Міне, бақытсыздық қайдан басталады! Мындаған романда бұл мәселені жақсылық

пен жамандықтан тыскары, сыртқа алып шығарып, сол арқылы бұл мәселені жапқандай сыңай танытады. Жақтырмаушылықтың жаман екені рас қой, ал бұл мәселе жақсылық, және жамандықпен үш қайнаса сорпасы косылмайды. Осы күнгі фильмдерді алышыздарды: сүйісіп жатқандарды жақындастып көрсетеді, ал содан соң перде түсіріліп, оның артында көлеңкелердің қымылдарын көрсетеді. Міне, мұның бәрі өмірде солай болуы тиісті секілді, жақсылыққа да, жамандыққа да еш қатысы жоқ секілді. Бұл – дұрыс па? Жақсысы – қайсы, жаманы – қайсы? Жас жігіт кезімде мен саналы түрде маған не рұқсат етілді, не рұқсат етілмеді деген мәселені шешуге тырысқанымды білемін.

Бұл сауалға дұрыс жауап беру үшін, ең алдымен басқа: жамандық пен жақсылықты шын мәнінде кім айырады? – деген сұрақты қойған жөн. Мұнда қорытынды сөз кімдікі? Бірде маған бір жұбайлардың келгені бар. Әйелдің қабағы қарамық түстес, ал ол – тұрақсыз, саусақтарының басы темекіден сарғайып кеткен жас жігіт екен. „Сендерге не болғанын жеті шақырымнан-ақ айыруға болады екен“, – дедім мен оларға. Соңда бикеш маған: „Онда тұрған ештеңе жоқ қой, діни жетекші мырза. Мұнда тұрған дәнене жоқ!“ – деп түсіндірмек болды. Мен дау айттым: „Тоқтай тұрыңыз! Мұнда не барын, немесе не жоғын кім айыра алады?“ Иә, жақсылық па, жамандық па – оны кім айыра алады? Қауым ба? Жоқ! Оған мен де көнбес едім. Жас кезімде өз өміріме діни жетекшінің билік айтуын ешқашан мойындаған емеспін, ал қазір өзім діни жетекшімін. Сонымен ізгілік пен жауыздықтың ара-жігін кім айыра алады? Амалия жеңгей ме? Әлде менің жеке ар-ұжданым ба? „Мен өзімнің ішкі үніме құлақ асудамын!“ Шын мәнінде: „мынау – дұрыс, мынау – бұрыс“, – деп кім айта алады?

Көрдіңдер ме, біз өте маңызды мәселеге таяндық. Егер әлемнің Әміршісі аталатын тірі Құдай болса, Ол нениң жақсы, нениң жаман екенін айтуы тиіс! Егер ешқандай Құдай болмаса, онда өз білгендерінді істеңдер! Ал, тек Амалия жеңгей үшін өзінді-өзің дұрыс ұстаудың мәнісін түсінбеймін. Мұндай жағдайда әркім-

нің көкейінде: „Осы Құдай бар ма, әлде жоқ па?“ – деген сауал туатыны сөзсіз. Мен, ары таза болмаса да, Тәнірім Құдайға сенеміз деген адамдарды білемін. Сандарап! Құдай бар екен, демек, Оның еркі адам өмірінің бүл саласына да тарауы тиісті. Сізге шешім қабылдау қажет. Сіз өз өміріңден Құдайды аластата алуыңыз мүмкін, бірақ есінізде болсын, онда сіз осында жағдайда өлесіз де! Біз 45 жасымызда Құдайсыз өмір сүрудеміз, ал кейін – картайғанда, дін тәртібін ұстаймыз деп, айта алмаймыз. Бұлай болмайды! „Тәнірді әлі табуға болатын кезде, Оны іздендер!“ – делінген Киелі кітапта, бірақ онда: „Бізге қолайлы болғанда“, – деп айтылмаған. Мен тағы да ескертемін: егер Құдай болмаса, сіз өзіңіздің қалауыңызша өмір сүруге еріктісіз. Егер Құдай тірі десек, онда Ол неңің жақсылық, неңің жаманшылық екенін айтуы тиісті. Бұл өзі осылай емес пе? Ал енді мен сіздерге: „Құдай шын мәнінде – тірі“, – деп айтамын! Құдай шынымен – тірі! Егер сіздер менен: „Оны қайдан білдіңіз?“ – деп сұрасаңыздар, мен сіздерге былайша жауап беремін: „Өйткені, Ол Исада ашылды“. Мен сіздерді осыған сен-діргім келеді. Иса келгеннен бері, әрбір Құдайға қарсы жіберген жеңіл ойлылық немесе Оны жоққа шығару – не білместік, не қасқунемдік болып табылады. Құдай – тірі! Ал Ол тірі болса, онда жақсылық пен жаманшылық туралы айтылған соңғы сөз – Сонікі. Сіз Оны өзіңізден аластатып, былай деп айтуыңыз мүмкін: „Біздің моральдық бастауларымыз басқа!“ Бірақ сіздің Құдай алдында өз өміріңіз үшін есеп беретініңізге мен кәміл сенемін!

Құдайдың неңің ырызылдық, неңің қырсық екенін Өзі анықтауы – қандай жеңілдік десеңізші! Ол Өзінің Сөзі – Киелі кітапта бұл туралы анық та, айқын айтқан. Бірде бір адамның менен таңырқай былай деп сұрағаны бар: „Киелі кітапта осылар туралы да айтылған ба?“ Мен оған: „Иә, онда осылар туралы да айтылған! Құдай жыныстық өмір саласында болатын жақсылық пен жамандық жайын анықтап көрсеткен!“ – деп жауап бердім.

Мениң не айтпағымды сіздер аңғарған боларсыздар? Мәселені былайша қойған жөн: „Құдай адамдардың

карым-қатынасының осы бір саласы туралы не дейді?“
Киелі кітапта бұл жөнінде не айтылғанын көрелік.

3. Құдай не дейді?

а) Құдай тән құмарлығын растайды.

Бір ақынның былай деп түсіндіруге тырысқаны бар: кіндігімнен жоғары – мен діндармын, кіндігімнен төмен – діңсіз бейбақпын. Бұл – есуастық! Киелі кітапта: „Құдай адамды жаратты, ерек пен әйелді жаратты!“ – деп анық айтылған. Құдай бізді тән құмарлығымызбен қоса жаратты. Сондықтан мен мұны бұл жерде ашық айтып тұрмын. Бұл – құпия емес. Құдай мені ерек және сіздерді де ерек етіп жаратты. Сондықтан да қылжақпас емес, ерек болайық. Ал сізді Құдай әйел етіп жаратты. Демек, әйел болыңыз! Эйелдің еркектің орнында болғысы келуі немесе керісіншесі – бұл – ауру. Түсініп тұрсыздар ғой? Нағыз әйел болыңызыш! „Құдай адамды жаратты, ерек пен әйелді жаратты“, – ал басқа ешқандай жыныс жоқ. Құдай тән құмарлығын растайды. Мұны әркімнің білгені жөн. Оны қырық сақта жүгіртуудің қажеті де шамалы. Еркектер болсын, әйелдер болсын – біздер жаралған жандармыз.

Алайда біз адамгершіліктен кеткен жаратылыспыз. Қазір дүние Құдайдың әуел баста жаратқан кезіндегідей емес. Сондықтан да нәпсі, құмарлық сияқты маңызды да әдепті сала ерекше қауіптілікті бастан кешіруде. Міне, осыған орай Құдай оған шек қойып отыр:

ә) Құдай тән құмарлығын неке арқылы шектейді.

Ол тән құмарлығын растап, оны неке арқылы шектеді. Неке – қоғамдық шарт емес, Құдай бекіткен іс.

Осы туралы көлемді кітап жазған американдық бір психиатр, өзі Мәсіх жолын қуушы болмаса да, былай дейді: „Бұл туралы Киелі кітапта жазылғаннан басқа, анағұрлым жақсы ұсыныс болған емес: Құдай адамды жаратты, ерек пен әйелді жаратты“. Одан әрі ол ойын былай деп жалғастырды: „Мен – Мәсіх жолын қуушы

емеспін, бірақ психолог ретінде айтайын: шын мәнінде тек осы ғана дұрыс неке болып табылады“. Сіздер дұрыс түсініңдер: нағыз неке – голливуд жүлдыштарындағы жетінші, сегізінші, тоғызынышы немесе оныныш „неке“ емес! Егер жүлдыштардағыдан неке – нағыз неке деп жар салатындар болса, ол – біздің уақыттымыздың ойсыздығы және біздің дәрменсіздігіміздің күесі. Құдай некені сүйіспеншілік пен сенімділік некесі етіп белгіледі.

Ал енді неке туралы қысқа сөзімді айтайын. Қымбатты зайдиптар! Сіздер ерлеріңіздің тамағын пісріп, үзілген түймесін қадағандарыңызбен, әлі зайдип бола алмайсыздар. Күйеулер! Зайдиптарыңызға қамқорлық жасамай, тек шаруашылыққа жұмсау үшін, ақша берумен тынсаныз – бұл жеткіліксіз. Құдай еркімен жасалған неке, жалғыздықтан құтылудың негізі болуы керек. Некеде тұргандар, сіздердің некелеріңіз осындай ма? Мүмкін, сіздердің бір-біріңізбен кеңесіп, қайда келіп тірелдік деп ақыл қосуларыңыз керек шығар? Біздің некеміз жалғыздықтан құтылудың негізі болуға тиісті еді! Құдай алғашында: „Адамға жалғыздық жараспайды, оған көмекші жасаймыз“, – деген болатын. Түсінесіздер ме: жалғыздықтан құтылу!

Жазушы Венде айтқан бір оқиғаны осы арада келтірген орынды: „Кішкене кезім, әке-шешем әпкем екеумізді туыстарымыздың үйлену тойына алып барды. Бұл менің мұндай тойға бірінші қатысуым еді. Сондықтан маған бұл өте қызық болды. Ең алдымен женіл арбамен ғибадатханаға бардық, содан соң қонақ үйде үлкен түскі ас берілді. Менюдің арт жағында „балмұздак“ деп жазылған еken. Әпкем екеуміз үстелдің шет жағында отырғанбыз, есіл-дертіміз балмұздакты тезірек берсе еken дейміз. Бірақ, қырсық қылғандай, бір кісі ұзақ сөз сөйлеп, балмұздакты экелер түрлері жоқ. Ал мына сөз бізге кісі жалықтыралық болып көрінді. Соған қарамастан, сөйленген құттықтау, сөздерінің бірі есімде осы уақытқа дейін қалды. Бір ағай өзінің қуақылығын көрсеткісі келіп, былай деді: „Менің қымбатты қонақтарым! Аспанда, некеленгендеріне бір секунд те ренжімейтін жұбайларға арналған, екі орындық қойылған көрінеді.

Бірақ бұл орындықтар әлі күнге дейін бос түр деседі!“ Осы сэтте оның сөзі болініп кетті: менің әкем мерекелі үстелдің екінші жағына жайғасқан шешеме: „Бұл орындықты біз аламыз!“ – деп, үлкен топты жара айқай салды. Мен кішкене бала болғандықтан, бұл ойдың астарында не жатқанына мән бергенім жоқ. Алайда мені өз үйімнің шуақтығын сезінгендей қуаныш билеп алды. Сіздердің некелеріңіз де осындай ма? Құдай оның дәл осындай болуын ойлаған!

Мен үйленгенде, менің егде тартқан әріптесім өте қысқа сөйлеп, Киелі кітаптан: „Өзіңе сәйкес көмекшіні жасаймыз“ деген жырды оқып берді. Немісше аудармасы: „Оған, оны қамқорлыққа алатын, көмекші әйел жасаймыз“, – деген сөз. „Ол оның үстінен билік жүргізетін менменшіл ханым, болмаса оған иіліп қызмет көрсететін күңі емес, оның жанында өмірбақи жүретін зат секілді емес, оны өз қамқорлығына бөлеген, көмекші болуы тиісті“, – деді ол сонда. Егер уақытым болса, осындай неке үшін мадақтау дұғасын оқығым келер еді.

Әкемнің өзінің күміс тойы үстінде шешеме қарап тұрып: „Мен жиырма бес жыл бойы сені барған сайын бұрынғыдан бетер жақсы көремін!“ – деген сөзі маған өте терең әсер етті. Сонда мен ширек ғасыр ішінде барабара сөніп, қоламтаға айналған махаббат оттары туралы ойладым. Өте өкінішті! „Тындашы, бәрін басынан бастасақ қайтеді!“ – деп айтатын ерлі-зайыптылар көп екенін білемін. Мұның мүмкіндігі бар, солай болуы керек те!

Енді үшіншісіне келелік: көптеген жас адамдар былай дейді: „Мен тіпті үйлену туралы әлі ойланған жоқпын. Онда жағдай қалай болар екен? Біз ойымыздағыны істей аламыз ба?“ Мұндайларға мен мынаны айтар едім.

б) Құдай жастардың бұзылмағанын қалайды

Әрине, бұл қазір құлқілі болып естілуі де мүмкін, бірақ Құдай уақытқа сай (модаға сай) ойлай ма? Бұл менің сөзім емес, Киелі кітапта осы туралы айтылған.

Мен мүмкіндігінше осыны аздал негіздесем деймін. Көріп тұрсыздар ма, Киелі кітапта тамаша бір ой бар.

Онда Үісқақ деген жас жігіт туралы әңгімеленеді. Бірде әкесі өзінің қызметшісін оған қалыңдық іздеуге жібереді. Ол кездесетін келінін көрмесе де, оған сол кездің өзінде-ақ сенімді болды. Сіздер, әлі үйленуді ойламаған жас жігіттер, Құдай сіздерге қажет деген уақытта жаксы жар кездестіретініне сеніңдер. Бұл қызыға сіздер осы кезден-ақ шынайы берілгендейтін білдірулеріңіз керек. Немесе, керісінше. Сіздер, қыздар, әлі кім екенін білмейтін, болашақ күйеулеріңізге шынайы сенімділікте болуға тиістісіздер. Киелі кітаптағы ой осындай. Құдай жастардың бұзылмауын қалайды.

Бірде таныс психиаттор дәрігердің маған былайша түсіндіргені бар: „Қыздың шын мәнінде бір-ақ рет шынайы сүйеттініне көзім жетті, – деді ол, – оның жүрегі бір-ақ рет ашылады. Егер мұндай қыз ашыналық жасап қойса, онда ол некеге жарамайды. Ол жетінші күйеуге шыққанымен, алғашқы махаббатын ойлай береді“. Мен оған былай дедім: „Қызық екен, сіз Құдай Сөзінде айтылған пікірді, психиатрия саласынан айтып тұрсыз“.

Сөйтіп, мен мынаны ашық айтуға тиіспін: некеге дейінгі жыныстық қатынас, махаббатты бұзықтыққа айналдыру, гомосексуализм, опасыздық (бірінің көзіне бірі шөп салу), айырылысу – мұның бәрі күнә болып табылады, осылар үшін қасиетті Құдай алдында жауап беруге тиіссіздер!

Шынын айтқанда, осымен тоқтауыма да болар еді. Құдайдың еркін тану, шешуші сөз – Соның бір Өзінікі екенін түсінудің өзі – жас адам үшін үлкен көмек болып табылатынын өз тәжірибемнен білемін. Бірақ тағы да азырақ аса маңызды жағын айтпай, орта жолда тоқтап қалу, қатігездік болар еді.

4. Бұл бақытсыздықты қалай жеңеміз?

Киелі кітаптан ғажап, жүрек тебірентерлік әңгімені оқуға болады. Тірі Құдайдың Ұлы – Иса адамдар арасында. Бір уақытта айнала қоршап тұрғандар екі жарылып, келе жатқандарға жол береді. Діни қызметкерлер

мен қарапайым халық жас, әдемі әйелді әкеле жатыр. Киімі жартылай жыртылған сол бір байғұс әйелді мен көз алдымға жақсы елестете аламын. Олар оны Исаға әкеліп, былай дейді: „Иса! Біз мына жас әйелді зинақорлық үстінде ұстадық. Құдай Заңы бойынша зинақорларға өлім жазасы кесілуі тиісті. Иса, Сен әр дәйім мейірімділік көрсетуші едің, бірақ Құдай еркіне қарсы ештеңе айта алмассың енді. „Бұл әйелге тас лақтырылсын“, – деген сөзінді Өз аузынан естігіміз келеді!“ Сол кезде Иса жас әйелге қарады да, былай деп жауап берді: „Иә, Құдай мұндағы өте қатал қарайды, Оның еркі бойынша – бұл әйел өлуге тиісті“. Әйелді алып келгендердің жүздері жайнап кетті. Тіпті кейбіреулері тас лақтыруға дайындалып, тасқа жармасып жатты. Алайда Иса сөзін жалғастырып: „Бір азырақ сабыр етіңіздерші! – деді. – Кімде-кім өзінің ойында, сөз жүзінде, ісінде еш күнәсізбын десе, сол адам тасты бірінші болып лақтырын!“ Содан соң Иса еңкейіп, құмға бірденелерді жазды. Оның не жазғанын менің білгім-ақ келеді, бірақ ол туралы Киелі кітапта айтылмаған. Біршама уақыттан кейін Ол басын көтеріп, жан-жағына қараған кезде, алаң бос қалған екен, қасында тек әйел фана тұр. Киелі кітапта: „Оларды өз ар ождандары әшкерелегендіктен, олар кетіп қалды“, – деп айтылған.

Ал енді мен бәріңізге қарап айттар едім: сіз ойыңызда, сөзіңізде және ісіңізде еш қылау жоғына сенесіз бе; сөйтіп бұл әйелге бірінші болып тас лақтырап ма едіңіз? Бірінші болып тас ата аласыз ба? Оны істей алмайсыз, солай емес пе? Демек, осындағы жиналғандардың бәрі де күнәлілар емей, немене?

Міне, көрдіңіздер ғой, бұл адамдар керісінше жасауы тиісті еді. Олардың: „Тәңірім Иса! Бізді де осы әйелмен қатар қой. Сен оны айыптамадың, бізге де көмектес!“ – деп айтулары керек еді. Біздің заманымызда жыныстық бақытсыздыққа көмектесетін Исадан басқа ешкімді де көре алмай тұрмын. Бұлай деуімнің себебі, мен Оның көмегін пайдаланғандардың бірімін. Иса туралы айтқан кезімде, мен қайдағы бір теорияны дамытқым келіп отырғаным жоқ. Ол менің өмір тәжірибемнің басшысы

болды, қазір де солай болып келеді. Діни жетекші де – кездейсоқ біреу емес, ол да – адам баласы фой. Сіздер сияқты, оған да Құтқарушы қажет-ақ.

Мен өз өмірімде мұндай Құтқарушының барын әрқашан сезетінмін, ал екі жағдайда толығымен сезіндім:

в) Иса күнәны кешіреді:

Сіздердің күнәларыңызды діни жетекші немесе діни қызметкер, тіпті періштерелер де кешіре алмайды. Бірінші арам ой және әрбір құлдырау – күнә болып саналатыны сөзсіз. Сіз өз күнәңызды арқалап, Құдай сотына баrasыз. Егер Исаны таба алмасаңыз және өз күнәларыңызды мойында масаңыз, онда сіз кешірім ала алмайсыз. Біздің күнәмьызды кешіретін – Исаңың бір ғана Өзі.

Исаңың алдында рухтана тұрып, былай деңіздер: „Енді мен жастық шағымның барлық күнәсын Сенің алдыңа жайып саламын. Бүкіл теріс қылықтарымды Саған айтсам деймін, ештеңені бүгіп қалғым келмейді“. Сонда Оның айқыш ағашына көз салып, мынаны айтыңыз: „Исаңың маңдайы мен бетінен аққан қан, айқыш ағаштан сорғалап төгілді. Сол қан менің сан жетпес күнәларымның бәрін жуып-шайды“. Естіп тұрсыздар ма? „Иса Мәсіхтің қаны бізді қандай күнәдан болса да тазартады“. Бұл – күнәдан Құтылу сөзі!

Мен он жеті жасымда солдат болдым. Армия мені батпаққа батырды. Бірде үйқыдан жаңа оянғандай қүй кешіп, былғанышты жолыма көз жібердім де, өзімнен өзім: „Мен жастығымның бұл сырқатынан қалай айықсам екен, кім айықтырады?“ – деп сұрадым. Сонда мен Исаңың өткенімді өшіріп, күнәмді кешіретінін түсініп, Иса Тәңірge ден қойдым. Қазір мен Онсыз өмір сүре алмайтынымды білемін.

Бірде Дюссельдорфте өткен бір үлкен жиналышта, мен Иса күнәны кешіруі арқылы, өткенді өшіретіні туралы айттым. Жиналыш аяқталып, бәрі шығуға лап қойғанда, бір ұзын бойлы, келісті кісінің топты жарып, маған қарай келе жатқанын байқадым. Ақырында абыржып, тынышсызданғаны жүзінен білініп тұрған әлгі кісі менің алдыма келіп: „Сіз әлгінде айтқан күнәны

кешіру туралы сөз – шындық па?“ – деп сұрады. – „Иә, – деп жауап бердім мен, – Құдайға шүкір, соның арқасында мен, міне, – тірімін!“ Сонда ол былай деді: „Мен – психиатрмын. Маған есі ауысқан көптеген адамдар келеді. Олардың сырқаты көп нәрсемен байланысты, бірақ соның сыры неде екенін өздері білмейді. Көп жағдайда, олардың науқастары олардың бастарынан өткізген ескі қателіктеге байланысты, ал олар оны естеріне не алғысы келмейді, не түсіре алмайды. Осы ескі оқиғаларды қозғап, естеріне салу үшін, маған олармен көп жұмыс жүргізуіме тұра келеді. Мен тек теріс қылыштарды: жалғыздықты, дау-дамайды, ақылсыздықты аша аламын, шіркін, күнәның өзін жоя алсам фой деп, жиі ойланамын! Сондықтан, діни жетекші Буш мырза, сізден сұрайтыным: күнәны жоя алатын Әлдекім шынымен бар ма осы? Осы – шын ба, жоқ па?“ Сонда мен тағы да қуанышпен былай дедім: „Құдайға тәуба, бар!“ Сонда мен Жаңа Өсиеттегі: „Иса күнәны кешіреді!“ – деген сөздің қаншалықты ұлы екенін туғсіндім. Екіншіден:

г) Иса бұғаудан босатады

Бірде мен ете сұлу хатшы қызыға: „Қызыым, құрып кетуге аз-ақ тұрсың, бастығыңмен қарым-қатынасың – кешірімсіз іс! Оны және оның отбасын бақытсыздыққа душар ете көрме!“ – дедім. Ол шын кейігендік пішінмен маған былайша актала жауап қатты: „Мен одан босай алатын емеспін, оны шын сүйемін!“ „Дегенмен, – деп наразылық білдірдім мен оған, – бұл адамның әйелі мен балалары бар фой, сен мейірімсіздік жасап тұрсың, шырағым!“ Ол тағы да: „Мен босай алатын емеспін!“ – деп қайталады. Мен бұл әңгімeden, оның өзі де осы байланыстан азап тартып, босайын десе, босай алмай жүргенін байқадым. Мен оған: „Көріп тұрсыз ба, күнә шынжырын біз, расында да, үзе алмаймыз, бірақ бұл туралы Киелі кітапта: „Иса Мәсіх кімді босатса, сол шын мәніндегі азат адам!“ – деп жазылған. Исаны шақырыңыз! Ол сізді бұғаудан босатады!“ – деп айта алғаным, өзімді бақытты сезіндім.

Мен әнұрандағы мына бір сөздерді өте ұнатамын. Онда былай делінген: „Келді де Иса, бұзылды кісен, шыңжыры ажалдың үзілді кілен; масқара істің шайқады Ол түбін, құтқарды мені Құдайдың Ұлы. Келді де Иса, құтқарды бізді! Құнә мен кінә бұғауын бұзды“.

Үлкен қаланың діни жетекшісі болып жүргенде, мен күнәның бұғауы қалай үзілгенін өз көзіммен көрдім. Жыныстық бақытсыздық пен байланыстар қыыншылықтарын сарапқа сала отырып, жастарға да, кәрілерге де Құтқарушы, Бастаушиның керек екенін түсінесің. Иса әдеттен тыс және шынайы еркіндік беретініне, әркімнің көзі жете алады. Сізге міндетті түрде Құтқарушы керек, әйтпесе, өміріңіз өкініште, текке өтуі мүмкін.

5. Әлем „агапе“ – сүйіспеншілікті аңсайды

Мениң тағы да бірер нәрселерді қосуым керек. Көптеген қыздар: „Иә, біз қырық жасқа келіп те қалдық, бірақ бізді ешкім алмады. Енді не істеуіміз керек?“ – деседі.

Білесіздер ме, мен соғысқа жұз процент қарсы болған адамдардың бірімін. Шын мәнінде, ондай болуыма осындаі қыздардың обалы мен бақытсыздығы себеп болды деп, түсінемін. Екінші дүниежүзілік соғыста бес миллион жігіт опат болды. Бұл дегеніміз – бес миллион қызды өз өмірінің асыл арманы – күйеуін бақытқа кенелтуден айрылты, біздің халқымыздың бес миллион аруы өз өмірін жалғыздықпен өткізуге душар болды деген сөз. Соғысқа қарғыс айтуға, бұдан бетер себеп табылар ма екен? Біздің халқымыздың бес миллион қызының бұл үнсіз бақытсыздығын түсінгіңіз келе ме? Олар бақытқа кенелтпек болған ерлер соғыс даласында жатыр. Мұндаі қыздарға мен балай айтар едім: „Құдай үшін, өздеріңізге бұйырмағанды үрлап аламын деп, құнә арқаламаңыздар! Өзге отбасын ойрандамаңыздар!“ Халқымыздың басына қауіпті жағдайлар мен азғырулар көпtek төнуде. „Иә, бірақ біздің не істеуіміз керек?“ – деп сұрайды олар. Мен оларға былай деп жауап беремін: „Егер бастарыңа осындаі іс түскен екен, „Болған іске болаттай берік

бол“, – демекші, бұл жағдайға көнген жөн. Егер сендер күйеуге шықпаған екенсіндер, одан өздеріңізді енді бақытсыз екенбіз деп, ешқашан санамандар!“

Киелі кітапта, ешкіммен тұрмыс құрмаған, Табита есімді көрі қыз туралы айтылған. Ол Иоппия қаласында тұрды. Бұл қаланы қазір Яффа деп атайды. Әлгі Табита өлгенде, елші Петір сол манда жүр еді. Оны Табитаның үйіне шақырады. „Көрі қыз өлім төсегінде жалғыз жатқан шығар“, – деп келген ол, бөлмеде адамның көбін көріп, қайран қалады. Бір жесір әйел: „Мына киімді маған Табита тігіп беріп еді!“ – деді. Зағип еркек: „Мен жалғыз едім, бірақ Табита жексенбі сайын келіп, бір сағат бойы маған кітап оқып беруші еді. Бұл – менің өмірімнің жарқын сағаттары болып еді!“ – деп еске түсіреді. Ал мұрындарынан су аққан жас сәбілер болса: „Біз – жетімдерміз, ешкімнің бізбен ісі болған жок, тек Табита фана бізге қамқорлық жасады!“ – деп, ризашылықтарын білдіріп жатты. Сонда Петір мынаны түсінді: Табита өмір бойы еркектерінің қасында болып, сонда да еңселері түсken кейбір әйелдерден, әлдеқайда жақсы өмір сүрген!“

Неміс тілінде сүйіспеншілікті білдіретін бір ғана сөз бар. Ал грек тілінде бұл қасиетті ұғым екі сөзben бейнеленеді. Жаңа Өсиет грек тілінде жазылды. Алғашында біз әңгіме еткен „махабbat“ деген сөзді грекше „эрос“ дейді. Осыдан барып „эротика“ сөзі пайда болды. Бірақ сүйіспеншілікті білдіретін тағы бір сөз бар: ол – „агапе“. Бұл Құдайдың сүйіспеншілігін білдіреді, мен осы туралы сіздерге айтқым келеді. Қүйеуге шықпаған қыздар, өз тағдырларыныңға мойын ұсынып, өмірлеріңізді „агапе“ сүйіспеншілігімен толықтырыңыздар! Әлем осындай сүйіспеншілікке зәру. Маған тағы да қайталап айтуға рұқсат етіңіздер: не – жақсы, не – жаман екенін бір Құдайдың Өзі ғана айыра алады. Құдай жастық шақтың пәк, таза, некенің берік болуын қалайды, ал өмір жолы неке жолымен құлыспаса, онда, басқа түскен іске көнуге тура келеді.

6. Біздің құқымыз жүрмейтін сүйіспеншілік

Сөзімнің қорытындысында Иса туралы тағы да қайталаپ айтуды жөн көріп түрмyn. Менің тақырыбым: „Сүйіспеншілікке құқымыз“, – деп аталады. Біздің құқымыз жүрмейтін сүйіспеншілік бар, ол – бізге өз еркімен сыйланатын сүйіспеншілік. Бұл – Иса Мәсіхтің сүйіспеншілігі! Біз – күнекарлармыз. Бізге Құтқарушы қажет. Өзім куәсы болған бірер жайды айтуға рұқсат етініздер. Бұл үшінші рейх тұсында болған еді, мен өзімнің діни көзқарасым үшін тағы да қамауда отырғанмын. Маған түрменің діни жетекшісі келіп: „Сіздің ісіңіз өте жаман“, – деді. Ол осыны айтты да, шығып кетті, мен болсам жападан-жалғыз камерада қалдым. Сонау биекте бір саңлау бар болатын, содан сәуле түсетін; менің денем тоқазын деді. Мен тап болған осы жағдайдың бәрі, бүкіл маңайыма ызғар жіберіп түрғандай. Мен әйелімді, балаларымды, қызмет орнымды, жастарды сағындым. Мен – жастардың діни жетекшісі едім ғой. Сөйтіп, мен: „Бір кездерде абақтыдан азат боламын-ау“, – деген сенімді жоғалтып отырдым. Кеш түскенде, мені үмітсіздік пен торығушылық жайлап алды. Сіздердің өмірлеріңізде осындай торығушылыққа тұсу болды ма, жоқ па, мен білмеймін. Дәл осы сэтте мен отырған камераға Тәңірім Иса келіп кірді, мен мұны басқаша куәландыра алмаймын. Ол – тірі! Иса жабық есіктен де ене алады. Ол мұны, менің көз алдыма Өзінің айқыш ағаштағы өлімін елестеткіздіріп, істеді. Мен Оның сөзін естідім: „Мен – Изгі Бақташымын! Изгі Бақташы өз өмірін қойлары үшін құрбан етеді“. Сол арада мені Исаңың қолы арқылы Құдай сүйіспеншілігі баурап алды, сондағы менің жүргегіме куаныш нұры құйылғаны сондайлық, тіпті мен әрең шыдадым. Мен сонда: бұл – біздің оны алу үшін еңбегіміз сіңбекен, құқымыз жок, бізге сыйланып отырған сүйіспеншілік екенін түсіндім.

Осы сүйіспеншілік сіздерге де ашық! Сол сүйіспеншіліктің өздеріңізді айналып өтіп кетуіне сіздер неліктен жол бересіздер? Ол тікелей сіздердің жүректеріңізге үялағысы келіп тұр емес пе!

ҚҰДАЙМЕН СӨЙЛЕСУГЕ БОЛАДЫ МА?

Мына бір шағын оқиға Швабияда болған. Бір қыстак-қа даршылар* келіп, кешке өз өнерлерін көрсетуге даярланды. Олар ортаға ұзын арқан керіп, аспаптарын әзірлеп жатқанда, осы арадан бала жетектеген бір әйел өтіп бара жатады. Сонда баласы: „Мама, мына арқанның үстімен жүргүре бола ма?“ – деп сұрады. Шешесі оған былай деп жауап берді: „Әрине, жүре алсаң – болады. Бірақ мен оны істей алмаймын!“ Менің тақырыпқа байланысты алдымен айтайын дегенім мынау еді:

1. Болады, егер сөйлесе алсаң

Иә, болады, бірақ оны қолынан келетін адам ғана жасай алады. Бұл арада көпшілігіңіз: „Бірақ бұл менің қолымнан келмейді!“ – деп айтатын шығарсыздар.

Әрине, Құдаймен сөйлесуге болады! Сіз Майер мырзамен тіл табыса аласыз фой, ендеше тірі Құдаймен әңгімелесуге неге болмайды? Ол бар! Бірақ сіз Құдаймен сөйлесе білесіз бе?

Мен бала күнімде мына бір өлеңді жаттаған едім: „Аспанымнан арайлы Құдай бізге қарайды! Экеміз жомарт, беделді, сұрағанымызды береді“. Ол кезде мен: „Биік аспандарғы Құдай менің дауысымды есту үшін, қатты айқайлай алмаймын, сондықтан дұға етудің қажеті жоқ қой“, – деп ойлайтынмын. Кейбір адамдар мысқылдай: „Біз ғарышқа жер серігін жібердік. Егер Құдай онда бар болса, біз Онымен кездесер едік қой“, – дейді.

Көрдіңіздер ме, көпшілігі бұл мәселеде шатасып, былай деп сұрайды: „Құдай қайда? Көкте ме? Анда, биіктікте ме? 100 әлде 1000 шақырым биіктікте ме? „Мұндай жағдайда мен мынаны анықтап айтқым келеді: „Аспан биіктігінде“ деген сөз Киелі кітапта жоқ, бірақ Онда тірі Құдай

* арқан үстімен жүретін артист

туралы былай делінген: „Ол... әрқайсымыздан қашықта емес“. Ал басқа бір жерінде: „Сен артымнан да, алдымнан да мені аялап тұрсың“, – деп айтылған.

Бұл – біз өзіміздің дүние танымымыз тек үш өлшемде фана екенін түсінгенде, ақиқат бола алады. Ал әлем – айтартлықтай кең. Құдай сізben қатар тұрғанымен, Ол – басқа өлшемде. Сіз күнә жасағанда, Ол сіздің жаныңызда тұрды, бірақ үндемеді. Қырықтағы немесе елудегі кейір адамдар өзінің бүкіл саналы өмірін күнәмен өткізді – ал Құдай үн-тұңсіз болды.

Әрине, Құдаймен сөйлесуге болады. Бұл арада да мәселе даршылар сияқты: қолынан келген фана әңгімелесе алады. Адамдардың көпшілігі: „Алайда бұл менің қолымнан келмейді“, – деп айтуға мәжбүр. Тәңір жарылқасын, аяғына дейін адалдығын айтыңызы: Сіз дұға оқуды мұлдем білмейсіз фой. Егер дұға оқи алсаңыз, сөйлеуге мүмкін болар еді. Бірақ, білмейсіз фой!

Біздің заманымыздың зәрені ұшырап бір белгісі – біз дұға оқуға, сонымен бірге сенуге қабілеттілігімізді мұлдем жоғалтқанбыз. Тамаша жазушы Франц Верфельдің „Талан-таражға түскен көк аспан“ деген романы бар. Сондағы бір сөйлем мені әрдайым алаңдатады. Онда: „Қазіргі кезеңнің белгісі – адамның метафизикалық шегінуі болып табылады“, – деп жазылған. „Метафизикалық“ деген сөзben мәңгілік деген ұғым сипатталады, ол шын мәнінде бар, бірақ басқа өлшемде. Метафизикалық шегініс дегендеге, мынаны білген жөн: адамдардың радио, теледидар, насиҳат, идеология, саясат, көршілер сөзінен, завод-фабрикалардағы өктемдіктен әбден топастанғаны сондай, тіпті Құдайдың барын, Онымен сөйлесуге болатынын да ұмытуға айналған. Құдаймен сөйлесуге бола ма? Соңғы жүз жылдың ішіндегі рухани тарихтағы топастану болмағанда, мұның жүзеге асатыны сөзсіз еді!

Он алты жасар бір бозбала онымен соғыста болған бір оқиға туралы айтқаны бар. Оның батареясын аспанинан бомбалағаннан кейін, бомбапанадан бірінші болып шыққан ол, қарны жарылып жатқан адамды көрді. Бозбала оған көмектеспекші болғанда, жарагы кісі оған былай дейді: „Мен өліп барамын. Сен бәрібір маған көмек-

тесе алмайсың. Маған тек менімен бірге қосылып дұға оқитын біреу табылса ғой, шіркін. Жігітім, дұға оқысанаңызшы!“ Бірақ бозбала былайша жауап береді: „Гитлершіл жастар арасында мен бейпіл, көргенсіз сөздерді айтуды үйрендім, ал дұға оқуды білмеймін“.

Ол капитанға жүгіріп барып, оны шақырып келеді. Капитан еңкейіп, жарылған қарыннан шығып тұрған ішектерді көріп: „Достым, не істейін саған?“ – деп сұрады. „Капитан, мен өлгелі жатырмын. Менімен дұға оқысаң деп едім!“ „Құдайым-ау! – деп айқайлап жіберді капитан, – мен дұға оқуды білмеймін ғой!“ Содан соң ол жігітті аға лейтенантқа жіберді. Міне, қай тақырыпта болса да бейпіл анекдот айта білетін, балағат сөздерді айта алатын, мықтымын деген ержүрек жауынгерлер тұр, бірақ біреуі де дұға оқуды білмеді. Сонда әлгі бозбала маған: „Мен сонда мынандай ойға келіп, бел будым: осы бір былық соғыстан аман-сau құтылсам, бірінші кезекте дұға оқуды үйрететін адамды тауып алар едім. Мен мына адам секілді қорқынышты өліммен өлгім келмейді!“ – деді.

Міне, біздің заманымыздағы адамдардың халдері осындей. Мен бас директордың да, жұмысшының да ортақ белгісін байқадым: біреулері дұға оқу үшін, өздерін тым ақылдымын десе, екіншілері еркін ойлылығына қысылады. Біз дұға оқуды ұмыттық. Бұл әрине, жақсылыққа әкелмейді, ол Верфель айтқан „метафизикалық шегініс“ дейтін апатқа апарып соқтырады. Түптеп келгенде, тағдырдың кез келген тақсіретіне төтеп беру – оңай болмайды. Эссенде мен бомбапанада отырғанда, ондағы кейбір адамдардың жеңіске жететіндіктеріне, керемет тамаша фюрер және Ұлы Германия туралы желпіне, даурыға мақтанғанын көрдім, ал бір уақытта бомба жарылғанда, олар жылауды басты. Ал біздер – Мәсіх жолын қуушылар, дұға оқып отырғандар, олардың осыған төзе алуы үшін, Мәсіх жолын қуушылардың әнұрандарын шырқадық. Ал олардың өздері болса сыйыннуды да білмеді. О, иә, егер адамдар дұға оқи білмесе, бұл – апат!

Жақында маған ақылды, оқыған азамат жақындан,

жымия былай деді: „Діни жетекші мырза, дұға ешқандай көмектесер емес!“ Мен оған: „Ақымақтық сөзді айтпаңыз! Сіз, шаңғы тебуден еш пайда жоқ деп мәлімдеген, аяғы жоқ адамның сөзін айтқандай көрінесіз. Өйткені, ол шаңғыны тебе алмайды да фой!“ – дедім. Шаңғы тебу туралы сөзталас жүргізуге болады, бірақ жарымжанды адаммен емес, солай емес пе? Бірақ біздің табиғатымыз – осындай. Біз Құдайға құлшылық етуді білмей жатып: „Дұға ешқандай көмектеспейді!“ – деп мәлімдейміз. Мениң сөзімнен аңғарып отырған боларсыздар, бұл жөнінде неміс халқының еркектерінен көнілім қалды. Мұның өзіндік себептері бар, сеніңіздер маған. Ойымыз күйкі болған сайын, біз мақтаншақтық-қа көп салына береміз! Шіркін, егер мен сіздерді бүгін кешке бой ұсынып былай деп айтуға жеткізе алсан фой: „Мәсіх жолын қуушылардың, ең болмағанда, дұға оқи алу керектігін, Құдай біледі. Ал мен болсам, дұға оқуды білмеймін“.

Бейшара халқымның топастануы – менің ашу-ызамды тудырып қана қоймай, терең қайғыға да батырады. Ал қауымдардың осы жағдайды көре тұра, барлық адамдар дұға оқи білетіндей, ұн-тұнсіз отыруы – мені қапаландырады. Сіздер де осылай істейсіздер ме? Исаңың туған күні мейрамында ғибадатхана, бұған дейін мұнда бас сұқпаған адамдармен толады. Осындай Құдайға құлшылық ететін мейрамда сиыну үйлері адамдарға лық толады. Егер діни жетекші дұға оқуға шақырса, олар қолдарын айқастырып, бастьарын төмен салбыратады. Бұл менің жаныма қатты тиеді, сонда мен қатты айқайладап: „Тоқтатыңдар, түге, араларында дұға оқи білетіндерің он процентке де жетпейді. Сендер мүләйімсіп тұрсыңдар фой!“ – дегім келеді. Мен дұрыс айтып тұрган жоқпын ба? Неке қіғанда да, кісі жерлегендеге де, дұға оқуға шақырады. Міне, бәрі қолдарына цилиндрлі қалпақтарын ұстап, көздерін сол цилиндрлеріне тігіп тұрса, дұға оқып тұрғандаймыз деп ойлайды. Ал құлшылық етіп шыққаннан соң, маскунемділікке салынады. 1915 жылға дейін, солдат болған кезімде, бір күні бізге сиыну үйіне баруға бүйрек берілді. Фельдфебель: „Қатар бойы-

мен оте ақырын басып барып, он екіге дейін санаған соң, орындыққа ақырын жайғасып отырасындар“ – деп нұсқау берді. Ал жұрт болса, солдаттарды көріп: „Олар қалай ықылас қоя дұға окуда!“ – деп ойлады. Ал олар болса, он екіге дейін іштерінен санап, орындыққа отырды! Некециярда және кісіні көмгенде: „Дұға оқиық!“ – деп шақырғанда, адамдар он екіге дейін де санамайтындарына кепілдік беремін. Бұрын: „Дұға оқиық!“ – дегенде, адамдар құлықсыз, бәрі жапа-тармағай дұға оқығанын есіме түсіргенде, қазіргіге қарап, көңілім күйзеліп қоя береді.

Орталық Африканы зерттеуші Давид Левингстон дүние жүзіне танымал болған ұлы ойшылардың бірі: ержүрек, білімді, ақылды адам мәңгілікке былайша аттанды (оны қазіргі адамдар өлді дер еді). Сол кезде ол Орталық Африкада тек жергілікті адамдардан тұратын жүк тасушылармен болды. Бір күні таңертең жүк тасушылар оның жүктөрін буып-түйіп, шатырларын жинағы. Тек Левингстонның шатыры жығылмаған. Олар оның таңертең Құдайға сиынатының билетін, сондықтан да жүкшілер қожасын мазаламады: Ол өзінің Аспандарғы Әкесімен, өзінің Құдайымен сөйлесуде. Бірақ бұл жолы тым ұзаққа созылғаны несі? Жүкшілер тобының жетекшісі шатыр саңлауынан ішке көз жүгіртіп еді, ол тізерлеген қалпы әлі отыр екен. Олар тұске дейін тосты. Тағаты таусылған олар, шатырға кіруді үйғарды. Сөйтсе, ұлы зерттеуші тізерлеп отырған күйі, о дүниеге аттанып кетіпті.

Осы ұлы адам, ғажайып ой иесі тізерлеп, дұға оқып отырып, Аспандарғы өз үйіне, Тәңіріне барды. Ал немістің тоғышары: „Дұға окуда мағына жоқ“, – дейді. Ұят емес пе, осынымыз? Одан да көзге жас ала отырып: „Мен енді дұға окуды білмеймін!“ – десе фой. Левингстон дұғаны оқи білді. Ол Құдайға құлшылық етіп отырып, дүниеден өтті. Біз болсак, ауруханада ине тықтырып жатып өлеміз. Ауруды жеңілдететін, ауыртпайтын дәрілерсіз өлімге де шыдай алмаймыз. Ал бұл адамға дәрі салудың қажеті де болған жоқ. Ол Құдаймен сөйлесіп отырып, мәңгілікке көшті.

Үйде Құдайға құлшылық ету ісі қалай дейсіздер?

Сегіз бірдей баласы бар біздің отбасымызда былай еді: таңертең, тамақ алдында, біз бір жерге жиналатынбыз. Содан соң бәріміз қосылып: „Ертемен сергі де, өзінді (рухыңды) дұғамен бекіт...“ немесе „Тәңірді, рухым менің, мақташы, Шапағаты молды мадақта!“ – деген әнұрандарды шырқайтынбыз. Мұның артынан Киелі кітаптан бір тарауды оқимыз. Ең соңында әкем дұға жасайтын. Тіпті мен Құдайдан безген кездің өзінде, біздің үйдегілер Құдайға сиынудан қол үзген емес. Мен офицер болып, тайфақ жолға түскен кездерімде, ата-анамның дұғасы мені желеп-жебеп, оқыс оқығалардан сақтандырып отырды. Сіздер таңертең өз үйлеріңізде дұға оқуға жиналасыздар ма? Үй иелері, ерлер, мен сіздерге айтып тұрмын! Егер сіздер өз отбасыңызды дұрыс басқармасаңыздар, Құдай бір кезде сіздерден балаларыңыздың, әйелдеріңіздің жандары туралы есеп талап ететіні сөзсіз. Сіздер күнді қалай бастайсыздар? Жыр шырқала ма? Құдай Сөзі оқыла ма? Сіздер дұғаны оқи білмейсіздер ме? Егер кішкене балаларыңыз сізден: „Әке, таңертең бізben бірге дұға жасаңышы!“ – десе, не айттар едіңіздер?!“

Эссеңдегі бір мейірбан мырза менен өзінің үйіне соғуымды өтінді. Барсам, әйелі екеуі фана отыр екен, сонда ол маған мынаны айтты: „Бізде бір төтенше жағдай болды. Менің он алты жасар ұлым сіз өткізген жастардың кеңесінен оралғаннан кейін, менен: „Неге біздің үйімізде дұға оқылмайды?“ – деп сұрады. Мен оған дұға оку сырт көзге фана, ал оның ешқандай мән-маңызы жоқ екенін түсіндіруге тырысып едім, ол тағы да менен: „Әке, Киелі Рух туралы не ойлайсың?“ – деп сұрады. Мен ол туралы ештеңе ойламайтынмыды айтып едім, ұлым маған былайша жауап берді: „Міне, біздің отбасымыздың бақытсыздығы да – осында жатыр. Бізге Киелі Рух туралы дұға оқи алатын әке керек!“ – деді. Әлгі мырзаның әңгімесінің төркіні осындағы болды. Содан кейін мен одан былай деп сұрадым: „Әкесіне өте дөрекілеу кеткен екен, сіздің ұлыңызбен сөйлессем қайтеді?“ Алайда мырза қарсылық білдірді: „Жоқ, жоқ! Егер менің ұлымның айтқаны дұрыс болса, онда мен теріс жолда емес пе екенмін деп, ойлап отырмын!“ – деді. Маған бозбаланың

дұрыс айтып отырғанын, ал әкесінің жалған жолда жүргенін нықтайды тұсу ғана қалды. „Мен осыдан қорқып едім, енді не істеуім керек?“ – деп сұрады мырза.

Тұсінесіздер ме, бұл кісі кенет өзінің отбасының иесі ретінде үлкен жауапкершілігінің жібін босатып алғанын түсінді. Сіздер балаларыңызды киіндіріп, ішіндер гендеріңіз жеткіліксіз. Сіздер – әкесіздер, демек, жауапкершіліктеріңіз де әлдеқайда үлкен! Сіздер дұға оқи білесіздер ме?

Теңізшілер арасында, үстінде адамы жоқ, бірақ ешқашан батпай, жер шарындағы барлық теңіздерде жүзіп жүретін елес кеме туралы айтылады. Егер теплоходтар теңіз үстінде осы кемемен кездесіп, онымен радио арқылы байланыс жасайын десе, ол жауап бермейтін көрінеді. Біздің заманымыздағы адамдар да осы кеме секілді. Құдай бізben байланыс жасауға тырысып бағады. Құдай бізге түрлі оқиғалар мен көңіл құбылыстары арқылы, ең бірінші кезекте, Өзінің Сөзі арқылы белгілер жібереді. Бірақ біздің жауап беруге жағдайымыз жоқ. Елес кеме сияқтымыз!

Бірде мынандай бір оқиға болды. Осы тақырыпта уағыз айтып болғаным сол еді, бір кішкене бала шешесінен: „Неге мына ағай мінбеден ашуулана сөйлейді?“ – деп сұрады. Тұсінесіздер ме, мен ашууланбаймын, бірақ аяушылықтан менің журегім атша тулайды: біздің сорлы халқымыздың – зиялыштар мен жұмысшылар, ерлер мен әйелдер, қарттар мен жастардың, ешкімнің – қасындағы Құдайға үндей алмағанына, ішім үдай ашиды.

Көптеген адамдар өздерін Мәсіх жолын қуушылармыз дейді, алайда дұға оқуды білмейді.

Мен отбасына барғанда, мынандай әңгімелерді жиестімін: „Діни жетекші мырза, біз – өте құдайшыл адамдармыз. Менің шешем діни жетекші Щульцті білуші еді. Ал сіз оны көрдіңіз бе? Жоқ? Ал менің шешем оны жақсы білетін!“ Мұндай жағдайда мен былай деп жауап берер едім: „Мәселе – мынада, сіз Исаңың есімін атай аласыз ба, сіз Құдайға сиына аласыз ба? Егер сіз Исаны білмесеніз, онда сіздің жолыңыз тұра тамүққа апарады“. Рақым етіңіз, әрқайсыңыз өзіңізден: „Осы мен дұға оқи

білемін бе? Дұға оқымын ба?“ – деп сұраңыздаршы. Сөйтіп осы сауалға өздеріңізге өздеріңіз жауап беріңіздер.

Мүмкін, сіз: „Жетер енді, діни жетекші Буш, тоқтатыңыз! Одан да мен дұға оқуды қалай үйрене аламын, соны айтыңыз?“ – дерсіз. Міне, енді мен осы мәселеге көшкелі отырмын.

2. Мен дұға оқуды қалай үйрене аламын?

а) Өмірдің алғашқы жан дауысы

Сонымен, сөйлесуді қалай үйренуге болады? Сіздер сөйлеуді қайтіп үйренгендеріңізді еске түсіре аласыздар ма? Жок, оны еске түсіру – мүмкін емес! Маған да қын. Бірақ, егер сіздер дұға оқуды үйренгілеріңіз келсе, онда Құдаймен өтетін өміріңіздің, шынайы өміріңіздің алғашқы дыбысын шығаруларыңыз керек. Ал мұны қалай істеуге болатынын, мен қазір сіздерге баяндайын.

Иса бірде мынандай оқиға туралы айтып еді. Екі адам ғибадатханаға келеді. Оның біреуі – белгілі, қофамда үлкен ұлесі бар кісі еді. Ол бірден алға өтіп: „Қымбатты Тәнірім, менің осындай жақсы болғаным үшін, Саған рақметімді айтамын!“ – деп бастады. Алайда Тәнірім оған құлақ салмады. Бұл адам қанша уақыт болса да сөйлеуге мүмкіншілігі бар, бірақ Құдай оны тындармады. Мұндай да болады өмірде! Ал екіншісі – өте күдікті адам болып көрінді. Біз оны қылмысқа бейімі бар адам дер едік. Ол – алып-сатар, ұры-қары немесе соған жақындау біреу. Киелі кітапта оны „салықшы“ дейді. Ол ғибадатханаға енгенде, айналадағы салтанаттан сескеніп қалды да, есік жақта тұрып: „Бұл ара – мен келетін жер емес екен! Менің орным – бұл жер емес, бәрі төңкеріліп жатқан шарапханада болуы керек шығар“, – деп ойлады. Ол кетуге ыңғайланғанда, мұнда не үшін келгенін есіне түсірді. Ол үнемі Құдайды сағынады екен. Әкесіне оралғысы келеді! Сөйтіп, ол адам кете де алмады, ғибадатханаға кіре де алмады Ол өз өмірін есіне алып, қолданын қусырып: „Құдайым, маған, күнәкарға мейірімділігінді бере гөр!“ – деген бір сөйлемді фана айтты. Киелі

кітапта, дәл осы сәтте аспанда ән шырқалып, әлгі адамның жүзі жайнап, тірілгені туралы, айтылады.

Жаңа өмірдің алғашқы жан дауысы: „Мен күнәкар болдым!“ – деген сөз. Мен оны қазір сіздерге мысал келтіре отырып, айтайын. Менің бірінші ұлым туғанда, әйелімнің толғағы өте қыын болды. Мен сонда Исаның: „Әйел бала тапқанда, небір күйінішке шыдайды!“ – деген сөзін еске түсірдім. Сүйікті әйелім шыдай алмас деген күдік, мені билеп алды. Бір уақытта дауысты, шырылдаған дауысты естідім. Бұл менің баламның дауысы еді. Жаңа өмір! Осы шырылдаудан артық тамаша әуен бола да қоймас. Мен оны естігенде, жылап жібердім. Сіздер түсінесіздер ме, жаңа өмірдің алғашқы айқайы мені толқытып жіберді.

Көріп тұрсыздар ма, Құдай үшін өмірдің алғашқы жан айқайы, адамға ақиқат сәулесі ашылғанда, ол: „Мен күнәкар болдым! Маған, күнәкарға, рақымды бола гөр!“ – деп айтқан сөзі болады. Егер осы алғашқы айқай болмаса, сіздердің дүғаларыңыздың бәрі – түкке тұрмайды. Ал мен өз өмірін жылаудан бастамай, іштен тұа сөйлеп кеткен баланы көрген емеспін. Тура сол секілді, Құдай Патшалығына да одан басқа жол жоқ.

Өмірдегі алғашқы дауыс! Сіздер оны бастан кешірдіңіздер ме? Жоқ па? Онда сіздердің, Құдай үшін, бой ұсынуларыңыз керек! Мен тек қауым үшін фана насихатшы емеспін, сіздердің кейбіреулеріңіз тозаққа түспесін деп те, бәйек болудамын. Бұл үшін басқа жол жоқ, сіздер өмірдің алғашқы жан айқайын: „Мен күнәкар болдым! Құдайым, маған, күнәкарға, рақым ете гөр!“ – деп айтуларыңыз керек.

Адасқан ұл шошқаларын тастанап үйіне оралғанда, оның алғашқы ауызға алғаны: „Әке, аспан алдында және сенің алдында күнәкар болдым“, – деген сөздер болды. Сіздер осыны айтқаннан кейін-ақ, сол сәтте Иса Мәсіх: „Қымбатты досым, мен сенің күнәларың үшін де өлдім! Мен сенің борышыңды өтедім!“ – деп, сізге жауап береді.

- ә) Тек Құдайдың балалары фана дұрыс сиына алады
Жақында мен жанында бір ұлы, екі қызы бар – үш

сүйкімді тамаша баланың әкесі болған танысымды жолықтырдым. Балаларының бәрі бір сәтте әкесімен әңгімелескенін байқадым. Әкесі барлығының сұрағына жауап беруге тырысып бақты. Мен жолыққанда: „Қайырлы күн, мырза, қайырлы күн, балалар!“ – деп сәлемдестім. Бірақ балалар сол сәтте бірден үн-түнсіз қалды. Балалар тек өздерінің әкесімен немесе шешесімен шын ашылып сөйлесе алады. Жұртшылық арасында басқа адамнан ұялады.

Демек, Құдай баласы болғанда фана, біздер нағыз дұға оқи аламыз! Біздің әлі Құдай баласы бола алмағанымыздан, қазір біз дұғаны оқи білмейміз.

А, иә, айтпақшы, біз – „қауымдықпыз ғой“, біз „Мәсіх жолын қуушылармыз“, Мәсіхтің туған күнінде сиыну үйіне барамыз, діни жетекшімен өте сыпайы аманда-самыз, оған кейістік келтірмейміз. Дін уағыздаушылардың бірінің: „Олар – шомылдыру рәсімін қабылдаған кояндар“, – дегені бар. Одан, бұл нені білдіреді деп, сұрағанда, ол: „Коянды ұстап алып, шомылдыру рәсімінен өткізгенімен, ол бәрібір далаға қашады. Бұлар да сол сияқты: шомылу рәсімін қабылдағаннан кейін, осы дүниенің қамын ойлап кетеді“, – деп жауап берді. Қымбатты достар! Мұндай жағдайда сіздер Құдайға сиына алмайсыздар! Тек Құдайдың баласы фана шын мәнінде құлшылық ете алады! Сондықтан да, тек Құдайдың баласы фана шын ниетімен қуана алады!

Көрдіңіздер ме? Сіздерге Құдайдың баласы болу керек! Ал табиғи заңдарының бойынша, сіздер – Оның баласы емессіздер. Мүмкін, сіздерде Мәсіх жолын қуушылықтың тек сыртқы түрі бар шығар, бірақ онымен сіздер Құдайдың баласы бола алмайсыздар. Бала міндетті түрде туылуы керек, ал Құдайдың баласы міндетті түрде Рухани қайта туылуды басынан кешіруі тиісті. Сіздер Құдайдың баласы болуларының керек, сонда фана дұға оқи аласыздар! Құдайдың балалары дұғасыз тұра алмайды. Құдайдың балалары үшін дұға – дем алатын ауамен бірдей. Менің балаларым бір-біріне жиі әзілдеп: „Дем алу туралы ұмытпа!“ – деп ескертіп жатады. Ал сіз жаныңыздың дем алатынын ұмытасыз! Құдай баласы үшін дұға

оку – дем алу деген сөз. Сонымен, сіз Құдайдың баласы болуыңыз керек.

Мен сіздерге қалай Құдайдың баласы бола алатында-рыңызды қысқаша айтайын: тек Иса арқылы! Иса былай дейді: „Мен – есікпін. Кім Мен арқылы кірсе, сол құт-қарылады!“ Міне, айнала қараңғы қапасты жарып, шеге қағылған қолында жаrasы бар адам – Иса – сіздерге келе жатыр. Осы уақытқа дейін сіздердің Онымен істеріңіз болған жоқ. Иса туралы хабар сіздерге ертегідей көрінді. Алайда Ол сіздермен жолығысуға келе жатыр. Мүмкін, сіздер Оны басқа өлшемде, сіздердің Құтқарушыларының, тірі Құдайдың Ұлы, Ер адам ретінде қабылдайтын шығарсыздар. Құдай баласы болу жолындағы алғашқы қадам – Исаны мойындау екені белгілі. Екінші қадам – Ол менің ішкі өмірімді ретке келтіріп, жастық шағымдағы күнәларымды кешіреді деп, Исаға шексіз сену. Көне Өсиетте Құдайға қараған бір ер адам былай дейді: „Сен маған билік етіп, менің талас-тартысымды шештің“. Бір кезде Исаға толықтай сенетін, өзіңің бұрынғы өміріңнен бас тартып, барлық өмірінді Оның қолына беретін сәт туады. Біз оны – қайта туылу (Рухани) дейміз. Бұл менің өмірімде 18 жасымда болды. Мен сонда құдайсыздық өмірімнен бас тартып, өз өмірімді Исаға тапсырған едім. Ал бұл жолда маған ешбір адам көмектескен жоқ. Мен де сіздерге көмектесе алмаймын. Мұны сіздер Онымен жеке жүзеге асыруларыңыз керек. Тәуекел етіп, Оған: „Құдайым, өмірімді ал, ол Саған арналған“, – деп айтыңыз. Осыны жасаған сэттен бастап, сіз Құдайдың баласы боласыз. Маған келген адамдар басқа да жолмен құтқарылуға болатынын түсіндіруге тырысады. Байқап көріңіздер! Бірақ менің сіздерге айтарым: Құдай Патшалығына ашылар бір фана есік бар. Оның аты – Иса! Біз үшін өлген және өліден қайта тірілген – Иса!

Отінемін, Исаның алдынан шығыңызыбы. Ол сізді көптен іздеуде! Сіз Құдайдың баласы болғаннан кейін, сіз Құдайға сиына аласыз, сөйтіп, өміріңіздегі азап жойылады. Сіз, баласы әкесіне айтатыныңдай, Исаға өз жүргіңіздегінің бәрін айтатын боласыз.

Мен енді – қарт діни жетекшімін, сондықтан өз өмірімде талай адамдармен сырласып, әр адамның сырт көзден жасырған тұңғиық құпиясы болатынына көзім жетті. Ал Құдайдың баласы болғаннан кейін, өз жүргіндегіні Isaafa ақтаруыңа болады. Өзің игерे алмайтын құпиянды, лайықсыз байланыстарың мен әдеттерінді Ofan айтуға болады. Өзгеге тіс жаруға болмайтынның бәрін, Оның алдына жайып сала алдың. 18 жастағы бір жігіт өзі туралы айта келіп, Мәсіхтің жолын қуушы бола тұрып, бірде тұңғылуға жақын қалғанын мәлімдеді. Содан соң Құдайға қызмет етер сафаттың алдында Isaafa жалбарынып: „Иса, егер Сен бүгін кешкес Сөзді мен үшін бірінші айтпасаң, мен бәрін тастаймын. Мынандай үлкен қалада белгілі айқындықсыз өзімді және өмірімді сақтауға күш-жігерім жетер емес“, – деді. Ол Құдайға қызмет ету сафатынан кейін үйіне келе жатқанда, оған бәрі айқын болды. Ол өз әңгімесін одан әрі жалғастырып: „Иса менің дұғамды естіп, менімен жеке дара әңгімелесті“, – деді. Жас жігіттің сөзі мені терең тебірентті. Ол дүниеден тұңғылу мен сенімсіздіктің тұңғиығынан Isaafa жалбарынып, Одан жауап алды. О, егер сіздер, Құдайдың балалары, өз дұғаларыңа қандай жауап алатынын білсеңіздер фой, шіркін!

Мен соғыста жүргенде, анам маған былай деп хат жазды: „Мен бүгін тұнгі сағат 3-те ояндым, сонда менің ойыма балаларым мен немерелерім түсті, от ортасында жүрген сендер, Канададан бір хабар бермей жатқан Елизавета туралы ойладым. Сол кезде мені қарулы жауынгер темір қолғабымен тұншықтырып жатқандай күй кештім, мені үрей биледі. Мен бұған шыдай алмай, дереу дұға оқи бастадым: „Иса, тым болмаса бір сөз айтшы, мен мынандай жағдайға шыдай алатын емеспін!“ – дедім. Содан соң шам жағып, Киелі кітапты аштым. Одан оқыған алғашқы сөздерім: „Өздеріңіздің бүкіл мұң-мұқтаждарыңызды Ofan артыңыздар, өйткені, Ол сіздердің қамдарыңызды ойлайды...“ – болды. Сол сәтте мен бәрін өзімнің Құтқарушыма жүктедім де, шамды сөндіріп, тып-тыныш, қуана ұйқыға кеттім“. Міне, қайда! Мұндайды тек Құдайдың баласы ғана істей алады!

Шешемнің бірде айтқан сөзі есімнен кетпейді: „Кеше шаршағаным сондай, кешке Құдайға сиынуға да шамам келмеді. Сонда мен тек қана: „Қайырлы тұн, қымбатты Құтқарушым!“ – дедім“. Сонда мен: „Құдайдың балалары фана өз Тәнірімен осылай қарапайым сөйлесе алады!“ – деп ойладым. Ол шын мәнінде, әрбір сағат сайын, күндіз немесе түнде болсын, біздің қамымызды ойлайды. Ол – менің қасымда, мен – Оның игілігіндемін, мен Оған толықтай сенемін.

Сіздер түсіндіңіздер фой? Егер біреу дұға жасай алмаса, мұны нағыз күйреу деп түсінген абзал. Мен сіздерге: „Мен – күнәлымын! Құдайым, маған, күнәкарға, рақымды бола гөр!“ – деп өмірдің осы алғашқы жан айқайын шығара алуға тілекtesпін. Исафа мойын ұсынбай, Құдайдың баласы болмай жатып, тыным таппауларыңызды тілеймін! Сонда фана мен сіздер туралы күйінуді тоқтатамын.

ЕГЕР БҰДАН ЭРІ СЕНЕ АЛМАСАҚ, БҰЛ ӨМІРДІҢ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫНА ҚАЛАЙ ТӨТЕП БЕРЕ АЛАМЫЗ?

1. Сенім болмай – өмір болмайды

Иә, мен бірден сақтандыруға тиіспін: кімде-кім сене алмаса, соған өмірде табан тіреп тұру – өте қыын болады. Мұндай жағдайда мен көмек көрсете алмаймын. Сенбейтін адамға көмектесу мүмкін емес. Ол неліктен еkenін мен сіздерге түсіндірейін.

Біз: „Құдай – табиғаттың немесе күші, болмаса соған жынық теологиялық тезис“, – деп ойлаймыз. Алайда, достарым менің, Құдай – шын мәнінде тірі және бәрін толықтырып тұратын жеке дара тұлға. Ал егер мен Құдаймен табыспасам, егер мен Құдайдың баласы болмасам, онда менің ақиқаттан алыс тұрғаным. Ал бұл – өте қауіпті жағдай.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде жас офицер болып жүргенімде, өмірімдегі ең бір маңызды сәтті бастан кешірдім: Құдайдың шын мәнінде бар еkenіне көзім жетті! Мен өзімді автомобильмен жартасқа соғылған адамдай сезіндім. Бұрын да Тәнірім Құдайға сенемін дейтін едім, бірақ Ол – шындық еkenін, түсіне алмағанмын. Міне, ойламаған жерден Құдайдың бар еkenін шынайы сезіндім.

Киелі кітапта бір таңғаларлық жыр бар, онда: „Құдайдың ақиқаттығы сондай, тіпті Одан жасырына да алмайсың“, – делінген. „Аспанға шықсам, онда да Сен барсың...“ – деп жазылған. Американ фарышкери Гленн, өзі фарыш аппаратында болғанда, сол жерде де Құдайдың болғанын түсінгенін, бұл – ол үшін өте үлкен аян болғанын баяндады. Яғни, „аспанға шықсам да“ немесе фарыш кеңістігінде болсам да: „Сен сондасың!“ Егер мен тереңдігі 1000 метрден асатын ең терең шахтаға түссем де, одан Құдайды кездестірер едім! Жыршы былай дейді: „Жеті тамұқтың түбіне түссем де, Сен онда барсың“.

Жуырда Калифорнияға үшқанымда, әйелім чемоданымда осы жыр-дұғаны салған екен, оны мен Сан-Францискода чемоданымды ашқанда оқыдым: „Шапақ-қанат байланып, теңізді үшсам айналып, Сен қол үшін беруге, тұрасың әркез сайланып“. Құдай – нағыз шындық болып табылады!

Демек, Құдайдың бары – шын екен, онда Ол Өзінен шеттеп қалғандарды жазасыз қалдырмайды. Егер мен Құдай жоқтай, Оның әміріне құлақ аспасам, жексенбі күнін сақтамасам, зинақорлық жасасам, өтірік айтсам, ата-ананың тілін алмасам, Құдайды елемесем, онда шындықтан алыс тұрғаным. Мұндай күйде өмірде екі аяқты тең басып тұру – жоқ! Бұл дүниедегі өзіңнің айналаңа көз жіберші: адамдар қаражатын жеткізе алмай, тіпті көп ақша табатындардың өздері де не істерін білмейді. Жаның қанағат таппай, жүргегіңнің құлазығанын сезінесің: өзіңнің жеке өмірінде де, отбасында да жөнге салынбаған жәйттер көп.

„Егер бұдан әрі сене алмасақ, бұл өмірде қалай ғана тұра аламыз?“ Мұндай жағдайда өмір қыспағына шыдай алмаймыз фой. Өліммен де – сондай! Жұз жылдан кейін біздің бәріміз бұл жерде болмаймыз. Бәріміз де өлеміз.

Біреудің былай деп айтуы да мүмкін: „Өлгеннен соң – ешнәрсе жоқ. Біз құрдымға кетеміз!“ Бірақ ақылға салындыздаршы, сіз неге сенгенді қалайсыз: Құдайдың Сөзіне ме, әлде өз жүргегіңзеге ме? Егер өмір бойы жинағанымды өзіммен бірге ала кетпейтінімді түсінсем, онда өлімді қалай қарсы ала аламын. Мүмкін, сіз өзіңізге үй тұрғызыған боларсыз, ал менің тамаша кітапханам бар. Менің бәрінен артық санаған, маған қымбат мұліктерді, сондай-ақ жақын адамдарымды мен өзіммен бірге алыш кете алмаймын. Мәңгілікке біз тек Құдай алдындағы күнәларымызды ғана алыш кетеміз. Көз алдарыңызға елестетініздерші: сіз өлім алдында жатып, кенет мынаны айқын түсінесіз: „Мен бәрін қалдырып, қылмысым мен күнәларымды ғана өзіммен бірге ала кетіп, киелі де әділ Құдайдың алдына барамын!“

Құдайсыздарды ақтайтын Тәңірге сеніміміз болмай, қалай біз Құдай сотына бара аламыз? Ал біз Оның ал-

дында тұратынымыз – хак!

Иеміз Иса Өзінің асқан мейірбандығымен былай деген еді: „Тәндөрінді өлтіріп, ал жандарыңды өлтіре алмайтындардан қорықпандар, қайта жанды да, тәнді де өлтіретіндерден қоркындар!“

Осыдан бірнеше жыл бұрын Норвегияда нағыз құрметке ие болған, парасатты норвег, атақты профессор Халлесби өмір сүрді. Ол бір апта бойы радиодан уағыз айтты. Оның микрофон алдында тұрып: „Мүмкін сіз бүгін кешке асықпай төсекке жатып, ал ертең ертемен тозақта оянатын шығарсыз. Мен сізді сақтандырғым келеді!“ – деп айтқаны, қазірде менің ойымнан кетпейді. Бұл сөз адам айтқысыз ашу туғызды, өйткені, норвегтер де „осы заманғы адамдар“ қатарына жатады фой, ал бұл – қазіргі күндерде өте маңызды. Ослодағы ең үлкен газеттің қызметкері мазмұны мынандай басмақала жазды: „Біз ортағасырда өмір сүріп отырған жоқпыз фой! Радио сияқты осы заманғы мекеменің мылжың бос сөзді хабарлау үшін пайдаланылуы – жарамайтын іс“. Ал осындаиды ірі газет басқанда, кішілері оны қайталамасына кім кепіл? Міне, бұкіл газет беттері: „Біз ортағасырда өмір сүріп отырған жоқпыз фой! Профессорға тозақ туралы айту лайық па?“ – деп судыр қағады. Осы жөнінде Осло радиосы профессор Халлесбиден істің мән-жайын анықтап айттып беруін өтінді. Профессор Халлесби қайтадан микрофон алдында тұрып: „Мен істің мән-жайына анықтама беруге тиістімін, мен оны істеймін де. Сіздердің бүгін кешке асықпай төсекке жатып, таңертең тозақта оянуларыңыз әбден мүмкін. Мен сіздерді сақтандырғым келеді!“ – деп алғашқы айтқан сөздерін қайталады. Бұдан әрі не болғанын білсеңіздер фой! Норвегияның бұкіл діни қызметшілерінен: „Тозақ бар ма?“ – деп сұралды. Тіпті „Шпигель“ журналы да бұл іске араласып, „Тозақ туралы Норвегиядағы талас“ деген үлкен мақаланы жариялады. Осы даурық-паға жыл толмай жатып, маған Ослода студенттерге дәріс айттып, ал кешке көпшілік алдында дәріс оқуға тұра келді. Алдымен баспасөз мәслихаты өткізілді. Қонақ үйге барлық газеттің өкілдері жиналды. Сол кезде қы-

зық болды: менің оң жағымда осы даурықпаны бастаған журналист, ал сол жағымда – Ізгі хабар баспасөзінің өкілі ретінде профессор Халлесби отырды. Журналист шабуылға шығып: „Діни жетекші Буш, профессор Халлесби мен екеуміздің арамызда келіспеушілік туды. Сіз осы заманғы адамсыз ғой, тозақ бар ма, сіз қалай ойлайсыз?“ – деді. „Иә, – деп жауап бердім мен, – әрине, тозақ бар! Ол – өзінен-өзі түсінікті!“ – „Мен түкке түсініп тұрғаным жоқ, мұны сіз немен дәлелдейсіз?“ – деп ол қарсы шықты. „Мұны мен сізге түсіндіруге қуаныштымын, – дедім мен. – Мен тозақтың барына сенемін, өйткені, мұны Исаңың Өзі айтқан! Ал мен бүкіл ақыл-ойы кең адамдардан да ақылды, көпті білетін Исаға сенемін!“

Құдай Сөзінде былай делінген: „Құдай шындықты тануды қалайды“. Сондықтан да біз сенім туралы айтамыз, өйткені, Құдай өмір мен өлімдегі дұрыс жолды Өзі көрсетті“.

Егер бұдан әрі сене алмасақ, бұл өмірде қалай тұруға болады? Егер мен сенбесем, қындықты қалайша жеңбекпін? Бұл өмірде сенімсіз аяқты нық басып тұру – қиын.

Мұны басқа бір түрде негіздеуге рұқсат етініздер. Сізде кішкене алтын балық бар дейік. „Байғұс, сен ылғы суық суда боласың. Менің саған анағұрлым жақсы жағдай тудырғым келеді“, – деп шешесіз. Содан соң сіз оны судан алып шығып, үстін түкті орамалмен жақсылап сүртіп, оны тамаша алтын торға орналастырасыз. Сіз оған таңдаулы деген жемді бересіз, алтын балық немен қоректенетінін білмеймін, мүмкін құмырсқаның жұмыртқасы немесе сондай бірдене шығар. Сөйтіп, сіз оған ең таңдаулы құмырсқаның семіз жұмыртқасын беріп, былай дейсіз: „Менің сүйікті алтын балығым, енді саған жақсы болды: сенің тамаша алтын торың бар, құмырсқаның дәмді жұмыртқасымен қоректенесің, таза ауамен дем аласың!“ Ал алтын балық не істейді дейсіз ғой. Алғыстың белгісі ретінде жұзу қанатын бұлғап: рақмет, рақмет деп қайталайтын шығар? Тіпті де олай емес, керісінше тұншығып, жанын қоярға жер таппайды. Ал егер оған тіл бітсе, ол: „Маған сенің алтын торыңың да,

күмірсқаның жұмыртқасының да керегі жоқ, мен өзім-нің тылсымым, өзімнің сұйма барғым келеді!“ – дер еді. Ал біздің тылсымымыз – аспан мен жерді, бәрімізді жаратқан тірі Құдай. Швейцарияның ұлттық әнұраны: „Барлық өмірдің бастауы – Өзінде“, – деген сөздермен басталады. Құдай – біздің тылсымымыз болып табылады! Құдаймен қатынасым болмайынша, менің жаным алтын тордағы балықтай деп есептеймін. Түсінесіздер ме? Қазіргі замандағы адамдар өз жанына жағатын – саяхатқа шығу, жақсы тамақтану, жұғымды шарап, көңіл көтеру – бәрін жасауға тырысады, ал жан болса: „Шын мәнісінде осылардың маған қажеті жоқ, мен өз тылсымымды қалаймын, мен Құдаймен татулықты қалаймын“, – дер еді. Өзінізге өзіңіз қастық жасамаңыз! Біздің жүргегіміз Құдаймен татуласпайынша, тулап, жан дауысын шығарады. Өз тылсымына – суға ұмтылған балықтай, біздің жанымыз да Құдаймен бірге болғанша, өз тылсымына талпынады.

Егер бұдан әрі сене алмасақ, бұл жалғанды өмірде қалай фана өмір сұруге болады? Мен бұған былай деп қана айта аламын: „Ешқандай! Өмірде де, өлімде де, мәңгілікте де!“ Егер сіздер, адамдар жақсы-ақ өмір сүріп жатыр ғой деп, қарсылық білдірсеңіздер, мен айттар едім, бұл тек сыртқы бүтіндік қана. Солай емес пе? Мәселен, Гетеңі алайық, ол – әдемі, бай, ақылды адам еді, министр қызыметін атқарды, қысқасы, барлық игіліктің иесі атанды, бірақ сол ақыр аяғында: „Егер өз өмірімнің шынайы жан тыныштық мезгілдерін бірге жинаса, үш күнге де жетпес еді“, – деп мойындасты емес пе? Өмір деген – осындай мазасыз. Сенім болмаса, өмірмен алпа-рысу – қынын.

Бұл – мен сендерге айтайын деген – бірінші әңгімем. Енді екінші мәселелеге көшейін:

2. Барлық мәселе шынайы сенімде

Сайып келгенде, мәселе сіздің шынайы, құтқарушы сенімге ие болуыңызға келіп тіреледі!

Әр адамның өз сенімі бар. Жас студент кезім еді, шешемді іздеп бір әйел келді... Шешем үйде жоқ еді, мен оны отырғызып, менімен әңгімелесе тұруды ұсындым. „Өте жақсы, – деді ол, – сіз немен шұғылданасыз?“ – „Мен теологияны зерттеудемін“, – деп жауап бердім. „Нени? – деп, дауысын қаттырақ шығарды әйел. – Теологияны? Кім қазір дін ұстай қояды деп ойлайсыз? Бұл – мүмкін емес!“ Сөйтіп қартаң әйел Гетеңің беделін бетке ұстап, (бұл Гете тұрған Франкфуртте болған еді), мақтанышпен былай деді: „Біз қазір Гетеge сенеміз! Мәсіх жолын қуушылық әлдеқашан ескірген!“ Бұл әңгіме маған ұнамсыз болғандықтан, мен әңгіме төркінін басқа жаққа бұрыш, оған: „Қайырымды ханым, сізден мына бір жайды білуге рақым етіңіз, қалай тұрып жатырсыз?“ – дедім. Ол үстелді тақылдатып, шапшаң жауап қайтарып, былай деді: „Тьфу, тьфу, тьфу! Бұл туралы сұрауға бола ма еken?“ Мен: „Faфу етіңіз, тьфу, тьфу, тьфу дегеніңіз – не?“ – деп сұрадым. – „Бұл бақытсыздықтан қорғайды!“ – деді ол. – „Солай деңіз, Сіз тірі Құдайға сенбей, жансыз ағашты тықылдатып, „тьфу, тьфу, тьфу“ – деген сөзben тіл-көзден сақтанғыңыз келгені – ғажап еken! Айырбастағаныңыз – керемет-ақ айырбас!“ – дедім мен.

Сол кезде маған: әрбір адам, әйтеуір, бір нәрсеге сенеді, деген ой келді. Сенімің алдамай ма, шынайы ма, құтқарушы сенім бе, мәселе – сонда. Қазіргі кезімізде: „Ең бастысы – сеніміңіз болсын!“ – десіп жатады. „Мен Тәңірім – Құдайға сенемін!“, „Мен табиғатқа сенемін!“, „Мен тағдырға сенемін!“ – дегенді жиі естіміз. Жоқ, жоқ, достарым менің, ең бастысы, менің шынайы сенімің бар, бұл сенім маған Құдаймен бейбіт өмір сүруді және жан тыныштығын сыйлады. Маған тозақтан құтқаратын, оны мен осы жерде сезетін, маған жаңа өмір сыйлайтын сенім керек. Ал басқа сенімнің маған қажеті жоқ. Қөптеген адамдар Германияға, оның басыбайлы жеңісіне, фюрерге сенді. Ал одан не шықты? Маған керегі – шынайы, құтқарушы сенім!

Ал шынайы, құтқарушы сенім – бұл Исаға, тірі Құдай Ұлына сену. Исаға сену! Толып жатқан діндердің негізін

күрушыға емес, тірі Құдайдың Ұлы – Иса Мәсіхке сену! Ал мен қазір сіздерге Исаға сену дегеннің не еkenін айтып берейін.

Киелі кітапта Исаға деген құтқарушы сенімді көрсететін, ғажап оқиға айтылған. Көнеки, ойша өзіміздің екі мың жыл бұрын Иерусалим қақпасының сыртына шығып, Фолгота жотасындағы адамдарды жазалайтын маңдай тас деп аталатын жерге барғанымызды, көз алдымызыға елестетейікші. Айқайлаған және жылаған адамдарға назар аудармаңыздар. Күзетте тұрган және тұтқындалғандардың киіміне жеребе салысып, оларды өзара бөлісіп жатқан римдік әскерлерге де көңіл бөлменіздер! Ал енді ортадағы, айқыш ағашқа шегеленген Иса Мәсіхке назар салайықшы! Оның басына тікенді тәж кигізілген, жарақаттанған бетін қан жуған, Тәңір айқышта асылып тұр. Оның оң жағында қарақшы ілулі тұр. Ол да өлім жазасына кесілген. Сол жағында – тағы бір қарақшы. Бір уақытта қарақшылардың бірі: „Әй, Сен, Ортадағы, тыңдашы! Сен Өзінді Құдайдың Ұлымын демеп пе едің? Егер Сен суайт болмай, шынымен Құдай Ұлы болсан, айқыш ағаштан түсіп, маған да көмектес!“ – деп айқай салды. Иә, оны түсінуге болады. Өлім есірігіндең адам жайшылықта айтпайтынын айтатыны белгілі. Одан кейін екіншісі де тіл қатты. Ол өз жолдасына қарап: „Сен әлі де Құдайдан қорықпайсың ба?“ – деді. Оның айтқан сөзінен бәрі де айқын бола бастайды – Құдай қасиетті де сұсты.

Біздің қалада бомбалар жарылғанда, адамдар шын сасқалақтап қалды. Мүмкін, бұған: „Құдайдың қаһары корқынышты! Құдай сендерді өзінің қамқоршылығынан айыра алады! Сен сонда да Құдайдан қорықпайсың ба?!“ – деп сақтандырмаған қауымдар кінәлі шығар. Ақша табу үшін, өліктерді аттап жүргендер арасында да бұл туралы: „Сендер әлі де Құдайдан қорықпайсындар!“ – деп айқайлап айту керек еді. Өз өмірін бұзықтықпен өткізіп жүрген жастарға: „Сендер де әлі Құдайдан қорықпайсындар ма?! Сендер не ойлайсындар? Шынымен көздерің түк көрмей ме?“ – деп әшкерелеген жөн болар еді. Бәрі де Құдайдың қасиеттілігі мен қаһарын

жете түсінуден басталады. Міне, сондықтан қарақшы, қылмыскер: „Біз дұрыс айыпталып отырмыз! Бізге керегі де – осы еді!“ – деп айғақтайды. Бұл – өз күнәсін мойында, құтқарушы сенімге алып келетін екінші себеп.

Мен: „Мен сене алмаймын!“ – деп айтқан талай адамды кездестірдім. Ондайлардан мен: „Құдай алдында өздерінді күнәлымын деп ойладыңдар ма?“ – деп сұрадым. „Жоқ, мен дұрыс істеп жүрмін және ешкімнен де қорықпаймын“, – деді олар. Сонда мен ондайларға: „Сендер өздерінді-өздерің алда жүрген бойларыңмен, ешқашан ақиқат жолына түсе алмайсыңдар!“ – деймін.

Жақында мен: „Мен дұрыс істеп жүрмін және мен ешкімнен қорықпаймын!“ – деген тағы бір жас адамды жолықтырдым. Мен оған қарсы былай дедім: „Құттықтаймын! Мен бұлай айта алмас едім. Өйткені, менің өмірімде көп нәрсе әлі реттеле қойған жоқ“. „Әрине, – деді ол, – бәріне қатаң қарасаң, солай болады да...“ „Oho, – дедім мен, – Құдай қатаң қарайды, ал сіз өзіңізді өзіңіз алдамайсыз фой!“ Біліп қойыңыз! Егер сіз күнәны – күнә, өзіңіздің былғаныш жыныстық байланысыңызды – зинақорлық, опасыздықты – опасыздық, өтірікті – айла-керлік емес, өтірік деп өз атымен атағаныңызда және өзіңіздің арыңыздың алдында өзіңізді Құдайдай көргегеніңізді мойында, бұл пүтқа табынушылықпен бірдей деп ойласаңыз ғана, шынайы, құтқарушы сенімге ие боласыз. Егер мен ақыр аяғында күнәны – күнә деп атап, Құдайға былай: „Уа, Тәнірім, мен Сенің сотыңа лайық күнә арқаладым!“ – десем, онда бұл – мені құтқарушы сенімге апаратын екінші себеп болады. Ал біздің замандастарымыздың: „Бәрі де өте жақсы!“ – деп өздерін өздерің жұбатуы қандай сұмдық десенізші. Бірақ Құдай бір кезде біздің бет пердемізді жұлып алып, айыбымызды бетке басары сөзсіз!

Содан соң әлгі қарақшы Исаға қарап, былай деді: „Сен ешқандай жамандық жасаған жоқсың фой. Неліктен Сен мұнда асылып тұрсың?“ Осы кезде оған: „Бұл мен үшін осында асылып тұр-ay! Ол менің күнәмды арқалауда! – деген ой келді де, – Тәнірім, Сен – Патшасың, Өзіңнің Патшалығыңа барғанда, мені есіңе ал!“ –

дейді. Үшінші себеп: ол Исаның мәңгілік құтқаруды сыйлыққа беретініне сенді, өйткені Ол біз үшін өлді. Ал Иса оған: „Бұғін-ақ Менімен бірге жәннатта боласың!“ – деді.

Сонымен, құтқарушы сенімнің мәні мынада: маған Құдайдың қасиеттілігі ашылады, мен өзімнің күйрекен жағдайымды сезінемін, сонда мен, мен үшін айқыш ағашта өлген және өліден қайта тірілген Иса – өзімді құтқаратын бірден-бір мүмкіншілік екенін түсініп, қабылдаймын. Мұндай сенімсіз сіз екі аяқпен тең басып, өмірде тұра алмайсыз! Мен сіздерге бұдан өзге ештеңе айта алмаймын.

Адамдар мені, пікіріңіз тым бір жақты деп, кінәлайды. Мен оларға тек былай деп жауап бере аламын: „Кешірерсіздер! Өмірді, өлімді және сottты жеңудің бір-ақ жолы бар, ол: мен – күнәкармын, Исаға келіп, күнәмді мойындаимын және Исаның мандайы мен бетінен ақкан қан, айқыш ағаштан сорғалап төгілді. Сол қан менің сан жетпес күнәларымның бәрін жуып-шайды“, – дегенге, шын жүректен сенемін. Менің бір тілегім, сіздер бір фана сөйлемді: „Иса мен үшін өлді!“ – дегенді ешқашан ұмытпасаңыздар екен. Сіздер таңертең төсектен тұрғанда, саналарыңызға: „Иса мен үшін өлді!“ – деген сөз үяласа, болғаны. Ертең сіздер жұмысқа барып, өмір ағысына ілескен сэтте, кенет сіздерге: „Иса мен үшін өлді!“ – деген ой келсін. Сонда сіздерге Құдайдың мейірімділігі түсіп, сіздер: „Мен үшін өлді! Мен үшін! Демек, мен бұған сенемін!“ – деп, Оның алдында тізе бүгесіздер. Сол кезде, осыны түсінген сэтте, сіздер Құдайдың балалары боласыздар! Иса айтты емес пе: „Мен – есікпін. Кімде-кім Мен арқылы кірсе, сол – құтқарылады!“

Енді үшіншіден, менің айтайын дегенім, көп адамдар маған былай дейді: „Иә, діни жетекші Буш, дәл мына сіздің айтып тұрғаныңызға мен сене алмаймын. Сізді тыңдаған сэтте, бәрі де жақсы сияқты көрінеді, бірақ мен бұған сенбеймін“.

Бұған да мен қазір жауап бергім келеді. Осылай дейтін адамдарды төрт топқа бөлуге болады. Атап айт-

Канда:

3) Сене алмайтын адамдар...

а) ...өйткені, олар – діндарлар емес

Бірінші топқа жататындар маған былай деп түсіндірмек болады: „Мен – діндар емеспін, сондықтан сене алмаймын. Сіз – діндарсыз, діни жетекші мырза, ал мен – ондай емеспін!“ Бұған мен тек былайша жауап бере аламын: „Мен де діндар емеспін!“. Қонырау үні, хош иісті майды түтіндету, тағы сол сияқтылар маған үлкен әсер ете алмайды. Соңғы жылдары Эссенде тек үрлемелі оркестірдің сүйемелдеуімен, жай ғана залда уағыз айтқанымға өте қуаныштымын. Орган да, қонырау да болмады, мен оларды керек те етпедім. Эрине, мен бұлардың болғанына қарсы емеспін, бірақ мен үшін олардың қажеті жоқ. Міне, менің діндар еместігім осыдан-ақ белгілі!

Иса Мәсіх жерде болғанда, діндар адамдар көп болды. Ол кезде діни мұғалімдер, парызылар болды, бұлар – өте діндар адамдар еді. Мәселен, саддукеілер анағұрлыым ымырашыл діни адамдар болды. Бұлар қазіргі уақытта болса: „Мен Құдайды табиғаттан іздеп журмін“, – деп айтқан болар еді. Нацистердің кезінде олар: „Біздің туымызда Құдай бейнеленген“, – дер еді. Олар қай уақытта болсын – діндар. Осы діндар адамдар Иса Мәсіхті айқынш ағашқа керіп, шегеледі. Өйткені Ол бұлармен серіктес бола алмады. Мұлдем діннен безгендер де: бұзылғандар, алып-сатарлар (Киелі кітапта оларды „салықшылар“ деп атаған), құндік нандарын өз жұмысынан бас алмай табатын қолөнершілер, өзгенің аузынан жұлып, „қалтасын қалыннатқан“ Зақай есімді адам секілділер де болды. Бұлардың бәрі – дінсіздер. Бірақ олар Исаны таныды! Бұл қалай болды дейсіздер ғой? Бұлар өздерінің күнәкар екенін, дұрыс өмір сүрмей жүргендіктерін сезінді. Алайда, олар күнәкарларды кешіріп, оларды Құдай балаларына айналдырган Құтқарушы келгенде, Оған сенді.

Исаның діндарларды одан бетер діндар ету үшін келмегені белгілі. Ол күнәкарларды өлім мен тозақтан құтқарып, оларды Құдай балаларына айналдыру үшін, адамдардың арасына келді. „Мен діндар емеспін, сондықтан сене алмаймын“, – деген адамдар болса, мен

оларға: „Сіздердің Құдай балалары болуға мүмкіншілік-теріңіз мол!“ – дер едім. Біз бәріміз өзіміздің күнәкар екенімізді, бірақ „Исаның мен үшін өлгенін“ білеміз. Мен қайталап айтамын: „Иса діндарларды одан бетер діндар ету үшін келген жоқ. Ол өліп бара жатқан күнәкарларды, тірі Құдайдың балаларына айналдыру үшін келді!“

Ә) ...өйткені, олардың сенгілері келмейді

Екінші топқа сене алмаймыз дегендер жатады, бірақ егер олар нағыз адамдар болса, онда олар өздерінің мұлдем сенгілері келмейтінін, ағынан жарыла айттар еді. Егер олар сенсе, өздерінің бүкіл тұрмыс дәстүрін өзгертуге тиісті болар еді. Ал олар мұны жасағылары келмейді... Олар дұрыс өмір сүрмей отырғандарын біледі. Ал егер бұлар Құдай баласы болса, онда бәрі де мәлім болар еді. Жоқ, олар мұны істегісі келмейді. Онда әріп-тестері оларды әжуалап, күлкі қылар еді! Аяқ астынан олар Иса Мәсіхтің жолын қуушылар қатарына қосылса, онда олардың туған-туысқандары не демек? Жоқ, одан да ондай болмай-ақ қойсын! Егер сіздер сене алмаймын деген адамдарды кездестірсөніздер, оларға көніл қоя қараңыздар, мүмкін оларға „сенгіміз келмейді“ деп айту керек шығар?!“

Киелі кітапта таңғаларлық бір әңгіме бар. Тәңіріміз Иса Мәсіх Зәйтүн тауының басында отыр. Оның алдында – күн шуағына малынған алқапта – Иерусалим қаласы орналасқан. Әріректе – Құдайды танымайтындардың өздері әлемдегі ғажайыптардың қатарына жатқызған, тамаша гибадатхана бой көтеріп тұр. Осының бәрі Оның алдында алақанда жатқандай, көрінеді! Кенет, бір уақытта шәкірттері Исаның бетін жуған көз жасын байқап қалды. Олар таңғала және бірдеңені білгілері келгендей, Оның бетіне үңіле қарады. Иса Мәсіх сонда былай деді: „Әй Иерусалим, Иерусалим-ай, өз балапандарын қанатының астына алған құс сияқты, сенің балаларыңды қаншама рет жинамақшы болдым, бірақ сендер оны қажет етпедіндер! Міне, енді сендер Құдай сотына тартыласындар! Бұл арада тас үстінде тас қал-

майды, бәрі де қирайды, жайылады“. Бұл – Киелі кітаптың ғажап Сөздерінің бірі: „Бірақ сендер қажет етпепдіңдер!“ Иерусалимнің тұрғындары да: „Біз сене алар емеспіз!“ – деп айтқан еді, бірақ шын мәнінде, олардың сенгілері келмеди!

Сіздерге айтарым, сенгілері келмегендері, сенбей-ақ қойсын. Қауымдарда осы күнге дейін әлі де түрлі зорлық-зомбылықтар бар. Алайда, Құдай Патшалығы тек еріктілерден тұрады. Кімнің Құдайсыз тұрғысы келсе, тұра берсін. Құдай Өзін бізге ұсынады, ал біз Оны қабыл алмауымызға да болады. Сіздің Құдайсыз өмір сүргіңіз келе ме? Сүре беріңіз! Сіздің дұғасыз өмір сүргіңіз келе ме? Сүре беріңіз! Сіздің Киелі кітапсыз өмір сүргіңіз келеді ғой? Еркіңіз білсін! Сіз жексенбі күнін қасиеттегіңіз келмей ме, зинақорлыққа, маскүнемдікке салыну, өтірік айту, үрлық жасауды қалайсыз ғой? Қалауыныз білсін! Құдай күнәкарларды құтқару үшін жіберген бұл Құтқарушыны танығылары келмегендер, Оны қабыл алмай-ақ қойсын. Тозаққа баруға ұмтылғандарға тыйым салынбайды. Құдай ешкімді зорламайды, егер зардап салдары болатын болса, оған кінәлы өздеріңіз екенін, ойлағандарыныз абзал. Құдай Иса арқылы сіздердің күнәларыңыздың кешірілуін және жан тыныштығын ұсынды. Сіздердің: „Маған мұның қажеті жок, мен оны қаламаймын!“ – деп айтуларыңызға болады. Онда солай өмір сүре беріңіздер! Бірақ көз жұмар алдындағы бес минутта, сіздер Құдай өмір бойы сіздерге ұсынған жарылқаушылыққа қолымыз жетеді деп, ойла маңыздар. Сіздердің Иса арқылы Құдаймен келісуді қабылдамауларыңызға болады, бірақ ондай жағдайда мәңгілік Құдаймен бітімсіз тұрасыздар. Ал бұл дегенінің – тозақтың дәл өзі!

Тозақ – сіздердің шын мәнінде Құдайдан толықтай босаған орныңыз. Онда сіздерді ешкім де мұсіркемейді. Ол жерден сізді ешкім шақырмайды. Мүмкін сіздер онда дұға оқығыларыңыз келер, бірақ оны істей алмайсыздар. Онда, мүмкін, сіздер Исаның атын атағыларыңыз келер, амал не, бұл Есім сіздердің естеріңізге мұлдем түспейді. Сіздер мен айтып тұрган хабарға құлақ

салмауларыңызға да, Исаға жүгінбеулеріңізге де болады, ал бірақ бұл сіздердің тозақты таңдағандарыңыз екенін түсініңіздер. Сіздердің таңдауға өз еріктеріңіз бар!

„Алайда сіздер қажет етпепдіңіздер!“ – деді Иса Иерусалим тұрғындарына. Ол оларды күштеген жоқ. Ал олардың таңдап алғандары – өте сұмдық еді!

б) ...өйткені, олар көп нәрсені бастан кешірді

Адамдардың үшінші тобына, сене алмаймын дейтіндерге, негізінен еркектер жатады. Олардың келтірген дәлелдері – тым оғаш-ақ. Мұндайды мен әйелдерден ешқашан естіген емеспін. Ал бұлардың дәлелдері мынандай: „Діни жетекші мырза, басымнан кешіргенім тым көп, сондықтан сене алмаймын!“ Мен олардан: „Сіздердің бастарыңыздан соншама не өтті? Менің өмірім де жетіскен жоқ“, – деймін. „Иә... басымнан көп нәрсені өткіздім, сондықтан ештеңеге сене алмаймын!“ Міне, осы ой елес секілді әлемнің еркектерінің алдында көлбендең, тұрып алғандай. Мұндай жағдайда мен оларды келемеждең, былай деймін: „Сіздер автобус жүрісі кестесіне сенесіздер фой, полициядан алған мәліметке де нанатын шығарсыздар?“ – „Иә!“ – „Олай болса, маған ешқашан ештеңеге сенбеймін деп айтпаңыздар. Одан да автобус кестесі мен полицияның айтқанынан басқасына сенбеймін деңіздер“. Осындаі әңгімені одан әрі жалғастыруға болатының сіздердің өздеріңіз де түсінерсіздер. Содан соң мен былай дедім: „Мынаған қараңыздаршы, күнәның астында қалған, тазалықтан белгі жоқ, қаратұнек, адасушылық жайланаған менің қапас өміріме Иса араласты. Мен, маған Оны Құдай жіберген – Құдай Ұлы екенін, түсіндім. Сонда мен өз өмірімді, мен үшін көп жақсылық жасаған Исаға тапсырдым. Егер сіздер шынымен ешкімге де, ештеңеге де сенбесеніздер де, сіздер үшін өмірін Қиғанға нануларыңызға болады. Иә, сіздер Оған сене аласыздар. Сіздер көп нәрсеге иланасыздар да, ал әлі ешкімнің көңілі қалып көрмеген Оған, толықтай нануға болатын жалғыз сол Адамға былай дейсіздер: „Жоқ! Бұл – барып тұрған күлкілі жағдай фой!“ Сөйтіп, тағы басымнан көп жағдай өтті деп қоя-

сыз. Жоқ, сіз әлі жеткілікті түрде бәрін бастан кешірген жоқсыз.

в) ...өйткені, оларға бірдеңе кедергі болуда.

Сенгісі келмейтіндердің төртінші тобына байсалдылар жатады. Олар өздеріне не қауым, не діни ілім кедергі болғандықтан, ештеңеге иланбайтын секілді.

Бір жас студент қыздың маған былай дегені бар: „Діни жетекші мырза, мен жаратылыстану ғылымын зерттеумен шұғылданып жүрмін. Сіздің бір дәрісініңді тыңдағаннан кейін, сізден бірдеңені үйренуге қоңілім ауды, бірақ мен сене алмаймын. Сіз түсінесіз бе, қауым құрылымының мына барлық қафидалары және пікірлері мен үшін жарамсыз. Оларды қабылдау дегеніңіз – бір құшақ құрғақ шөпті жүтқанмен бірдей!“ Мен құлдім де, оған қарсылық білдірдім: „Қызым! Саған бір құшақ құрғақ шөпті қылғытудың қажеті жоқ! Сенің Иса туралы естігениң бар ма?“ – „Иә“, – деді ол. – „Егер мен Исаңы өтірікші болды десем, оған сенер ме едің!“ – „Жоқ, мен оған сенбес едім!“ – деп жауап берді қыз. Мен саялымды одан әрі сабактадым: „Қызым, сен тағы да біреу туралы: „Ол ешқашан өтірік айтпайды“, – деп айта аласың ба?“ – „Жоқ, – деді ол, – жалған сөйлемейді деп, мен ешбір адам туралы айта алмас едім“. – „Міне, көрдің бе, қызым, сен сенеді екенсің ғой. Сен Исафа сенетініңді айттың. Бұл – өте ғажап қой! Бәрі де осыдан басталады. Ол ақиқатты айтады. Киелі кітапта, Құдай жіберген Иса Мәсіхті қабыл алушы адамның өмірі мәңгілік, деп айттылған. Саған қауым құрлымының қафидалары мен пікірлері туралы пікір таластырып жатудың қажеті жоқ. Бірақ, өмір ымыртынан саған Біреу қарсы келе жатыр. Саған оның шеге мен тікенекті тәжден жарақаттанған жаралары анық көрініп түр, бұлар – сенің барлық күнәларынды Ол Өзіне алыш, сені ешкімнің қолынан келе алмайтын Өзінің сүйіспеншілігіне бөлегенінің айғағы. Исафа қарап, зерде көздерің әбден ашылып: „Менің Құтқарушым! Менің Тәңірім, менің Құдайым!“ – деп айта алсаң ғой, шіркін. Сену – құрғақ шөп сияқты қағиданы жұту емес, сену дегеніміз – Иса Мәсіхті қабылдау!“

Бір кісінің айтқаны бар: „Мен сене алмаймын, өйткені, діни жетекшілер, діни жетекшілер...“ – бәрі сөйтіп бастайды. Діни жетекшілер туралы түрлі оқиғаларды естігенім бар. Біреулері тән құмарлығына берілген, екіншілері касса ұстаймын деп, қүйіп кетеді. Әйтеуір, барлық жерде діни жетекшілердің басынан неше түрлі мاشақаттар өтіп жатады. Сондықтан да, бұдан былай сене алмаймын!“ – деседі жұрт. Мен бұл сөзге қызарақтаймын, өйткені, өзімді-өзім білемін фой. Касса ұстап, қүйіп кетпесем де, адамдар мені білгеннің өзінде, мені де шын ниетімен қабылдай қоймас еді. Бірақ бұған не айтуға болады? Ал енді тыңдаңыздар: Киелі кітапта: Өз діни жетекшіңе сен, сонда құтқарыласың“, – деп еш жерде жазылмаған. Бірақ, онда: „Иса Мәсіхке тәнірге сен, сонда құтқарыласың!“ – делінген. Эрине, діни жетекшілердің бәрі бірдей өз қызметіне сәйкес деп айту – ағаттық болар еді, алайда оларды Исаға апарып жеткізетін жол белгісімен салыстырған жөн. Жол көрсеткіш белгі ептең майысқан және қисайған, немесе жаңбырмен шайылған болуы мүмкін, бірақ ол бізге кемдік етпейді. Ең бастысы – ол қайда жол сілтейді, соны көре білу керек. Айқыш ағашқа керіліп, өліден қайта тірілген Құдай Ұлы Исаға жол көрсете алмаған діни жетекшіні мен де танымас едім. Мен маған жол мен нысананы нұсқаған жол белгісіне ашулана алмаймын фой, қайта мақсатқа қарай ұмтыла беремін. Бұл мақсат: „Рақымдылықтың бұлағы – Иса келеді! Немесе сіздер сот күні тірі Құдай алдына барып: „Тәнірім, мен Сенің рақатыңа бата алмадым, мен күнәмды кешіруінді қабылдамадым, өйткені діни жетекші берекесіз болды“, – деп, шынымен айтасыздар ма? Сонымен, сіздер бір күні Құдай алдына баруларыңыз – хақ. Жоқ, достарым менің, сендердің сене алмаймын дегендеріңіз – жалған. Иса бірде үлкен маңызы бар мына сөзді айтқан болатын: „Кімде-кімнің Құдай еркін танып, оны істегісі келсе, ол менің ілімім – Құдайдан екенін білетін болады“. Негізгісі – өз өмірімде түйсінген азын-аулақ нәрсенің өзіне құлақ асып, оны орындауды бастағым келе ме, жоқ па, міне, мәселе – осында. Содан кейін мен алға қол созып бағамын.

4. Сене алмасаң, не істеуің керек?

Бұл туралы мен сізге бірнеше сөзben айтқым келеді.

а) Құдайдан жарық сұраңыз!

Ол сіздің жаныңызда. Оған былай деп айтыңыз: „Тәнірім, мені сенімге жеткіз! Сенің жарығыңды көруге мұрсат бер!“ Сонда Ол сені естиді!

ә) Құдайдың әрдайым өзіңмен бірге болуымен есептесіңіз!

Иса әрдайым бізбен бірге! Оған оңашада: „Иса, өз өмірімді Саған арнағым келеді“, – деңіз. Мен де өзімнің бір кезде, құдайсыздар қатарында жүргенімде, Құдай алдындағы қорқынышымды сезініп, осыдан кейін Isa туралы естігенімде, осылай істедім.

б) Киелі кітапты оқыңыз!

Күн сайын он бес минут Иسامен оңаша болыңыз. Киелі кітапты оқып, Құдай сізге не айтқысы келетінін біліңіз. Көңіл қойып оқыңыз! Содан соң қолыңызды кусырып: „Иса, менің Саған айттарым көп. Мен өз өмірімді билей алмай журмін, маған көмектесе гөр!“ – деңіз.

в) Қатынаста болуды қарастырыңыз!

Шынайы Мәсіх жолын қуушы болғысы келген адамдармен қарым-қатынас жасауға тырысыңыз! Жалғыздықта болмаңыз. Аспандағы Құдайға апаратын жолда жалғыз басты жолаушы болмайды! Осы жолмен бара жатқан, басқа Мәсіх жолын қуушылармен қарым-қатынасты іздеңіз.

БІЗ ҮНЕМІ ҚАТЕЛІКТЕР ЖІБЕРІП, КІНЭЛЫ БОЛЫП ЖУРСЕК, ОНДА ӨМІРІМІЗДЕ ЖЕҢІСКЕ ҚАЛАЙ ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ?

Бұл – өте маңызды мәселе. Расында да, біздің айыптылық пен қателіктер үнемі етектен тартуда. Сондықтан адамдарды бақытты да бай ететін, ұлы және тамаша сыйлық туралы айта алғатыныма, өзімді бақыттымын деп санаймын. Бұл затты әлемнің ешбір елінен сатып ала алмайсың. Тіпті сіз миллиардер болып, бүкіл банкнотынызды үстел үстіне салсаңыз да, оны сатып ала алмаған болар едіңіз; тамыр-таныстықпен де оны қолыңызға түсіре алмайсыз. Мұны айтып отырған себебім, қазіргі уақытта сатып ала алмаған дүниені, тамыр-таныстық арқылы табуға болады. Ал бұл тамаша затты өз бетіңізбен қолға түсіруге ешқандай мүмкіндігіңіз жоқ. Оны тек сыйлық ретінде алуға болады. Мен айтып отырған бұл сатып та, таныстық арқылы да ала алмайтын фажап зат – күнәны кешіру деп аталады.

Мен қазір көптеген адамның түңіле: „Күнәны кешіру дейді ме?“ – деп ойлайтынын білемін. Сонда мынандай сұрақ туады:

1. Маған осы қажет пе?

Сіздердің тең жартыларының: „Мен күнәны кешіруді керек етпеймін“, – дейтіндеріңізге сенімдімін. Күні кеше бір жас жігіт маған былай деп түсіндірді: „Біз қазір, біздің қажеттілігіміз жарнама арқылы қоздырылатын уақытта, өмір сүреміз. Біздің ата-бабаларымыз шайнайтын резинка мен сигарета дегеніңізді білген де жоқ. Бізге теледидар, радио жарнамалары және құлақтандырулар арқылы тұрақты түрде хабарлап, біз темекісіз күн кешпейтіндей етіп, құлаққа құйып жатқаны. Ең алдымен қажеттілікті қоздырып, содан соң сауданы бастайды“.

Жас жігіт ойын одан әрі жалғастырды: „Қауымдар да осыны істеуде. Олар адамдарға күнәны кешіруді қажет ететіндерін айтады да, одан кейін бұл сөзді саудаға салады. Түсінесіз бе, бізге оның қажеттілігі жоқ, алайда сіздер бізді қоздырып қоясыздар да, содан соң өз товарларыңызды өткізуге тырысасыздар“. Шын мәнінде, осылай ма өзі? Егер көшеде бірінші кездескен кісіге: „Қайырлы күн! Есіміңіз кім?“ – десеніз, – „Майер!“ – дер еді. – „Майер мырза, күнәңыздың кешірілуін қалар ма едіңіз?“ – деп сұрасаныз, Майердың былай деп жауап берері хақ: „Сандырақ сөз! Маған қазір қажеті – күнәмның кешірілуі емес, 2000 марка!“ Осылай фой? Қазіргі уақытта жоқ қажеттілікті айттып, кейін Киелі кітап арқылы жауап беру – мүмкін бола қояр ма екен?

Мен сіздерге бұл барып тұрған адасушылық, өте сұмдық адасушылық дегенді айтуды керек. Бізге күнәны кешіруден қажетті – ешнэрсе жоқ. Күнәны кешіруді қажетсінбейтіндер өте қателеседі, өйткені, олар қасиетті де қаһарлы Құдайдың барын білмейді. Құдайдың сүйіспеншілігі туралы көп айттылады. Сондықтан біз Құдайдың Киелі кітапта жазылғанындей, қаһарлы екендігі туралы ешнэрсе де білмейміз! Бірде мен күнәға батқан өз өмірімнен ояндым да, Құдайдан қорқу керектігін анық түсіндім. Кімде-кім күнәны кешіруді қажетсіз десе, ол адам, оның денесі мен жанын тозаққа тастантын тірі Құдай туралы, ештеңені білмегені. Иә, расында да, сөйтіп, мәнгілікке өлуге болады. Мұны Иса айттып отыр, ал Ол оны біледі. Егер бүкіл әлем бұған сенбеймін десе, онда бүкіл дүние де қирайды (өледі)! Иса бізден жасырын тұрғанның бәрін біледі. Ол бізді өлімнен табанды тұрде сақтандырады. Ал біз болсақ, күнәға белшемізден батып тұрып, күнәны кешіруді қаламаймыз, қауымдар бізге болымсыз қажеттілікті қоздырады дейміз. Неткен ақымақпыз десеніш! Бізге қазір күнәңың кешірілуінен артық, еш нәрсенің керегі жоқ!

Мен сіздерге бір жағдайды әңгімелейін. Маған бірде тамаша қала Цюрихте, мәжіліс сарайында жиналыс өткізуге тура келді. Бұл – өте үлкен жиналыс болды. Көбісіне орын жетпей, адамдар қабыргаларды бойлай сүйе-

ніп тұрды. Мен осындайлардың арасынан қызу әңгімеге кіріскең екі ер адамға, ерекше назар аудардым. Бұлардың жиналысқа жай ерігіп келгендері көрініп тұрды. Біреуінің әдемі сақалы бар екен. Менің оған көңіл аударғаным, – өзімде осындай сақал болмағандықтан, бір жағы қызығы, екіншіден, қызғанушылықтан еді. Дәріс оқуды бастағаннан кейін, мен олардың назарын аударуға тырыстым. Олар ықылас қоя тындағы. Күнәның кешірілуі туралы айтуды мұн екен, сақалды мырза мырса етіп күлді де, көршісінің құлағына бірдеңелерді сыйырлады. Мен оның не айтқанын ести алмасам да, бет әлпетінен мынаны түсіндім. Оның кекесіні шамамен мынаны білдіреді: „Күнәны кешіру дейді. Бұл – діни жетекшінің белгілі былшылы фой! Құдайым-ау, бұған не айтайын!“ Сол арада ол мүмкін былай деп ойлаған шығар: „Мен қылмыскер емеспін фой! Маған күнәдан құтылу дегенің – мұлдем қажетсіз!“ – осыны сіздер де айтасыздар фой, солай емес пе? „Мен қылмыскер емеспін фой! Күнәдан құтылу деген – маған мұлдем қажетсіз!“ – сонымен, ол осылай деді... Мен сол кезде теріме симай кеттім. Эрине, мен Құдай алдында ашулану дұрыс емес екенін білемін. Бірақ соған қарамай, мені ашу-ыза кернеп кетті. „Сәл сабыр етіңіз!“ – дедім мен. – „Мен қазір жарты минуттық кідіріс жасаймын, ал сіз осы мерзім ішінде өз-өзінізге мен айтқан сұраққа жауап бересіз. „Сізге қажетсіз болғандықтан, мәнгі-бақи күнәны кешіру керектігінен бас тартасыз ба? Иә немесе жоқ деңіз?“ Бұдан соң аузы-мұрнынан шығып тұрған зәулім зал құлаққа ұрған тана-дай тыныштала қалды. Сақалды мырзаның өні бозарып, қабырғадан ұстай берді. Бейшара сондай қорқып кетті. Оның мүмкін: „Мен – қылмыскер емеспін! Егер сөз өлім туралы болса, іс насырға шапса, мен қалайда күнәла-рымның кешірілуін қалар едім. Мен бұдан бас тартпас едім“, – деп айтқысы келген шығар. Ал сіздер солай айтқыларыңыз келе ме? Немесе бұрынғыдай бас тарта-сыздар ма?

Мен өз өмірімде жиі естіген бір сөздер бар, олар мынау: „Менікі – дұрыс және ештеңеден қорықпаймын!“ Ал осыны қырық жастың бергі жағындағылардың айт-

пайтынын ақылға салып көріңіздерші. Жас адам өзінің өмірі кемістікке толы екенін түсінеді. Бірақ өз арын әбден аяққа басып барып, оған осындағы өтірікті айтуға болады. Егер мен біреулерден: „Менікі – дұрыс және ешкімнен қорықпаймын!“ – деген сөзді естісем, мен оған былай деймін: „Сенің жасың қырықтан асқан, сен – склерозсың, сондықтан осылай дейсің! Сен өз арыңды аяусыз аяққа басып тұрсың!“ Арымызды әлі аяққа баспағанымызша, біз үшін күнәның кешірілуінен артық ештеңе жоғын, біз анық білеміз!

Бірнеше жыл бұрын Эссенде „осызаманғы“ музыкант Билл Хейли, басқаша айтқанда, сондай „қылмыңдаушы“ өнер көрсетті. Оны және оның эстрадалық ансамблін тыңдау үшін, үлкен залда бозбалалар мен қыздар жиналды. Алайда, алғашқы музыкалық шығарма орындала бастағанда-ак, олар ақырындан залды қирата бастады. Одан келген зиян – алпыс мың маркадай болды. Бір жас полиция қызметкери кейін маған мынаны айтты: „Мен алдыңғы жақта отырған едім, әлгі әрекетке қатыспау үшін, бар күшімді салып, орындықтан мықтап ұстап алдым. Келесі күні қала көшесімен келе жатып, мен үш жігітті көрдім, олар кешегі оқиғаға қатысқан секілді. Мен оларға жақындан: „Қайырлы күн! Кеше кешке сіздер де Билл Хейлиді тыңдағандарыңызға, бәсеке тігуге әзірмін!“ – дедім.

„Дұрыс айтасыз, діни жетекші мырза!“ – „Оу, бір-бірі мізді біледі екенбіз ғой, – дедім мен, – өте тамаша! Дегенмен шын айтыңыздаршы, залды неге бұлдірдіңіздер? Маған осы жағы түсініксіздеу“. – „Ah, діни жетекші Буш, бұл – бар болғаны торығушылық қой!“ – деп жауап берді олар. „Не дейді? – деп сұраймын мен, – торығушылық? Жандарыңа не зор келді? Неліктен олай?“ – „Әй, біз оны өзіміз де білмейміз“, – деді жігіттер.

Данияның ұлы діни зерттеушісі және пәлсафашы Киркегаардтың өз өмірі туралы айтқаны бар. Бала кезінде әкесімен бірге серуенге жиі шығады екен. Кейде әкесі тоқтап, баласына ойланған қарап тұрып: „Балам менің, біреу саған қысым көрсеткендей, тым жабырқаңқысың ғой“, – дейтін көрінеді. Өзімнің қырық жылғы діни

жетекшілік қызметімде осындай іштей күйзелген, жа-бырқаңқы адамдарды көп кездестірдім. Ал енді менің сіздерден сұрайтыным: өмірдегі іштей торығушылық, көнілсіздік жағдай сіздерге таныс па? Бұл неден болатынын мысал келтіре отырып айтайын. Рур төнірегінде діни жетекші болып жүргенімде, мен шахтаға жи түсетінмін. Бұл өте қызық. Аrnaулы киім, дұлыға киіп, көтерме тор арқылы тереңге, мәселен сегізінші деңгейге дейін, мүмкін одан да тереңге зымырайсыз. Алайда, оған ешкім түспейтін, өйткені, ең төменде – „батпақ“. Ондағы шахтаға жер астындағы сулар жиналғандықтан, шахтерлер оны „ми батпақ“ деп атады. Эссенде тұрган кезімде мынандай бір жағдай болды: сым арқан үзіліп кетіп, тор төмен – „ми батбаққа“ қарай құлдилады. Сүмдық деп – осыны айту керек.

Мен енді қос сызық жүргізгім келеді – рудниктегі батпақ және адамдар... Біздің өмірімізде бірнеше деңгей барын білеміз. Біз мәселен, сырттай көңілді көрінеміз де, ал ішімізде басқаша болып жатады. Немесе күлімсіреп тұрып, ал іштей қайғы бұлтына тұмшалануға болады. Өмірде бізге бәрі оңай берілетіндей болып көрінгенімізben, ал жүрек түкпірімізде торығушылықтың азабынан арыла алмауымыз мүмкін. Бұл туралы дәрігерлер, пәлсафашылар, психологтар, психиаторлар көп айтады. Бір психиатр маған: „Менің бөлімшеме қаншама жас адамдардың келетінін сіз білсеңіз фой!“ – деген еді. Алайда адамдардың көбі торығушылық пен қорқыныштың қайдан пайда болатынан бейхабар, ал одан құтылу-дың жолы – тек мас болуда деп біледі. Одан да ақиқатқа ашиқ көзбен қарауға болмас па еді?

Адам жүргегінің түкпірінен орын тепкен тұңғашшілік – осы фасырдың ашқан жақалығындағы көрінеді. Фажабы, бұл туралы Киелі кітапта бұдан 3000 жыл бұрын жазылған. „Адам жүргегі – сұм... және шегінен шыға бүлінген“, – делінген онда. Киелі кітапта сонымен бірге неге бұлай екені де айтылған. Оның бірнеше себебі атап көрсетілген: адам күнәға батқан кезінен бастап, Құдайдан алыстап кетті, содан бері адам өзінің негізгі тылсымы – Құдайдан алыста жүр. Өйткені, шын мәнінде, біз тірі

Құдайдың біздің сүрген өміріміз үшін жүргізетін тергеуінен қорқамыз. Бірақ біздің жүрегіміздің торығушылығының ең негізгі себебі – біздің күнәмымыз, Құдай алдындағы күнәмымыз болып табылады! Бұл – біздің өміріміздегі ең үлкен қызыншылық, ал одан біз өз бетімізбен шыға алмаймыз. Біз мұны түсінеміз. Сондықтан да жүрегімізді түңгігушілік жайлап алған.

Бізге күнәлардың кешірілуі қажет пе? Әрине, қажет! Біз үшін күнәның кешірілуінен анағұрлым қажетті ештеңе жоқ!

Күнә дегеніміз не? Күнә – бұл Құдайдан іргені аулақ салу. Біз тіпті дүниеге күнәкар болып келеді еkenбіз. Бір мысал келтіруге рұқсат етініздер. Англиядағы соғыс кезінде туған сәбилер, әрине, бізге, немістерге, қарсы емес екені белгілі, бірақ олар дүшпандар жағында дүниеге келді ғой. Сол сияқты, біз де Құдайға қарсы лагерьде туғанбыз. Сөйтіп, өзіміздің түрлі қателіктерімізбен біз екі араға кедергі қойып, Құдайдан алыстай береміз. Әрбір Құдайдың өсietіне қарсы жасаған қылмысымыз тас секілді қаланып, одан бүтін бір қабырға пайда болады. Сөйтіп, күнә дегеніміз – аңы шындық болып табылады.

Мен қазір сіздерге күнәның – қатерлі шындық, ешқандай да күнәны түзету мүмкін емес екенін, тұнғыш рет қалай түсінгенімді айтайын. Менің әкем ғажап адам еді, екеуміздің өзара қатынасымыз жақсы болды. Мен үйіміздің қосалқы бөлмесінде емтиханға әзірленіп отырғанмын, кенет төменнен: „Вильгельм!“ – деп шақырган дауысты естідім. (Вильгельм – бұл менің есімім). Мен басымды шығарып, мені шақырган әкемнен: „Не болды? Өрт шықты ма?“ – деп сұрадым. Ал әкем: „Менің қалаға баруым керек. Сенің менімен бірге барғың келмей ме? Екі адамның жолға шығуы – көнілдірек қой!“ – деді. – „Ah, әке, – деп дауыстадым мен жоғарыдан, – мен қазір емтихан жұмысының ең маңызды тақырыбына дайындалып жатырмын, оны тастап кетуім дұрыс бола қоймас“, – дедім. – „Онда мен жалғыз кетейін“, – деді ол. Он төрт күннен кейін ол дүниеден өтті. Бізде мынандай дәстүр бар еді, сүйек салынған табыт үйге қойылып,

Ұлдары оның қасында кезектесіп күзетіп отыратын. Тұн тыныштығы. Бәрі үйқыда. Мен табыт жанында отырып, ойға шомдым да, осыдан он төрт күн бұрын әкем қалаға бірге баруға шақырғанда, бармағанымды есіме алдым. Оның өтінішін қабыл алмадым фой! Мен оған қарап былай дедім: „Ah, әке, менен тағы сұрашы, егер сен жүз шақырым жерге барамын десең де, мен – әзірмін!“ Бірақ оның жұмылған аузы ашылған жоқ. Сонда менің нем күрайдылығым – ешқашан түзетілмейтін қатерлі ақиқат екенін түсіндім.

Қалай ойлайсыздар, біздің өмірімізде қаншама теріс қылышқ, қаншама қателіктер болды? Егер үнемі осындағы қылышқтар мен қателіктер өмірімізде көбейе берсе, онда өміріміз не болмақ? Күнәмьыз кешірілмей, біздің өміріміз жөнделе қоймайды!

Ал өліммен не істейміз? Мәңгілікке өз күнәларыңызды ала кетуге қалайсыздар? Мен жиі бұның қалай болатынын, көз алдымға елестетемін. Мен ептең соған жақындал келемін емес пе? Мүмкін, сүйікті қолдан әлі қатты ұстап тұруың ықтимал, ал мерзімі жеткенде, қас қағым сэтте оны жіберуімізге тұра келеді. Сонда менің өмірлік кемем Құдай алдына, Оның дәл алдына барады! Маған сеніңіз, сіз де бір кезде Соның алдында тұратын боласыз. Сіз сонда өзіңіздің бүкіл теріс қылыштыңызben, барлық қателіктеріңізben артынып-тартынып, тірі Құдайдың алдына барасыз. Сонда сіз барлық кінәларыңыз ben қателіктеріңізді өзіңізben ала келгенінізді көргенде, сізге қандай қыын болады десеңізші!

Бізге күнәмьыздың кешірілуі керек пе? Иә, ол бізге күнкөріс ырыздығымыздан да артық керек.

2. Күнәмьыз қай жерде кешіріледі?

Откенді ұмытуға бола ма? Егер ұмытуға болса, қалайша?

Мен жаңа фана әкеммен болған оқиғаны айттым. Мен ешқашан өз кінәмді жадымнан шығара алмаймын. Сіздер мені түсініп отырсыздар ма? Шын мәнінде, біз

өтіп кеткен қателіктерімізді түзете алмаймыз. Біздің барлық қылықтарымыз Құдай алдында жазылып, жаза күтуде. Яхуда деген бір адам өз Құтқарушысын 30 теңге күміс ақша үшін ұстап берді. Бір мезетте ол өзінің қателігін сезді. Ол Оны ұстап берген адамдарға қайта барып, ақшаны қайтарып: „Мен жамандық жасадым. Ақшаны қайтып алындар! Мен бұл істі түзегім келеді!“ – дейді. Ал аналар болса иықтарын қиқандатып: „Біздің ондағы шаруамыз қанша? Өзің біл!“ – деседі. Кімге барып сұрасаңыз да, сізге: „Өзің біл!“ – деп жауап береді. Соған қарамастан, теріс қылық пен қателікті жоятын мүмкіншілік бар. Қайтіп? Күнәны кешіру қалай болады?

Достарым менің, бұл сұраққа Құдайға шын берілген адамдар Киелі кітаптың беттерінде бірауыздан қуана мадақтап, жауап береді. Басынан аяғына дейін, Көне Өсиеттен Жаңа Өсиетке дейінгі Киелі кітаптың әнұраны – күнәның кешірілуі делінген!

Қайда? Иерусалимнің қақпасының сыртына шығып, Фолфота тауына барайық. Біз жиналған жұртқа да, оң және сол қол жағындағы қарақшыларға да, римдік әскерлерге де көніл аудармай, тек солардың ортасындағы айқыш ағашқа керілген кісіге назарымызды аударайық. Бұл кісі – кім? Ол – біз секілді емес. Ол бірде көп адамның арасында тұрып былай деді: „Мені, ең болмаса, бір күнәм үшін кім кінәлай алады?“ Сонда ешкім бірде бір күнәны айта алмады. Ал біздің ішімізден ешкім де батылы барып, солай сұрақ қоя алмас еді. Бұдан кейін Оны римдік билер, сондай-ақ еврейлердің жоғарғы сот кеңесі қылмыскер деп айыптауға тырысып, Оны тергеді, бірақ Оған еш кінә таға алмады. Ол – біздің біреуіміз емес. Ол күнәның кешірілуін қажет етпейді. Соған қарамастан, анау айқыш ағашта керіліп тұрған – Сол. Бұл адам – кім? Ол адамдар әлемінен келген жоқ, Ол басқа өлшемнен, Құдай әлемінен бізге келді. Мен сіздерге Иса Мәсіх туралы айтып тұрмын. Ол айқыш ағашта ілулі тұрғой? Неге? Не үшін? Достарым менің, Құдай әділ: Ол күнәны айыптауы тиісті. Сонда Ол біздің күнәларымызды Иса Мәсіхке артты да, енді біздің күнәмьыз үшін Исаны жазаға бұйырды! „Адамзаттың күнәсінің күнын

өтеу – Соған жүктелген!“ Міне, бұл Киелі кітаптың Ұлы хабары: біздің Құдаймен татуласуымыз үшін, Иса Құдай сотына берілді! Құнәны кешіру, міне, қайда жатыр!

Құнәдан қай жерде арылуыма болады? Құдаймен мен қалай тіл табыса аламын? Исаңың айқыш ағашының қасында! „Құдайдың Ұлы Иса Мәсіхтің қаны бізді барлық құнәдан тазартады“. Біз осыны ұғынсақ қой, шіркін!

Американдық Виллиам Л. Гулльдің тартымды кітабы жарық көрді. Бұл – миллиондаған адамдардың өліміне себепкер болған Адольф Айхманның қамалған абақтысына отыз мәрте барған діни жетекші еді. Ол – онымен ұзак сөйлесіп, оның соңғы сөзін естіп, оны дар ағашына дейін де ұзатып салған және оның мәйітінің кулін Жерорта теңізінің үстінде себу салт жорасына қатысқан адам. Діни жетекші өзінің Айхманмен әңгімесінің мазмұнын „Бір жан үшін күрес“ деген тақырыппен жариялады. Ол басында осы бір құнәкарды тозаққа түсірмеу үшін, құтқаруға құштар болғаны туралы әңгімелейді. Миллиондаған адамды өлтіріп, әлемге сүмдіқ қайғықасірет әкелген осы бір адам жазу үстелінің басында отырып, ақырғы құніне дейін: „Мен үшін біреудің өлуін мен қажет етпеймін. Менің құнәмды кешірудің керегі жоқ. Мен мұны қаламаймын“, – деді.

Сіздер де Айхманның ізімен жүруді және солай өлуді қалайсыздар ма? Жоқ? Егер олай еткілеріңіз келмесе, онда Иса Мәсіхке шын жүректен жалбарыныңздар. Сол ғана құнәны кешіре алады; өйткені, Ол сол үшін өлген, солардың айыбын төлеген!

Діни жетекші Гулль Айхманмен әңгімелескен кезде, бұл адамға Исаңың қаны арқылы құнәның кешірілуі жайлы айтуға жиіркенген екен. Мұндай адамға да құтқарылу алуға бола ма? Иә! Иә! „Құдайдың Ұлы Иса Мәсіхтің қаны бізді барлық құнәдан тазартады“. Бірақ мен өз құнәм туралы ағынан жарылып, Оған айтып, содан соң айқыш ағашқа қарап, сенімді түрде: „Исаңың маңдайы мен бетінен аққан қан, айқыш ағаштан сорғалап төгілді. Сол қан менің сан жетпес құнәларымның бәрін жуып-шайды“, – деуім керек.

Киелі кітапта айқыш ағашқа керіліп, өліден қайта

тірілген Иса Иемнің күнәны қалай кешіретіні жөнінде жаңа мысалдар келтіріліп, түсіндірілген. Иса табытта қалған жоқ, үшінші күні қайта тірілді фой, сіздер мұны білетін шығарсыздар, Ол – тірі!

Мәселен, онда кепілдік туралы айтылады. Егер менің қарызымды өтеуіме ештең болмаса, кепілші мен үшін ара тұсуге міндеттенеді. Өйткені қарыз өтелуге тиісті. Егер біреу қарызданып қалса, өмірде осылай болады. Біз өз өмірімізде күнәлы болған сайын, Құдай алдында бізде міндеттеме пайда болады. Киелі кітапта былай делінген: „Күнә үшін жаза – өлім“. Құдай біздің өліміміз арқылы қарызды өтеуді талап етеді. Міне, Иса келіп, біздің өмір сүре алуымыз үшін, біздің күнәмізды арқалап, өлді. Ол Құдай алдындағы біздің Кепілшіміз болды. Сөйтіп, сіздер өздеріңіздің күнәларыңыз үшін не тозақта түсесіздер, не Исаға барып: „Иса Ием, Сен менің күнәларым үшін де төлем жасағаныңды ұғынғым келеді“, – деп айтасыздар. Эрнст Готлиб Вольтерсдорф бір жырда былай деп мойындаиды: „Менің Қорғаушымның келгенін, мен шұбесіз білемін. Ол менің күнәларымды Өз өмірінің құнымен өтеді. Ол менің қателіктерім үшін толығымен айып төледі, сондықтан да күнәларым толығымен жуылыш-шайылды“.

Киелі кітапта төлемді өтеу жайлы да көрнекі суретtelініп жазылған. Бір кісі құл сатушының қолына түседі. Ал оның өзін-өзі босатуға дәрмені жоқ. Міне, бір мейірбан мырза келіп, бұл құлды көреді; жаны ашып: „Бұл адамның құны қанша тұрады? Мен мұны сатып аламын!“ – дейді. Құлдың қай уақыттан бастап еркі болады? Ең соңғы тиыны төленіп біткенде ғана. Иса Фолгота жотасында ең соңғы ақысын төледі! Енді мұны ұғынып, сіз былайша айта аласыз: „Тәңірім Иса, мен Сенің алдыңа өз күнәмді алыш келдім, Сен оны жояды деп, сенемін!“ Иса айыбын төлей алады! Ол күнәның құлдығынан азат етеді! Филипп Фридрих Гиллер былайша жырлайды: „Күнәдан тазару – азап тартқан жанның Исаңың ғажап есімі арқылы рухани жаңауы...“

Киелі кітап тағы да жаңа мысалдар келтіреді. Онда келістірушілік жайлы мысал да бар. Тіпті Құдайға сен-

бейтін, қараңғы, пүтқа табынушының өзі де, Тәңірмен татуласуды қажет етеді. Сондықтан барлық діндерде адамдарды Құдаймен татуластыру үшін, құрбандық шалатын дін иелері бар. Бірақ Құдай татуласудың бір ғана құрбандығын қабыл алады: „Міне, Құдай Тоқтысы. Ол әлем күнәсін Өзіне алған!“ Көптеген дін иелері түрлі құрбандықтар әкелді. Ал Исаңың өзі – Құдаймен татуластырушы Дін иесі! Оның Өзі – Құдаймен татуластыратын құрбандық! Сол ғана бізді Құдаймен келістіре алады. Альберт Кнапп бір жырда былай дейді: „Кетпейді көз алдымнан, (өңі боп-боз, беті қан, қолы ағашқа қағылған), Момын Қозы – Тәңір Сол, „Орындалды“, – деді Ол, (біздер үшін ашып жол)“.

Сонымен бірге Киелі кітапта күнәдан акталу жайлы да әсерлей жазылған. Бір Мәсіх жолын қуушы екіншісіне: „Ол бізді өте жақсы көрді, сөйтіп Ол өз қанымен біздің күнәмьызды тазалды“, – деп жазған. Сіздер шошқа арасында тұруға мәжбүр болған, адасқан ұл туралы хикаяны білетін шығарсыздар? Көп адамның өмірі де осында болды. Бұларды шын көңілмен аяуға болады. Міне, адасқан ұл есін жиып, сол былғаныш түрінде үйіне қайта оралып, әкесінің құшағына кірді. Ол алдымен өзін ретке келтіріп, таза шапан мен аяқ киім сатып алған жоқ, үйіне сол шошқа арасында болған қалпында келді. Содан кейін әкесі оны жуындырып, сылап-сипап, жаңа киім кигізді. Көптеген адамдар ең алдымен мейірбан болып алайық, сонда ғана Мәсіх жолын қуушы бола аламыз деп ойлайды. Бұдан асқан адасушылық жоқ. Біз Исаға қандай лас және былғаныш болсақ, сол қалпымызда келе аламыз. Ой шіркін-ай, өміріміз қандай аянышты, әбден бүлінген және қор болған десенізші! Қазір қандай болсаныз, Исаға сол қалпында келіңіз. Ол сізді тазартады! Ол бәрін жаңартады! „Құдайдың Ұлы – Иса Мәсіхтің қаны бізді барлық күнәдан тазартады“. Елші Жохан осылай куәлік келтіреді. Мұны біз де қуаттап, растай аламыз!

Киелі кітапта пайдаланылған барлық мысалды сіздерге айтып беруге, менің қазір мүмкіншілігім жоқ. Бірақ та сіздер Киелі кітапты өздеріңіз оқып, күнәның кешірілуі туралы тамаша хабармен тереңірек таныса-

сыздар гой деп, ойлаймын.

Егер өмірімізде теріс қылыштар мен олқылыштар бізді аяқтан шалып тұрса, бұл өмірде не істеуге болады? Өз күшімізben одан құтыла алмайтынымыз – хақ. Ол үшін Исафа келіп, Одан күнәмымызды кешіруін сұраған абыз. Сонда ғана ішкі қорқыныш пен торығушылық жойылады. Өзінді Исафа арнау – қапас, қорқынышты іс емес, қайта, қараңғы мола үрейінен Құдайдың мейірімі мен көктемгі күн шуағына қарай шығу. Мен сіздерге осындағы сәтті басыңыздан кешіруге, шын жүргегіммен тілек-теспін.

Сонымен, бізге күнәмымыздың кешірілуі қажет пе? Иә! Оны қайдан таба аламыз? Айқыш ағашқа керіліп, қайта тірілген Құтқарушы Исадан ғана табуға болады!

3. Мен бұған қалай жетемін?

Мүмкін, қазір біреулеріңіз былай деп ойлап отырған боларсыздар: „Бұл – тамаша фой! Күнәмымыздың кешірілуі – ғажап қой! Ал бірақ, бұған мен қалай жете аламын? Бұл туралы газеттерде жазылмайды, романдарда айтылмаған, фильмдерде де көрсетілмейді. Мен бұған қалай жетемін?“ Иә, бұған мен қалай жетпекпін?

Бұған бұл жерде ешкім көмектесе алмайды. Менің ойымша, ең жақсысы, сіз бүгін-ақ оңаша отырып, Исафа жалбарыныңыз. Ол қайта тірілді фой! Ол – тірі! Киелі кітапта сенімге енген адамдар туралы былай делінген: „Кімде-кім Исаңың атын атаса...“ Міне, осы қазір іске кірісіп, Оны шақырыңыз!

„Шақыру“ сөзінің мәнін сіздер түсінесіздер ме? Бұл – Исамен тұра байланысу! Бірақ сіздер Онымен байланысуды көптен бері пайдаланған жоқсыздар! Сіздердің Исамен бірден сөйлесуге мүмкіншіліктеріңіз бар, бірақ сіздер Онымен ешқашан сөйлескен жоқсыздар. Өте өкінішті-ақ! Оны шақырыңыз! Көп сөздің қажеті шамалы: „Тәнірім Иса!“ – десеніздер болғаны, Ол сөзіңізге құлақ асады. Ол тындал тұр. Міне, осының өзі дүға болып табылады.

Ал одан әрі ше? Не айтамын дейсіздер фой? Жүрек түкпірінде жатқанның бәрін айтыңыз. Былай деңіз: „Иса, менің бір адаммен өзара қарым-қатынасым жақсы емес. Мен өз бетіммен бұл тығырықтан шыға алатын емеспін. Бірақ мен мұның күнә екенін білемін. Иса, маған көмектесе гөр!“ Немесе: „Иса, менің кәсіпорнымынның ісі дұрыс болмай тұр. Салық төлеу жағы баяғыдан-ақ бұзылған, банкрот болуым ықтимал, ал осы қыншылықтан шығар жолды біле алмай тұрмын. Иса Ием, Сен маған көмектессенші!“ Болмаса: „Тәңірім Иса! Эйелімнің көзіне шөп салып жүрмін, Сен маған көмектес!“ Түсіндіңдер ме? Басқа бірде-бір жанға айтпайтын құпиянызды, Иса алдына жайып сала аласыз. Ол естіп тұр! Бәрін айтыңыз! Бұл сізді босатады. Оған барлық қылышынызды бүкпесіз айттыңыз. Одан былай деп сұраңыз: „Тәңірім Иса! Діни жетекші Буш: „Сенің қаның бәрін тазартады“, – дейді. Бұл – рас па?“ Мұны Одан сұраңыз. Онымен бүгін сөйлесіңіз. Сіз мұлде пайдаланбай келген сым арқылы, Исамен хабарласыңыз. Бұл сымды үздіксіз пайдаланыңыз. Оның көмегімен сіз Исамен сөйлесе аласыз. Исаңың атын атап жүрген кісілермен хабарласып тұрыңыз!“

Мүмкін сіз былай дерсіз: „Иә, мен Оған бәрін айттым, бірақ Ол ешқандай жауап қайтарған жоқ!“ Алайда өте зер салып, ықылас аударыңыз. Қазір Оның сізben сөйлесетін сымы туралы айтайын. Бұл үшін Киелі кітапты – Жаңа Өсиетті алыңыз. Көне Өсиетті сіз кейінрек оқырсыз. Одан бастамаңыз, өйткені, ол – сіз үшін, әрине, қындау. Жаңа Өсиетте әуелі Жоханның, содан соң Лұқаның Ізгі хабарларын оқыңыз. Журналдан бір жәйт туралы оқып отырғандай оқыңыз. Сонда сіз Ол өзіңізben кеңесіп отырғанын байқайсыз. Киелі кітаптың өзге кітаптардан айырмашылығы – осында. Ол – Құдай менімен тікелей сөйлесетін сым желісі іспеттес. Бірде маған біреудің: „Құдайдың Сөзін естігім келсе, мен орманға баралмын“, – дегені бар. Мен оған: „Бұл дегеніңіз ақымақтық қой! Мен орманда болғанда жапырақтардың сыйбырын, құстардың үнін және өзеннің сыйбыр қаға ағуын естімін, әрине, бұл – тамаша-ақ, бірақ орман маған менің күнәла-

рым кешірлді ме, қайтсем Құдай жүрегімді жаңартады, Құдай маған мейірбан бола ала ма деген көкейтесті сұрақтарыма жауап бере алмайды фой. Құдай бұл туралы маған тек Киелі кітап арқылы ғана айтады“, – дедім.

Күн сайын Исафа он бес минут арнаңыз. Исаның атын атап, Оған бәрін баяндаңыз: „Тәңірім! Менің бүгін жұмысым көп. Жалғыз өзім оларды жүзеге асыра алатын емеспін“, – деңіз. Мені түсіндіңіздер ме? Оған бәрін айтыңыз! Содан соң Киелі кітапты ашып, жарты тарауды оқыңыз. „Тәңірім Иса, енді Сен сөйле!“ – деңіз. Сол кезде сіз өзіңізге тиісті Құдай Сөзін кездестіресіз. Мұны сіз бірден байқайсыз: „Мұны Ол маған айтып тұр!“ – дейсіз өзіңізге. Осының астын өзіңіз үшін сыйып қойыңыз, ең тәуірі – қасына айы, күнін жазыңыз.

Жас кезімде бір үйге бас сұфуға тұра келді. Сол үйде күй сандық үстінде Киелі кітап жатыр екен. Оны қолыма алып, параптап қарап едім, Көп жері қызыл және жасыл бояумен сыйылып, қасына айы мен күні қойылышты. Бұл оқиға үлкен отбасында болды, мен Киелі кітаптың иесі кім екенін сұрадым. „Мұның иесі – біздің Әмми“, – деп жауап берді олар маған. Маған сол Әмми ұнап қалып, мен сол қызға үйлендім. Исаның осындай сым желісі арқылы бізben сөйлесетінін түсінетін қызды кездестіруді ойлаған арманым, жүзеге асты.

Адамдардың Киелі кітап туралы пікір таластырып жатқандарын естігенде, өзімді ұстай алмаймын. Олар Киелі кітапты жай адамдар жазған дей ме, басқа да бірдеңелерді қоңырсытады. Мен сол сөздерге күйзеліп қаламын.

Бірінші дүниежүзілік соғыста мен біршама уақыт байланысшы болдым. Ол кезде біз сымсыз радио туралы бейхабар едік. Біздің сым жалғаған кішкене аппаратымыз болатын. Бірде маған биік жерде орналасқан байқау пунктінде болуға тұра келді. Әлі ешқандай қорғаныс құрылышы тұрғызылмаған еді, мен шөп үстіне жатып, батареямен байланыс жасамақ болдым. Бір уақытта биіктік бойымен жеңіл жарапанған жаяу әскердің кетіп бара жатқанын көрдім. Мен: „Жат! Бізді байқап қалды! Қазір бізге оқ атады!“ – деп айқайладым. Ол жата қа-

лып, маған еңбектеп келді де: „Мен демалыстамын, енді үйге баруыма болады. Ту-у аппаратың ескі екен ғой!“ – деді. – „Иә, – деп күмілжідім мен, – ескі ұлгісі“. – „Клеммалары да босапты“. – „Иә, – деп қостадым мен, – клеммалары да босап тұр“. – „Мынаны қара, мына жері ұшып кетіпті“, – деді ол. Соңда мен өзімді-өзім ұстай алмай: „Жетер енді, сенің сыныңды одан әрі тыңдауфа уақыттым жоқ! Менің байланысқа шығуым керек!“ – дедім. Менің Киелі кітаппен де жағдайым осылай болды. Исаңың дауысын естуге көніл қоя бергенімде, біреулер келіп, Киелі кітапты жай адамдар жазған екен ғой деседі. Алайда мен бұған тек: „Ай, үндеріңді өшіріндерші, одан Исаңың дауысын естіп тұрмын!“ – деп жауап берे аламын.

Сіздер мені түсіндіңдер ме? Біреуге өздеріңді осы жолдан тайдыра көмекіздер. Ол осы желі арқылы сөйлейді.

Тағы айтарым: осы жолмен журуді қалайтын адамдармен тіл табысыңыздар!

Көрдіңіздер ме, мен өз әңгімемде осы туралы айтсам, әдетте адамдар маған қарсылық білдіріп: „Бұл – кемпірлер үшін айтылар сөз ғой. Әдетте, сиыну үйіне тек қариялар барады“, – деседі. Мен отыз жылдан астам уақыт жастар діни жетекші болғаныма және көп жастармен танысқаныма қуаныштымын, өйткені олар мен айтқанды: „Күнәңыз кешіріледі, Исамен сөйлесуге болады, Ол жауап береді“, – дегенді растай алады. Исамен сөйлесуде тәжірибесі бар адамдармен тіл табысыңыздар. Иә, мұндай адамдарды табуға болады, олар да Исамен бірге аспанға кеткісі келеді.

Сонымен, Иса сіздердің алдарыңызда тұр. Ол былай дейді: „Барлық шаршап-шалдыққандар мен тауқымет тартқандар, Маған келіндер, өйткені, сендерге үнемі тे-риң қылыштар мен қателіктер үйір болып алған. Мен сендерді тыныштандырамын! Мен сендердің күнәларыңың кешірілуін сыйлай аламын!“

ЕГЕР БІЗДІ АДАМДАР АШУЛАНДЫРСА, БІЗДІҢ НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?

Тақырыптың аты аса нақты емес: „Егер бізді біреулер ашуландырса“ – олар бізді ашуландырады ғой, солай емес пе! Өйткені, бізді біреу болмаса біреу ашуландыратыны рас қой? Мен тіпті былай деп сұрауға тәуекел етейін: өзін ешкім ашуландыра алмайтын адам бар ма орталарында? Сол адам бері шықсынши. Міне, көрдіңдер ғой, ондай ешкім жоқ! Бізді ашуландыратындары шын, сондықтан ешқандай „егерденің“ қажеті жоқ, бұл солай болады да. Мен дұрыс айтып түрған жоқпын ба? Иә, біз бір-біріміздің жүйкемізге күшті әсер етеміз. Эрине, бәрі емес. Мениң әйелім, мәселен, мениң ашуыма тимейді. Бірақ көптеген адамдар маған кері әсер етіп, ашуландырады. Сіздерді де ме? Эрине, солай! Сондықтан біз үрсисамыз. Отбасындағылар, көршілер, кәсіпорындағылар, тіпті діни адамдардың өздері бір-бірінің жүйкесін жұқартып жатқаны. Барлық жерде де еститініміз: „жүйкеме әсер етті“ деген сөздер. „Егер анау болмағанда, менде бәрі жақсы болатын еді“, – деп айтатын адамдар да көп. Сөйтіп, „әлгі сол біреу“ көзге шыққан сүйел ғана емес, өмірінді де титықтатады. Бұл туралы айту керек. Біреу біздің жүйкемізге тиіп отырса, қалай өмір сұру керек?

Достарым менің, мен бұл мәселеге толығырақ тоқтапруды жөн көріп түрмyn. Мәселен: біреу жеңіл жетеліп қояды делік, ал шын мәнінде оның өкпесі ауырады. Бұл арада жетел дәрісі көмектесе алмайды, оны тереңірек тексеру керек және басқа ем қолдану қажет. Сіздер бұл салыстырудың мәнін түсініп отырған боларсыздар? Бір-бірімізді ашуландыруымыздың өзі – адам денесінің сау еместігінің белгісі. Бұл ашулануыңыздың тамыры – көршінізді ұнатпағаныңыздан гөрі тереңірек жатыр. Сондықтан да бұл мәселені мен анағұрлым кеңірек түсіндіргім келеді. Ашу шақырудың өзі – адамзаттың сау еместігінің күәсі.

1. Біздің өмір сүріп жатқан дүниеміз

Көріп тұрған шығарсыздар, менің дүниетанымым Киелі кітапқа негізделген. Мен оны бірден-бір дұрыс деп түсінемін, өйткені басқаның бәрі жиырма жылдан соң, қалайда болса, үйіндіге тасталатын болады.

Киелі кітапта былай делінген: Құдай дүниені жетілдіре жаратты. Онда Адам-ата Хаяу-ананы, ал Хаяу-ана Адам-атаны кейіткен емес. Ол кезде толықтай үйлесімдік болды. Сондықтан тірі Құдай адамдарды, ал адамдар Құдайды кейіткен жоқ. Онда бәрі де келісіммен тұрып жатты: Құдай – адамдармен, ал адамдар – бір-бірімен.

Бірақ Киелі кітапта адамзат тарихының басында алғашқы болған апат туралы жазылған. Киелі кітап оны – күнәға бату деп атады. Адам арбауға түскені туралы да айтылған. Ол белгілі бір ағаштың фана жемісін жемеуі керек болатын. Құдай оған осыны ескеrtкен еді. Бірақ та оған таңдау құқы берілген болатын, сонда ол жамандық пен тіл алмаушылықты қалайды. Ол тыйым салынған жеміске қол созды. Адамзат тарихының басында осындағы күнәға батушылық бүкіл үйлесімділікті бұзды.

Содан кейін Құдай мен адамдар айрылысты. Құдай адамды бейіштен қуып шығып, кіре беріске періштені күзеттіріп қойды. Содан бері біз Құдайдан бөлек тұрамыз. Содан бері біз Құдайды кейітеміз, ал Құдай бізді тітіркендіреді. Адамдарға Құдай туралы айта бастасаң болды, олар ашу шақырып: „Бұл туралы айтуды тоқтатыңыз енді! Оның шын мәнінде бар-жоғын ешкім білмейді!“ – дейді. Құдай мен біздердің екі арамызда терең тұңғылық жатыр.

Осы сәтте адамдар да бөлінді. Оны Адам-ата мен Хаяу-ананың балаларынан анық байқаймыз. Сол кездің өзінде-ақ адамдар бірін-бірі кейітіп бақты.

Міне, ағайынды екеуі. Шынында да көбінесе ағайындылар бір-бірін қатты ашуландыра алады. Қабыл мен Әбіл екеуі мінезі жағынан бір-біріне қарама-қарсы еді. Бірақ неліктен олардың әртүрлі болғанын, біз айта алмаймыз. Бірде егінші Қабыл кетпенмен егістікте жұмыс істеп жүрді. Міне, оған Әбіл келді. Мен Қабылдың оны

жақтырмай: „Мынау момынсыған жағымпаз ертерек кетсе еken! Оны тіпті көргім де келмейді!“ – деп ішінен ойлағанын, көз алдыма елестеткендеймін. Бірақ Әбіл кете қоймай, оны әңгімелеге тартады. Сонда Қабыл қолындағы кетпенімен Әбілдің бетінен ұрып, інісі өлген-нен кейін, есін бір-ақ жияды. Достарым менің, біз бәріміз мәдениеттіміз, сондықтан фана бір-бірімізді кетпен-мен ұрмаймыз. Бірақ сіздер газет оқып отырған сайын, осыған ұқсас оқиғаларды кездестіресіздер. Егер үшінші рейх тұсындағы жаппай қыруды еске түсірсөніздер, онда оның мәні де Қабылдың ісіндей: адамдарды жеккөрушілік еkenін түсінуге болады. Соған байланысты жүзде-ген мың адам қырылып-жойылды! Қабылдың есі, Әбіл көз алдында өліп жатқанда фана, кірді. Ол аздал қорқып та қалды. Бірақ содан соң ол жерді қазып, оған өлікті салып, бетін топырақпен жапты. Ол жан-жағына қарап, ешкім көрінбеген соң, куәның жоқ еkenіне, оларды ешкімнің көрмегеніне көзі жетті. Біз, адамдар, ылғи да осылай ойлаймыз, егер ешкім ешнәрсені көрмеген болса, онда, шын мәнінде, ешнәрсе болған да жоқ! О, егер сіздер адамдарға қандай қара пиғылдардың еріп жүретінін білсөніздер фой! Қабыл кетіп бара жатып, өзі-өзінен қуыстанады. Кенет ол: „Қабыл!“ – деген дауысты естиді. Бұл кім болды еken? „Қабыл!“ Оның жүрегі дірілдеп кетті. Бір кезде ол, өзін тірі Құдайдың дауыстап шақырғанын, түсінді. Құдай бәрін көрді! Ол – тілсіз куә! „Қа-был!!! Інің Әбіл қайда?“ Қабыл әлі де болса қарсылық білдіріп: „Мен өз бауырым Әбілдің күтушісі емеспін фой! Мен інімді күзетіп жүрмін бе?“ – деді. „Қабыл, – деді Құдай, – сенің ініңдің қаны Маған жерден дауыс берді“.

Енді сіздер, бұл оқиға бәрін қалай түсіндіргенін көріп отырсыздар: бәрі – күнә туған уақыттан бастап айқындалды. Адамдар айрылысты. Құдай Қабылды тітіркентті, сол сияқты, Ол көбінізді де ашуландырады. Бірақ біз өзіміздің жақындарымыздан құтыла алмайтынымыздай, Құдайдан да алшақтай алмаймыз. Біз өмір сүріп отырған дүние – осында!

2. Айтып, көзін жеткізу – бекер іс

Иә, енді түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Мәселен, „Құдай рақымды“, – деп қанша айтқанмен, бұл – енді пайдасыз. Құдай мен біздердің екі арамызыда қабырға қаланып, тұңғылық қалыптасқан. Соғыс кезінде менің үйім және Эссен қаласының тең жартысы өртеніп жатқанда, бір әйел маған жүгіріп келіп: „Сіздің Құдайыныз мұндайға қалай фана жол береді?“ – деп айқайлағаны бар. Мен оған былай деп жауап бердім: „Менің Құдайым мұндайға жол береді. Мүмкін, Құдай сізге дүшпан шығар?!“ Адам-ата күнәға батқаннан бері, Құдай мен адам бір-бірінен қол үзді! Біз Құдаймен де, адамдармен де ажырастық. Адамдардың бірін-бірі ашуландырының себебі осында жатыр. Сізді ашууландыратын көрші әйеліңіз болса, онда оның себебі – күнә, яғни біздер, құрдымға кеткен жандар, Құдайдан айрылдық. Сондықтан да қандай болмасын түсіндіру – қажетсіз.

Жақында мен Швейцария шекарасында болдым. Шекаралық заставада плакат ілулі түр екен. Онда: „Бірлесіп істеген іс – жақсы!“ – деп жазылған. Мен сонда: „Дұрыс-ақ! Бірақ адамдар бір-бірін ашууландырып жатса, плакаттың көмегі бола қояр ма екен“, – деп ойладым. Немесе күні кеше көрген плакат туралы айтайын: „Өзара әдептілікті сақтаңыздар!“ – делінген онда. Американдықтар әрбір бұрышқа мынандай плакаттарды іліп қояды, мысалы: „Жайдары күлімсіреңіздер!“ – деген жазуы бар плакат. Алайда, бұл шын мәнінде, іске көмектесе қоймайды. Мен дұрыс айтып түрған жоқпын ба? Жоқ, көзін жеткізем деу – бекершілік!

Жас діни зерттеуші болған кезімде, бір-бірімен араздасып тұратын отбасына жиі барып түрғаным есімде. Бүкіл әulet бір жерде тұрып, түгелдей бір-бірімен ұрсысып үлгерген. Бір күні кешке мен бәрінің басын қосып, өзіме тән жігерлілікпен оларды татуастыруға талпындым. Сонда сөйлей-сөйлей, тілімнің ойылып қала жаздағаны бар. Тұнгі safat он бір кезінде олар бір-бірімен татуласып, қолдарын алдысты. Мен өзімді бақытты санаң: „Бастауы жақсы болды, келешекте менен іскер діни

жетекші шығады“, – деп ойладым. Үйге қуана оралып, қатты ұйықтап қалдым. Таңертең татуласқандардың ішінде болған жас келіншекті жолықтырып: „Кеше кешке жақсы болды фой, рас емес пе?!“ – дедім. „Жақсы дейсіз бе?“ – деп қарсылық білдірді ол. – Артынан не болғанынан сіз бейхабар екенсіз фой“, – „Не болды?“ – деп сұрадым мен өңім қуарып. Олар үйлеріне қайтып бара жатып, жолшыбай тағы ұрсысып, тіпті іс насырға шауыпты! Сіздер күлесіздер, ә? Бірақ менің ол кезде күлкім келген жоқ. Маған сол сәтте: „Құнә арқалау дегеніңіз – өте жағымсыз іс, біз Құдаймен де, жақындарымызben де араздастық, бұл арада ең ізгі сөзben де ешкімге көмектесе алмайды екенсің“, – деген ой келді.

Маған адамдар жиі жазып жатады: „Қымбатты діни жетекші мырза, анау арада туысқандарымыз бір-бірімен араз. Соларға сіз барып шыға алмас па екенсіз?“ – дейді. Мұндайдан мен бас тартамын, өйткені құр жақсы сөзben бұл жерде ешкімге еш көмек көрсете алмайсың. Сіздерді ашуландыратын адамдар туралы ойланыңыздаршы. Мен сіздерді ұзақ уақыт сендерге тырысуым мүмкін, бірақ мұның бәрі – бекершілік. Сүмдыштың бәрі – осында. Мен барған бір отбасы туралы айтайын. Үйге көк джинси киген, шашы добыраған, ебдейсіз он жеті жастағы ұл келді. Мен әкесінің кейіген сыңайын байқап қалдым: „Сіз мынаған қараңызшы!“ – деді ол. Әкесі – парасатты, сыпайы қызметкер. Ұлының кейпін көргенде, әкенің көңілінің әлем-таптырық болғанын, көз алдыңызға әкеліңіздерші. Немесе басқа отбасындағы оқиға. Сүюші ана, Мәсіх жолын қуушы әйел, қызы ернін бояғанын көргенде, шыдай алмай: „Бұл қызы менің жүйкемді жүқартып-ақ болды!“ – дейді. Барлық жерде де осылай емес пе? Әйелінен ажырасқан бір ер адамға оның күнәға батқаны туралы айтқанымда, ол маған: „Қойыңызшы, діни жетекші мырза! Әйелім көжені сораптап ішкенінің өзі – мені қандай тітіркендіретінін көрсөніз!“ – деді.

Сіз мұны күлкілі жай деп ойлайсыз ба? Ал мен мұны – сорақылық дер едім. Сіз оны: „Ұсақ-түйек!“ – дейсіз. Ұсақ-түйек пе? Бұл – адам күнәға батқан кезде, дүниенің тізгіні Құдай қолынан шығып кеткендіктің белгілері

деп, түсінген абзал. Біздің Құдайсыз, жалған дүниеде тұрып жатқанымыздың куәсы – бұл!

Бұл кеюшіліктің арты кейде өте үлкен жамандыққа ұласып кетуі мүмкін. Мен Эссенде бір жас қызды білемін. Ол склероз ауруынан мұлдем сал болып қалған еді. Ол кішкене үйде тұрады. Ал қабырганың екінші жағында оның көршісі, бір өжет жігіт, күнде кешке сағат жеті жарымнан тұнгі он бірге дейін теледидарды бар дауысына салып тындауды ұнатады. Әлгі бейшара науқас қыз әрбір кеш сайын жұқа қабыргадан оны еріксіз тындал жатады. Қыз теледидар үнін сәл бәсенде-туді өтінсе, жігіт қас қылғандай қаттырақ шығарады. Ал бұл – бір жыл, бір кеш, бір сағат емес, жылдар бойы осылай. Қандай мейірімсіз, қандай онбаған бола аламыз біз! Бейшара қызды мына жігіттің қаншама кейіткенін, көз алдарыңызға келтіре алатын шығарсыздар? Әрине, бұл жігітті қыздың да ашуландыруы мүмкін. Сөйтіп, қабырганың екі жағында өмір сүруді қынданататын, тіл айтып жеткізгісіз тайталас жүріп жатты.

Мен тіпті жас діни жетекші болған кезімде, мен бас-қаратын қауымда, діни рәсімдерді қабыл алған 150 адам болды. Мен олардың үйлеріне барып тұрдым. Олардың барлығы да көп пәтерлі үйлерде тұратын. Бірінші рет бір үйге барғанымда, жанжалдың үстінен тұстім. Екінші және үшінші барғанымда да, осы жай алдыннан шықты. Сонда мен діни жиналыш кезінде жанжалдаспаған адамдарды орындарынан тұруын өтіндім. Үш немесе төрт қана адам орындарынан көтерілді. „Ал қалғандарыңыз ұрсыстың ұясысыздар ма?“ – деп сұрадым да, қанағаттанарлық жауап алдым. Содан кейін мен жанжалды біл-мейтіндерге: „Неліктен сіздер ұрсыспайсыздар?“ – деп сауал тастадым. Олар жалғыз тұратындарын айтты.

Міне, жағдай – осындей. Біздің көңілді жүруіміз, ең-бек етуіміз керек, бірақ өкінішке орай, біздің жүйкеміз әрдайым жұқарады да жүреді! Бірдене аяғыңызға түсіп кетсе, ауырады ғой. Сол сияқты, егер біреу үнемі жүйкеге тиіп тұрса, онда төзгісіз жағдай туындаиды.

3. Құдайдың іске араласуы!

Егер осы айтқандарымнан басқа айтатын ештеңем болмаса, мен бұл әңгімені бастамаған да болар едім. Алайда менің айттар төтенше маңызды, таңғаларлық хабарым болып тұр: тірі Құдай Өзінің шексіз мейірімділігімен осы бір өзара тітіркендіргіш және өкінішті, шиеленіскен шатақ іске араласуда. Осы бүкіл сор маңдай дүние Құдайдың көз алдында жатыр, соған орай Құдай шара қолдануда!

Оның араласуы ғажап-ақ. Бұл – Киеle кітаптың ең бір тамаша хабары. Ол бізді Онымен бөліп тұрған қабырғаны қиратып, Өзінің Ұлы Исаңы бізге қамқоршы ретінде жіберді. Біздің қазіргі өміріміз Иса туралы Ізгі хабарды сыйламай, кері сырғытқаны белгілі, бірақ бұл – біздің ғасырымыздың көрегендіктен құралақан екендігін, біздің құтқарылуымыздың жалғыз фана мүмкіндігі – Иса болып табылатынын көрсетеді. Құдайдың біздермен екі арадағы қабырғаны қиратып, осы кейістік пен жанжалға толы, қарғыс атқан дүниеге Өзінің Ұлы – Иса Мәсіхті жіберуінен асқан ұлылық бола ма? Құдайдың Ұлы Иса Мәсіхтің келуі, жағдайды күрт өзгереттіні мәлім!

a) Иса Құдаймен бірге бейбіт өмірді сыйлайды:

Иса бәрінің басын қосушы екенін, енді сіздерге дәлелдеуді жөн көріп отырмын. Иса Құдайдан ешқашан бөлектенген емес. Иса – Құдайдың Ұлы. Маған жақында біреулердің былай деп айтқандары бар: „Иса да әрқайсымыз сияқты жай адам болған, көп болса, Ол діннің негізін қалаушы болған шығар!“ Бұған мен былайша жауап бердім: „Онда сіз басқа біреуді мензеп тұрсыз-ау, сірә. Менің айтып отырғаным – басқа, Ол аспаннан келгенін айтты емес пе, ал біз болсақ, жерден жаратылдық“. Иә, мен Ол туралы, тірі Құдайдың Ұлы туралы айтып тұрмын. Оның аты – Керемет, Оның араласуымен Құдай біздің қарғыс атқан, құрыған дүниемізге енуде. Сонымен қатар, Ол ешбір адамға кейімейді. Оны тіпті сатқын Иуда да ашууландырмайды. Маған опасыздық жасаған адам мені ызаландыраң еді. Ал Иса болса, ақы-

рына дейін Иуданы сүйіп өтті. Сізге адам ретінде де ешкімнің көңілін қалдырмаған Иса тарихын көз алдарынызға елестете алу керек!

Міне, Оның өлер алдындағы соңғы кеште, Ол шәкірттерімен бірге отырғанда, болған ғажап оқиғадан бір мысал. Шығыс елдерінде адамдар орындыққа отырмайды, дастарханды айнала жастықты шынтақтап жатады. Адамдар осы қалпында қалай тамақ жейтіні маған түсініксіз. Біз, мәселен, шынтақтап жатып, шанышқы және пышақпен тамақ жей алмас едік. Бірақ олар жеді. Ең алдымен олар аяқ киімдерін шешті. Ол елдің дәстүрі сондай еді. Содан соң аяқтарын шаңдан тазартып, жуды. Бұл күні шәкірттері Исамен бірге көп жол жүрген болатын. Олар шаршаған, аяқ киімдерін шешіп, жастықтарға қисайды. Мен мынаны көз алдымға әкелемін, Петір Жоханға бас изейді, содан соң екеуі де бір мезетте көздерімен белгі беріседі, өйткені, бұлардың біреуі су әкеліп, қалғандарының аяқтарын жууға тиісті болатын, ал Жохан – ең кішісі болса да, бұл істен жалтарып, Петірді ашуландыратын. Бірақ Жохан иығын қиқандатып: „Петір үнемі мені жұмсал, мазамды алады. Жақыптың да су әкеліп, аяқ жууына болады фой“, – деп ойлайды. Ал Жақып болса, таңдаулы шәкірттердің бірі болғандықтан, мұны өзіне лайықсыз деп санайды, бұл жолы суды Матай әкелсін деп, ой түйеді. Осы кезде бәрі де бір-біріне қасарысып, ешкімі қозфала қоймады. Сонда Иса орнынан тұрады. Шәкірттері үрпісіп қалады: шынымен Ол суға бара ма? Иә, Ол орамал алып, қолжуғышқа су құйып, бәрінің аяғын жуады. Иуданың! Петірдің! Жоханнның! Жақыптың! Матайдың!... Мен: менің де аяғымды жуды! – деп айта жаздадым. Иса сондай, Оның бойында бәрі де бар: Құдай да өзінде, ал Ол болса бәріне сүйіспеншілік білдіреді.

Маған ең қымбат, айқыш ағашта керіліп тұрған Исады, бәрінің көз алдарыңа елестеткім келеді. Сіздермен бірге Иерусалим қақпасының сыртындағы төбеде, онда найза ұстаган римдік жауынгерлер қоршаған, жылап тұрған халықпен бірге, үш айқыш ағаш орнатылған төбебеде болғым келеді. Мен ортадағы айқыш ағашты айта-

мын. Мен сіздерді тікенді тәж Кигенмен таныстырысам деймін. Достарым менің, Ол сіздер үшін, сіздерді осы бір-біріңізді ашууландыратын аянышты жағдайдан құтқару үшін, сіздерді Құдаймен татуластыру үшін, өліп барады.

Егер сіздер мен Құдай арасындағы кедергінің бәрі жойылып, қаз-қалпына келсін десеңіздер, онда Исаңың айқыш ағашына барыңыздар. Сіздер үшін өліп, өліден қайта тірілген Иса – Құдайдың бейбітшілік елшісі болып табылады. Барлық шұбәларыңызды тастанап, Исаға құшақ ашып келіңіздер. Оның аяғының астына бұкіл бұрынғы әдеттеріңіз берін күнәларыңызды үйіп тастаныздар! Егер Исаңың айқыш ағашына назар салсаңыздар, сіздер мұны істей аласыздар. Оған қолдарыңызды созып: „Мен Сенімен бірге болым келеді!“ – деңіздер. Бұл – сіздердің Құдаймен татуласудағы алғашқы қадамдарыңыз болмақ. Елші Пауыл римдіктерге жолдаған арнау хатында былай дейді: „Сонымен, Иеміз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татумыз“ (Рим.5:1). Иса – Құдайдың әлем елшісі. Оны қабылдаңыздар! Бір өкініштің – көптеген адамдар мұны естігендерімен, әлі Құдаймен ымыраға келе қойған жоқ. Бұл – сүмдүс! Мен сіздердің жүректеріңіз үшін, жандарыңыз үшін, сіздер Құдайдың әлемдегі Елшісін қабылдауларыңыз үшін, барлық күш-жігерімді жұмылдыруға бармын!

Бүгін мен бірқатар журналистермен әңгімелестім. Әңгіме желісі: „Қазіргі уақытта не нәрсеге шындал көніл қою керек“, – деген тақырыпта болды. Мен оларға екі соғыс және ұлтшылдық (нацизм) тақсіретін тартқан маған, енді неменеге нақты көніл қою қажеттігін білмей отырмын деп, анығын айттым. Халықаралық болжаушылар мен саяси қайраткерлердің маған ұсынған құрғақ сөздеріне ме? Иә, олардың өздері де оған көніл аудармайды, мен де – солаймын. Аспан мен жер аралығында Құдайдың елшісі – Исадан басқа нені шын ниетпен қабылдауға болатынына, менің ақылым жетпейді. Исаңы шын ниетпен қабылдауға бармын. Бұл шын ықыласпен қабылдауға тұратын бірден-бір жәйт. Мұны жүзеге асыруға болады. Егер осында жастар мен егде адамдардың

ішінен кейбіреуі ештеңені шын ниетпен қабылдауға болмайды деп айтатын болса, дәл осы туралы Ізгі хабар сіздерге былай дейді: „Құдай Иса арқылы сіздерге ерекше ниетпен қарайды“. Енді, сіздер де Оның сіздерге Иса арқылы берген жан тыныштығын шын көңілмен қабылданыздар! Көрдіңіздер фой, Иса бізді тағы да Құдаймен табыстырып отыр. Барлық бәле мынада; сіздердің өздерінде Мәсіхтің жолын қуушымын деп санауларыңыз, қауым салығын дүрыс төлеп тұруларыңыз мүмкін, бірақ Құдаймен татулықтарыңыз жоқ. Мен сіздерге қайталап айтамын: Сіздердің күнәларыңызды Өзіне алған Иса, сіздер үшін өлді. Сіздер қазір Оған жалбарынып, Оның алдына жығылып: „Тәңірім, Саған күнәкар келіп тұр. Мен енді Саған сенемін! Мен Сені қабылдаймын!“ – деп айтуларыңыз керек. Бұл сіздерді өмірге апарады, Құдаймен татуластырады!

ә) Иса жақыныңмен де татуластықты сыйлайды

Иса келістіруші болған жерде, Құдаймен фана емес, сондай-ақ жақындармен де татулық орнайды. Сонда қандай болса да ашу-ыза келмеске кетеді.

Қазір көніл қоя тындаңыздар. Сіздердің араларыңызда Мәсіхтің жолын қуушылар бар, ал егер сіздердің басқалар ашуландырса, онда сіздердің жайларыңыз әлі де дүрыс болмағаны. Бұл сіздерге түсінікті шығар? Сіз сонда: „Сіз маған көрші әйелді білсеңіз фой! Бұл шыбышты!“ – деп айтартсыздар. Ал мен сіздерге сонда былай дер едім: „Сіз ол әйелді жақтырмайынша, сіздің жағдайыңыз әлі де орнына келмейді. Егер Иса біздің өмірімізге араласса, онда біреудің бізді тұракты түрде қоздырып тұрған жайы, мұлдем жойылады.

Кім Исамен бірге болса, Ол соған Құдайдың жан тыныштығын және өзін ашуландыратын адаммен татулықты сыйлайды. Егер сізді кейітетін адамдар болса, онда сізге Иса қажет. Басқа ешкім де, ештеңе де сізге көмектесе алмайды! Сіздің жүйкеңіз ондай өмірге шыдай алмайды. Иса сізді Құдаймен татуластырып, сіздің игілігіңізге айналуы керек, сонда өзгелермен де жаксы болады.

Менің өте жақын досым бар. Оның пәтері жақсы-ак, бірақ оған пәтерді жалға беруші адамның мінезі шәлкес, сонымен қатар ол ақша дегенде, әкесін сататынның өзі. Міне, жақында пәтер қожасы досыма арсыздықпен хат жолдап, ананы жаса, мынаны төле деп, бұйырыпты. Досым сонда: „Хатты оқығанда, төбе шашым тік тұрды. Оған жауап жазайын деп, жазу үстеліне отырдым. Сол сәтте көз алдымға мен үшін және пәтер қожасы үшін де өлген Исаңың кейіп келді. Менің содан кейін қатты-қатты айтуға дәтім бармады да, содан мен оған барып, былай дедім: „Тыңдаңызышы, неге біз бір-бірімізben осылай сөйлесуге тиіспіз! Екеуміз де парасатты адамдар емеспіз бе? Мүмкін, ақылға салып, сөйлесуіміз керек шығар? Мен сізді шын мәнінде құрметтеймін! Сондықтан маған қыр көрсетуіңіз орынсыз“. Үй қожасы мені түсініп, мойындағандай кейіп танытты да, дау-дамай болған жоқ. Енді олар достасып алды: мінезі шәлкес үй иесі мен Исаңың жолын қуушы бір-бірінің досы болды.

Тағы да бір нәрсені айтуға мүмкіндік берініздер. Мұқият болыңыздар. Мен Дапоццо есімді бір кісіні білемін. Ол – Изгі хабарды уағыздаушы француз. Концлагерьде болғаннан бері, оның қолы сынық. Ол менің есімнен ешқашан кетпейтін бір оқиға туралы айтқан еді. „Бірде, – деді ол, – концлагерьдегі түскі тамақ кезінде мені бастық шақырды. Мені үсті тағамға толы үстел тұрган бөлмеге енгізді. Үстел үстінде бір адамға арналған құрал қойылыпты. Лагерьдің бастығы келді. Менің араным ашылып тұр. Лагерь бастығы орындыққа жайғасып отырды, оған тағамдардың бірінен соң бірін алып келіп жатыр, ол болса ішіп, жеп жатыр. Ал мен болсам, аузымнан сілекейім шұбырып, қарап тұрмын. Ол маған тағамдардың қандай тәтті екенін білдіріп, тамсанып қояды, ал мен аштықтан өлейін деп тұрмын. Алайда бұл да жеткіліксіз екен. Сонынан оған кофе әкелінді, ол үстел үстіне түйіншекті қойып: „Мынаған қарашы, сенің әйелің Парижден саған печенье жіберіпті“, – деді. Онда тамақ жағы нашар екенін білетінмін, әйелім әрқайсынан үнемдеп, осы печеньені пісірген ғой. Міне, оны лагерь бастығы жеп отыр. Мен оған: „Маған тым болма-

са, біреуін беріңізші, мен оны жемеймін, әйелімді еске алып отырайын“, – дедім. Бірақ ол мысқылдай күлді де, бәрін түгел жеп қойды. Міне, бұл сәт кеюндің ең шыңы – өшпенделікке жеткен шағы еді! – Дапоццо әңгімесін әрі қарай жалғастырды. – Сол кезде: „Құдай сүйіспеншілігі жүрекке құйылды“, – дегеннің не екенін сезіндім. Мен бұл адамды жақсы көре алар едім, мен мынаны ойладым: „Бейшара адам! Сені сүйер жан жоқ. Сенің айналанды жеккөрушілік жайлана! Мұндайда менің Құдай баласы екенімді түсіну – қандай жақсы!“ Сіздер түсініп отырыздар ма? Дапоццо оған мейірімділік пен есіркеушілік көрсете алды. Бұл адам оны тітіркендірмеді. Бастық мұны сезіп, орнынан атып тұрды да, тез шығып кетті. Соғыстан кейін Дапоццо оған бірде барған көрінеді. Ал анау болса, өні құп-құ болып кетіп: „Кек алайын деп келдіңіз бе?“ – деді. – „Иә, – деп жауап берген Дапоццо, – мен сізден кек алуға келдім. Мен сіздің үйден бір шыны аяқ кофе ішсем деймін. Мен торт ала келіп едім, соны бірге отырып, жейік!“ Сол кезде анау адам Исаңың қол астындағы адам қастық жасамайтынын, ол ашудан ада екенін, өйткені, Құдайдың сүйіспеншілігі оның жүрегіне нұр болып құйылғанын түсінді.

Мен – ірі қаланың қарт діни жетекшісімін. „Мен – сондай жалғызыбын. Мені ешкім де жақтырмайды!“ – деген сөздерді жиі естімін. Ендігәрі мұндайды естігім келмейді. Сондай кезде: „Ал сен ше? „Ол маған сүйіспеншілік жасады!“ – деп сен туралы айтатын адам қайда?“ – деп айтқым келеді. Адамдардың өздері сұңғы мұз секілді сүйік бола тұрып, „жарық дүниеде сүйіспеншілік жоқ“ дегендері, маған қатты батады. Менің қаттырақ айтқаныма кешірерсіздер, мен өзім Рұп өлкесінде туғанмын, ал ондағылар бет-жузіне қарамай, ақиқатын айтады.

Мен мұны түсінгеннен кейін, сүйіспеншілік жасайын деп шешкен едім. Бірақ сол арада оны жасауға біздің жағдайымыздың мұлдем жоғын сезіндім. Біздің жүрегіміз өзімшілдікке толы. Біздің ұнамды адамдарымыз бар, оларды жақсы көруге болады. Ал біздің жүйкемізді жұқартатындарды ше?

Менің бір коммунист жұмысшымен әңгімелескенім бар. Ол мынаны айтып еді: „Біз Шанхайды Кули демонстрациясына қатыстық!“ – деді. Мен оған қарсылық білдірдім: „Бұл – тамаша екен! Ал сіздің көршілізбен қатынасыңыз қалай?“ Оның аузынан мына бір сөз оқыс шығып кетті: „Егер оны жолықтырсаң, сазайын беремін!“ Түсінесіздер ме? „Алыстағыңды сыйла“, – деген, қыын емес сияқты, бірақ: „Жақыныңды құрметте“, – деген, қыынырақ, бұл – халық даналығына саяды.

Демек, мен өзімнің жақынныңды, оның ішінде шәлкес мінезді, өзіме жаманшылық ойлайтын адамды да жақсы көрген жағдайда ғана, біз басқа бола аламыз деп, есептеймін. Бірақ, мен өзім ондай бола алмаймын. Бұл – Құдайдың сыйы. Достарым менің, бұл әрине, оңай емес, оны мен өз тәжірибемнен көрдім, атап айтқанда: Иса біздің өмірімізге араласып, бізді Құдаймен татуластырып, содан кейін жақындарымызбен татуластырмақшы болғанда, бұл өте қыын мәселелеге айналады, өйткені біз оларды көбірек кейітетінімізді, олардың бізге шыдауы қыынырақ екенін, Ол көрсетіп берді. Исаны білгеннен кейінгі бір түйгенім, – Ол маған өзгелерге байланысты менің теріс қылышының көбірек көрсетеді. Сонда Құтқарушының біздің күнәмьызды өтеу үшін, айқыш ағашта өліп, біздің күнәларымыздың кешірілгені анық көрінеді.

Сіздер түсінесіздер ме? Әлемдегі ең үлкен төңкерісті Иса жасайды, бірақ Оны қабылдау қажет! Сондықтан да менің сіздерден өтінерім, сіздер осының бәрін жай тыңдап қана қоймай, Исаны шын пейілмен қабылдауларының керек. Менің тілейтінім – сіздердің: „Мен Исаны таптым! Ал Ол мені тапты!“ – деген сөздеріңіз.

БӘРІ ӨЗГЕРУГЕ ТИСТИ, БІРАҚ ҚАЛАЙША?

Менің жас кезімде Макс Эйт деген жазушының новеллаларын бәрі құныға оқитын, ал қазір оның аты ұмытылған. Ол инженер болатын, сондықтан өз материалын техникалық ғасыр бастауынан алатын. Бір новелласы „Әуестіктің әурешілігі“ деп аталған. Онда бірде, ерекше жағдайда өте жауапты тапсырма алған жас инженер туралы айтылады. Оған теңіз қолтығы іспеттес өзен арқылы көпір салу керек болды. Бұл – өте күрделі тапсырма еді, өйткені, мұндай көпірге теңіз суының құйылуы және қайтуы ықпал жасайтыны белгілі. Ал техникалық ғасыр басында қазіргідей құрал-жабдықтар болмады. Сөйтіп, әлгі жас жігіт алып көпірді салуға кірісті. Ол тұрғызылып болғанда, музыкамен, жалаумен және газет тілшілерінің қатысуымен салтанатты жағдайда ашылу рәсімі болды. Барлық газеттер осы бір жас жігіт туралы жазды. Енді ол қофамдағы білікті, белгілі кісіге айналды. Лондонда ол үлкен сәулет бюросын тұрғызды, ауқатты әйелге үйленді, жаны не қаласа, соның бәрі алдынан табылды. Бірақ оның өмірінде тек әйелі ғана білетін бір сүмдық құпиясы болды. Күз келген сайын, ол үйінен ізтүzsіз кетіп қалып, өзінің көпіріне барады еken. Тұнде жаңбыр жауып, теңіз дауылды соққанда, ол плащына оранып, көпір жанында қорқынышты күй кешетін көрінеді. Ол көпір тіреуіне соққан дауыл күшін сезетін еді. Тіреудің беріктілігі қандай, оған соғатын жел күшін дәл есептедім бе деп, қайта-қайта есептерін тексеретін. Дауыл басылғанда, ол Лондонға қайтып оралады еken. Сөйтіп, ол тағы да өмірінде қофамдық үлкен роль атқаратын, беделді адамға айналады. Бірақ оны әрдайым: „Көпір дұрыс салынды ма? Беріктігі жеткілікті ме?“ – деген үрей тұмшалап алғанын, ешкім байқамайды. Міне, осы азапты ойлар – оның өмірінің қапас құпиясы еді. Макс Эйт осы инженердің бір қатты дауылда, тұнде тағы да өз көпірі жанында үрейлене тұрғанын, жан тұршік-тіре баяндайды. Ол көпір үстімен поездың келе жатқа-

нын бақылап тұрады. Соңғы вагонның жарығы бір уақытта дауыл арасында көзден файып болғанын байқайды. Инженер, сонда поездың төменге, бүркүрап жатқан суға құлағанын, түсінеді. Көпір орта тұсынан бөлініп кеткен екен.

Жас жігіт кезімде осы әңгімені өкіланда, менің басымы: „Бұл әрқайсымыз туралы айтылған ақиқат емес пе?“ – деген ой келді. Әрқайсымыз өз өміріміздің көпірін тұрғызамыз, ал кейде ұйқысыз тұндер болып, бір нәрселер қорқынышты әсер еткенде: „Осы мен өз өмірімнің көпірін дұрыс салдым ба? Ол өмір дауылына төтеп бере алар ма екен?“ – деген үрей біздің бойымызды билейді. Сонда біз өз өмірімізде бәрі ойдағыдай емес екенін сезінеміз. Біздің өміріміздің көпірі толығымен ақаусыз емес! Сіздерге менің алдымен айтайын дегенім осы:

1. Бәрі бірдей дұрыс реттелмеген

Ірі қаланың діни жетекшісі болып тұрғанымда, осы тақырып бойынша көптеген адамдармен әңгіме-дүкен құрып: „Айтыңызшы, өміріңіздің бәрі – ойдағыдай ма?“ – деп сұраушы едім. „Ойдағыдай дейсіз бе? Жоқ! Көп заттың басқаша болуы керек еді!“ – деп мойындаған кісіні әлі күнге дейін кездестіре алмай келемін. Эрине, мен сіздердің өміріңіздің көпірінің қай жері осал екенін, айта алмаймын. Бірақ, көптеген жері басқаша болуы керек екенін, өздеріңіз де білесіздер гой.

Уақыт өткен сайын: „Менің өзгеруім керек! Міне, мына жерде және ана жерде жақсы жағына қарай өмірімді өзгертуге тиістімін!“ – деген шешім қабылданып жатады. Айтыңыздаршы, сіздер кісінің шын мәнінде өзгере алатындығына сенесіздер ме? Жоқ, шын мәнісінде, адам өзгере алмайды! Киелі кітапта бұл туралы анық айтылған: „Эфиоптар өз терісін, ал барыс өз дағын өзгерте ала ма? Сол сияқты, жамандыққа дағдыланған сендер, жақсылық жасай аласындар ма?“ Әлем адамгершілік сөздері мен ізгі ниеттерге толы, бірақ бірде-бір адам өзін өзгерте алмайды.

Бұл – қатал үкім! Мен, өмір көпірім дұрыс тұрғызылымады-ау, деген адамдардың арасында жиі болғанымда, жан түршігетін әсерді сезінемін. Олар менен мыналарды сұрайды: „Енді біз не істеуіміз керек? Біз өзіміз өзгереп алмаймыз фой!“ – деседі. Иә, солай – солай: бұзық адам өз жүргегін тазарта алмайды фой. Суайттар қанша тырысса да, әділетті бола алмайды. Өзімшіл адам қанша көлгірсінгенімен, біреу үшін құрбандыққа бара алмайды, тіпті ол жорта істесе де, түбі сол өзімшіл қалпында қалаады. Ал арамзаның адымы қысқа, оның аяқ астынан адал бола қалуы да – оңай емес. Шіркін, өмір көпірлеріңіздің қай жері ақаулы екенін білсем фой! Бірақ Құдай оны сіздерге көрсете алады.

Бұл – Киелі кітапта жазылған ғажайып шындық. Мен сіздерге өз пікірімді айтып отырғаным жоқ, мұның бәрі – Құдай Сөзі, мен – тек соны жеткізушімін. Киелі кітап ақылға симайтын, таңғажайып, адамды баурап алатын ақиқатты хабарлайды: Онда былай делінген: тірі Құдай әлемге, бізді және біздің өмірімізді өзгерте алатын, елшісін жіберді! Бұл – басқа біреу емес, Оның Ұлы – Иса Ием!

2. Бәрі де өзгереп алады

Достарым менің, Мәсіх жолын қуушылық іш пыстырады деп, адамдардың айтып жүргендері, қауымға байланысты ма? Мен былай деп есептеймін – біздің құтқарылуымыздың бірден-бір мүмкіншілігі ретінде, Құдайдың дүниеге Өз Ұлын жіберуі туралы хабардан артығы жоқ!“ Сол Иса керемет сөздерді айтады: „Міне, Мен бәрін де жаңадан жаратамын“. Сол, тек Сол фана адамдарды өзгереп алады!

Мен маскүнемдіктен біржола құтылған адамдарды көрдім. Өзімшілдігімен өзгені мезі қылған менмен кәрі әйелдер, аяқ астынан өзгеріп, басқалармен де санасатын болды. Жаман істермен былғанған еркектердің тазарғанын көрсөніз... Иә, Иса адамдарды өзгертерді! Иса келісімен – бәрі өзгеріп, жаңарып сала береді! Бұл ертегі емес.

Бұл туралы мен сіздерге көптеген мысалдар келтіре алар едім.

Сондықтан да біздерге, өміріміздің көпірі – ақаулы-ау дегендерге, осы Құтқарушы қажет-ақ. Бізге Мәсіх жолын қуушылық емес, Иса Ием, Мәсіх керек! Мынаны түсінген жөн, бізге дін, діни ілім, қауымдағы занұлықтар емес, тірі Құтқарушы қажет! Ол – осында! Сіздер Оны бүгін шақырып, Оған өздеріңіздің бейшаралық жағдайларыңызды айтуларыңызға болады. Міне, менің жариялап жүрген тамаша хабарым – осы!

Әлгі айтқанымды мысалмен түсіндіруге рұқсат етіңіздер. Мен жақында Мюнхенде бір апта болдым. Қаланың ортасында қаланың ең бір тамаша көрікті орны болып саналатын, „Англия бағы“ деп аталатын аса ірі сая бақ бар. Мен жатқан қонақ үй сая бақтан алыс емес еді. Сондықтан мен әрдайым ертемен сонда соғып жүрдім. Кіре берісте кішкене жылға үстіне салынған ағаш көпір бар екен. Ағаш көпірден солға қарай, су бөгөу арқылы сарқырама болып ағып жатты. Бірде су құлап ағып жатқан тұста, ағаш кесіндісі айналып жүргенін байқадым. Уақытым жеткілікті болғандықтан, айналшақтап ағып жүрген ағаштан көз айырмай қарап, бақылап тұрдым. Кейде ол ағынға түсіп, әрі қарай ағып кететін тәрізді болады. Бірақ оны су иірімі қайта алып келеді. Келесі күні келгенімде, сол ағаш баяғы жерде айнала қалқып жүргенін көрдім. Сырт қарағанда, ол ағынға ұмтылатын тәрізді. Алайда иірім оны іліп алып, қайыра әкеліп тастайды. Сіздер осыны көз алдарыңызға әкеле аласыздар ма? Ол жерде ағын қатты болғанымен, ағаш кесіндісі айналсоқтап, ағып кете алмады.

Көптеген адамдардың өмірі де осындей. Бәрі сол бір шенберде айналып жүргені: сол бір күнәлар, сол бір мұқтаждықтар, сол бір жүректің түнілуі. Дағдылы жұмыс күндері, тағы да сол, баяғы шенбер! Алайда оның қасында Құдай Ұлы Исадан басталатын ағын бар. Бұл Иса біз үшін айқыш ағашқа керіліп өлді. Егер Құдай Өз Ұлын осындей сүмдық өлімге қиса, онда сендер бұдан ешинарсе түсінбесендер де, бұл ерекше бір құдірет екенін білесіңдер! Оған ойша көз салындаршы. Мұның бір мәні болуға

тиісті емес пе? Оның жанынан өте шығу мүмкін емес! Осыны түсінуге бар назарларыңызды салғандарыңыз абыз! Содан соң Құдай Оны үш күннен кейін қайта тірілтті. Босату ағыны Исадан басталады. Бірақ біз ағаш кесіндісі сияқты, өзіміздің айналамыздағы шеңберде айнала береміз. Мен сол Англия бағында, ағаш кесіндісін ептеп итеріп жіберсе, ағынмен бірге кетер еді деп, ойладым. Бірақ мен суға түскім келмегендіктен, ағашқа қол жеткізе алмадым. Біз – ағаш кесіндісі емеспіз, бұл – ежелгі мәңгілік шеңберден қадам жасау, бұл – Құдай Ұлынан туындағын құтқарылу ағыны болады. Ол қадамды біз өзіміз жасағанымыз жөн. Ал сонында, Құдай бізді одан Өзі құтқарып, шығарып алатынын көреміз! Мениң сіздерге дәл осы сәтте айтарым: Сіздер бұл қадамды өздеріңіз жасаулырыңыз керек! Мәңгілік ежелгі шеңберден Құдай бізді шығарып, Исадан басталатын құтқару ағынына итермелейтін қадам жасау керектігін, өте анық сезінетін адамдар арамызда бар!

3. Осылай немесе басқаша

Мен мұны сіздерге Киелі кітаптағы бірнеше оқиғалармен түсіндірсем деймін: Елші Пауыл тұтқын ретінде Рим әкімінің сарайы орналасқан Кесарияға жеткізілді. Римнің Фест есімді жаңа прокураторына бірде иудей патшасы Агриппа эйелі Вереникамен келеді. Олар Пауыл деген тұтқынға назар аударып, оны тыңдағылары келетінін айтады. Фест келесі күні олар оны тыңдайтындарына уәде береді. Міне, сәнді киінген Фест, Агриппа және Вереника мың басымен және белгілі азаматтармен сот сарайына келіп, тақтарына жайғасып отырғаннан соң, тұтқын Пауылды әкелуге бұйырды. Бірақ арада бірнеше минут өткеннен соң, бәрі де өзгеріп шыға келді. Енді Пауыл айыпты емес, оның айналасындағылар, бүкіл қофам жазықты болып шықты. Пауыл өз тыңдаушыларына Исаңың кім екенін түсіндіріп, Ізgi хабардан уағыз айтты. Бұл жолы ол күнә туралы емес, Құдай Ұлы туралы көп айттып, отырғандарға Оның: „Кімде-кім шөл-

десе, Маған келіп, ішіндер“ – деген рухани сөзін келтіреді. „Сендер, өз өмірлерің қанағаттанбағандар, ар ауыртпалығын, өлім алдындағы қатерді, жан дүниесінің шөлдеуі мен аштығын, Құдайдың қажеттігін сезінгендер, тыңдандар: Иса сендерге де қолын созып: „Барлық шаршап-шалдыққандар мен еңсесін ауыртпалық басқандар, Маған келіндер!“ – дейді. Міне, Исамен өзі кездескен Пауыл осылайша уағыздап, Исаның ұлышығын дәріптеген болуы керек. Пауыл сөзін аяқтағанда, әкім Фест: „Пауыл, сен тамаша сөйлей білесің, бірақ, менімше, сенің айтып тұрғаның – ақылсыздық!“ – дейді. Бұл Фесттің ештеңе түсіне алмағаны – аян. Киелі кітапта кейбір адамдардың жүрегі күптіленетіні жайлы айтылған. Ия, ондай болады. Оларға айтылған сөз құлақтарынан ағып кетеді. Олар ештеңені де қабылдамайды. Мүмкін, сіздердің араларыңызда да жүрегі күпті болғандар бар шығар? Фест мырза да сондайлардың қатарында еді. Алайда Агриппа патша қатты толқып қалды, оның айтқан сөзі мені баурап алды: „Пауыл, – деді ол, – енді аздан кейін, сен мені Мәсіхтің шәкірті ете жаздайсың“. – „Енді аздан кейін“, – бірақ ол кетіп қалды. Сөйтіп, бәрі де бәз баяғы қалпында қалды. Ағылшын бағындағы ағаш кесіндісі секілді бұрынғы айналымда, сол еңбек ету жолында, сол өмірде, тұра тозаққа апаратын өлімге дейін. Күнә мен өзіндік әділеттілік туралы – баяғы сол жыр. Сіздерде де бәрі сол бәз баяғы қалпында қалған шығар? Онда Иса сіздер үшін текten-тек өлген екен-ау. Олай болса, сіздерге кешірім де жоқ, құтқарылу да жоқ, Құдаймен татуласу да жоқ. Тек бір қадам ғана жетпейді. „Енді кішкене болса, Мәсіх жолын қуушы болатын едім“. Бұл ғажап: өзін Мәсіх жолын қуушымын дейтіндер – әлі Құдай баласы емес. Өздерін Мәсіх жолын қуушымын дейтіндер – өлімге бас тігуде. Өздерін Мәсіх жолын қуушымын дейтіндер – әлі де татулықсыз қалуда.

Ал енді мен сіздерге екінші жағын көрсетпекпін. Бірде елші Пауыл Еуропаның Піліпі қаласына келді. Онда нағыз қалаға тән – көңіл көтеретін түрлі орындар, театр және басқалары бар еді. Ал әрбір жөні түзу қала түрмесіз болмағандықтан, мұнда да түрме болды. Түрмені

басқаратын – бұрынғы Рим әскерінің офицері еді, бұл тыныш орынды ол ескі жарақаты үшін алған болар. Бір күні осы түрме күзетшісіне, Киелі кітапта осылай жа-зылған, бұрын ол көрмеген екі тұтқынды әкеледі: елші Пауылды және оған еріп жүрген Силасты. Бұлар қалада уағыз айтумен айналысқан еді. Бірақ халық бұл уағыздардан кейін қызына бастаған соң, өкімет әлгі екеуін соққыға жығып, абақтыға салуға бұйырды. Сөйтіп, Пауыл мен Силасты түрме күзетшісінің қолына беріп, таңертеңге дейін аса қатал күзетуге тапсырды, ал ол болса, нағыз қызметіне сай: „Құп болады! Күзетіледі!“ – деп жауап берді. Төменде, қабырғасын бойлай су ағып тұратын, қапас бөлмесі бар еді. Осыған аяқтарына кісен салынған Пауыл мен Силас қамалды. Егер менен: „Бұл кісі қай дінді уағыздады?“ – деп сұраса, – „Сіздердің көбінің ұстаған дінді“, – деп айттар едім мен. Ол Құдай Тәңіріне сендей, мүмкін басқа құдайларға да сенген шығар. Римде адамдар өздері көніл қоя қабылдамаған дінді де уағыздағандары мәлім. Бізде де сондай ғой. Сондай түрме күзетшісін көз алдарыңызға әкеліңіздерші! Бірақ, міне, ерекше бір оқиға болды. Мұны толықтай түсіндіру мүмкін емес. Тұн ортасында Пауыл Исаны дәріптеп, дұға оқиды. Менің ойымша, ол тұн ортасына дейін, болған оқиғаны ой тізбегінен өткізді. Оны аямай ұрды, түрмеге тастанды, сөйтіп жәбірленген Пауылға өзін-өзі сабырға келтіру үшін, уақыт керек болды. Мұндай азапқа шыдау – әрбір адамның қолынан келе де қоймайды. Бірақ содан кейін оның басына мынандай ой сап ете тұсті: „Менің күнәмді Құдайдың Ұлы – Иса Өз қанымен өтеді ғой! Мен Құдаймен татуластым емес пе! Мен мұнда да – Оның қолындамын!“ Содан соң ол мақтау жырын айта бастайды. Ал Силас оның соңынан қайталайды. Өте жақсы! Мұны тұтқындағылардың бәрі де тыңдады. Мұндағай әуенді турмедегілер ешқашан естімеген еді. Тұтқында болғанымда, менің түрмелермен танысқаным бар. Онда қарғыстар мен жылап-сықтау, ашыну мен түрме күзетшілерінің айқай-ұрысы жайлаған. Бір күні Құдайды мақтап дұға оқығанымда, маған дереу тыйым салғаны бар. Қазіргі күзетшілер Құдайды мадақтаудың

астында қауіпті құпия барын біletіn болар. Бірақ баяғы көне заманда мұны әлі үғына қойған жоқ еді. Сөйтіп, Пауыл мен Силас әндете дұға оқыды. Эрине, бұл тұрме күзетшісін таңғалдырыды. Ол олардың не айтып жатқандарына құлақ қойып, тыңдаған шығар. Бұлар рухани жырларды айтқан еді! Адамдар шынымен-ақ өз Құдай-ларын әлі сеніммен қабылдай ма екен? Тіпті тұрменің ішінде де? Мынандай қуыста, төмендегі зынданда қайта көңілдері тұсуі керек еді ғой. Ал олар болса, өздерінің Құдайы туралы жырлап жатыр! Өлеңнен ешбір келеркетері жоғын сезінген тұрме бастығы, төсегіне қисайды. Бірақ сол сәтте жер сілкінді. Бұл – Құдайдың ісі еді. Тұрме есіктері ашылып, тұтқындар бұғауларынан боса-нып кетті. Тұрме бастығы төсегінен атып тұрып, апыл-ғұпты киініп, жүгіріп шыққанда, барлық есіктердің ашылып қалғанын көрді. Бұкіл тұтқын қашып кетсе, ертеңгі күнім не болады деген оймен ол өзін-өзі өлтіруге бел байлады. Бірақ осы сәтте Пауыл оған қатты дауыстап: „Өзіңе жаманшылық жасама, бәріміз де осын-дамыз“, – деді. Киелі кітапта тұрме бастығының ішкі күйзелісі туралы ештеңе айтылмаған. Бірақ ол кезде тірі Құдайдың барын, Ол өзінің жолын қуушыларға көмек беретінін сезінді. Өзінің бар болмысымен Оған нұқсан келтірген тірі Құдай бар екен! Оны өзінен аластана алатын тірі Құдай бар! Оның бұкіл күнәсі мен арам істерін біletіn тірі Құдай бар! Tipi Құдай бар, ал ол – өлген күнәкар! Ол Пауылдың камерасына жүгіріп келіп: „Кожаларым менің, құтқарылуым үшін не істеуім керек?“ – деп дауыстады. Ол өзінің өмірі Англия бағындағы ағаш кесіндісі сияқты айнала беретін, сөйтіп өзгеріссіз бәз баяғы қалпында қала беретінін сезді. Міне, оның алдында: „Құтқарылу ағынына тұсу үшін, менің не істеуім керек?“ – деген мәселе туындағы. Мүмкін, біздің заманымызда оған үлкен уағыз жүргізіп, мораль тақырыбына үлкен баяндама жасаған болар еді. Біз, мүмкін, оған мынаны айттар едік: „Барлық күнәларынды ашып, тәубеге кел! Ал Пауыл болса: „Саған қажеті – Иса! Тәңірім Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй-ішің де түгел құтқарыласындар!“ – деді. Тұрме күзетшісі Иса туралы аз

білетін. Ол: „Иса Құдай қаһарынаң, сottан, тозақтан, бұрынғы өмірден құтқарады“, – деген сыйбысты ғана естіген еді. Міне, енді ол бұрынғы өмірден құтқарылу ағынына қозғау салынғанын, көзімен көрді. Ол Исаның игілігіне айналды. Кielі кітапта түрме бастығының Пауылды абақтыдан босатып, оның осы Иса туралы айтқан уағызын тындағаны жайлы, Исаға толықтай берілу үшін, сол түнде шомылу рәсімін қабылдағаны туралы, ғажап жазылған. Бұл оқиға мына сөздермен аяқталады: „Ол Құдайға сенгендері үшін, өзінің бүкіл үйімен қуанды“. Енді ол өмір ағынына қосылды! Енді ол Құдаймен татуасты!

Жоғарыда келтірілген мысалдардан аңғарғандарыныздай, бір кісіге құтқарылу үшін, „енді азырақ жетіспейді“. Ал екінші болса, құтқарылу ағынына қарай тұрткіні бастан кешірді. Ал сіздер құтқарылу туралы хабарды қалай қабылдайсыздар?

4. Исаны шын ниетпен қабылдаңыздар!

Бәрі де өзгеруі керек, бірақ қалай? Бәрінен бұрын, сіздердің Исамен танысуларыңыз маңызды!

Бұл оқиға соғыстан кейін іле-шала болған еді. Маған жоғары мектептің директоры: „Діни жетекші мырза, менде соғыс жылдары мектеп бітірген 15 жасөспірім бар. Бірақ бұл оларға жеткіліксіз, олардың тағы жарты жыл оқулары керек. Бұлар – бұрынғы авиацияның лейтенанттары, артилерияның аға лейтенанттары және сол сияқтылар. Әрине, олар тағы да мектеп партасына отырғанына өте ренжулі. Сіз соларға дінді уағыздасаңыз қайтеді?“ – деді. Мен бұрын айтқанымдай, бұларға мен өте қорқып, зәрем ұшып бардым. Міне, менің алдында әскери киімдері онып кеткен, түтін мен дәріден шаштары ағарған, күні кешегі жауынгерлер отыр. „Қайырлы күн, – деп сәлемдестім мен олармен, – мен сіздерге дін сабағын беруге тиістімін“. Мен өзімнің кіріспе сөзімді аяқтамай жатқанда, отырғандардың бірі орнынан тұрып: „Құдай осындай сұрапыл соғысқа қалай ғана жол берді?“ – деп

сұрақ қойды. Екіншісі оның ойын жалғастырып: „Құдай-даңың сүйіспеншілігі қайда? Миллиондаған еврейлердің газбен уланғанын үндемей қабылдағаны ма?“ – деді. Міне, осылайша барлық жақтан сұрақ жауды дейсіз. Ақырында мен қолымды көтеріп, былай дедім: „Сәл сабыр етіңіздер! Сіздер тұман ішінде таяқ ұстап келе жатқан соқырға ұқсайсыздар. Құдай туралы бұлай қысынсыз айтуға болмайды! Құдай – мұлдем белгісіз және жасырын. Ол бізге тек Иса арқылы ашылды. Біздің одан әрі жүруіміз үшін, бәрінен бұрын, Исаңың кім екенін білуіміз керек. Мырзалар, пікір таласын бастамас бұрын, сіздердің Құдайдың берген аянының мәнін түсініп алғандарыңыз жөн. Біз қазір осымен шұғылданайық. Бұл үшін ендігіде Киелі кітаптарыңызды ала келіңіздер. Сөйтіп, біз оқуға кірістік: „Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты“. Біз күнәға бату мен Құдайдың күнәкарларға жүргізген билігі туралы оқыдық. Киелі кітапта айтылған: „Өзіңің Құдай Тәңіріңен қол үземін деп, сен өз еркінмен бақытсызыңық пен қайғы-қасіретке душар болатыныңды түсініп, көз жеткізуге тиістісің“, – деген сөздер бәрін де терең ойға қалдырды. Мұны халықтар басынан кешіруде. Мұны жекелеген адамдар да басынан өткізуде. Содан соң, біз Иса жөнінде оқыдық! Бір отырғанда, біз Оның өлүі және өліден қайта тірілуі туралы оқыдық. Менің ұмытпастай есімде қалғаны – толық тыныштық орнап, біреуі оқып, қалғандарыңың ықылас қоя тыңдауы. Иса арқылы ашылған Құдайдың ұлы істері біздің рухымызды баурап алды. Бәрі де күшті толқу үстінде болып, сол бір кезде болған пайдасы жоқ пікір таластың орынсыз екенің, бәрі сезгендей. Олар өздерін Мәсіх жолын қуушылармыз дегендерімен, Иса кейпінде, бізге келіп, біз үшін бәрін атқарған тірі Құдай туралы титтей де түсініктері болмағанын, енді түсінді.

Сөйтіп, Исаңы және Оның шақыруын ықыласпен қабыл алыңыздар! Иса бір нақыл әңгімесінде былай дегені бар: бір патша баласының үйлену тойын жасайды. Ол өз қызметкерлерін осы тойфа кісі шақыруға жібереді, оларға: „Келіңіздер, бәрі дайын!“ – дейді. Бірақ жұрт кешірім сұрай бастайды. Біреуі: „Мен қуана-қуана баар едім,

бірақ үлкен бір істі аяқтауым керек, қазір сонымен айналысадамын“, – дейді. Тұсіндіңдер ме, көпшілігі осылай деп, тұрлі себептер айтады: „Сіз – діни жетекшісіз, сіздің жағдайыңыз мұлдем басқаша, саудагер бұлай істей алмайды“, – десе, екіншісі кешірім сұрай отырып: „Мен өте ризамын. Жаңа фана үйленіп едім. Балдай тәтті кез ғой, өзіңіз білесіз. Сондықтан өзгенікінен гөрі, өз ісім жетіп жатыр“, – деп ақталады. Сөйтіп, ешқайсысы да тойға келмейді. „Патша баласының тойына баруым керек еді, бірақ жағдайың кедергі болып тұрғанын қарашы“, – деген адамдардың осы ойын, мен көз алдыма әке-луғе тырыстым.

Сіздердің көпшілігінде де осы жай болады ғой. „Істің мәнісіне келгенде, Құдай баласы болуым керек еді, бірақ оған қол тимейді...“ – дейтіндер де табылып қалады. Мениң сіздерден өтінерім; Исаны сеніммен қабылдаңыздар! Көптеген адамдар оларда да сенім барын айтады. Үшінші рейх тұсында немістер неге фана сенбеді дейсіздер: фюрерге, Германияға, түпкілікті жеңіске, ғажап қаруға және басқаларға сенуіндей сенді. Мүмкін болатынның бәріне біз сеніп болдық. Бірақ менде қандай болса да, әйтеуір, бір сенімнің бары – жеткіліксіз. Мен тек Құдайдың жан тыныштығына ие болуым керек! Ал оған тек Исаның қатысуымен фана ие болуға болады. Енді мен сіздерге сенім дегеннің не екенін айтайын. Мұны мен сіздерге бірнеше мысалмен түсіндірейін.

Мұлдем жас діни жетекші кезімде мен бір жексүрын аймақтың әр үйіне бас сұғуыма тұра келді. Қай үйге барсам да, ондағы кісілер: „Біз ештеңе сатып алмаймыз!“ – деп, есіктерін жауып алды. Бірақ мен амалын тауып, бір аяғымды табалдырыққа саламын да: „Мен ештеңе сатпаймын, бірақ сіздерге бірдеңелерді сыйлайын деп едім! Мен – діни жетекшімін“, – деймін. – „Бізге діни жетекшінің керегі жоқ“, – болды олардың жауаптары. Бірде мен бір пәтерге келдім. Есікті ашысымен, мен ас үйге кірдім. Бөлмеде бір жас жігіт әрлі-берлі жүгіріп жүрді. „Қайырлы күн!“ – дедім мен. Ол маған жауап орнына бірдеме деп күңк етті. „Мен – Ізгі хабарды уағыздаушы діни жетекшімін“, – деп таныстырдым мен өзімді. Ол тұра қалды да,

ақырып қоя берді: „Не? Діни жетекші? Ендігі жетіспегені – осы еді! Маған нағыз керегі – осы еді! Шығыңыз! Мен енді ештеңеге сенбеймін, адамға иланудан қалған жанмын“. Меніңше, ол басынан бір ауыр оқиғаны кешкен. Мен оған былай жауап қаттым: „Жас жігіт, құшақта-сайық! Мен де адамға иланудан қалған кісімін! Біз бір-бірімізге лайық екенбіз“. „Қалайша? – деп ол таңырқай сұрады. – Сіз діни жетекшісіз ғой, сондықтан адамға деген сенімді ұялатуға тиіссіз“. – „Солай ма еді? – деп сұрадым мен жауап бере, – амал не, бірақ мен оны жоғалтқанмын. Мен соғыста болдым. Мен онда кездестірген әдепсіздікті, жаманшылықтарды алып, оларды адам ба-сына бермесін деп ойлаймын, өйткені ешкім ешкімге ізгілік тілемеді. Жоқ, рақмет адамға сену дегеннің құлі көкке үшқан!“ – „Иә, – деп мойындағы ол, – менің түсінбейтінім; онда неге діни жетекші болып жүрсіз?“ – „Оho, – дедім мен, – мен құлі көкке үшпайтын жаңа сенімге ие болдым!“ „Ха-ха, ол қандай сенім екен сонда?“ Мен оған сонда Ізгі хабар туралы айттым. „Бұл – Иса Мәсіхке толықтай сену. Оның бұл дүниеге келуі – құтқарылудың бірден-бір кепілі!“ „Иса дейді? – деп таңырқады ол. – Бұл дегеніңіз Мәсіх жолын қуушылық қой! Мен оның көзі баяғыда құрыды ғой деп, ойлаған едім“. – „Ол не дегеніңіз, керісінше басқа сенімдер жоғалғанда, ол бастау алады!“

Сендердің басқа сенімді тастап, Исаға деген сенімге ие болуларыңызды қалар едім!

Соғыстан кейін көп ел кезуге тұра келгендіктен, мен ескілеу Р4-ті сатып алдым. Онымен мен алғаш рет да-рылдатып келгенімде, достарымның бірі: „Oho, діни же-текші рульде отыр! Енді барлық ағашты жұмсақ мата-мен орап қою керек шығар“, – деп әзілдеді. „Сен немене сонша, мені автомобиль жүргізе алмайды деп, ойлайсың ба?“ – дедім ашуланып. – „Неге олай ойлайын, құбық құжатың бар ғой!“ – „Олай болса, отыр, кеттік!“ – дедім мен. – „Жоқ, жоқ, рақмет, мен әлі өситетімді жазып, қал-дырған жоқпын“, – деп қарсылық білдірді ол. Сол сәтте менің әйелім келді. „Отыр, кеттік“, – дедім мен оған. Ол ешбір қобалжымай-ақ, машинаға мінді, Құдайға шүкір, әлі күнге дейін тірі. Автомобильге мінген сәттен-ақ, ол

маған өз өмірін толықтай сеніп, тапсырды. Сіздер де Исаға осылай қарауларыңыз керек. Оған өз өмірлеріңізді толық сеніммен артыңыздар.

Жақында мен екінші дүние жүзілік соғыс уақытынан бір қызық хабарды оқыдым. Орыс армиясы жан-жақтан қоршаған Сталинград „қазанына“, немістің соңғы ұшағы откен екен. Бұл ұшаққа жарапалыларды отырғызды. Міне, ұшаққа жеңіл жарапалған және үсіген солдаттар да келді, өйткені олардың да ұшып кеткісі келді. Бірақ ұшақ адамдармен тығыз толы еді. Сонда олар ұшақтың есігіндегі сыртқы тұтқасынан, шассиінен, әйтеуір, ұстаяфа келетін жерінен ұстап, ұшақпен бірге көтеріледі. Ұшақ жерге қонғанда, әлгілердің біреуі де жоқ болып шығады, оларды жел жұлып кеткен. Тек ішіндегілері ғана аман қалды.

Сонда мен еріксіз мынаны ойладым: біз үшін өліп, өліден қайта тірілген Құдай Ұлы Иса туралы Ізгі хабар – осы құтқарушы ұшақ секілді емес пе. Онымен өлім қазанынан құтылуға болады. Онда орын жеткілікті. Бірақ оның ішіне кірмей, сырттан жабысқандар – қауымға тек Исаңың Туылу мейрамында ғана баратындар, шомылыу ресімін қабылдаса да, көрінгенге сенетіндер – қаншама. Ал егер олар өле қалса, діни жетекші оларды дұрыс адамдар еді деп, растауы керек. Менің не айтқалы тұрғанымды түсінген боларсыздар? Олардың көбісі әлі сыртта жабысулы келеді. Олардың бәрін жел ұшырып әкететініне сенініздер! Тек іштегілер ғана құтқарылады! Сіздер іштесіздер ме?

Исаңы біліп, бірақ Оған кірмегендер, тозақты толтырады. Түсіндіңіздер ме? Исаға сену дегеніңіз – Оған ену. Осыны жасаңыздар! Ол – өздеріңіздің өмірлеріңізді ойланбай-ақ, бірден сеніп тапсыратын Тәңіріңіз!

Сөзімнің қортындысында Сіздердің назарларыңызды тағы да Исаңың айқыш ағашына аударғым келеді. Ойша Иерусалим қақпасы алдындағы Фолфота жотасына менимен шығыңыздар. Онда, айқыш ағашта, Құдай Ұлы керіліп тұр. Бұл айқыш ағаш – адам күнәсінан арыла алатын, сөйтіп өмірдегінің бәрі өзгере алатын, бүкіл әлемдегі жалғыз орын!

Любек қаласында Любек соборы деп аталағын тамаша көне ғибадатхана бар. Сонда Ганс Мемлингтің XV ғасырда салған, айқыш ағашқа керілген Исаны бейнелеген белгілі суреті бар. 1942 жылы бұл ғибадатхана отқа оранды. Бомбалудан кейін бір солдат өзінің бірнеше достарымен өз өміріне қауіп тәнгеніне қарамастан, осы суретті құтқару үшін, ғибадатханаға кірген. Соғыстан кейін көп кешікпей мен Любекте дәріс оқыдым. Бірде өнер мұражайының директоры маған мынаны айтты: „Менде, төледе, Мемлингтің атақты суреті сақтаулы тұр, егер қажет десеңіз, мен сізге шын ниетіммен оны көрсетеңін“, – деді. Эрине, бұл мүмкіншіліктен мен бас тартпадым. Мұражайдың директоры және тағы бір досыммен біз төлеге түстік. Тамаша сурет: жеребе тастаған әскерлер, түрлі-түсті киінген адамдар, жылаған әйелдер, келемеждеуші парызышылар. Осылардың берінің үстінде үш айқыш ағаш көрінеді. Кенет ғажап бір нәрсені байқап қалдым: Исаның айқыш ағашының астында, адамдар тобырының орта шенінде шөп өскен бос орын көрінеді. „Мына ғажапты қара, – дедім мен, – Исаның айқыш ағашының астында, халық арасында, бос орын бар. Ганс Мемлинг бұл арқылы не айтпақшы болды еken?“ Орта ғасырдағы суретшілер өз суреттері арқылы бірденені айтуға тырысатын, олар кейбір дәрежеде экспрессионистер болды. Менің досым былайша түсіндірді: „Менімше, ол: „Мұнда, Исаның айқыш ағашының астында, бос орын бар, сен соған орналас!“ – дегенді айтқысы келген шығар“.

Мен үнемі осы сурет туралы ойлаймын: „Осында, айқыш ағаштың астында, өлім өзінің бізгегін* жоғалтады. Мәсіх алған терең жарадан, мен құтқарылуды көремін. Оның біздерге созылған қолы, әлемге бостандық сыйлайды...“ Иә, Құдай Ұлы Исаның айқыш ағашының астында маған бос орын барына, мен қуаныштымын. Сендер үшін де ол орын бос! Сендер сонда бұл орынды мәңгі бос қалдырмақсындар ма?

* улы жәндіктердің өз уын жіберетін дene мүшесі (қаруы)

АУЛАҚ, МЕН ЕМЕС! (қанатты сөз)

Әр кезеңің өзіне тән қанатты сөздері болады. Бұлар керек жерінде, керек емес жерінде, орынды ма, орынсыз ба, оған қарамай, үнемі қолданыла береді. Қазіргі кезде осындай кең тараған сөздердің бірі: „Аулақ, мен емес!“ – деген. Осы сөздерді біз оңды, солды сілтейміз, бірденелерге жұмсап қана қоймай, өзімізді де жарапауға дейін барамыз. „Аулақ, мен емес!“ – өмірге өте қауіпті сөз тіркесі. Бірақ, оның жағымды жақтары да болуы мүмкін. Көнеки, бәріміз болып, осы тұстарына көз жүгіртіп көрелік.

1. Оны (қанатты сөзді) қолдану керек болғанда, біз оны қолданбаймыз

Киелі кітапта, қазіргі уақытта көкейтесті маңызы бар, біздің тақырыбымызға дәл келетін, ежелгі оқиға туралы жазылған. Мен соны сіздерге айтып берейін.

Сіздер, мүмкін, Үбираайым (оны Ибраһим деп те атайды) туралы естіген боларсыздар. Киелі кітаптың басында ол туралы былай делінген: „Үбраайым Құдайға сенді, сондықтан Құдай оны Өз алдында актады“. Үбраайым – өз күнәсін түсінген, Құдай алдында оны мойындаған, сөйтіп Құдайдан кешірім алған адам. Бірде Үбраайым жиені Лұт екеуі қын жағдайға душар болып қалады. Киелі кітап: „Үбраайымның малы өте көп, бай еді“, – деп хабарлайды. Үбраайыммен бірге жүрген Лұттың да ұсақ және ірі қара малдары болды. Киелі кітапта былай жазылған: „Үбраайымның бақташылары мен Лұттың бақташыларының арасында талас туды“. Мұның аяғы туысқандарды үлкен жанжалға апарып соғуы мүмкін. Бақташылар арасындағы келіспеушілік күшіне түсті. Олар өз қожайындарына жүгінісіп, даудамайдың мәнісін әсірелеп айтып тұрды. Жағдай шиеленісе түсті. Достарым менің, егер сіздер жиені Лұттан

анағұрлым үлкен Үбраайымның орнында болсаңыздар, осындай жағдайда не істер едініздер? Егер мен бұл Лұттың нағашысы болсам, онда оған: „Сенің бақташыларың менің бақташыларыма не істеп жүр? Бұл арадан тайып тұр!“ – дер едім. Лұт бұған былай жауап берер еді: „Ешқашан да! Құқық бойынша маған не тиісті екенін білемін. Сен өзің тайып тұр!“ Осылай дау-дамай жалғаса беретін еді. Бұл Үбраайым мен Лұттың арасында туатын ірі жанжалдың бастамасы бола алатын сәт екеніне, назар аударыңыздар. Бірақ Үбраайым Құдай алдына барып, содан кейін жиені Лұтқа қарады да, ойфа кетті: „Ұрыс-керіс? Жанжал? Аулақ, мен емес! Аулақ, мен емес!“ Содан соң қолын Лұттың иығына салып: „Қымбаттым менің, екеуміздің арамызда таластық болмауы керек, біздер – туыстармыз гой!“ – дейді. Сөйтіп бұл жағдайдан жанжаласпай, өзі шығын тартса да, Лұттың пайдасына шешіп шығуды ұсынады.

Осында қатысып отырған әйелдер мен еркектерге сұрақ қоюға рұқсат етініздер: „Сіздерді жанжалға тартпақ болған осындай жағдайды, сіздер де бастарыңыздан кешірген шығарсыздар? Сіздер де: „Ұрысу? Аулақ, мен емес!“ – деп ойладыңыздар ма? Сіздер де Үбраайым секілді жауап қайтардыңыздар ма? Жоқ, сіздер, мүмкін, қазір де Фрау Шульцпен немесе көршілеріңізben айыздарыңыз қана, жанжалды жалғастырып жүрген шығарсыздар?“ Сіздер: „Аулақ, мен емес!“ – деген сөз тіркесінің жиі орынды болатынын да көрген шығарсыздар! Иса Ием былай дейді: „Татуластырушылар – бақытты. Біздің барлығымызға, Мәсіх жолын қуушыларға тән нәрсе – беделіміздің аздығы, өйткені шешуші кезенде жанжалдан бас тарта алмаймыз, сөйтіп, біз шешуші кезең келгенде, әрдайым жеңіліске ұшыраймыз.

Мен өзіме ұнаған тағы бір оқиғаны айтайын. Сіздер Киелі кітаптағы мына бір тамаша тарихи оқиғаны білетін боларсыздар? Онда Жүсіп деген бір баланы жас кезінде ағалары Мысырға құлдыққа сатып жібереді. Ол кезде Мысыр – мәдениеті дамыған, ұлы ел болатын. Жүсіп Потифар есімді бай адамға сатылады. Бұл Потифардың көптеген үлкен үйлері және құлдары болды.

Жұсіп жас шағынан Құдаймен бітім жасасқан еді. Осындай да болады фой! Жас жігіт нық шешім қабылданап, Құдайфа: „Мен Саған берілгім келеді!“ – деп уәде етеді. Міне, ол енді Мысырда мұлдем жалғыз қалды. Ол басқа құлдардың ұрлайтынын және өтірік айтатынын көріп жүрді, бірақ ол ештеңеге араласпай, тек Тәнірге табынып, таза жүрді. Оны әжұа етушілер де табылды, бірақ қожасы оған сеніммен қарады. Мәсіх жолын қуушыларды жиі әжуалайды, алайда көптеген адам олардың ұрлық жасамайтын, өтірік айтпайтын қасиеті үшін, оларға сенімділік артатынын білетін боларсыздар. Бұл жас жігіт ер жеткенде, қожасы Потифардың барлық ісін басқара бастады. Жұсіп сымбатты және әдемі жігіт еді. Ол сәнді, бойына қонымды киімдерді киетін. Оны қожасының жас әйелі көріп, ұнатып қалады. Ол Құдайфа сенбейтіндердің қатарындағы, өмірін жиын-тоймен өткізуши әйел болатын. Потифардың әйелі барлық іске күң ұстайтын, ал сіздерге белгілі болар, ырду-дырду – бүкіл бұзықтықтың басы фой. Бірде Жұсіпті көрген әйел, оған қылымсі сөйлемді. Жұсіп болса, ештеңе сезбегендей, мән бермеді. Міне, енді қатерлі оқиға басталды. Үйде Жұсіппен оңаша қалған Потифардың әйелі, сабырыздана оның киімінен тартып: „Менімен жат!“ – дейді. Осы арасын Киелі кітап тамаша келтіреді. Жұсіп аз-кем ойланғаннан кейін: „Аулақ, мен емес! Аулақ, мен емес! Зинақорлық? Жоқ! Аулақ, мен емес!“ – дейді. Бұл біздің тілімізде осылай естіледі. Ал Киелі кітапты жазған адамдар мұны анағұрлым тартымды етіп бейнелеген! Жұсіп былай дейді: „Мен мұндай үлкен азғындық жасап, Құдай алдында қалай күнәға батамын?“ Ал мұның мәнісі: „Аулақ, мен емес!“ – дегені.

Осы жерде өз өмірінің бір кезеңінде, қазір адамдардың күнә деп санағысы келмейтін, тән құмарлығының азғынына түсіп, соған төтеп бере алған, бірде-бір егде адам арамыздан табыла қояр ма екен, сірә. Сол кезде сіздер: „Құдай мені көріп тұр фой! Аулақ, мен емес!“ – деп айта алдыңыздар ма? Жұсіп туралы оқиғаны тыңдай отырып, біз қандай сезімге бөленеміз? Тек, Құдай бізге неке адалдығын сақтап өмір сүруді нұскап, сөзің мен

ісінде таза болуды өсиет еткені үшін: „Аулақ, мен емес!“ – деп айту, ойымызға да келмейтін шығар. Осындаған жағдайда: „Аулақ, мен емес!“ – деген сөз біздің ойымызға қалай сирек түседі. Алайда, менің сіздерге айтатыным: Құдай біздің күнбек-күнгі күнәларымызды өсіне сақтап отырады. Шешуші сэтте: „Аулақ, мен емес!“ – деген сөздің ойға оралмайтыны қандай қорқынышты. Құдайдың өсиетін аяққа бастыратын азғырынды сөз қаулаған кезде, осыны айту аса қажет болатыны да аян. Қазіргі заманың ерекше бір белгісі – Құдайдың әмірі аяқ астында қалатынында.

Бірде маған ганноверлік діни жетекшілер алдында: „Бізге, діни жетекшілерге, және біздің қауымдарға не қажет?“ – деген тақырыпта баяндама жасауға тұра келді. Бұл баяндамада мыналар айттылды: Мен тек мынаны ғана айтқым келеді: біздерге Құдайдан деген қорқыныш сезімі жетіспегендіктен, біз бәріміз тозаққа түсіуміз мүмкін, өйткені Құдай – шын мәнінде – қатал, Құдай Өз жарлығына – бекем“.

„Аулақ, мен емес!“ – деген сөз – өте жақсы. Егер қазіргі уақыттың рухы бізге Құдай әмірін аяққа бастыруға итермелесе, онда – „Аулақ, мен емес!“

Киелі кітапта тағы бір жүрек тебірентерлік оқиға туралы жазылған. Иса Мәсіх тау басында тұр. Ал шайтан (Сіздер шайтан барына сенбейсіздер ме? Бірақ ол бар! Оған батыл сеніңдер!) Иса Мәсіхтің қасында тұрып, Оған әлемнің барлық елін өз сән-салтанатымен көрсетіп: „Егер Сен менің алдында бір сәт тізенді бүкссен, тек бір сәт қана, онда осының бәрін Соған беремін!“ – дейді. Бірақ Иса Мәсіх оған былай деп жауап берді: „Аулақ, мен емес! Егер тіпті бүкіл әлем сенің алдында бас иіп, тізесін бүксе де, аулақ, мен емес!“ Бұл – біздің тілімізде (айтуымызша). Ал Тәңірім Иса: „Құдайнене бас үр, тек Соған ғана қызмет ет“, – деп, бұдан да тамаша айтты.

Шіркін, „Аулақ, мен емес!“ деген сөз бізге қажетті уақытта есімізге түссе фой. Бірақ, керісінше, жиі біз оны керексіз жерінде қолданып, ақымақтық жасаймыз!

2. Біз оны (қанатты сөзді) керек емес кезінде қолданамыз

Достарым менің, біздің көбіміз „Аулақ, мен емес!“ деген сөз тіркесін орынсыз жерде пайдаланамыз. Менің ойыма еңгезердей бір жас жігіт түседі, мен оған былай деп айтқан едім: „Сен мынаны тыңда, егер сен тірі Құдайға өмірінді арнасан, көп нәрсеге қолың жететін еді!“ Ал ол болса, қарсылық білдіріп: „Жоқ, аулақ, мен емес!“ – деді.

Менің сіздерге айтып берейін деп отырған оқиғам – жас жігіттердің ескі диванмен жасағанында, біздің де кейде Құдайға солай қарайтынымыз. Дәрігер маған күн сайын сейіл құруға тапсырма берді. Бір күні Әссенге барайын деп, вокзалдың оң жағындағы кәдімгі сүрлеу жолмен келе жатып, дәл жол үстінде бір диванды көрдім. Оның енді адамдарға қажеті болмай қалғандықтан, олар оны кешке гүл алаңына алып шығарып қойыпты. Мен бұл диванның тарихын көз алдыма әкелдім: мұмкін, ол жуықтаған көз жұмған кемпірден мұра болып қалған шығар. Бірақ жас адамдар сәнді жиһазы бар, осызаманғы пәтерлерде тұрады ғой. „Мына ескі диванды не істесек екен?“ – дейді үй иесі. Бұл үй ішіндегі заттарға үйлеспей түр. Сонымен қатар, онда қандай құрт-құмырсқалар үймелегенін кім біледі? Одан да біз мұны шығарып тастайық!“ Содан кейін олар оны көшениң шетіне шығарып қояды. Міне, адамдар да тірі Құдаймен осылай жасайды. Құдай біздің тұрмысымызға үйлеспейді. Оған қазіргі қоғамда орын жоқ. Құдайға не істеу керек енді? Біз бұл „ескі диванды“ гибадатханаға қояйық! Бәрібір ол апта бойы жабық қой.

Достарым менің, Құдай – ескі диван емес. Бұл сіздерге түсінікті ме? Тірі Құдай – сәндікке үйлеспейді деп, өмірден өз еркімізben лақтырып тастайтын ескі жиһаз емес. Құдайдың кім екенін сіздер білесіздер ме? Мұмкін, Құдайдың біздің уақытымызда түйінді мәселе болып тұрғанына, бір жағынан, қауым да кінәлүү шығар. „Құдай“ атын атағанда, біздің арқамыздан құмырсқа жүріп өткендей, тітіркенуіміз керек. Иә, осы бір Құдай-

ға деген жеңіл-желпі: „Аулак, мен емес!“ – деген көзқарас-ай.

Мен енді одан әрменірек барайын. Қазір барлық жерде: „Батыс тек қатерлі ісік және басқа да тәннің сырқаттарына ғана емес, сонымен қатар жан жарасына да шалдыққан“, – деген сөздер айтылып жүр. Сіз білсеніз, біздің жанымыздың дертке шалдыққаны сүмдыш қой. Мұндай сырқатқа шалдыққандар саны күрт өсіп отырғаны, сіздерге белгілі болар. Оқымысты адамдар біздің ескі мәдени дүниеміз шын мәнісінде немен ауыратынын ақылға салып, ойластыруда. Швейцарияның бір дәрігері бұл туралы өте дәл айтады: „Қазіргі әлем құдайсыздық ауруына шалдыққан“. Назар аударыңыздаршы, ғасырымыздың ортасында Құдаймен әлі есептескен. Ол жайлыш үлкен ғибадатханалар айғақтайды. Бірақ содан кейін Құдайдан іргені аулақ сала бастадық. Одан техникаға бас ию арқылы құтылуға тырысушылық басым болды. Ғалымдар саусақтарына қанды сүйел шыққанша: „Құдай – жоқ“, – деп дәлелдеп жазуға тырысты. Тобыр: „Дін – халық үшін – апиын!“ – деп айқайласты. Тіпті ақымақ балақайдың өзі: „Құдай қай жерде болуға тиісті? Мен оны әлі көрген жоқпын, сондықтан, Ол – жоқ!“ – деп айтып, саусағын соратының қайтерсін. Құдайдан құтылудың мүмкін деген әрекеттерінің бәрі жасалынып болды. Білесіздер ме, солай болса да, әлі күнге дейін ешкім Одан құтыла алған жоқ! Осы заманғы автоматиканың негізін салушы, профессор Макс Планк өзінің өлер алдында „Дін және жаратылыс тану“ деген кітапшасын жариялады. Ол онда былай деп жазды: „Қазірде біздер, жаратылысты зерттеушілер үшін, әрине, барлық танымның негізінде тірі Жаратушының тұрғаны түсінікті“. Көрдіңіздер фой, біз Құдайдан безе алғанымыз жоқ!

Мен жақында кішкене таулы қалада дәріс оқыдым. Кешке қарай сиыну үйінен шыққанымда, жастары жиырмалар шамасындағы жігіттердің тұрғанын көрдім. Мен олардан, неге кірмейсіңдер деп, сұрадым. Жауап орнына олар түсініксіз бірдемені міңгірледі. „Бұл жауап емес кой, – дедім мен. – Мен сенен сұрап тұрмын, – дедім мен

біреуіне қарап, – Құдай – тірі ме әлде жоқ па?“ Ол: „Білмеймін“, – деп жауап берді.

Мен оның онысына: „Шырағым-ау, мынауың – сұмдық қой! Егер Ол тірі болса, сен Оған қатыстысың, егер жоқ болса, онда өзінді қауым мүшесімін деп санамай-ақ қой“. Мен екіншісінен сұрадым: „Құдай тірі ме?“ – „Иә, мен сенемін!“ – деді ол. – „Oho! Онда сен мынаны айтшы, сен Оның өсietтін орында жүрсің бе?“ – „Жоқ!“ Міне, мен жігіттермен осылай сөйлестім. Олардың арасында Құдайды теріске шығаруға батылы барған біреуі де болмай шықты. Бірақ Құдайға шын мәнінде қатысты болғысы келгендері де табылмады. Міне, барлық жерде де осындай!

Мен отбасыларын аралап, әңгімелескенімде, ереккетер: „Мен Құдайға сенемін, ал сиыну үйіне басқалар-ақ барсын“, – деседі. Түсінесіздер ме, олар Құдайды жоққа шығармайды, алайда Оған тән болғылары да келмейді!

Құдай туралы мәселені адамдар әлі шеше қойған жоқ. Осындай шешімін таппаған мәселелер жинақталып, адамды құртатын психикалық сырқатқа шалдықтырады. Сөйтіп біз өлеміз, өйткені, Құдаймен қатынасымызды айқындауға бізде ерлік жоқ. Сиыну үйінде он әйел және мүмкін, бірер ерекк отыр делік. Ал еркектер қайда? Олар тозаққа барғанға дейін-ақ олардың жаны өледі деп, мен кесіп айта аламын, өйткені олар Құдаймен қатынаста болуға батылдыры жок, ал одан құтылуың тағы да жолын таба алмайды.

Біз де, Мәсіх жолын қуушылар, сондай жағдайдамыз, өйткені „бізді Өзімен бөліп тұрган қабырғаны қиратып, бізге Иса болып келген – сол Құдай“ – деген қасиетті хабардың бар екенін біле тұра, біз Оған немқұрайды қараймыз. Құдайдың Құтқарушысы біздің әлемге келді. Бірақ Оның келуі – жеткіліксіз. Ол біз үшін айқынш ағашқа керіліп өлді! Өйткені Құдайдың біз үшін осылай өлуінен басқа ешнәрсесі қалмады ғой! Содан кейін Ол құдіретпен өлімнен бас көтеріп, өлімге біржола соққы берді де, мәңгілік өмірге жол салды. Ал біз болсақ: „Ah, иә! Бұл – өте тамаша екен, мен де бірде осы туралы еститін боламын, „Аулақ, бірақ қазір емес!“ – дейміз.

Мұндай дәйексіз пайымдаудан кейде адамның жаны күйзеледі, тіпті жігерің құм болады.

Мен жас діни жетекші болған кезімде, менің аймағымда бір жұмысшы болды. Онымен Иса туралы әңгімеллесsem-ақ, ол мені келемеждеп, тойтарыс беруге тырысатын. Менің: „Бір кезде өлетініңзіді ойладыңыз ба?“ – деген сауалыма ол: „Сіздер, дін қызметшілері, әрдайым өліммен қорқытпақ боласыздар! Аулақ, мен емес!“ – деп жауап берді. Ол мені ылғи қайырып тастантын еді. Міне, сол қырыққа да жетпей, өлім қалінде. Бір күні тұнде оның әйелі мені шақырды. Барсам, жұмысшым әл үстінде екен. „Иса сені соңғы рет шақыратын сәт келді!“ – дедім мен оған. Бұл өте сұмдық болды. Ол Құдайға сиынайын деп еді, бірақ сиына алмады. Мен оған Киеleі кітаптың шапағатты сөздерін айттып едім, бірақ ол оларды түсіне алмады. Ол бұрын Құдайды қабыл алмай: „Аулақ, мен емес!“ – деп еді. Енді Құдай да оны қабыл алмады. Ол сөйтіп, Құдаймен татуласа алмай, үлкен қапалықпен көз жұмды.

Мен сіздерден өтінемін, ерекше қасиетті хабарды шын ниетпен қабылданыздар. Ол мынау: „Өйткені, Құдай адамзатты өте қатты сүйгендіктен, Оған сенуші әркімнің жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болуы үшін, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді“. Алайда Иса одан да артық іс атқарады. Ол төтенше аландататын жай туралы айтады: „Міне, Мен (сенің жүргегінің) есігінің алдына келіп, қағып тұрмын“, – дейді. Достарым менің, түрлі-түрлі Мәсіх жолын қуушылар бар: кейбір Мәсіх жолын қуушылар тек қауым салығын төлегеніне мәз. Бұл жақсы-ақ, бірақ өте зеріктіріп жібереді. Сиыну үйіне тек Иса Мәсіхтің Туылу мейрамында ғана бас сұғатын Мәсіх жолын қуушылар да бар. Шіркін, айналайын Туылу мейрамының Мәсіхшілері-ай! Сиыну үйіне тек әйелдерін ғана жіберіп, өздері бармайтын Мәсіх жолын қуушылар да бар. „Мен шомылдырылу рәсімін қабылданмын“, – дейтін Мәсіх жолын қуушылар да кездеседі. Жақсы-ақ! Бірақ бұл – жеткіліксіз! Tipi Тәңірдің: „Міне, Мен есік алдына келіп, есікті қағып тұрмын. Егер кімдекім Менің дауысымды естіп, есікті ашса, мен соның

жан-дүниесіне енемін“, – деген сөзін естіп, оған: „Аулақ, мен емес!“ – деп жауап қайтаратын мәсіхшілер де бар арамызыда. Не деген сұмдық десеңіші! „Тәңірім Isa, мендегі аздаған Məsīh жолын қуушылық өзіме жетеді, бірақ Saғan толығымен берілу деген – артық шығар. Аулақ, мен емес!“ Сөйтіп, біз „Аулақ, мен емес!“ деген сөзді орынсыз жерде қолданамыз.

Егер сіздер Мәсіхтің жолын құфыларыңыз келмесе, мұнда отырмаған болар едініздер. Мынаған құлақ қойыныздар, Исаңың ұлылығын, сіздер Оның жүргегініздің есігін қаққанын естіп, Оған есік ашып, Оны өз өмірлерінізге қабылдағанда ғана, түсіне аласыздар.

3. „Аулақ, мен емес!“ деп айтуға толық құқы бар, бірақ оны айтпайтын біреу ғана бар

Бұл біреу – Иса Тәңірімнің Өзі. Оның: „Аулақ, мен емес!“ – деп айтуға толық негізі бар, бірақ Ол мұны айтпайды. Оның бұлай айтпағанына Құдайға шүкір!

Осыған орай сіздерге бір оқиғаны айтуға рұқсат етініздер. Дания жазушысы Якобсеннің „Бергамодағы оба ауруы“ деген өте қызықты новелласы бар. Бергамо – Равеннаға жақын, тау баурайына орналасқан – Италияның кішкене қаласы. Оған жіңішке тау сүрлеуі апарады. Якобсен осы қалада ғасырдың орта шенінде оба ауруы шыққаны туралы жазады. Сұмдық! Күні, түні кісі жерлеу қоңыраулары бір тынбады. Адамдар Құдайға жалбарынды. Олар Құдайды көмекке шақыруда, бірақ бұл – құр бекершілік, оба одан сайын құтырына түсуде. Сонда адамдарға бәрібір болып көрінді. Олар: „Құдай жоқ!“ – десті. Олар шарапханадан бөшкелерді домалатып шығарып, ұлken маскунемдікке басады. Естерінен айырыла мас болған адамдар, бұзықтық пен дырдуға түсті. Ашынғандықтан жүгенсіздік, жын-ойнақ басталды. Бұл күннен күнге созылды. Толықтай парықсыздық. Жұрт бетбетімен кетті. Кейде би ортасында беті қара қошқылданған адамдар сұлап түсіп жатты. Ол сол жатқан қалпында қалды. Жын-ойнақ жалғаса берді: „Ішеміз, жейміз, бәрі-

бір ертең өлеміз“ – деді торығушылар. Бірде олар секем алыш қалды. Бұлардаң құлатыне ән-ұран естілді. Олар қала қақпасына келіп, таудағы соқпақ жолмен көтеріліп: „Тәңірім, кешіре гөр! Тәңірім, кешіре гөр!“ – деп жалбарына әндептіп, шұбырған адамдар тізбегін көрді. Алда қара айқыш ағашты көтеріп, жас діни қызметші келе жатты.

Бұл шеру қала қақпасы арқылы өтті. Бергамоның тұрғындары: „Сендер есуассындар! Мұнда Құдай жоқ! Ақымақ әндерінді тыйындар! Одан да ішейік, жейік, әйтекеүір күні ертең өлеміз!“ – деп күлісті. Алайда шеру алдында келе жатқан діни қызметші аялдаған жоқ, айқыш ағашты көтеріп, ілгері жылжыды. Фибадатхана-ның есігі ашық болатын. Оған бәрібір ешкім кірмейтін еді. Міне, шеру бөгетсіз соған келіп енді. Діни қызметші айқыш ағашты іргеге сүйеп қойды. Сол сол-ақ екен, жүгенсіз кеткен жекесүрындар тобы ыржалақтай ішке кірді. Қан-қан алжапқышы бар, құтырынған қасапшы мезбақтың үстіне тұрып алыш, Қасиетті кешкі астың алтын ыдысын көтеріп: „Мас болғанша ішіндер! Бізде Құдай жоқ!“ – деп дауыстады. Міне, мінбеге көтерілген, жағы құп-құ болған діни қызметші, тыныштық сақтауға шақырды. Тыныштық орнады. Осы сэтте ол: „Мен сіздерге мынаны айтсам деймін, – деді, – Құдай Ұлының қолын айқыш ағашқа шегелеп, Ол өлген кезде де, тобыр осылай күліп, келемеждеген болатын. Тіпті сол және оң жағында ілулі тұрган қарақшылар да қарап қалмай, Оны келемеждеген еді. Сонда Құдай Ұлы былай деп ойлады: „Мениң өлімімді мұлдем көңілдеріне алмаған осы адамдар үшін өлуім керек пе?! Мен Өз өмірімді жүректері тас болып қалған осы бір түкке тұргысыз адамдар үшін құрбан еткенім бе?!” Сөйтіп, Құдай Ұлы: „Аулақ, мен емес!“ „Тек, мен емес!“ – деп шешті. Ол Құдіретті күшімен ағаштан шегені жұлып алыш, айқыш ағаштан секіріп түсті де, әскерлердің қолынан киімін жұлып алғаны сондай, осы сэтте мұның киімі үшін салынған жеребе сүйектері Фолгота тауынан домалап түсті. Ол өз киімін киді де: „Аулақ, мен емес!“ – деп, аспанға көтерілді. Сөйтіп айқыш ағаш бос қалды! Сондықтан адамдарға енді ешқандай мұсіркеушілік, азаттық, құтқарылу деген жоқ.

Енді өлім және тозақ қана қалып отыр!“ Діни қызметші осылай деп уағыз айтты. Құлаққа үрган танадай тыныштық орнады. Қасапшы мезбақтан әлдеқашан-ақ секіріп түсіп, мінбе астында тұрды. Ідис оның қолынан түсіп кетті. „Бұдан әрі құтқарылу да, мұсіркеушілік те жоқ!“ – деген сөз оның ойынан кетер емес. Бір уақытта ақылынан азған қасапшы, үш қадам алға аттап, қолын діни қызметшіге созып: „Әй, сен! Құтқарушыны айқыш ағашқа қайта шегеле! Құтқарушыны айқыш ағашқа қайта шегеле!“ – деп өңешін жырта айқайлады.

Достарым менің, діни қызметші Құтқарушы туралы оқиғаны дұрыс айтқан жоқ. Жүрекке жылы тиетіні сол, Құдай Ұлы – Иса Мәсіх: „Аулақ, мен емес!“ – демеді. Ол айқыш ағашта адамдардың: „Бізге жанымыздың құтқарылғанынан гөрі, осы өмірдің қызықтары мен жұмыстары артық“, – деген адамдардың сөздеріне қарамастан, әлі де азап шегуде. Әлі де бізді құтқаруға тілек білдіруші бұл Құтқарушының: „Аулақ, мен емес! Не қылсандар да өздерің білесіндер!“ – деп айтуына толық қақысы да бар еді. Егер мен Иса болсам: „Мейлі бүкіл әлем қырылып қалса да, бәрібір“, – деп айтар едім. Бірақ Құдайдың Ұлы Иса: „Аулақ, мен емес! Тек, мен емес! Тек, менсіз!“ – демейді. Ол бізді іздейді. Оның сіздерді іздеуі қаншаға созылар еken? Иса сіздерді Өзінің игілігіне айналдырысы келетінін, сіздер қашан көрер екенсіздер? „Құтқарушым менің! Кешірім жасаушым менің!“ – деп айтуға қашан сіздердің көздерініз ашылар еken? Соңғы пунктке азғана тоқталайын.

4. „Менсіз ештеңе жасай алмайсындар“

Мынаған көңіл аударыңыздаршы, біз: „Аулақ, мен емес! Тек қана менсіз!“ – деп лепірте айтамыз. Иса осы „Менсіз“ деген сөзді бір рет қана аузына алып, бірақ, леп белгісінсіз айтты. Одан әрі былай делінеді: „Менсіз ештеңе жасай алмайсындар“. Бұл шындық екенине сенініздер, Онсыз жасаған істеріңіз онға баспайды, мәңгілік жарығында ол түкке де тұрмайды.

Бірде көшеде бірнеше баланың төбелесіп жатқанын көрдім. Олардың арасында кездейсоқ келіп, бәрімен бірдей таяқ жеген тым кішкентай бір бала бар екен. Мен оларды айырсам ба екен деп, ойланып тұрғанымда, адам айтса наңғысыз тамаша оқиға болды. Әлгі балақай қақпақылдап, сыйтылып шықты. Оның көзінен де, мұрнынан да ағып жатыр, бәрі ағып жатыр, ол да „сыйтылып“ бара жатыр. Ол бес қадамдай ұзаған соң, артына бұрылып: „Тұра тұр бәлем, бәрін ағама айтамын!“ – деп сес көрсетті. Сол-сол-ақ екен, мен аяқ астынан төбелестің толастап, тыныштана қалғанын байқадым. Оның ағасы бар, ол бәрін айтқан соң, ағасы көмекке келеді. Соңда мен мынаны ойладым: „Балақайым, сенің ағаның бары қандай жақсы!“ Осы арада бойымды: „Иса да – менің Ағам фой, Ол маған көмектеседі“, – деген қуаныш сезімі биледі. Ағаның өзіне қарастыны желеп-жебеп, қорғайтыны қандай жақсы. Ол тіпті: „Менсіз ештеңе жасай алмайсындар!“ – деді.

Хавергал ақынның бір өлеңі былай басталады: „Құдайым менің, өмірімді ал, оны Саған арнадым, күндерімді ал, сағат сайын Сені мақтау – арманым! Онсыз күн жоқ, өліміне қиса да!“

Мен сіздердің өздеріңізге көп жақсылық жасаған Құтқарушымыз Исаға: „Тәнірім, Иса, мен де енді Сенсіз еш нәрсе істегім келмейді!“ – деп айтқандарынызды қалаймын.

ДІНИ МӘСЕЛЕЛЕРДЕ АЙҚЫН ЖҮЙЕЛІЛІККЕ ЖЕТУГЕ БОЛА МА?

Ашығын айтсақ, діни мәселеде айқындық аз. „Дін“ – бұл мәңгілік Құдайды іздеу, екінші сөзben айтқанда, үнемі үрей мен сенімсіздікте болу деген сөз. Ал Ізгі хабар – бұл енді тіпті басқаша: мұнда керісінше – Құдай бізді іздейді. Сондықтан сауалды: „Мәсіх жолын қуушылықта күтқарылуға сенімділік бар ма?“ – деп қойған жөн.

1. Біз Құдайға екі ұшты қарауымызға жол береміз

Алдымен айтарым, біз, осы заманғы адамдар, шын мәнінде өте қызықпыш. Егер байсалды деп жүрген адамға елеусіз бір сыйдауық шықса, ол кідірмей дәрігерге барып: „Доктор мырза, өте ауырып түр. Бұл не өзі?“ – дейді сабырсызданып. Бізге не болғанын анық білгіміз келеді. Немесе басқа бір оқиға: бір отбасы үй қызметіне керек жас қыз ізделеп жүр. Міне, ол табылды да. Үй иесі қызға оған ыстық және суық суы, теледидары бар, өзіне тағайындалған оңаша бөлмені көрсетіп, аптасына бір күн оның қолы бос болатынын айтады. „Бұл жақсы, – дейді қыз, – бірақ мен жалақым қанша болатынын білсем деп едім“. Үй иесі бұған да жауап береді: „Ол туралы келісеміз әлі, ең алдымен мен сіздің өз ісіңізге қалай қарайтыныңызға көз жеткізуім керек қой“. – „Жоқ, жоқ, – дейді қыз, – мен мұнымен келіспеймін, мен алдымен маған қанша төлейтініңізді біліп алудым керек?“ Қыздың сөзі дұрыс па? Әрине, дұрыс! Біз жұмысқа орналасқандағы ең маңызды мәселе – жалақы ғой. Ақша мәселесіндегі көмексілікке біз ешқашан төзбейміз. Иә, барлық істе де ақиқатын білгіміз келеді. Тек аса маңызды салада, атап айтқанда, Құдайға қатысты істе, бізді толықтай бұлынғырлық қанағаттандыратын сияқты.

Осыдан көп жыл бұрын Augsburgte, жәрменке алаңындағы шатырда мен жиналдыс өткіздім. Оны ұйымда-

стырушылардың басында тамаша бір идея туған екен. Сенбінің кешіндегі барлық мейрамханада сауық-сайран дейсіз бе, небір қызықтар болып жатады фой, сондықтан олар жиналысты сенбі күні тұнгі сағат 12-де өткізуді үйарған. Бұл туралы алдын-ала хабарландырылған жоқ, әйтпесе оған тек қана сүйкімді, ынта қоюшы Мәсіх жолын қуушылар ғана жиналар еді. Менің достарым машиналарымен сағат он екілерде жабылған мейрамханадан шыққан тұнгі серуенді ұнатушыларды, даяшыларды, бардағы қыздарды алып келді. Машиналар толассыз шатырға адамдарды алып келіп жатты. Сағат дәл 12-де жиналысты бастан, мен мінбеге шыққанымда, менің көз алдымда өзім сирек көретін адамдар отырды. Тамаша! Көпшілігі қызып алған. Біреуі менің алдыма жайфасыпты, өзі сондай толық денелі, аузында шылымы, тіпті бас киімін де шешпеген. Мен: „Бәрі ойдағыдан жақсы болды-ау!“ – деген оймен, өз сөзімді бастаным. Менің алғаш рет „Құдай“ атын атауым мүн екен, әлгі қалпақ киген жуан: „Ол жоқ қой!“ – деп айқай салды. Бәрі күлісті. Мен оған еңкейіңкіреп: „Сіз Құдайдың жоғына шын сенесіз бе? Оған көзіңіз жетті ме?“ – деп сұрадым. Ол желкесін қасығанда, оның қалпағы алға қарай сырғып, ол аузындағы темекінің тұқылын езуіне жылжытты, осыдан кейін былай деді: „Бұл туралы ешкім аныққанығын білмейді“. Сонда мен жуанның бетіне қарап құлдім де: „Сонда да! Мен бұл туралы анық білемін!“ – дедім. – „Қойыңызшы, – деп қарсылық білдірді ол, – Құдайдың барын сіз қалайша анық білесіз?“ Сонда мен Құдай туралы Иса арқылы білетінімді түсіндірдім. Бұдан соң жиналыс үстінде толық тыныштық орнады.

Құдайға деген сенім сіздерде қалай? Мен Мәсіх жолын қуушылардан: „Сіздер күнәларыңыздың кешірілгеніне толық сенесіздер ме, сіздердің қарыздарыңыз толықтай өтелді, енді еске алынбайды деп, кеміл сенесіздер ме?“ – деп сұрадым. Жауап қандай болды дейсіздер фой. „Иә, мен осылай фой деп, үміттенемін!“ Мені дұрыс түсініңдер, Мәсіх жолын қуушылардың, Құдайға сенбейтіндер сияқты, Құдайға немкетті және сенімсіздікпен қарауы – күлкілі жағдай емес пе?! Егер мен қазір

қалаға барып, кезкелген адамнан: „Құдайдың барына сенесіз бе?“ – деп сұрасам, онда мынандай жауап алар едім: „Иә, мүмкін, Ол бар шығар!“ Ал мен сөзімді одан әрі жалғастырып: „Сіздер Оған қатыстысыздар ма?“ – десем, онда бәрінен бұрын: „Білмеймін!“ – деген жауапты естіген болар едім. Байыпты деген адамдардың өздері бұл салада құлақ естімеген бұлыңғыр пікірлерді алға тартатынын қайтерсің!

Менің достарымның бірі жақында мынандай бір оқиғаны бастан кешірді. Ол – студент, каникул кезінде құрылыста көмекші жұмысшы болып, азын-аулақ ақша тауыпты. Бірде әріптестері оның Ізгі хабаршы жастар еңбекіне белсene қатысатынын біледі. Содан келемеждеу басталды: „Әй! Сен де діни жетекші Буштың жастарына қосылғансың ба?“ – „Иә!“ – „Сен де жексенбі сайын сиыну үйіне бараңсаң ба?“ – „Әрине!“ – „Әр жексенбі сайын ба?“ – „Иә, әр жексенбі сайын!“ – „Әр жексенбі сайын! Сен немене, ақылыңдан адасқаннан саумысың?“ – „Жоқ! Мен оған қоса апта сайын Киелі кітапты оқу сафатына қатысамын!“ – „Иә, сенің шынымен есің ауысқан еken!“ Содан жан-жақтан келемеждеп, оған бас салсын: „Діни қызметшілер адамдарды ақымаққа айналдырады!“ „Екі мың жыл болса да, Мәсіх жолын қуушылық орныға алмай келеді!“ „Киелі кітап – бұл барып тұрған сандырақ!“ – десіп жатты. Қысқасы, жас жігітке келекенің неше түрі айттылды. Бірақ оның „терісі – пілдің терісіндей қалың“ еken, қынқ етпей, шыдал бақты. Ол жігіттердің келекесі басылғанда, оларға былай деді: „Иә, барлығың Мәсіх жолын қуушылыққа осылай қарасаңдар, онда бірде-біреуің қауым мүшесі бола алмайды еkenсіндер“. Айналада тыныштық орнады. Содан кейін ғана барып, бір егде адам қарсылық білдірді: „Мұнымен сенің не айтқың келеді? Мен де Құдай-Тәңірге сенемін! Өзің ғана Мәсіх жолын қуушымын деп, ойлап журген боларсың? Мен де – Мәсіх жолын қуушымын! Мен де Құдайға сенемін!“ Бұдан кейін бәрі сөзге араласты: „Осы сенікі не, сен өзінді бізден артық санайсың ба? Біз де – Мәсіх жолын қуушымыз! Біз де Құдай-Тәңірге сенеміз!“ Сөз сыңайы аяқ астынан өзгеріп шыға келді. Олардың бәрі

бір ауыздан: „Біз де Құдай-Тәңірге сенеміз! Біз де – Мәсіх жолын қуушымыз!“ – деп дауыстады. Бәрі тынышталғанда, менің досым олардан мынаны сұрады: „Олай болса, сіздер неге маған күлесіздер?“ – „Ah! Сен бізді ақымақ деп санайсың фой! Сенімен сөйлесу мүмкін емес!“ – десті олар.

Тұсінесіздер ме? Білікті құрлысшылар жұмысты тер төге істеп, бірнеше шөлмек сыраны сіміріп алған соң, алғашында Құдайды жат санап, содан кейін барып, тәубесіне келіп, өздерінің де Мәсіх жолын қуушылар екендерін ойына түсіреді! Құдайға қатысты мұндай тайфанақтық – жан түршіктірлік жағдай емес пе? Біз бірде Құдайды танымайтын болып шығамыз да, іле-шала Мәсіх жолын қуушы бола қаламыз! Мен дұрысын айтЫП тұрған жоқпын ба? Сіздердің көпшілігіңіз де осындай екі-үшты бұлышыңыр ойда екендеріңізге, мен сенімдімін.

2. Киелі кітап нұр сәулелі сенімділік туралы айтады

Сіздер мүмкін таңғала менен: „Діни жетекші Буш, Мәсіх жолын қуушылар сенімінің шынайы сенімділікпен жалпы қатысы бола қояр ма екен? Мәсіх жолын қуушылар сенімінің мәні – онда ешқандай нақтылықтың болмауында, бәрін сенімге алуында емес пе?“ – деп сұрайтын шығарсыздар. Жақында тағы бір сөзді менің есіме салған еді, ал мен оны өз өмірімде талай рет естідім, ол мынау: „Екі де екі – төрт екенін, біз анық білеміз, алайда бәрі сенімге негізделгендіктен, Мәсіх жолын қуушылардың сенімінен анық ештеңені аңғара алмайсың“. Қорыта келгенде, бізде мынандай түсінік пайдада болады: Мәсіх жолын қуушылықтың ақиқатына қатысты біз өз ақыл, парасатымызды сандыққа салып, немесе киім іletін жерге тапсырып, белгісіз сенімге қол созуымыз керек. Мұндай пікір – көпшілікке тән. Кейде маған мынандайды да айтады: „Сіздер – Мәсіх жолын қуушыларсыздар, ал араларыңызда ауызбірлік жоқ. Сендер: католиктер, Изгі хабарды уағыздайтын Мәсіх жолын қуушылар т.с.с.

болып, бөлінесіздер. Ал Ізгі хабарды уағызыдаушылар арасында: лютерандар, реформистер, т.б. дегендер бар. Сонда, қайсысынікі – дұрыс? Менің ойымша, тіпті Мәсіх жолын қуушылардың өздерінің де өз сенімдерінің, шындалп келгенде, екі ұшты және айқын емес екеніне, көздері жетті“. Бірақ, бұл – үлкен адасушылық.

Мәсіх жолын қуушылық дегеннің не екенін, тек Жаңа Өсиеттен ғана білуге болады. Ал оның әр жолы нұр сәулелі сенімділікке толы! Осылай емес деп, дәлелдеп көріңіздерші! Сондықтан Мәсіх жолын қуушылардың көмекі оймен күн кешуі – күлкілі жай. Бірақ, мұнда іс – Мәсіх жолын қуушылықта емес. Жоқ! Бұкіл Жаңа Өсиет нұр сәулелі сенімділікке толы. Мен мұны қысқаша түсіндірейін: Жаңа Өсиет Құдайдың тірі екенін, бар сенімділікпен анықтап айтады!

Жоғары саналы тіршілік иесі емес, елес емес, тағдыр емес, бірақ Құдай, Иса Мәсіхтің Әкесі – тірі! Оны біз қайдан білеміз? Ол Иса арқылы ашылды! Енді бұл бізге нақты белгілі. Киелі кітаптың кез келген бетін ашсаныз, онда діни мәселелердің шешімін емес, Құдайдың тірі екенін растайды! Ол Иса арқылы ашылды! Ал Құдайсыз өмір сүретін адам жалған, тұрақсыз, мағынасыз өмір кешеді.

Онда сондай-ақ халықты құрта алатын, оларды соттай алатын Құдай, мені шын ықыласымен сүйетіні туралы асқан сеніммен айтылған. Бұл жәй болжам ғана емес, ол туралы турасынан Римдіктерге арналған хаттың 8-ші тарауында үзілді-кесілді түрде былай делінген: „...мен сенімдімін, – назар аударыңыздаршы, – өлім де, өмір де... бізді Иса Мәсіх, менің Тәнірімнен, Құдай сүйіспеншілігінен айыра алмайтынына сенімдімін“. Құдайдың сүйіспеншілігі бізге Иса арқылы белгілі болды! Біз мұны жорамалдан емес, анық білеміз. Құдайдың сүйіспеншілігі қалай болады дейсіздер ғой? Ол бізді Иса арқылы жақсы көрді. Исаңың шәкірттері былай деп әндetedі: „Дүниедегі адамдарға Ұлы Мәсіхті жіберген, Қасиетті Әкениң сүйіспеншілігі мақталсын“. Сіздер бұл туралы білесіздер ме? Бұл туралы аз да болса түсініктерініз бар ма?

Киелі кітап Құдайға қатысты екеніне сенімі мол адамдар туралы әңгімелейді. Дәүіт 48-ші жырда былай дейді: „Құдай мені қабылдағанда, жанымды тозақтан құтқарады“. Онда: „Құдай менің жанымды құтқаратынына үміттенемін“, – делінбеген, оның орнына: „Құдай менің жанымды... құтқарады“, – деп нақтылы айтылған. Немесе тағы да: „Құдай бізді түнек иелігінен азат етіп, өзінің сүйікті Ұлының Патшалығына енгізді“, – дегенді оқимыз. Исаңың шәкірттері өздерінің жеке бастарының өзгергеніне көздері жетті. Олар Иса арқылы өзгергендерін білді! Тағы да былай делінген: „Біз өлімнен өмірге өткенімізді білеміз“. „Біз білеміз“. Сіздер де осылай айта аласыздар ма? Немесе: „Оның Рухы біздің Құдай балалары екенімізді куәландырады“. Осылай – „екенімізді“ деп жазылған.

Киелі кітаптағының бәрі – өте айқын, түсінікті. Олай болса: „Екі де екі – төрт екенін мен анық білемін, алайда бәрі сенімге негізделгендіктен, Мәсіх жолын қуушылардың өмірінде анық ештецені аңфара алмайсың“, – деген ақылға симайтын сөз тіркесі адамдардың аузына қалай түскен деп, ойлайсың. Екі де екі – төрт екенін мен анық білемін, ал бірақ Құдайдың тірі екеніне менің сенімім одан да мол. Құдайға қараған адамдар былай дейді: „Екі де екі – төрт, оны біз жақсы білеміз, бірақ біз Құдайдың баласы болғанымызға анағұрлым сенімдірекпіз!“

Ал енді мен сіздерден мынаны сұрайын: „Нұр сәулелі сенімділікті қазіргі Мәсіх жолын қуушылықтың қай жерінен кездестіруге болады? Қайда?“ Бұл біздің Киелі кітаптан аздал оқшауланғанымыздың белгісі, сондықтан бізге тағы да оған жақындау қажет. Мен сіздерді Мәсіх жолын қуушылықтың бір бөлігімен ғана қанағаттанып қалмауға шақырамын. Мұнда ешбір мән жоқ. Мән-мағана тек таза Ізгі хабарлық Мәсіх жолын қуушылықта бар. Тек осында Мәсіх жолын қуушылық қана – шын бағалы. Құдайдың тірі екеніне, Оның мені өте жақсы көретініне, менің Оған қатысты екеніме сенімділік – міне, Оның құндылығы қайда жатыр! Ал өзгелерінің құны түкке тұрмайды.

Рухани жырлар жинағының беттерінен де нұр сәулелі

сенімділікке толы жолдарды оқымыз. Мәселен: „Тәнірім менің – үмітім мен қалқаным, тірегім мен жартасым; Ол бізге жан тыныштығы мен ақталуды сыйлайды, Ол – күнә мен жамандықтан Құтқарушы. „Немесе: „Құтқарушым тірі менің, білем Оны имандай, мәңгілік өмір береді маған, журме бірақ иланбай“. Немесе тағы да: „Кімге менің сенетінім белгілі, (Мәсіхпен мәңгі-бақи біргемін), Ол маған екінші рет келгенде, құтқарылуды сыйфа береді“.

Бұл туралы сіздерге басқа тұрғыдан да баяндауға рұқсат етіңдер. Мәсіх жолын қуушылықтағы сенімділік дегеніміз мынау: Құдайдың тірі екенін шынайы білу, тіпті мұны бүкіл әлем теріске шығарғанның өзінде, Оның Иса арқылы ашылғаны – ақиқат. Иса құнәкарларды құтқарып, оларды Тәнірмен татуластыру үшін, тіпті мұны ешкім қажет етпесе де, айқыш ағашта өліп, өліден қайта тірілді. Алайда Мәсіх жолын қуушылықтағы сенімділік дегеніміз – Құдайдың тірі екенін, Оның Иса арқылы келгенін субъективті біліп, Иса Мәсіхтің өліп, өліден қайта тірілгеніне жеке сенуді айтамыз. Мен өзіме мұны мызғымас сенім етіп алдым.

Егер он мың профессор бір жас жігітті: „Иса қайта тірілген жоқ“, – деп иландырмақ болса, онда оның былай деп айтуына болады: „Құрметті он мың профессорлар! Мен өзімнің Өтеушімнің тірі екенін білемін!“ Егер бүкіл әлем болып, оны теріске шығарғысы келсе, онда сенімім: „Кімге сенетінімді мен білемін!“ – деп пайымдай алады. Ал егер сіздер маған оның жалған екенін білдірмек болып, көптеген ғылыми дәлелдерді көрсетсөңдер де, мен былайша жауап беремін: „Мен бұл туралы жақсырақ білемін!“ Егер бүкіл әлем шұбә келтіретін болса да, мен мынаны айтамын: „Мен бұған сенімдімін! Достарым менің, міне, Киелі кітап ұсынған, Мәсіх жолын қуушылардың сенімі осындай нақтылы“.

3. Ал сізде сенімділік бар ма?

Мен енді сіздерге мынандай сауал қояйын: „Сіздерде осындағы сенімділік бар ма? Әлде сіздерде ол жетіспей ме?“ Егер сіздер: „Мен өзімді Мәсіх жолын қуушымын деп есептеймін, бірақ әлі толығымен бола алғаным жоқ. Өйткені, мен үшін әлі соншама көмеккі жақтары бар!“ – деп айтсаңыздар, онда менің сөзім тегіннен-тегін болмағаны. Мен бірде Голландияда бос уақытымды жастармен бірге өткізгенімді есіме аламын. Тұнгі сафат екіде есігімді біреулер қақты. Ашсам, пижама киген тұтас бір топ адам тұр екен. „Сіздерге не керек?“ – деп сұрадым мен. Олардың біреуі: „Біз өзімізді Мәсіх жолын қуушылармыз деп жүрсек, бірақ бұған әлі жетпегенімізді енді ғана байқадық!“ – деп жауап қатты.

Мұның оларды мазасыздандырғаны соншалық, олар тұнгі сафат екіде соның анық-қанығына жетуді қажетсін-ген екен. Біздер, Мәсіх жолын қуушылар, жағдайымыздың Киелі кітапта көрсетілген нұр сәулелі сенімділіктен ауылы әлі алыс екенін білгеніміз – оте бағалы.

Ағылшынның тамаша уағыздаушысы Спердженнің бұл туралы бірде: „Сенім – бұл сезімділіктің алтыншы мүшесі“, – дегені бар. Сіздер білетін боларсыздар, әлемді тану үшін, бізде бес сезім мүшесі бар, олар: көру, есту, сезу, дәм және иіскеу мүшелері. Сезімнің осы бес мүшесі арқылы біз үш өлшемді дүниені тани аламыз. Тек сезім мүшелерімен өмір сүретін адам: „Құдай қайда? Мен Оны көре алмай тұрмын фой. Исаны да көрген жоқпын... Мен мұның бәріне сенбеймін!“ – дейді. Бірақ, егер Құдай бізге Киелі Рух арқылы саңылау түсірсе, онда біз сенімнің алтыншы мүшесіне ие боламыз. Онда біз көріп, естіп, түйсініп, дәм мен іісті сезініп қана қоймаймыз, басқа әлемді де тани аламыз. Киелі кітапта былай делінген: „Мәңгілік өмір дегеніміздің өзі – адамдардың Сені, бір ғана шынайы Құдайды және Сен жіберген Иса Мәсіхті тану“. Бұл алтыншы сезімнің көмегімен ғана жүзеге асырылады.

Жақында мен Эссенде бір аса ірі өнеркәсіп иесінің қабылдауында болдым. Оның резиденциясы биік ғима-

ратта екен, сол арадан жарты қала иек астындағыдай көрінеді. Бірнеше қабылдау бөлмелерінен өткеннен кейін, ақырында мен оның алдына келіп отырдым. Ол ісін тез бітірді де, менімен әңгімелесіп кетті: „Қабылдауым діни жетекшінің келуі – мен үшін қызық, – деді ол, – соғыстан кейін мен де кейде діни сабактарға қатысатынмын, бірақ та менде өзімдік пікір қалыптасты...“ „Айта беріңіз, айта беріңіз, – дедім мен оған көмектесіп, – менің жүйкем мықты!“ – „Менің қалыптасқан пікірім бойынша, – деп жалғастырды ол, – Мәсіх жолын қуушылық – өте көмескі іс! Бізге „Мәсіх жолын қуушы және экономика“, „Мәсіх жолын қуушы және қару-жарап“, „Мәсіх жолын қуушы және қарусызданду“, „Мәсіх жолын қуушы және ақша“, „Мәсіх жолын қуушы және оның қауымы“ деген тақырыптарда дәрістер оқыды. Бірақ Мәсіх жолын қуушылық дегенниң не екені туралы маған әлі ешкім айтып бере алған жоқ. Сірә, мұнан адамдардың өздері де бейхабар болуы керек!“ Міне, мен тамаша кенседе бетіме басқан осы сөздерді естіп отырмын. „Oho, – деп қарсылық білдірдім мен, – сіз қателесесіз!“ Ол таңғалған пішінмен: „Мәсіх жолын қуушылық дегенниң не екенін маған айта аласыз ба?“ – деп сұрақ қойды. „Иә, – дедім, – бұл туралы мен сізге қысқа да анық етіп айтып берейін. Мұнда түсініксіз ештеңе де жоқ“. „Ха-ха, – деп күліп қойды ол, – біреулер полициямен жанжалдаспаған адамі – Мәсіх жолын қуушы дейді, ал екіншілері – шомылдырылу рәсімін қабылдап, өзін қауым жерлесе, Мәсіх жолын қуушылық дегенниң – сол деседі!“ Алайда мен сөзімді сабактап, былай дедім: „Бас директор мырза, мен сізге Мәсіх жолын қуушы дегенниң кім екенін айтайын, сіз тек мықтанып отырыңыз! Мәсіх жолын қуушы дегеніміз – өзінің жүрек түкпірінен: „Мен Иса Мәсіхтің – мәңгіліктегі Әкеден жаратылған шын Құдай екеніне және Мәриям қыздан туылған, нағыз адам болғанына, өлімге кесілген күнәкар адам – менің күнәларамды өтеген Тәңірім екеніне сенемін, – деп айта алатаын адам. Бас директор мырза, „өлімге кесілген күнәкар адам“, – сізді де“. Ол мақұлдағандай басын изеді. Ол бәрін түсінді. „Жақсы, – дедім мен, – Ол өлімге кесілген

күнәкар мені тауып, құтқарды, Ол мені бүкіл күнәдан, өлімнен және шайтанның өктемдігінен азат етті. Бас директор мырза, – тауып, шайтанның өктемдігінен мені азат етті!“ Ол тағы да басын изеді. Бұл туралы ол бірдеңе біледі екен. Ал мен болсам, одан әрі жалғастырдым: „Мен Оған тән болуым үшін, алтынмен және күміспен емес, бірақ Өзінің қасиетті, қымбатты қанымен және Өзінің айыпсыз азабымен, мен Оның баласы болуым үшін, мені Өзінің өлімімен құтқарды“. Сіз тыңдал отырысyz ба? Кімде-кім: „Мен – Исафа тәнмін, Ол Өзінің қанымен мен мені күнәдан, өлім мен тозақтан құтқарды, мен бұған сенімдімін!“ – десе, сол Мәсіх жолын қуушы болып табылады, бас директор мырза“. Бөлмеде бір сәт тыныштық орнады. Содан кейін ол мынаны сұрады: „Мен оған қалай жетемін? Мен оған қалай жетемін?“ Мен оған былайша жауап бердім: „Мынаны тыңдаңыз, жаңа ғана хатшы қыздан мен сіздің демалысқа баратыныңызды естідім. Бұгін, түстен кейін-ақ, мен сізге Жаңа Өсиетті беріп жіберейін. Оны өзінізben бірге ала кетіп, Жоханның Ізгі хабарынан күnde оқыңыз және осы туралы дұға жасаңыз, сонда ғана сіз оған жетесіз“.

Мені дұрыс түсініңіз, Жаңа Өсиетте бейнеленген Мәсіх жолын қуушылық – объективті шындық, расында да ақиқат болып табылады, ал мен оған субъективті сеніммен жетіп, құтқарыламын! Осындай сенім сізде бар ма? Оның мені қабылдағанын білмей тұрып, мен тыныш өмір сүре алмас едім. Мен бірде жас жігітten мынаны сұрадым: „Сен Исаны жақсы көресің бе?“ – „Иә“. – „Оның сені қабылдағанын білесің бе? Сен Оның игілігіндесің бе?“ – „Иә, бірақ бұған толық сене алмай тұрмын. Әлі де талай күмәнім бар“. – „Мынаны тыңда, мен бұлай өмір сүре алмас едім, – дедім мен, – Ол мені қабылдады ма, соны білуім керек қой!“ Ой, шіркін, шұбә келтіргіш Мәсіх жолын қуушыларым – Құдай бар ма, жоқ па, оны білмейтіндер, өздерінің қаржы жағдайларынды жақсы біліп, ал Құдай туралы ештеңе білмейтіндер-ай! Сіздер мұлде Мәсіх жолын қуушылар емессіздер фой! Жаңа Өсиетке сәйкес: „Мәсіх менің Тәнірім болғанына, сенемін“, – дегендер ғана, Мәсіх жолын қуушылар болып саналады.

Осы айтылғандарға, сіздер мүмкін біletін, бір кішкене оқиғаны қосайын. Генерал фон Фибан маневр кезінде ағаш арасымен ат үстінде келе жатып, бір бұтаққа ілініп қалып, мундирін жыртқанын айтып еді. Генерал үшін бұл жараспайтын көрініс болғандықтан, ол ауылда кіре бере, сол жерде жайғасқан бір топ жауынгерлерді кездестіріп, атын дереу тоқтатып: „Араларыңда тігінші бар ма?“ – деп сұрады. Біреуі жүгіре баса жақын келіп, „тік“ тұрды да: „Дәл солай! Генерал мырза, мен – Тігіншімін“, – деп жауап берді. Генерал фон Фибан: „Онда қонақ үйдегі менің пәтеріме келіп, мундирімді жамап бер“, – деп бүйірды. Алайда жауынгер: „Мен мұны орындай алмаймын“, – деді. „Неге сіз оны орындай алмайсыз, сіз – тігіншісіз ғой?!“ – деді ол. „Кешіріңіз, генерал мырза, менің фамилиям – Тігінші (Schneider), бірақ, мен – тігінші емеспін“, – деді ол. Осы туралы айтқанда, генерал фон Фибан өз сөзіне мына пікірді тамаша қосып еді: „Дәл осындай жайды көптеген Мәсіх жолын қуушылар туралы да айтуға болады. Анкетадағы „діні“ деген жолдан: „Ізгі хабарды уағыздайтын Мәсіх жолын қуушы“, – дегенді оқуға болады. Ал шын мәнінде: „Мәсіх жолын қуушымын“, – деп аталғаныммен, бірақ әлі бола қойған жок-пын“, – дегенді көру – жөн еді.

Ой шіркін, қандай аянышты және қауіпті жағдай десеңізші! Өйткені, бұл – адам әлі құтқарылмаған дегенді білдіреді!

4. Сенімділікке қалай жетуге болады?

Сіздер менен: „Сенімділікке қалай жетуге болады?“ – деп сұрайсыздар. Бұл туралы көп айтуға болады, оны Құдайдан сұраныздар! Киелі кітапты тұрақты түрде оқуды бастаңыздар, тым болмаса, күн сайын он минут оқыңыздар! Мен сіздерге тағы бір өте маңызды мәселені айтайын: сенім жолы ақыл-ой арқылы емес, ар-намыс арқылы өтеді.

Адамдармен Мәсіх жолын қуушылық туралы әнгіме қозғағанда, олардың аузынан бірден: „Бірақ мен бұған

сene алмаймын, діни жетекші мырза. Киелі кітапта қайшылықтар өте көп“, – деген сөздер естіледі. – „Қайшылықтар?“ – деп таңданамын мен. – „Иә, мәселен, онда Адам-ата мен Хаяу-ананың екі ұлы – Қабыл мен Әбіл болғаны айтылады. Қабыл Әбілді өлтіріп, басқа елге барып, әйел алады. Ал егер жер бетіндегі алғашқы адамдар солар ғана болса, ол әйелді қалай тапқан? Діни жетекші мырза, мен осыны түсінбеймін!“ Сіздер бұл оқиғаны бұған дейін естідіңіздер ме? Осы оқиғаның көмегімен, немістер Құдайдан құтылуға әрекет жасауда. Әдетте мұндай жағдайда мен былай деймін: „Сіз қызық хабар айттыңыз. Міне – Киелі кітап, кәне, Қабыл бөтен елге барып, сонда үйленді деген жазуды көрсетінізші?“ Олар қызарақтап қалады, ал мен болсам әңгімемді одан әрі жалғастырамын: „Мындаған парасатты адамдар сенген Киелі кітапты теріске шығарып, өзінізді анағұрлым білгірмін деп есептесеңіз, Киелі кітапты бүге-шігесіне дейін қалдырмай оқыған болуыңыз керек. Бұл туралы қай жерінде жазылған?“ Бұған олар жауап бере алмайды. Содан соң мен кітаптың осы туралы жазылған бетін ашып, оқып беремін: „Қабыл бөтен елге барды, және Қабыл өз әйелін таныды“, – делінген онда. Ол бөтен елге әйелімен барды. Оның әйелі кім болды? Одан жоғарырақта Адам-ата мен Хаяу-ананың ұлдары мен қыздары көп болған, делінген. Демек, ол – Қабылдың қарындастарының бірі еді. Киелі кітапта, Құдай адамдардың бүкіл ұрпағы бір рудан шығуын қалағаны туралы, анық айттылған. Сондықтан, алғашында қан араласу некелері (жақынына үйлену) болып, кейін Құдай мұндай некеге тыйым салды. Бәрі түсінікті ме? Бәрі де! Мен осындағы ақымақтық әңгімелердің барлығы түкке тұрмайтынын дәлелдеп бердім. Бірақ сіздер, сол адам бұған иланды деп, ойлайсыздар ма? Жоқ! Бұл туралы тіпті сөз болған жоқ! Ол осы арада сұрақ әзірлеп үлгерді: „Діни жетекші мырза, мынаны айттыңызшы...“ – одан әрі манағы сандырағын жалғастырды. Мен мұндай адамның жүздеген мың сауалына жауап берер едім, бірақ ол бәрібір баяғы қалпында қалатыны белгілі. Сенімге ақыл-ой арқылы емес, ар-намыс арқылы келу керек дегенім – сол еді!

Эссенде менің ізашарым – діни жетекші және уағызыдауышы Юлиус Дамманн еді. Бір күні оған бір жас жігіт келіп, Қабылдың әйелі туралы және сол сияқты сұрақтарды қояды. Алайда Дамманн оны құр ауыз қалдырып, былай дейді: „Жас жігіт, Иса Мәсіх шытырман сұрауларға жауап беру үшін емес, күнәкарларды құтқару үшін келді! Сөйтіп, сіз күнәкар байғұс болғаныңызда, тағы да келерсіз“. Өзегін ұят өртеген, әмірлері дұрыс емес екенін, бірақ оны өздері жөнге сала алмайтынын біletін адамдар, Исаға сенуді үйрене алады. Ал Оны түсіну, әрине, кешірек жүзеге асады.

Бірде менің басымда болған бір оқиғаны, қазір айтуға тиістімін. Мен алты еркек жатқан аурухана палатасына бардым. Олар қуаныса дабырласып: „Ah, діни жетекші мырза, келгеніңіз қандай жақсы болды! Біздің сізге қояр сауалымыз бар!“ – деді. „Саял дейсіздер ме? Өте жақсы! Қандай?“ Олар мені қармақтарына түсіруге әрекет жасағандарын, байқап қалдым. Біреуі былай деп сұрады: „Сіз Құдайдың құдіретті екеніне сенесіз фой!“ – „Иә, мен бұған сенемін!“ – „Онда мынандай сұрақ туындаиды: сіздің Құдайыңыз өзі көтере алмайтындей ауыр тасты жаратада ма?“ Сіздерге сұрақтың мәні түсінікті ме? Егер мен „иә“ десем, Құдайдың құдіреті күшті емес болып шығады, ал „жоқ“ дейін десем де, Ол құдіретті емес болып көрінеді. Ойланып отырып, істің мәнін түсіндірсем бе екен деп оқталдым, бірақ оның оны түсінуге парықсыз екенін сезіп, оған қарсы сұрақ қойдым: „Жігітім, сізден мынаны сұрауға рұқсат етіңіз: „Осы саял төңірегінде сізді үйқысыздық мазалады ма?“ – дедім. „Үйқысыздық? – деп сұрады ол түсініңкіремей. – Жоқ!“ Мен сонда оған былай деп айттым: „Көрдіңіз бе, мен өз күшімді сақтап, адамдарды үйқысынан қалдыратын сұрақтарға ғана жауап беремін. Жас жігіт, Құдай үшін айтыңызшы, қандай себептен сіздің үйқыңыз қашады?“ Ол бұл саяулға іркілмей, бірден жауап берді: „Ah, менің қалындығым үшін. Оның аяғы ауыр, ал біз әлі қосыла алатын емеспіз“. – „Солай де, – дедім мен, – сіздің үйқыңыздың жоқтығы содан екен фой. Онда осының төңірегінде әңгімелесейік!“ – „Немене, бұл мәселенің Мәсіх жолын қуушылықпен қатысы бар ма?“ –

деп сұрады ол. – „Oho, – дедім мен, – ана тастың Мәсіх жолын қуушылықпен еш байланысы жоқ, ал сіздің қалындығыңызбен – тура қатысы бар! Көрдіңіз фой, сіз айыпты болғансыз! Сіз Құдайдың тәртібінен шегінгенсіз, сіз қызды алдағансыз! Ал қазір сіз осы жағдайдан қалай құтылуудың амалын іздең, шарқ ұрудасыз. Сіз белшенізден кінә мен күнәға баттыңыз. Бұл тығырықтан шығудың бір-ақ жолы бар, егер сіз тірі Құдайға жалбарынып: „Мен күнәға баттым!“ – десеңіз, сонда Құтқарушы сіздің жаныңызға келіп, көмектеседі“. Жас жігіт мұқият тыңдады, оның ауырлаған арына Исаңың көңіл қоятынын түсінді! Иса оған көмектесе алады! Ол оның қиуы кеткен өмірінің Құтқарушысы болып табылады!“

Сіздер менің сөзімді дұрыс түсіндіздер ме? Оның ақылмен ұғынғысы келгені – ақымақтық әңгімеге айналды, ал арына тигенде, оған бір жарық сөүле жылт еткендей болды. Бұл сіздерге түсінікті болар? Біз құтқарылу туралы, сенімділікке шытырман сұрауларға жауап алу арқылы емес, ар мен ардақтау үніне құлақ асып: „Мен күнәға баттым!“ – деу арқылы, нәтижеге жетеміз. Сонда біз айқыш ағашқа шегеленген Исаңы көре ала-мыз. Сонда ғана біз: „Сенің бүкіл күнәң кешірілді!“ – деген сөзді ести аламыз. Содан кейін барып: „Ол мені қабылдады!“ – деген сенімділікке жетеміз. Бұл жол ақыл-парасат арқылы емес, ар – намыс арқылы ашылады.

Сонымен, егер құтқарылу туралы сенімділікті қаласаң, ашығын айтқанда, тәуекелге бел байлауға тура келеді. Гибадатхананың терезелері көбіне түрлі-түсті әйнек-терден салынады. Егер оны сіздер күндіз сырттан қара-саңыздар, олар қара болып көрінеді де, олардың түсі білінбейді. Ал гибадатхананың ішіне енсеніздер, оның түрлі бояулары жайнап сала береді. Мәсіх жолын қуушылықтың жағдайы да осындай.

Оны сырттан қарағанда, мен ештеңені аңғара алмаймын. Бәрі де қараңғы сияқты болып көрінеді. Ал тәуекел етіп, ішке кіріп, Иса мен танысайыншы! Мен Исаға сенім артуға тиістімін! Сонда, бәрі де анықталады! Өлімнен өмірге бір адым аттасақ болды, бүкіл Мәсіх жолын қуушылық түсінікті болып шыға келеді.

Бірде Иса Иемнің уағызын мыңдаған адам естіп тұрды. Бір мезетте Ол: „Мына қалыптарыңмен Аспан Патшалығына кіре алмайсыңдар! Сендер жоғарыдан қайта туылуларың керек! Сендердің табиғи болмыстарың, тіпті ең жақсы дегендеріңің өзі, Құдай Патшалығы үшін жарамайды!“ – деген, үрейге толы сөздерді айтты. Бұдан соң кейбір ерлер орындарынан тұрып: „Мынау деген ұятсыздық қой, жүріңдер кетейік“, – десті. Сөйтіп, үш ерек кетіп қалды. Мұны алты әйел көріп: „Еркектер кетті, біз де қарамызды жоғалтайық“, – деп, бел буды. Олар да кетті. Бұларды көрген бір топ жігіттер: „Еркектер де кетті, әйелдер де кетті, біздің де ендігі тұрысымыз дұрыс бола қояр ма екен“, – десті. Біртіндеп жиналғандардың қатары селдірей берді. Бұл – бір сұмдық болған шығар. Мен мұны өзім уағыз айтып тұрғанда, адамдар бір-бірлеп кете бергендерін көргендей, сезіндім. Мен сонда бірнеше сенімді достарыммен ғана қала берер едім. Исамен де осындај жағдай болды. Сұмдық! Бір мезетте Ол жалғыз қалды. Мыңдаған адам Ол уағыз айтып тұрғанда, кетіп қалды. Олардың Оны тыңдағысы келмеді. Тек он екі шәкірті ғана Онымен қалды. Егер мен Иса Тәнірімнің орнында болсам, оларға жалынып жалпайып: „Тым болмаса, сендер, менің сенімді достарым, Мені жалғыз қалдырмандар!“ – деп жалынар едім. Ал Иса болса басқаша істеді. Ол не айтты дейсіздер ғой? Ол былай деді: „Егер қажет десендер, сендердің де кетулеріңе болады!“ Аспан Патшалығында күштеу жоқ. Аспан Патшалығы полициясы жоқ бірден-бір Патшалық. Аспан Патшалығы – патшалықтардың ішіндегі ең бір еркіндігі молы. „Сендердің де кетулеріңе болады!“ – деді Иса Өз шәкірттеріне. Шәкірттерінің де кеткілері келген еді. Егер алты мың адам тарағанда, бұлардың да ойына сондай ой келмесіне, кім кепіл? Мүмкін, шәкірттері де кетіп қалар. Тәнірім Иса: „Тілеулериң білсін, кет-сендер кетіндер!“ – деп айтты ғой. Ол олардың алдынан есікті кең ашып: „Сендер де кете аласыңдар! Сендер де өлімге бара аласыңдар! Өздерің біліндер!“ – деп, оларды өз еркіне қойды. Бірақ сонда Петір былайша ақылға салды: „Мен қайда бармақтын? Қайда? Енбек етіп, тер төгу,

күнә батпағына бату, ең аяғында тозақ есігінің алдынан бірақ шығу ма? Мұның мәнісі бола қоймас!“ Бір сәт оның көзі Исаға түсіп еді, ол сөйтіп: „Тек Исамен болу керек“, – дегенді ұғынды. „Біз қайда бармақпыш, Иса Тәнірім? Сен мәңгілік өмірдің кілтін білесің, біз сенің – тірі Құдайдың Ұлы – Мәсіх екенінді таныдық және шын сендей (естідіңіздер фой сенімділікті). Біз тек Сенімен қаламыз!“ – деді ол.

Достарым менің, сенімділік деген осылай келеді. Өмірдің сан соқпағын көргеннен кейін, біз: „Иса – біздің құтқарылуымыздың бірден-бір мүмкіншілігі“, – деген шешімге келеміз. Сіздердің де осындай: „Мәсіх – тірі Құдайдың Ұлы екенін біз таныдық және сенеміз!“ – деген нұр сәулелі сенімділікке ие болулатындызы, мен солай қалар едім.

Пікірімнің қорытындысында сенім жолына алғашқы қадам жасағандар үшін, Исаға жүрегін ұсынғандардың, бірақ әлі де болса: „Мен құтқарылғаным туралы әлі де сенімді емеспін. Оған қалай жетуім керек? Мен өз өмірімде көптеген күнә барын, көріп отырмын!“ – дегендердің бәріне, арнайы бірнеше сөз айтсам деймін. Құтқарылу туралы хабарды шындалап алған бұл жандарға мен: „Неліктен сіздер құтқарылу үшін, тек күнәсыз болу керек деп, ойлайсыздар? Онда сіздердің орындарыңыз аспанда болуы керек! Иса Мәсіхтің қаны соңғы күнге, ақырғы дем шыққанға дейін, күнәны кешіру үшін қажет!“ – деп айтқым келеді.

Адасқан ұлдың хикаясы сіздерге белгілі болар. Ол үйіне оралып: „Мен күнәға баттым!“ – деді. Әкесі оны қабылдап, той жасады. Енді мен мынандай жайды көз алдымға келтіремін: келесі күні таңертең ұлы шыны-аяқты байқаусызда еденге түсіріп алады. Ол шошқалармен бірге болғалы, ыдыс-аяқ дегенді ұмытқан, сондықтан үстел үстіндегі шыны-аяқты қағып құлатты. Үйдис шылдыр етіп сынғанда, ол өз-өзіне кейіп, ұрыс сөз айттып қалды. Сіздер қалай ойлайсыздар, әкесі: „Жоғал! Өзіңнің шошқаларыңа кет!“ – деп айттар ма еді? Неліктен сіздер осылай деп есептейсіздер? Жоқ! Керісінше, әкесі: „Болар іс болды“, – дер еді. Содан соң баласына түсінді-

ріп: „Ұлым менің, үстел үстіндегіге сақ бол, үйдегі жағдайға ептеп төсөлгенің дұрыс! Ақырында балағат сөздерді де ұмыт!“ – дер еді. Бірақ ол ешқашан ұлын шошқаларға қайтіп жібермейді. Мұқият тындаңыздар: адам өзін Исаға арнағанымен, бұрынғы қылыштарынан тез арыла қоймайтынын байқайды. Әлі де женілістер болады. Алайда, сіздер Тәңірге бет түзегеннен кейін, жүгінгеннен кейін де, женіліске тап болсаңыздар, қапаланбай, бірден тізе бүгіп, алдымен: „Тәңірім, менің Өзіңе әлі де болса қатысты екенім үшін, Саған алғысымды жаудырамын!“ Екіншіден: „Кешір мені және мені Өзіңің қаныңмен тазарт!“ Үшіншіден: „Мені менің ескі табиғатымнан азат ет!“ – деңдер. Бірақ ең алдымен: „Тәңірім, Өзіңе әлі де болса қатысты екенім үшін, Саған алғысымды айтамын!“ – деп, дұға ет.

Сіздер мені түсіндіңіздер ме? Құтқарылу сенімділігі мынаған байланысты: мен өз үйіме келгеннен соң, онда келіп-кететін уақытша тұрушы еместігіме көзім жетіп, осы үйдің тұрақты тұрушысы ретінде, оны қасиеттеуге күш саламын. Құтқарушылықты күн сайын сұрап, дұға оку керек деген үағыз – сүмдүқ қой. Менің балаларымның күнде таңертең маған келіп: „Әке, бүгін де біз Сенің балаларыңбыз ба?“ – деп сұрауы қажетсіз емес қой? Олар онсыз да менің балаларым! Ал кімде-кім Құдай баласы болған болса, ол енді қасиеттілікке қол созған, Құдай баласы болып табылады!

Сонымен мен сіздердің нұр сәулелі сенімділікпен Құдай баласы болуарыңызға шын жүректен тілектеспін!

МӘСІХ ЖОЛЫН ҚУУШЫЛЫҚ ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ІСІ БОЛЫП ТАБЫЛА МА?

„Дін жеке адамның ісі!“ – деген сөзді жи естуге болады. Бұл – дұрыс па? Одан да: „Мәсіх жолын қуушылық жеке адамның ісі болып табыла ма?“ – деп сұрайық.

Бұған жауап бермес бұрын, мен қарсы сауал қойсам деймін. Бес маркалық ақшаны білесіздер. Оның бетінде не бейнеленген? Бестік пе, әлде қыран ба? Екеуі де! Өйткені бес маркалық ақшаның екі жағы бар. Осы секілді: „Мәсіх жолын қуушылық жеке адамның ісі болып табыла ма?“ – деген сұрақтың жауабы да – екі үшты. Солай және олай емес.

Шынайы Мәсіх жолын қуушылықтың екі жағы болады: таза жеке бастың және қофамдық жағы. Егер олардың бірі жетіспесе, онда, дұрыс болмағаны!

Мен шынайы Мәсіх жолын қуушылықтың екі жағын да көрсетsem деймін. Ал оның жаратушысы – Киелі Рух болып табылады.

1. Мәсіх жолын қуушылықтың таза жеке адамдық жағы

Сіздерге мұны түсіндіру үшін, мен ең алдымен бір оқиғаны айтайын. Мені бірде „әңгімелі“ деп атады. Мен оларға жауап ретінде мынаны айттым: „Мұның айыбы жоқ. Адамдар сиыну үйінде үйықтап қала ма деп, менің әр дәйім зәрем кетіп отырады. Сол кезде оларды әңгімеге тартсам, олар қалғып-шұлғымайды!“ Бұған қоса айтарым, бүкіл өмір теориядан емес, оқиғалардан тұрады фой.

Откен ғасырда тамаша уағыздаушы Генрих Фолькенинг өмір сүрді. Соның уағыздарының арқасында, бүкіл Билефельд төңірегі қайта туылды деп, айтуға болады. Міне, сол Фолькенингті бір күндері бір бай шаруаның үйіне шақырады. Оның мал-мұлкі көп еді және ол өзінің адад еңбегімен күн көрген адам еді. Бірақ уағызды мей-

лінше ұнатпайтын. Ол өзін күнәкармын деп санамайтын. Сондықтан оған айқыш ағаштағы Құтқарушының қажеті болмайтын. Ол: „Мен – әділмін, сондықтан ешкімнен қорықпаймын“, – дейді екен. Бір күні осы шаруа өлім қалінде жатқанда, тәубеге келгісі келіп, Фолькенингті шақырады. Фолькенинг барады. Фолькенинг ұзын бойлы, көзі өткір адам болатын. Ол сырқат адамның төсегіне жақындалп, үн-тұнсіз біраз бетіне қарап тұрды да, содан соң: „Генрих, мен сіз үшін өте қорқып отырмын. Егер бәрі бұрынғыдай болса, онда сіздің жолыңыз аспанға емес, түп-тура тозаққа апарады“, – дейді. Солай дейді де, бұрылышп, кетіп қалады. Ауқатты шаруа ашуға басып: „Осыны да діни жетекші дейді-ау! Мәсіх жолын куушының сүйіспеншілігі – осы ма?“ – дейді. Тұн болды. Қатты ауырып жатқан шаруа, тұнімен көз ілмеді. Оны ар мазалады: „Жолым аспанға емес, тозаққа апарады деді-ау! Егер бұл ақиқатқа айналса ше?“ Сөйтіп оның неше түрлі күнәлары оның есіне түседі. Ол Құдайды елемеді. Қолайы келіп қалғанда, адамдарды білдірмей алдап бақты. Келесі тұні оны нағыз үрей билеп алды. Өмірі күнәға толы екені, Құдайдың баласы болмағаны есіне түскенде, оның мұлдем дегбірі кетті. Енді ол күрт өзгергісі келді. Үш күннен кейін ол әйелін тағы Фолькенингке жұмсап: „Маған Фолькенингті шақыр!“ – деді. Тұннің бір уағы болатын. Соған қарамастан, Фолькенинг тез келді. Шаруа үлкен абыржушылықпен былай деді: „Діни жетекші, менің өзгеруім керек сияқты!“ – „Иә, – деді Фолькенинг, – сіз өте қиналғанда, тәубеге келіп отырсыз, ал амалсыздан тәубеге келу – өлі тәубешілік! Бәрі басқаша болуы тиісті!“ Соны айтты да, бұрылышп кетіп қалды. Міне, енді шаруаны шынымен ашу қысады. Сіздер де діни жетекшіге өте ашулана едіңіздер, солай емес пе? Діни жетекшінің ауқатты шаруамен сыйтайы сөйлесуі, өзіне де тиімді болар еді. Өйткені, бұл кісі көп кешікпей өлетіндей сыңай танытады. Бірақ Фолькенинг Құдай алдында өз сөзінде тұратын адам еді, сондықтан ол не айтқанын білді.

Үш күн өтті. Шаруа ауыр жағдайға тап болды. Жуырда көз жұматынын, ол енді сезіп жатты! Ал оның өмірін-

де сүйіспеншілік, қуаныш, бітімшілік, игілік, рақымшылдық, сенімділік, момындық, ұстамдылық дегендер қайда болды? Ол өмір бойы өзі үшін өлген Құтқарушыны жаратпаушы еді. Ол алдына Өзінің сүйіспеншілігімен келген Оны, жанына жолатпады. Ол өзін тозақ аузында тұрғандай сезініп, үміті кесілгендей болып жатыр. „Әйелім-ау, – дейді ол, – діни жетекшіге барып келші!“ – „Мен енді оған бармаймын! Ол бәрібір саған енді көмектеспейді!“ – дейді әйелі. – „Жоқ, барып келші! Мен тозаққа түсемін фой!“ – деп жалынады үй иесі. Әйелі амалсыздан кетеді. Фолькенинг келгенде, бәрін түсінген адамды көреді: „Алданбандар, Құдай ешқашан қорланбақ емес. Адам не ексе, соны орады!“ Фолькенинг орындықты төсекке жақынырақ жылжытып, жайғасады да: „Жолдың тозаққа апарары – айқын фой?“ – деп сұрады. „Иә, тозаққа!“ – дейді сырқат. Сонда Фолькенинг былай деді: „Генрих, Фолғотаға барайық. Ол арада Иса сен үшін өлді!“ Ол Исаңың күнәкарларды қалай құтқаратаңын туралы, биязы да жұмсақ тілмен әңгімеледі. Ал бұл үшін біз өзімізді өз алдымызда күнәкар деп мойындауымыз керек. „Мен – әділмін, ешкімнен қорықпаймын!“ – деген сөзден бас тартып, шындыққа жүгінген жөн. Сонда ғана Исаңың бізді құтқаруы мүмкін. Бір мезгілде шаруа: „Иса мен үшін айқынш ағашқа керіліп өлді! Ол менің күнәларымды кешірді. Құдай алдында қадірменді болатын әділдікті Сол ғана бере алады“, – деп, тәубеге келе бастады. Сөйтіп алғаш рет шаруа шын ниетімен дұға етеді: „Құдайым, мендей күнәкарыңа қайырымдылық жасай гөр! Тәңірім Иса, мені тозаққа түсуден сакта!“ Фолькенинг ақырын шығып кетеді. Ол Исаңы шақырған адамды жалғыз қалдырып, жай ғана шығып кетеді. Сөйтіп Фолькенингтің көңілі орнына түседі, өйткені Киелі кітапта: „Кімде-кім Исаңың атын атап, шақырса, сол құтқарылады!“ – деп үш мәрте жазылған фой. Фолькенинг келесі күні қайтып келгенде, ол Құдаймен татуласқан адамды көреді: „Генрих, қалің қалай?“ – дейді ол. Генрих былай жауап береді: „Ол мені рақымдылықпен қабылдады!“ Сөйтіп таңғаларлық іс болды!

Көрдіңіздер ме, өр көкірек, тәкаппар адам қалай қайта жаңарды! Ал енді мынаған назар салыңыздар. Бір күні тұнде Тәңірім Исаға бір ғалым келіп, былай деді: „Иса Ием, мен Сенімен діни тақырыпта айтысайын деп едім“. Иса оған қарсылық етеді: „Мұнда пікірталастың қажеті жоқ! Кімде-кім жоғарыдан туылмаса, Құдай Патшалығын көре алмайды!“ – „Қалайша?“ – деп сұрайды әлгі ғалым, – мен енді анамның құрсағына қайтадан еніп, қайта тумаймын ғой!“ Бірақ Иса өз сөзінде тұрады: „Кімде-кім судан және киелі Рухтан қайта туылмаса, ол Құдай Патшалығына ене алмайды!“ Мәсіх жолын қуушылықтың жеке жағы осыған саяды: адам өмірге тарқақпа арқылы өтуі керек, ол Құдайдың ғажайып құдіреті арқылы, жоғарыдан туылуы қажет.

Мен сіздерге маңызы аз діни ілім туралы емес, мәңгілік құтқарылу жолын айтып тұрмын. Менің айтқанымның дұрыс емесін дәлелдеп көріңіздерші! Мүмкін, сіздердің актық демдерініз біткелі жатқанда, қастарыңызда ешқандай да Фолькенингтің болмауы мүмкін. Тыңдал тұрсыздар ма?! Қайта жаңару үшін, міндетті түрде Құдайдың ақиқаттығына сену, өзінді өлдім, ал жүрегінді бүлінді деп, сезінуің қажет. Жаңару – бұл әлемді бірден-бір Құтқарушы Иса жөнінде қамығу, сағыну болып табылады. Жаңару – бұл Иса алдында: „Мен аспан алдында және Сенің алдында күнәға баттым“ – деп, шынайы тәубеге келу. Жаңару – бұл сенім: „Оның қаны мені барлық күнәдан тазартады“, – деп сену. Ол менің күнәмды өтеп, Құдай алдында қадірлі әділдікті сыйлады“. Жаңару – бұл Киелі Рухты сіздің қабылдағаныңыз туралы күәлік беретіндей, – Тәңірге бүтіндей берілу. Киелі кітап мұны „есте сақтап қалдыру“ деп атайды. Жаңарусыз, сіз Құдай Патшалығына ене алмайсыз! Бірақ Құдай баласы болғандар, мұны анық біледі. Достарым, егер мен суға батып бара жатқанда, біреу мені судан шығарса, сөйтіп, судан шыққаннан кейін, мен жағада жатқанда, енді құтқарылдым деп, тыныш дем ала-мын.

Сіздер түсіндіңіздер ме? Бұл – Мәсіх жолын қуушылықтың жеке жағы. Өлімнен өмірге өтудің бұл кезеңін

әркім жеке дара басынан өткізуі тиісті. Өзімнің жаңа-
руымды еске түсіргенде, мен өмірімдегі бұл өзгерісті
ғажайып деп түсінемін. Мен Құдайдан алыста, күнәкар-
лық күн кештім. Міне, енді Иса менің өміріме енген соң,
мен Оған қатыстымын және өз өмірімді адамдарды
өлімнен сақтандыру үшін, оларды Исафа шакыру үшін,
арнаймын. Мен сіздерді жаңаруфа жетпей, көңілдеріңіз-
дің жайлланбауына және Исафа қатысты болудың терең
мәні бар екеніне, сіз – Оның, ал Ол – сіздің игілігіңізге
айналғанына көз жеткізулеріңізге, шақырамын.

Алайда жаңару – жеке Мәсіх жолын қуушылықтың
соңғы кезеңі емес, бастамасы фана. Бұдан кейін де Мәсіх
жолын қуушылықтың жеке жағы жалғаса береді.

Мен қайта жаңарғанымда: „Енді мен міндетті түрде
күн сайын өз Досымның дауысын естуге тиіспін!“ –
дегенді сезіндім. Сөйтіп, мен Киелі кітапты оқи баста-
дым. Ал бұл күндері Киелі кітапты тек діни жетекшілер
фана оқиды. Менің үйімнің жанында гүл алаңы бар. Мен
ылғи таңертеп сонда әрлі-берлі жүріп, Киелі кітапты
оқимын. Жақын маңда тұратын адамдардың бәрі мені
сол жерден көре алады. Жақында соның бірі маған
мынаны айтты: „Сіздің иманшартты оқығаныңызды
дәйім байқап жүрмін“. Иманшартты католик дінінің дін
басылары оқиды. Ол тіпті, қолымдағы мен оқып жүрген
кітапты кез-келген адам оқи алатынан да бейхабар.
Әйткені, Киелі кітапты әрбір адам оқи алады фой!

Өзіміздің эссендік жастармен бос уақытты көңілді
өткізуге, бір жаққа шыға қалғанда, біз күн сайын таңер-
теңгі тамақ алдында 15 минут бас қосып: „Жаратушым
менің, үйқыдан оянып, Сенің алдында тұрмын...“ деген
рухани жырды шырқап, бата ретінде – Киелі кітапты
оқытынбыз. Содан кейін мен Киелі кітаптан бір шумақ-
ты окуға ұсыныс ететінмін, сөйтіп, әрқайсысы жайлыш
жерге жайғасып, оны жеке оқытын. Исафа сеніп, өмірле-
рін Исамен бастаған адамдар, үйде де солай етеді, өйтке-
ні, олар өзінің игі Бақташысының үнін естімей және
Онымен ақылдаспай, отыра алмайды.

Ал енді мен сіздерден де өтінерім: Жаңа Өсиетті
оқып, өздеріңіздің жеке Мәсіх жолын қуушылық өмір-

леріңізді жандандырыңыздар! Таңтерең немесе кешке Оған 15 минут уақыт бөлініздер!

Ізгі хабарды жауып, қолдарыңызды дұға оқуға қусыра үстаганнан кейін: „Иса Ием, енді Сенімен сөйлессем деймін. Бүгін маған көп істі тындыруға тура келіп тұр. Маған көмектесе гөр! Мені өзімнің күнделікті күнәла-рымнан сақтай гөр! Маған жақындарыма деген сүйіс-пеншілікті бере гөр! Маған Киелі Рухты бер!“ – деңдер. Дұға оқындар, Исамен сөйлесіндер! Ол – осында! Ол сіз-дерді тындалап тұр! Мәсіх жолын қуушы дұғасымен Құ-дайға жалбарынса, бұл да тірі Мәсіх жолын қуушының шын мәніндегі жеке басының ісіне жатады.

Жақында мен дінге сенуші бір мырзаға: „Сізге күн сайын Исамен 15 минут болса да сөйлесу керек“, – дедім. Ол маған қарсылық білдіре, былай деді: „Мен бұл үшін уақыты жетерлік, діни жетекші емеспін фой. Менің оған қолым тимейді“. – „Aha! Сізге уақыт жетпейді еken фой?“ – деп сұрадым одан. Ол өз пікірін растиғаннан кейін, мен сөзімді одан әрі жалғастырды: „Міне, көрдіңіз фой! Мұның мәнісі – осы 15 минуттық дұғаның сізге жетіспегендігінен. Таңтерең Исамен сөйлесуге, Ізгі хабарды оқуға және дұғаға машықтансаныз, былайғы істерді үршықша иіресіз. Сіздің ісіңіз көп болған сайын, осы 15 минут сізге өте қажет-ақ. Кейінірек, өзіңізді маз-алап жүрген мәселелер жөнінде Тәңірмен бөлісе баста-саныз, 15 минут – жарты сағатқа айналар, сонда ісіңіздің онға басқаның аңғарасызы. Мұны мен өз тәжірибемнен айтып тұрмын. Кейде менде мынандай да болады: төсек-тен тұрмай жатып, телефон шылдырлайды. Содан соң газет, тағы да телефон. Бұл екі арада маған біреу-міреу келеді. Сөйтіп, күні бойы ештеңенің қиуы келмей, тынышсызданып жүргенім. Содан бір уақытта: мен әлі Исамен сөйлескен жоқпын фой, Оған да сөз бермегенім қалай? Қайтіп мениң жолым болады? – деп ойлаймын.

Тұсінесіздер ме, оңашада Исамен сөйлесу – Мәсіх жолын қуушылардың өмірінің бүтіндей жеке жағына жатады!

Бұған қоса, Мәсіх жолын қуушылардың өмірінің же-ке жағына, күнделікті өзіңің тәнің мен қаныңды айқыш

ағашқа керу де жатады. Өз өмірімде мен көп адамдармен әңгімелестім. Шын мәнінде, әрқайсысының бір айтар арызы болды. Эйелдері күйеулерін жамандайды, күйеулері әйелдерін жамандайды. Ата-аналары балалары жайлы, ал балалары әке-шешелері туралы шағымданады. Эркім бақытсыздығының себебін басқадан көргө тырысады. Маған сеніңіздер, егер осы 15 минутті әдетке айналдырсаңыздар, онда Тәңірім барлық бақытсыздықтың негізі – өздеріңізде еkenін сіздерге көрсетіп береді. Сіздердің отбасыларыныздың кикілжіңі – Құдай жолымен жүрмегендіктің кесірі. Жұмыстағы сәтсіздікте – Құдай жолымен жүрмегендіктің кесірі. Мәсіх жолын қуушылар әр күні өз жаратылысын айқыш ағашқа шегелеуді үйренуі керек.

Сіздерге мынаны айтқым келеді: мен жаңа фана Эссең жастарының бір тобымен сегіз күн дем алдым. Бұл ауыз-бен айтып жеткізе алмайтын, ғажап уақыт болды. Бәріміз де өзімізді айтқысыз бақыттымыз деп санадық. Бәріде Құдайдың жарылқаушылығына бөленді. Ал соңғы күні кешкілік сиынуға жиналғанымызда, көпшілігі бір-бірінен кешірім сұрап жатысты. Мен де аз күн бұрын қатты кеткенім үшін, үш адамнан кешірім сұрадым. Маған: „Сіздікі дұрыс еді фой, ескертуіңіз орынды!“ — деп, қарсылық білдірді олар. Бірақ мен олардан бәрібір кешірім сұрадым. Әрине, жиырма жастағы жігіттердің алдында кішірейіп жату, оңайға соққан жоқ, алайда олардан кешірім сұрамай, менің көнілім көншімеді.

Сіз оңашада Исамен әңгімелескенде, күн сайын өз жаратылысыңызды айқыш ағашқа шегелеуге үйренесіз. Сонда жүргегіңіз жай тауып, өзіңізді женіл сезінесіз. Бұл – Мәсіх жолын қуушылардың өміріндегі жеке басының іци. Егер сізге мұның бәрі таныс болмаса да, өзіңізді Мәсіх жолын қуушымын деп есептеуді тоқтатпаңыз.

Білесіздер ме, көшеде келе жатып, мен жиі ойға кетемін: маған кездесуші адамдардың бәрі – өздерін Мәсіх жолын қуушылармыз деседі, қауым салығын да бәрі дерлік төлейді, ал солардың бірін тоқтатып: „Фафу етіңіз! Сіз – Мәсіх жолын қуушысыз ба?“ – деп сұрасам, онда маған: „Эрине, мен – мұсылман емеспін фой!“ – деп,

жауап берер еді. Бірақ одан кейін тағы да: „Өзіңізді Мәсіх жолын қуушымын деп сезінгеннен кейін, қуанғаннан ұйқысыз өткізген түндеріңіз болды ма?“ – деп сұрасам, онда мені есі ауысқан шығар деп, ойлаулары мүмкін. Міне, оның қорытындысы: қуанышсыз Мәсіх жолын қуушылық. Көп болса, Мәсіх жолын қуушылар анда-санда шіркеу салығын төлеу жөнінде наразылық білдіріп қояды, бірақ жүректерінде қуаныштың ізі де жоқ. Алайда жаңару кезінде сіз: „Әрқашан Тәңірмен қуаныңыз; тағы да айтайын: қуаныңыз!“ – деген сөздің не екенін біліп, түсінесіздер.

Достарым менің, жақында мен өз жігіттеріммен Киелі кітаптан тамаша сөздерді оқыдым: „Ал сендер үшін, менің есімімнің алдында құрмет көрсетушілер, шындықтың Күні шығады, – ал ол – Иса, – Оның сәулесімен айығасындар“, – делінген. Не деген тамаша сөздер! Одан әрі не жазылғанын білесіндер ме? Одан әрі былай деп жазылған: „...сөйтіп сендер күйлі торпақ сияқты, ойнақ салып шығасындар“. Мен „күйлі торпақ сияқты ойнақ салған“ Мәсіх жолын қуушыларды сирек кездестіремін. Неліктен бұлай, неге біз шын мәнінде қуана алмаймыз? Оның мәнісі; біз шын мәнісіндегі Мәсіх жолын қуушылар емеспіз! Мен өзімнің сүйікті шешемді үнемі еске түсіріп отырамын. Ол Тәңірге үнемі қуанып отыратын. Тағы да басқа менің өмірімде кездескен қуанышты Мәсіх жолын қуушыларды білемін. Өзім де қартайған сайын, Тәңірге қуануды бастан жиі-жіі кешірудемін. Эрине, бұл үшін Мәсіх жолын қуушылық-қа атұсті қарамай, оған үлкен мән беру керек!

Сөйтіп, бұл – Мәсіх жолын қуушылықтың бір жағы. Сонымен Мәсіх жолын қуушылық – жеке бастың ісі болып табыла ма? Иә, эрине!

Міне, енді бес маркалық ақшаның екінші жағын қарайық. Шынайы тірі Мәсіх жолын қуушылықтың барлық адамға көрінетін екінші жағы да бар.

2. Мәсіх жолын қуушылық – қофамдық іс

Мәсіх жолын қуушылықтың қофамдық жағы – Мәсіх жолын қуушылар қофамына қосылу болып табылады. Менің қазір айтайын деп тұрғанымның мәні өте зор: шынайы Мәсіх жолын қуушылар құтқарылуды жақтайтындармен қосылғысы келеді.

Әрбір жексенбі сайын Құдайға құлшылық ету жиындары өтеді. Оған сіздер неге қатыспайсыздар? „Мен Құдайға құлшылық етуді радиодан тыңдаймын“, – деп жауап бересіз сіз. Мен бұл арада сырқат адамдарды айтып тұрғаным жоқ, олар радиосын тыңдай берсін. Егер сіздерді Мәсіх жолын қуушылардың Құдайға құлшылық ету жиындарына тартпаса, онда сіздің рухани жағдайыңыздың мәз болмағаны.

Мәсіх туғанынан кейінгі 300-ші жылды, яғни өте-өте ертеде, ұлы Рим империясының императоры Диоклетиан деген есімді, тамаша адам болды. Бір кезде ол құл болған, бірақ бостандық алғаннан кейін, ол табысты істер атқарып, ақыр аяғында Рим императоры атанды. Ол кезде Мәсіх жолын қуушылар діні кеңінен тарап үлгерген еді. Император Диоклетиан, өзінен бұрынғы ел басшылары Мәсіх жолын қуушыларды қудалағанын, жақсы біletіn. Бірақ ол ең таңдаулы, керек деген адамдарды қудалауды дұрыс деп таппады. Адамдар қай дінге сенсе де мейлі, деген сыңай танытты. Бұл императорларда өте сирек кездесетін, ізгі ниетті көзқарас болып табылады, өйткені олар адамдардың көзқарасына да басшылық еткісі келетін. Бірақ император Диоклетианның Галериус деген жас серігі болды. Ол оның мұрагері болуы керек еді. Осы Галериус бірде Диоклетианға былай дейді: „Тыңдаши, Диоклетиан, Мәсіх жолын қуушылар басым болып кетсе, онда іс насырға шауып, шымшытырық болады. Олар ылғи өздерінің Патшасы – Иса туралы айтады. Біздің оларға қарсы бірдене қолдануымыз керек!“ „Ah, – деп қарсылық білдірді Диоклетиан, – мені жайыма қалдыршы! Менен бұрынғылар 250 жыл бойы Мәсіх жолын қуушылармен алсысып, ақыры түк шығара алмады. Мен де олармен ешнәрсе шығара алмай-

мын“. Оте ақылды айтылған сөз. Бірақ Галериус оның мазасын ала берді: „Сонда да Мәсіх жолын қуушылар – ерекше халық. Олар басқа жүртта жоқ Киелі Рухты иемденгендерін, өздері де киелі екенін айтады. Бұл халықтың менмендігі басым. Сен оларға қарсы бірдене жасауың керек!“ – дейді. Алайда, Диоклетиан бұл жолы да Мәсіх жолын қуушыларды құғындауға бармады. Ал Галериус болса, Диоклетиан көнгенше, оның құлағының тұсынан ызындаі берді. Ақыры болмаған соң, Диоклетиан: „Жақсы, тек қана Мәсіх жолын қуушылардың жиналыстарына тыйым салайық“, – деді. Сөйтіп, заң шығарылды. Онда былай делінген: „Әркімнің де Мәсіх жолын қуушы болуына еркі бар. Бірақ Мәсіх жолын қуушылардың жиналыс өткізуіне тыйым салынады. Заңды бұзғаны үшін – өлім жазасы қолданылады“. Демек, әркім тек өзі үшін Мәсіх жолын қуушы бола алады, атап айтқанда, бұл жеке бастың ісі, бірақ жиналуға, бас қосуға тыйым салынады. Сонда Мәсіх жолын қуушылардың ақсақалдары кеңесуге жиналып: „Не істеу керек? Мүмкін, көнген жөн шығар? Өйткені, әркімнің өз үйінде не істеймін десе де, еркі фой. Онда оған ешкім ешиңерсе істей алмайды“, – десті. Енді мына қызыққа қараңыздар. Қудалау кезіндегі Мәсіх жолын қуушылар: „Жиналұымыз – дұға оқу, жыр, уағыз айту үшін, Құдай Сөзін тыңдау үшін қажет. Мұны Мәсіх жолын қуушылықтан бөліп қарауға, әсте болмайды. Біз жиналұымызды жалғастыра береміз!“ – деп шешіп, өз қауымдастықтарында бас қоса берді. Галериус болса, императордың қытығына тиіп: „Міне, көрдің фой, Диоклетиан! Бұлар – мемлекеттік қылмыскерлер! Олардың құлак асқысы келмейді!“ – дейді. Сөйтіп, Мәсіх жолын қуушыларды қатаң қудалаудың бір кезеңі басталды.

Көпшілігі райынан қайтып: „Үйде де Мәсіх жолын қуушы болуға болады фой! Біз жиналысқа бармайық!“ – десіп, өмірлерін сөйтіп сақтап қалысты. Алайда Мәсіх жолын қуушылардың қауымдастығы оларды сенімнен қайтқандар деп таныды. „Кімде-кім Мәсіх жолын қуушылардың жиналысына қатыспаса, сол сенімнен қайтқан“, – десті.

Мұны қазіргі Мәсіх жолын қуушыларға да айтуға болады. Бұлардың арасында да осындай діннен қайтқандар өте көп. Императордың бүйрығына бағынбаған сол кездегі Мәсіх жолын қуушылар дұрыс істеді. Киелі кітапта анық жазылған: „Кейбіреулердің әдет-ғұрпына ілесіп, жиналыстарыңды тастамаңдар!“ Қазір де: „Бәрінің дерлік сондай әдет-ғұрпы бар!“ – деп айтуға болады. Сондықтан да құтқарылуды қалайтындардың бәрінен өтінерім, шын Мәсіх жолын қуушы болғысы келетіндерге қосылыңыздар! Мұндай бас қосудың мүмкіншілігі мол. Сиыну үйлерінде қауымдар бар. Үйдегі Ізгі хабарды оқып үйрену үйірмелері бар. Қофамдық қозғалыстар, жастар үйірмелері де жетерлік. Менің сіздерден өтіне сұрайтыным, осындай бас қоса алатын орындарды іздеңіздер! Бір француздың маған бірде былай дегені бар: „Біреулері тұздаған балықты сүйсіне жейді, ал біреулері шын ниетімен сиыну үйіне баруды ұнатады“. Ал іс бұдан әлдеқайда күрделірек: біреулері тозаққа барады, ал енді біреулері Мәсіх жолын қуушыларға ілеседі. Міне, іс жүзінде, жағдай – осылай. Егер Исаңың артынан шынымен жүргілтерің келсе, онда өз діни жетекшілеріңзеге барып, Иса туралы көбірек тыңдау үшін, кімге жолығу керектігін сұраңыздар. Сөйтіп, ең дұрысы, Құтқарушы туралы ести алатын жерге барыңыздар! Барлық жерде де Иса Иемді жақсы көретін адамдар бар. Мүмкін, олар көп те емес шығар. Мүмкін, олар кейде әдеттен тыс мінезді адамдар болуы мүмкін. Дегенмен, сіздердің Мәсіх жолын қуушылық жағдайларыңыз, Мәсіх жолын қуушылармен араласпасаңдар, өліге айналады!

Мәсіх жолын қуушылардың бір-бірімен шынайы араласуына мыналар тән: біріншіден – жыр айту, екіншіден – Құдай Сөзін тыңдау, үшіншіден – дұға оқу, төртіншіден – садақа беру. Мұның бәрі Мәсіх жолын қуушылардың жиналыстарына қатыстылар. Алғашқы Мәсіх жолын қуушылар осылай жасаған. Бұл – Құдайдан туындаитын өмір көріністері.

Шынайы Мәсіх жолын қуушылық – бір-бірімен қарым-қатынас бар жерде болады. Бұл туралы Киелі кітапта былай делінген: „Біз өлімнен өмірге ауысқанымызды

білеміз, өйткені, бауырластарымызды сүйеміз“. Ал бұл дегеніңіз: кімде-кім басқа Мәсіх жолын қуушылармен араласқысы келмесе, ол – әлі рухани өлі адам!

Мен Билемельдте алғаш діни жетекшілік қызметті бастағанымды, осы күнге дейін ұмыта алмаймын. Онда мен аймақтардың бірінде уағыздаушының көмекшісі болатынмын. Сиыну үйінде адамдар аз жиналушы еді. Құдайдың қалауымен, бір сенбінің кешінде мен жұмысшылар клубында тұнгі сағат бірге дейін әңгіме-дүкен құрғаным бар. Тұнгі сағат бірде клуб қожасы бізді көшеге шығарып жіберді. Жаңбыр жауып тұрды. Тұнғыш рет менің айналама жүздей еркек, менің аймағымдағы фабрика жұмысшылары, жиналды. Біз көше шамының жарығының астында тұрдық. Олар сұрақтар қояды да, мен жауап беремін. Біз басқа дүниеден келген Иса туралы әңгімелестік. Біз адамдардың бақытсыз екені жөнінде, күнөларымыз жоқ деу – дұрыс емес екені жайында сөйлестік. Жалпы алғанда, олар мәңгілік өмір барына және Құдай сотына сенетін еді. Тұнгі сағат екіде мен үйге барамын дедім. Өйткені, ертең таңертеңгі сағат тоғыз жарымда Құдайға құлшылық ету жиынын жүргізуім керек. „Сіздер бір-біріңізден қорықпағанда, онда келетіндеріңізді, әрине білемін“, – дедім мен оларға. Бұлар вестфальдықтар болатын. Менің алдында Б. есімді жұмысшы тұрды. Ол кезде оның жасы 35-те еді. Бұл – нағыз вестфальдықтың өзі еді. „Шынымен мен біреуміреуден қорқамын ба? – деді ол. – Бұл туралы әңгіме болмауы тиісті!“ Бірақ мен онымен келіспедім: „Тыныштал, досым, егер сен жексенбіде сиыну үйіне барсан, дүйсенбіде фабрикадағылар сені келемеж етер еді. Ал сен осыдан қорқасың“, – дедім. – „Қорықпаймын!“ – деп қайталады ол. Мен тағы да өз күдігімді білдіргендеге, ол: „Жарайды! Ертең таңертең рухани өлеңдер жинақтарын алып келемін!“ – деді. Жексенбі күні таңертең, яғни біздің әңгімемізден кейін, бірнеше сағат өткенде, бұл вестфальдық рухани әндер жинақтарын алып, Құдайға құлшылық етуге келе жатты. Бұл махаллада тұратындардың бәрі де бірін-бірі білетін. Ол дүйсенбі күні кешке маған келіп: „Сіз дұрыс айтқан екенсіз, сиыну үйіне бар-

ғаным үшін, фабрикадағылар сазайымды тарттырды! Қандай зорлық-зомбылық өмір кешіп жүргенімізге, енді ғана көзім жетті: еркіндік туралы өңешімізді жыртамыз, ал шын мәніндегі, адамдардың сорлы құлы екенбіз гой. Бірақ мен еңсемді түсірген жоқпын, өз сенімімде қалдым. Енді маған Иса туралы көбірек айтыңыз!“ Бұл өкінішін білдіріп, тәубеге келген, менің алғашқы адамдарымның бірі еді.

Түсінесіздер ме, осының бәрі оның кішкене бір қауымдастыққа, Құдайға құлшылық етуге келуінен басталды. Міне, сөйтіп біреуі келуді бастап еді, өзгелері де келуге тілек білдірді. Кедергі жойылды. Содан кейін тағы да біраз адамдарға Құдайдың шапағаты тиді. Бірақ менің көзіме түскені, – бұл жұмысшылардың біздермен, Мәсіх жолын қуушылармен араласуы үшін, өзін-өзі билеушілік қабілеттерінің керек болғандығы.

Менің сіздерден өтінерім – өздеріңіздің жандарыныңды құтқару үшін, Мәсіх жолын қуушылар қауымдастынына қосылыңыздар. Мен сиыну үйі мен діни жетекшілердің, немесе қауымдардың және оны басқарушы туысқандардың насиhatшысы емеспін, бірақ әңгіме төркіні, бірінші кезекте, сіздердің құтқарылуарының жайында болып отыр!

Екіншіден, шынайы Мәсіх жолын қуушылықтың қоғамдық жағына қатыстырығы – Иса Мәсіхті өз аузымыз-бен уағыздауымыз қажет.

Біз қауым салығын төлеп, діни жетекшіге Ізгі хабарды тарату ісін тапсырсақ, өзгенің бізге қажеті жоқ деп, қолайсыз жағдайда қалып отырмыз. Мен болсам, осы бір қауым салығын жинау тоқтатылғанын қалар едім. Одан да Мәсіхтің шәкірттері, Мәсіх жолын қуушылар Ізгі хабарды тарату діни жетекшінің ғана ісі емес, өздерінің де ісі екенін білсе, Исаңың атын өзіміз барған барлық жерде: кәсіпорындарда, мектептерде, мекемелерде таныстырысақ, қандай ғажап болар еді! Исаңың шын мәнінде тірі екенін, бейпіл ауыздылық – күнә, ал керексіз анекдоттарды айту – Құдайдың алдында айып екенін сіздер айтып жүрсіздер ме? Өзініздің Исаға қатысты екеніңізді бірде болмаса бірде ауызға алып, куәлан-

дырдыңыз ба? Сонда адамдар ойланып, соған құлақ салып, тыңдар еді. Менің сіздерге айтайын дегенім, біздің Құтқарушымызды тануға батылдығымыз жетпей жатқанда, өзімізді шынайы Мәсіх жолын қуушымыз деп санау – артығырақ.

Мынаны ұғып алыңыздаршы, Иса былай дейді: „...кімде-кім Мені адамдар алдында уағыздаса, Мен де оны аспандағы Әкемнің алдында уағыздаймын. Ал кімде-кім адамдар алдында Менен бас тартса, Мен де одан аспандағы Әкемнің алдында бас тартамын“.

Өздерін Мәсіх жолын қуушылармыз деп жүргендер, сот күні: „Иса Ием! Мен де Саған сеніп едім!“ – дегенде, Иса Әкесіне: „Мен бұларды білмеймін!“ – деп айтса, – „Иса Ием, мен...“ – дегенде, – „Мен сені танымаймын! Сенің көршің тозақ жолымен жүргенін өзі білмеді! Ал сен өмірге апаратын жолды біле тұрып, көршіңе ешқашан ол жайлы ескертпедің! Сен осы дүниенің адамдарымен әңгімелескенінде, Құтқарушыны уағыздау туралы сөз қозғамай, үндемей отырып алдың!“ – десе, қандай сүмдүқ болар еді. Мүмкін, сіздер: „Иә, менің өзімнің де сенімің әлсіз болды“, – деп, қарсылық білдірерсіз. Онда Иса Ием былай деп жауап береді: „Ондей жағдайда, сен өзіңнің әлсіз сенімінді айтуың керек еді ғой! Әлсіз сенімнің де күшті Құтқарушысы бар! Дегенмен, саған өзіңнің әлсіз сенімінді емес, Мені уағыздауыңа болар еді! Мен сені білмеймін! Кімде-кім Мені адамдар алдында уағыздаса, мен де Оны аспандағы Әкемнің алдында уағыздаймын. Ал кімде-кім адамдар алдында Менен бас тартса, Мен де одан аспандағы Әкемнің алдында бас тартамын“, – мұны Иса айтып отыр. Ал Ол жалған айтпайды! Біздің осыны айтып, уағыз жүргізуіміз үшін, аузымыз қашан ашылар екен?

Мен сіздерге тағы бір оқиғаны айтуға тиістімін. Осыдан бірнеше апта бұрын мен Рур аймағының қалаларының бірінде уағыз жүргізумен айналыстым.

Жұмысты ұйымдастыруши бір жас шебер – автомобилист, менің досым Густав болатын. Бұл Густав Исаның куанышты да өкілетті күәгері болды, себебі ол шешуші сәтте Исаны уағыздауды үйренді. Дүйсенбі күні таңертен

әрқайсысы шеберханада өздерінің қолайсыз қылыштары туралы айтысатын. Біреулері есінен айрыла ішкендерін айтып мақтанса, енді кейбіреулері желөкпе қызбен қыдырғанын құмарлана әңгімелейді. „Ал сен қайда болдың, Густав?“ – деп сұрайды, ол кезде әлі шәкірт болып жүрген одан. „Мен таңтертең Құдайға құлшылық ету жиынына бардым, – деп жауап берді ол, – ал түстен кейін діни жетекші Буштың үйірмесінде болдым“. Сонда жан-жақтан келемеждеушілік қарша борап, әлі үйрепнұші болып жүрген Густав, тіпті абыржып қалады. Достары шебермен қосыла отырып, оны қорлап, мазақтап жатқанда, оның зығырданы қайнап: „Неге Мәсіх жолын қуушылар арасында қолайсыз қылыштар туралы айтуға болады, ал Құтқарушы туралы неге уағыздауға болмайды?!“ – деп ойлады. Сол сәттен бастап ол шеберханадағы жұмысшылармен Иса туралы уағызды жүргізуге бел буады. Ол ең алдымен өзі секілді шәкірт әріп-тестерінен бастады, бұлардың кейбіреулері тұра тозаққа бара жатқандарын ескертіп, оларды Мәсіх туралы әңгіме еститін жасөспірімдер үйірмесіне шақырды. Густав шеберлік дәрежесін шындау емтиханынан кейін шебер болып шыққанда, шеберханадағы хал-ахуал мұлдем басқаша еді. Мұны мен өз көзіммен көрдім. Бүкіл шәкірттер біздің жасөспірімдер үйірмесіне қатысатын. Шеберханада ешкім де әдепсіз анекdot айтпайтын. Егер жаңа келген жастардың бірі бейпіл сөздерді қоздырып келе жатса, оны: „Аузынды жап! Густав келе жатыр!“ – деп тоқтататын. Бәрі де оған құрмет көрсететін. Қазір ол үлкен шеберхананың жетекшісі. Құдай оның еңбегін осылай қолдады.

Мен тағы да сұраймын: „Исаны уағыздаймын деп, батылдық көрсеткен Мәсіх жолын қуушылар қайда?“ Біз мұны қаншама жүзеге асырсақ, соншама рухани өсе түсеміз! Мәсіх жолын қуушылық – жеке бастың ісі болып табыла ма? Жоқ! Біз әлем алдында Иса туралы күәлік етуге тиістіміз. Үнсіздіктеріңіз жетер енді! Әйтпесе, Иса Сол күні сіздерден теріс бұрылады!

Үшінші рейх кезінде менің 16-17 жастағы бозбалаларымды әскерге жаппай шақырғанда, мен олардың

әрқайсысына кішкене Киелі кітапты сыйлап, былай дедім: „Сақ болындар. Қызметтеріңе кірісken алғашқы күні-ақ, кешке Киелі кітапты оқындар. Бұл үлкен дау туғызар. Бірақ екінші күні жеңіске жетесіндер. Ал егер алғашқы күні мұны істемесендер, онда ешқашан да жеңіс күнін тойлай алмайсындар!“ Сөйтіп жігіттер менің ақылынды алып, алғашқы күні-ақ Киелі кітапты стол үстінде ашыпты. „Сіз не оқып отырсыз?!“ – деген сауал-фа, – „Киелі кітапты!“ – деп жауап берген. Бұл шын мәнісінде қол гранатасының жарылуындаі әсер етсе керек. Өйткені, немістерде Мәсіх жолын қуушылар көрінгенді оқи беретін еді, бірақ Киелі кітапты оқуфа, олардың мойындары жар бермейтін. Менің, өкінішке орай қайтыс болған, Пауль деген досым келесі күні шкафын ашса, оның Киелі кітабы үшті-күйлі жоқ болып шығады. Жанындағыларға көз салып еді, бәрі мырс етіп күлісті. „Сендер менің Киелі кітабымды үрлап алдындар ма? – деп сұрады ол, – Оны қайда жібердіндер?“ – „Ол обер-фельдмейстерде!“ – деді біреуі. Ол енді өмір үшін емес, өлім үшін құрес болғалы тұрганын сезді. Кешке қарай ол оңаша жерде дұға оқып: „Иса Ием, мен мұнда жалғызыбын. Мен әлі 17 жаста ғанамын. Сенен өтінерім, мені қалдыра көрме. Өзің туралы куәлік келтіруге көмектесе гөр!“ – деді. Осыдан кейін ол обер-фельдмейстерге барып, есігін қақты. „Кіріңіз!“ – деген сөзді естіді.

Обер-фельдмейстер үстінде Паульдың Киелі кітабы жатқан столдың басында отыр екен. „Не іздеп келдін?“ – „Обер-фельдмейстер мырза, Құдай үшін, менің Киелі кітабымды өзіме қайтарыңызшы! Бұл – менікі еді!“ – деді Пауль. Ол Киелі кітапты парактап: „Сөйтіп, бұл – сенің кітабың де?! Бұл – өте қауіпті кітап екенін, сен білмеуші ме едің?“ – деді. – „Дәл солай, обер-фельдмейстер мырза, мен оны білемін. Киелі кітап шкафта жабық жатса да – қауіпті. Соның өзінде Оның мазасыздандыратыны бар!“ Обер-фельдмейстер орнынан тұрып: „Отыршы!“ – деді. Содан кейін ақтала сөйледі: „Бір кездері менің де дін ілімін (теологияны) үйренуге зауқым болып еді“. – „Демек, обер-фельдмейстер мырза, сенімнен қалған екенсіз фой?“ – деп сұрады Пауль. Бұдан әрі қырық

жастағы үлкен азаматтың он жетідегі жігітпен шүйірке-лескен әңгімесі басталды, ол өзінің бақытсыз екенін, енді өткенді қайтаруға дәрменсіз екендігін, өйткені онда көп заттан күдер ұзуге тұра келетіндігі жайлы айтып, ағынан жарылды. Бұған жігіт былай деді: „Бейшара обер-фельдмейстер! Алайда Иса кез-келген құрбан-дыққа лайық!“ – „Сен – бақытты адамсың!“ – деді обер-фельдмейстер, жігітті жіберіп жатып. – „Дұрыс айтасыз, обер-фельдмейстер мырза!“ – деп, Пауль оның сөзін рас-тады да, Киелі кітабын алышп, шығып кетті. Бұдан әрі лагерьде ешкім ештеңе демеді.

Өз ісі үшін ерлікпен қарсы тұра алатын Мәсіх жолын қуушылар қайда, шіркін?!

Мәсіх жолын қуушылық – жеке бастың ісі болып табыла ма? Иә! Жаңару мен өмір – сенім арқылы, жүрек түкпіріне сәуле түсіреді!

Мәсіх жолын қуушылық – жеке бастың ісі болып табыла ма? Жоқ! Мәсіх жолын қуушылар Құдайға құл-шылық ету үшін, қауымдастыққа, үйдегі діни үйір-мелерге, жастар үйірмелеріне, әйелдер үйірмелері мен ерлер үйірмелеріне бірігеді. Мәсіх жолын қуушылар өз Тәңірін ашықтан, ауыздарымен уағыздайды. Дүние жүзі, Құдай Мәсіх арқылы жүрек отын маздатқанын, түсінуі керек!

АҚЫР ЗАМАН ҚАШАН БОЛАДЫ?

Жақында мен бір өнеркәсіп иесімен әңгімелестім. Ол мені иығымнан қағып, былай деді: „Діни жетекші мырза, сіздің жастарды жақсы істерді жасауға шақырғаныңыз – өте дұрыс!“ Мен оған былайша жауап бердім: „Шынымды айтсам, мен үлкен үміт күтіп жүргенім жоқ. Киеle кітапта: „Адамның жүрегі жас кезінен бұзылған“, – деп жазылған. Сондықтан менің ойымша, жақсылыққа шақыру – көбіне көмек бермейді. Мен мұлдем басқасын қалар едім“. – „Нені?“ – „Мен бұл жастардың Иса Иемнің игілігіне айналуын, жерде де, мәнгілікте де Құдайдың баласы болуын қалар едім!“ – деп түсіндірдім. „Ah, діни жетекші мырза, бұл – не деген сөзіңіз? – деп ол маған қарсылық білдірді. – Біз өзіміздің аяқ астымызда берік іргетастың болуын қажет етеміз фой!“ Жақсы сөздер, солай емес пе? „Біз өзіміздің аяқ астымызда берік іргетастың болуын қажет етеміз!“ Мен қаттырақ күлдім де, былай деп сұрадым: „Сіз, шын мәнінде, қандай іргетасты қажетсінесіз, менің қымбатты директор мырзам? Біздің аяғымыздың астындағы тірек дегеніңіз әлде қашан-ақ шайқалып тұрғанын, сіз білмеуші ме едініз?“ Астымыздағы тіректің сенімді емес еkenін білу үшін, өндірістік кәсіпорнының директоры болудың керегі де жоқ шығар. Бұкіл адамзат қорқыныш құшағында: әркім қауіпсіздікті іздестіруде, бірақ оның жоқ еkenін сезінеді. Біреулері ақшаларын Швейцария банкне салуда, екіншілері сонау Боливияда бомбапана тұрғызып жатыр. Бір жерде, әйтеуір, қауіпсіз болар деп ойлады! Сонда да біз, шын мәнісінде, еш жерде қауіпсіз орынның жоқ еkenін сеземіз. Сондықтан әрине, қазіргі уақытта: „Әлеміміздің тағдыры не болады?“ – деген сауалдар бүйірінен қойылуда. Ал: „Дүние қашан құриды?“ – деген сауал – қазіргі уақыттың түп тамыры іспеттес.

Осыдан бірнеше жыл белгілі швейцар жазушысы Дюрренматтың „Физиктер“ деген спектаклі қойылды. Ол былай аяқталады, физиктердің бірі: „Бір кезде адамзат өзін атом бомбасымен құртады“, – деген бол-

жам жасайды. Содан соң тура былай айтылады: „Ақыр соңында ғарыштың бір түкпірінде радиоактивті жер үздіксіз және мақсатсыз айналып тұратын болады“. Сөйтіп ғарышта мақсатсыз айналып жүрген біздің құрыған, қираған, бұлінген жерімізді көз алдарыныңға әкелесіздер! Осы заманғы жазушының әлемнің құруы туралы осылай қатал айтуының өзі – назар аударуға тұрарлық. Бірақ мен радиоактивті жеріміз дәл осылай ғарышта айналып жүре қояды деп, ойламаймын. Егер мен жазушы Дюорренматтқа осы туралы айтқан болсам, ол өз тарарапынан былай деп сұрап еді: „Неліктен сіз солай деп есептейсіз? Өйткені, қазір бәрі соған бара жатыр фой!“ Мен оған былайша түсіндірер едім: „Өйткені, Киелі кітапта басқаша жазылған. Тәнірім Иса: „Адамзат аяғына дейін болады“, – деп айтқан. Демек, сіздің айтқаныңыз осыған үқсас десек те, бәрі сіз айтқандай бола коймайды!

Ал сонда болашақты болжауда кімге сенеміз деген, занғы сұрақ тууы ықтимал. Алдағыны болжап айтудың негіzsіз, дәлелсіз екі әдісі бар.

Осы әдістің бірін тамаша игерген адам – Иосиф Гебельс. Оның болжамында болашақта шын мәнінде болмайтын, ақылға сиымсыз нәрселер сөз етіледі. Мен оның айтқан сөздерін дәл қазір естіп тұрғандаймын: „Бес жылдан кейін неміс қалалары бұрын-соңды болып көрмеген, әдемі қалаларға айналады“. Сайып келгенде, бұл әдісте қажетті көріністер тұман тұмшалап тұрғандай жағдайда жобаланады, яғни, алдағы іс жасырын ұсталады. Бұл әдістің шеберлері – „Иегованың куәлары“ дегендер. Бізден ересектеулердің, 1925 жылы көшелердің қиынсқан жерлерінде: „Қазір де өмір сұруші миллиондаған адамдар өлмейді“, – деген плакаттардың ілулі тұрғаны, әлі естерінде. Бұл сөзді айтушылар, өздерін: „Киелі кітапты бүге-шігесіне дейін зерттеушіміз“, – деп, атаушылар болатын. Бірақ нақ сол кезде адамзат қоғамында бұрын болып көрмеген сипатта, адамдар өлімі көп болды. Яғни, бұл тек болашақ туралы әдемі арманғана болғанына көз жеткізеді. Кейінректе бұл әдіс иелепті өз аттарын „Иегованың куәлары“ деп өзгерпті. Енді

олар тағы да бірденені ойдан шығарып жүрмесіне, кім кепіл.

Екінші бір негізсіз әдіс – бал ашушы сәуегейлердің сөздері. Бұл жөнінде мен ештең де білмеймін және білгім де келмейді: бал ашу, спиритизм, карта ашу, жұлдыздар кестесі және басқалары туралы білгім де келмейді. Бұл жайлы, неліктен білгім келмейтіні туралы да, сіздерге айтайын. Менің Киелі кітабымда бірнеше жерде былай деп айттылған: „Тәңірім былай дейді: Кімде-кім бал ашушылар мен сәуегейлерге құлақ қойса, олар Менің халқымның арасынан қылуға тиісті“. Ал маған Құдай халқымен бірге болу – аса маңызды болғандықтан, мен ондай істермен шұғылданудан іргемді аулақ саламын“. Сіздерден сұрайтыным, өздеріңіздің жандарыңыздың құтқарылуы үшін, оңаша отырып, Исаны шақырып, Оның алдында осындей күнәларыңызды мойындаап, олардың кешірілуі үшін, дұға оқыңыздар!

Мен Киелі кітаптағы Құдайдың Сөзіне шын сенемін. Өйткені, біріншіден – Ол көңілінді сергітеді, себебі, шындығымен есте қалады. Екіншіден; Киелі кітаптағы адамдар былай деген: „Мұны Тәңір айтты!“ Сөйтіп болашақты болжаудың айқын жолы бар: болашақ туралы бізге Киелі кітап айтады.

Соңғы соғыс өз шарықтау шегінеге жеткенде, астыртын полиция менің уағыз айтуыма тыйым салды. Маған баяндааммен ел арапауыма тыйым салынды. Эссен қаласында ғана уағыз жасауыма рұқсат етілді. Эр кеш сайын қаланың бомбапаналарында киелі сафатты өткізгенімнің өзінде, менің әлі де бос уақыттым болатын. Мен оны Киелі кітаптың соңғы кітабы – Жоханның Аянын оқып, зерттеуге арнадым. Сол кезде „бұл кітаптың өте көкейтесті!“ екенін түсіндім де, оқығанымнан түсінгендерімді өзгелермен бөлісуді үйгардым.

Міне, сөйтіп Киелі кітапта болашақ туралы не айттылғанын, мен сіздерге баяндауды жөн көріп отырмын.

1. Иса тағы да келеді

Бұл туралы Киелі кітапта анық айтылған: Мәсіх жолын қуушылардың алдағы уақытта күтетін барлық оқиғаларының ең маңыздысы, ең ұлсысы – Иса Мәсіхтің салтанатпен келуі болып табылады!

Ол аспанға көтерілгенде, Оның шәкірттері Оның өзге өлшемге еніп, кетіп қалғанын көрді. „Бұлт Оны көтеріп әкетті“, – делінген бұл туралы. Бір сәтте шәкірттерінің алдына Құдайдың екі жаршысы келіп, былай деді: „Сендерден аспанға кеткен осы Иса, өздерің Оның аспанға көтерілгенін көргендеріндей, сол қалпында қайта келеді!“ Иса тағы да келеді! Бір уақыттарда Иса Ием Құдай өлшемінен біздің әлемімізге тағы да салтанатпен келеді! Бұл – Мәсіх жолын қуушылардың үміті.

Мен сіздерге осы бір оқшау хабардың маған қалай ашылғанын айтЫП берейін. Жас діни жетекші кезімде, шахтерлер аймағы – Эссеңге барғаныма, отыз бес жылдай уақыт өтті. Міне, сөйтіп мен 27 жастағы жігіт – 12 мың шахтерлер арасында жұмыс істеуге келдім. Менің хабарым ешбіреуін де қызықтыра қоймады. Аймақтың орта шенінде, айналасы казарма сияқты үйлермен қоршалған, жабырқаңқы үлкен алаң бар еді. Осы алаңның бір бұрышынан мен діни сағат өткізетін кішірек баспана дайындағым. Адамдардың ептеп келе бастағаны жақсы болды: бірнеше шахтер, осы „сопы“ діни қызметші не айтар екен деген коммунистер мен еркін ойлылар, азын-аулақ кемпірлер, балалар, екі-үш жас жігіт үйге бас сұқты. Құлкілі жағдайға жеткені: осы ұйымдастқан кішкене қауымдастық аймақтың бүкіл тұрғындарын желіктіріп үлгірді. Ақыр аяғында олар бізді үнемі мазасыздандыра бастады. Бірде тереземізді сындырып кетті. Содан соң біз терезелердің сыртын жабатын болдық. Келесі бір жолы терезе қақпаларына тас лақтырылды. Тағы да бірде есік алдында консерві қалбырымен аяқдолп ойнасып, сөзімізді естіртпей қойды. Кейде біздің үйіміздің алдында сыйбызыры тартып, шеру ұйымдастырылды. Көшеде былай деп өлең айтысты: „Бостандық бермес ешкімі: Құдай да, патша, батыр да. Бостандықты біз өз қолымызбен жеңіп ала-

мыз!“ Ал іште отырган біздер: „Құдай – сүйіспеншілік. Бұл – қандай бақыт!“ „Құдайым менің – мақтаным. Бақыттымын, шаттандым!“ – деп әндettік. Иә, осындай да уақыт болған. Тіпті бірде тозақ пен шайтан шынжырдан босағандай, шын мәнінде, ерекше сұмдық жағдай болды. Содан соң, мен ешқашан ұмытпайтын оқиға болды: есікке бірдене қатты соғылды да, жерге ауыр нәрсе құлап түскендей болды. Бомба тастамады ма екен деп ойладым, өйткені, көшедегі адамдар тым-тырақай жан-жаққа қаша жөнелді. Біздің жүргегіміз тоқтап қалғандай болды. Есік алдында тыныштық орнады. Мен есікті жүлқи ашып, жартысы шалшықта жатқан темір айқышты көрдім. Ол маған таныс еді, мен оны католиктік ерлер монастірінде көргенмін. Енді ол сол жерден жұлдынып алынып, біздің есігіміздің түбінде жатыр: „Міне, сендерге сендердің Мәсіхтерің! Жатсын Ол шалшықта!“ – дегендей. Қарашаның қараңғы кеші болатын. Жаңбыр жауып тұрды. Айқыш шалшықта жатыр. Мен казармалармен қоршалған, осы жабырқаңқы алаңда тұрмын. Менің артымда қорқыныштан діріл қаққан, кішкене қауымдастық тұр. Ал, айқышқа керілген Құтқарушының бейнесі шалшықта жатыр! Мен сонда мынаны ойладым: Құдайдың бұл әлемнен бас тартуының мындаған негізі бар фой. Бірақ Ол мұны іstemей отыр! Ол Өзінің Ұлын жіберді! Ал Құдайдың Ұлы бұрын-сонды естіп-білмеген істерді жүзеге асыруда: Ол біздің күнәмізды Өзіне алып, Өзін айқыш ағашқа шегелеуге мойын ұсынды. Ал адамдар мұнысы үшін Оған рақметін айтып, алдына жығылып, дұға етудің орнына, Оның бейнесін шалшыққа таstadtы. Міне, адамдар өздеріне қолын созған Құдайға, осындай иттік жасады! Тағы да: бұрынғылар Исаны жек көріп қана қойды, ал қазіргі біздің замандастарымыз Оны тек қана жек көрмей, өздерінің парықсыздығынан деуге болады, Оның денесін шалшыққа лақтырды! Мені түңлілушілік биледі. Мен: „Енді Құдай не істер екен, – деп ойладым. – Аспаннан от жаудыруы да мүмкін фой!“ Бірақ аспаннан ешқандай от та, оқ та жаумады. Жаңбыр жауып тұрды. Алыста табалаған күлкі естілді. Бұлар – маған күлушілер. Сонда менің ойыма мынау түсে қалды: „Бүкіл әлем үшін өлген

Күдай Ұлы табаланылмайды“. Иә, олай болмайды! Ол өзірше ғана Өзінің билігі мен даңқын білдірмейді. Бірақ күні туғанда, бәрі де өз орнына келеді. Сонда Оны елемеген бүкіл әлем, Сол ғана – құтқарудың бірден-бір кепілі, Ол – әлем Әміршісі екенін түсінеді! Ол екінші рет салтанатпен келеді. Сол бір жауынды кеште мен тұнжыраған алаңда өз қауымдастарым мен шалшықта жатқан айқыш темір ортасында тұрып, Иса екінші рет келеді деген хабарға шын пейілмен қуандым. Залға оралғаннан кейін, мен мінбеке көтеріліп, Матай жазған Ізгі хабардың 24-ші тарауын ашып, одан: „... және Адам Ұлының ұлы құдіретпен, салтанаттылықпен аспандағы бұлттардың үстінде келе жатқанын көреді“, – деп жазылған жерді оқыдым. Содан бері мен осыған қуанамын.

Білесіздер ме, мен бізді өлімнен қорғап, күнәмыйзды кешіріп, бақыт әкеліп жүрген Құтқарушыны адамдардың елемегенін көргенде, Оның үстінен менсінбеушіліктің шекпені түсіп, Ол құрметпен жерге оралатын күн туатынына қуанамын!

Мен Эссенде бірінші рет жастар клубына барғанымда, қабырғада ілулі тұрған жалғыз суретті көрдім. Жүздеген жастар жиналатын үлкен залда, Мәсіхтің келуін бейнелеген осы сурет ілінген. Төменде қала көрінеді, оның үстінде – бұлт, оның ішінде – ақ арғымақ. Арғымақта – Ол, айқыш ағашқа шегеленген қолын жоғары көтерген Патша отыр. Осы суретті көргенімде, мен өзіме ізашар болған діни жетекші Байглеге былай дедім: „Мына сен ілген жалғыз сурет, жастар клубына олқы соғып, күлкі келтіріп тұрған жоқ па? Мен басқа біреуін ілер едім!“ Ол былай деп түсіндірді: „Қымбатты бауырым, Буш! Апта бойы жас бауырластарымыз кеңселерде, мектептерде, фабрикаларда, шахталарда болады. Онда бұлар Иса туралы айтса, оларға күліп, өздерін мазактайтын көрінеді. Ал басқаларымен бірге күнәға батпау үшін, қарсылық білдірсе, оларға тіл тигізеді екен. Міне, осындај жағдайда олар қапаланып қалады. Ал мұндағы бұл сурет: Иса – Женіскер, бұған күмән келтіруге болмайды, Иса – әлемнің Әміршісі болады!“ – дегенді, олардың есіне салуы керек.

Мен өз өмірімде мұндай үміттің тамаша екенінің талай рет күсі болдым. Үшінші рейх кезінде мен Дармштадтағы үлкен жинальыста Иса туралы уағыз айтқаннан кейін, мені тұтқындасты. Машинада менің қасымда эсес комиссары отырған. Айналамызда жүздеген адамдар тұрды. Рульді ұстаптан эсесшілге „кеттік“ деген бұйрық берілді. Бірақ мотор от алмай қойды. „Қозғал!“ – деп айқайлады комиссар. Мен оның қасында тұтқын ретінде отырғанмын. Мотор от алар емес. Осы бір сәтте ғибадатхана табалдырығында тұрған бір жас жігіттің аңы дауысы шықты: „Иса – жеңімпаз, Ол туралы құмән болмауға тиісті және Мәсіх әлем Әміршісі болады! Ол өлімнен қайта тірілгеннен бері, барлық билік Соған берілген және айқыш ағаштағы аңы азаптан кейін, Ол Әкесінің тағына көтерілді! Иә, Иса – Жеңімпаз!“ – деп айқайлады ол. Жас жігіт тобырдың арасына сіңіп кеткенде, автомобиль от алды. Мен сонда комиссарға былай дедім: „Сіз – байғұс адамсыз! Жеңіс – бәрібір, менің жағымда!“ Ол басын төмен салбыратып, бірдене деп міңгірледі: „Бұрын мен де Мәсіх жолын қуушылардың жастары одағында болғанмын“. – „Рас па? – дедім мен таңфала, – ал қазір Мәсіх жолын қуушылардың ізіне шам алып түсіп жүрсіз ғой? Байғұсым, мен сіздің орныңызда болғым келмес еді!“ Біз түрмеге келе жаттық, ал менің алдыымнан Мәсіхтің келетіндігінің көкжиегі ашылды.

Дүниедегі өмір тұнжырай түскен сайын, Исаңың келуі – асқан маңыздылықпен күтілуде.

Білесіздер ме, Исаңың жерге бұл келуі – үшінші рет келуі болады.

Алғашында Ол Мәриямнан туған сәби болып келді. Ол Бетлехемдегі ақырда жатты. Бұл оқиғаны біз Мәсіхтің туған күні ретінде тойлаймыз, өйткені егер істің байыбына келетін болсақ, Құдайдың Ұлы біздің туысқанымыз, біз де Құдайдың балалары болуымыз үшін, Ол адам болып келді.

Мәсіхтің екінші келуі – рухани түрде қазіргі уақытта болып жатыр. Ол былай деді емес пе: „Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын: егер кімде-кім Менің дауысымды естіп, есікті ашса, Мен оның жан-дүниесіне кіре-

мін...“ Неліктен Ізгі хабарды уағызыдау жүргізіліп жатқа-
нын білесіздер ме? Біз Исаңың сіздердің жүректеріңізге
кіруі үшін, Оған көмектессек дейміз. Киелі кітапта
былай жазылған: „Оны қабылдағандарға Құдай баласы
булуға өкілдік берілді“. Сіздер өз жүректеріңізді ашула-
рыңыз керек!

Ал үшінші рет – ол осында, осы жерге салтанатпен
келеді. Көрдіңіздер ғой, – қандай жүйелілік. Сол уақыт-
ка дейін біз өкіметтің барлық түрін: конституциялық
монархия мен абсолютті монархияны, президенттік де-
мократия мен халықтық демократияны, диктатура және
басқаларын бастан кешіреміз. Сонда мұның бәрі де түк-
ке жарамайтынына, біздің көзіміз жетеді. Сонда Иса,
менің Патшам, Өзінің басқара алатынын дәлелдеуі
тиісті?!

2. Исаңың келуі алдында не болуы мүмкін

Киелі кітапта, дүниежүзінің тарихы ғасырлар бойы
дамитыны, содан соң білінбей өзінің ақырына таянатын
уақыт келетіні туралы, айтылған. Бұл мезгілді белгілеу
үшін, мен Киелі кітапта жоқ терминді қолдансам дей-
мін. Бұл кезеңді „акырзаман“, деп атайды. Киелі кітапта,
адамзат алдында түрлі қыындықтар түрғандықтан, жап-
пай қауқарсыздық мезгілі туады, деп жазылған. Ақырза-
манда адамдар сасқалақтайды және не істейтіндерін
білмей, бастарын тауфа да, тасқа да ұрады. Исаңың Өзі
акырзаманның төрт белгісін атады. Оның айтуына қара-
ғанда, акырзаманда саяси түсініксіздік жайлайды. Бұл
былайша болады: „Халық – халыққа, патшалық – пат-
шалыққа қарсы шығады“. Жоғары жалақы алатын дип-
ломаттардың қымбат тұратын конференциялар өткізуі,
бұрын болып көрмеген еді. Бұрын-сонды халық қар-
жысы дәл қазіргідей қару-жарақ үшін жұмсалмаған еді.
Атом қаруына жұмсалған қаржыға ірі қалалар салып,
тұрғын үйі жоқтардың бәрін баспанамен қамтамасыз
етуге болар еді. Бірақ оның орнына: біздің қарулануым-
ыз керек деседі. Ең кішкене мемлекеттің өзі атом бомба-

сына қол созады! Сөйте тұра, адамдар бұрын соңды дәл қазіргідей бейбітшілікке талпынып көрген емес. Біз бейбітшілікті жақтаймыз. Бірде-бір адам соғысты қаламайды. Сөйте тұра, әрқайсысы аласұра қарулануда. Міне, ақырзаман алдындағы саяси былық дегеніміз – осы. Иса атаған екінші белгі – экономика саласындағы дәрменсіздік. Иса: „Аштық пен қырғын болады“, – деп айтқан. Жер бетінде адамдарды тойғыза тамақтандыруға тағам жетеді. Дәл қазіргідей бұрын-соңды осыншама көп экономист-фалымдар болмаған. Ешқашан қазіргідей бұрын-соңды күрделі экономикалық жағдай болған емес. Осыған қарамастан БҰҰ-ның хабарына қарағанда, адамзаттың тең жартысы тоя тамақ іше алмайды екен. Неліктен осындей жоғары өркениетті қофамда барлық адамды тойғызуға болмайды? Алайда бізге мұны жүзеге асыру – қыын. Экономикалық жағынан дәрменсіздік артып барады!

Ақырзаман алдындағы үшінші белгі – Исаның айтуына қарағанда, дін саласындағы ретсіздік. Бұл кезде адамзат алдында бұл жөнінде көп қыншылықтарар тұрады. Иса мұны былайша сипаттады: „Сендерге: Мәсіх – міне, мұнда, немесе анда деп айтады“.

Жақында бір жас жігіт менен: „Шын мәнінде, мен неге сенуім керек? Католиктер, православиеліктер, реформистер, лютерандар, униаттар, методистер, баптистер, құтқару армиясы, елуліктер, иеговистер, жаңа елшілер қауымдары, ислам, буддизм және басқалары бар. Соның қайсысына сенуім керек?“ – деп сұрады. Мен күліп, былай дедім: „Жігітім, үмітінді үзбе, Киелі кітапта бұдан да қын болатыны туралы айтылған“.

Бұл соңғы кезеңнің нышандары. Шайтан Құдай Сөзін түсіне алмаған адамдарды абыржушылыққа салады. Құдай бұған рұқсат береді. „Мәсіх – мында, Мәсіх – анда“. Діни былық – сұмдық. Iрі қалаларда адамдардың бір діни бағыттан екінші діни бағытқа ауысып жатқанын көргенде, денем қорқыныштан тітіркенеді. Сөйтіп, бірде-бір ізгі хабаршының сіздерді құтқара алмайтынын, мен сіздерге айтуға тиістімін. Егер өздеріңіз Құтқарушыға келмесеңіздер, сіздерге ешкім де ешқашан көмектесе

алмайды! Ақырзаман алдындағы төртінші белгі де бар: Жан-жаққа тарыдай шашылған Израиль халқы, тағы да Палестинаға жиналуы тиісті. Мен үшін соңғы кезде жүрек тебірентерлік белгі – Израиль мемлекетінің бар болуы. Кейбіреулер оның бар болуын біздің заманымыздың белгісі деп есептегісі келмейді, алайда мен жуырда Швейцария шекарасындағы кеден жанынан Израиль мемлекетінің рәмізі бар машинаны көргенде, Құдай уәдесінің жүзеге асайын дегені-ау деп, еріксіз ойладым. Бұл туралы автомобильдердің нөмірлік белгілері де күә болғандай!

Әкем айтуши еді, 1899 жылы еврейлерге Мадагаскарда өз мемлекетінің негізін қалау жөнінде ұсыныс беріліпті. Бірақ еврейлер: „Жоқ, бізге Құдайдан уәде етілген жер біреу ғана: атамекен жері!“ – деп айтыпты. Бұқіл әлем: „Ол ешқашан болмайды!“ – деп сәуегейлік жасаған еді. Алайда Израиль мемлекеті орнағанын, қазір бәрі де біледі.

Сөйтіп, соңғы кездерде өрлеуге қарамастан, адамзат өз қынышылықтарын шешуге дәрменсіз болуда. Адамдардың бейшаралығының бет пердесі алынды. Киелі кітапта қай жыл екені анық айтылмаған, бірақ былай деп еске салады: „Қаныда қалмандар!“ Пауыл Исаның шәкірттері не былай деді емес пе: „...жарықта жүе күнде жүресіндер фой. Біз түндікі жүе түнектіні болмағандықтан, басқаларға ұқсан ұйықтан қалмай, сергек жүе салауатты жүрейік“.

Адамзаттың дәрменсіздігі өзінің шегіне жеткенде, Исаның келері алдында, Мәсіхке қарсы шығушы қара күштің уақыты туады. Осы бір уақыт бөлігін мен ақырзаман деп атар едім. Ақырзаманда болатын дәрменсіздіктің біз қазірдің өзінде сезінеміз. Бұл дәрменсіздік күшті басқарушыны керек етеді! Бұқіл әлем қазірдің өзінде осыны талап етуде. Дәрменсіздік өзінің шырқау шегіне жеткен сәтте, өзін әлемді Құтқарушымын деп атаған ұлы да, күшті басқарушы келеді. Бірақ бұл Мәсіх емес – Мәсіхтің жауы.

Киелі кітаптың айтуы бойынша, адамдар арасынан

бір үстем адам шығып, бүкіл әлемге өктемдік жүргізуді қолына алады. Біз оны – Мәсіхтің жауы дейміз. Сөйтіп бүкіл дүние жүзі соның билігінде болатын уақыт туады. Тарихтың осы бір кезеңі – адамның қасарысуышылық көрсетуімен сипатталынады. Бұл – әлемнің өзін саясат және экономикалық бағдарлама арқылы құтқармақ болған, соңғы серпілісі болады. Киелі кітапта соңғы, ұлы үстемдіктің нысаны туралы айтылған. Ол оны бейнелі түрде суреттейді. Мұны түсіну үшін, Киелі Рухқа өзіміздің көзімізді ашуына, біздің ризашылықпен берілуіміз керек. Мен сіздерге осы соңғы жендет билеуші – Мәсіхтің жауы туралы Киелі кітапта не айтылғанын баяндайын. Жохан пайғамбар былай дейді: „Мен теңіз жағасында тұрғанмын. Кенет теңізден көп басты және тәждері бар, сұмдық құбыжық айдан шықты. Оның арандай ашылған ауызы Құдайға тіл тигізіп жатты“. Бұл айбынды бейнені қалай түсінуге болады? Теңіз дегеніміз – адамзат. Теңіз жағасында болған адам, оның тынышсыздығын біледі, ол ешқашан тыныш жатпайды. Адамзат та – сондай. Ол да тыныштықта болған емес. Ол үнемі толқу үстінде жүреді. Сол адамзат түкпірінен әлемнің соңғы билеушісі шығады. Соңғы онжылдықтардағы саяси қайраткерлер де құтқарушылар ролін атқарғаны мәлім. Олардың бәрі де халық арасынан шыққандар: кішкентай корсикандық – Наполеон, дүниежүзілік соғыстың ефрейторы – Адольф Гитлер т. б. Бұлардың бәрі Мәсіхтің жауының ізашарлары. Олардың бәрінің тегі қораш, белгісіз. Соған қарамай, халық: „Олар біздің ортамыздан шықты!“ – деп қуаныса айқайлап жатты. Менің Құтқарушым – Иса Мәсіх халық тобырынан шыққан жоқ, Ол Құдай әлемінен. Ол – тірі Құдайдың Ұлы!

Мәсіхтің жауы – айуан деп аталды. Бұл нені білдіреді? Адам туралы Киелі кітапта былай делінген: „Құдай адамды Өзінің кейіпінде жаратты“. Құдайға жақын болған сайын, мен адам бола түсемін. Ал Құдайдан альстатаған сайын, адам айуанға айналады. Мәсіх жолын куушылықтың нағыз дүшпаны – Ницшенің: „Ақ сары сұмпайы – нағыз мейірбан болады“, – дегені бар. Ол мұны түсінді. Антихрист – Мәсіхтің қас жауы, Құдайдан

толығымен теріс айналған адам болғандықтан, оны айуан – жүрексіз сұмпайы деп атайды.

Көп басты айуан (аждаһа да болуы мүмкін). Бұл нені көрсетеді? Яғни ол аңқау, ақылсыз емес! Оның „арыстанның аузындағы аузы“ бар. Демек, ол бүкіл әлемді на-сихатпен қарқ қылады. Мұндайлар бізде... әр түрлі радио тораптары арқылы сөйледі де. Иә, Мәсіхтің қас жауы келгеннен соң, мағынасыз, миға қонбайтын насиҳат өріс алатынын, көз алдыма келтіремін! Эрине, оның табысқа да қолы жетеді, бұл адамзаттың дүниені өзінің шынайы Құтқарушысыныз, Иса Мәсіхсіз сақтап қалуға тырысқан, ақырғы әрекеті болады. Бұл – адамдардың тәубесіз және жаңарусыз құтқарылып қалу әрекеті болады. Барлық мәселе өз шешімдерін табатыны – сөзсіз.

Мәсіхтің жауы біртұтас бүкіл дүниежүзілік мемлекет құратындықтан, саяси қыншылықтардың шешімін табады. Экономикалық қыншылықтардың түйіні де шешіледі. Әрбір адам тағам карточкасын алады. Дін мәселесі де өз шешімін табады. „Мен әлемді Құтқарушымын, – дейді Мәсіхтің қас жауы, – маған табыныңдар!“

Заманымыз осы ақырғы шегіне қарай зымырап бара жатқанының күесі болу – қандай сұмдық.

Сол кезде бүкіл әлем Мәсіхтің қас жауына бағынады, Мәсіх жолын қуушылар ғана: „Біз саған бағынбаймыз!“ – дейді. Әркімнің мандайында сызығы болуы тиісті болады. Бірақ Мәсіх жолын қуушылар ғана былай дейді: „Жоқ! Біздің бір ғана Құтқарушымыз бар, ол – Иса!“ Содан кейін оларды қудалау басталады. Киелі кітапта былай делінген: „Кімде-кім бұл сызықты салғызбаса... ол сата да, сатып ала да алмайды“. Осыдан 150 жыл бұрын жазушы Ауберлен: „Әзірше бұл – бізге жете түсінікті емес, уақыты келгенде бәрі де алақандағыдай айқын болады“, – деп жазған еді. Ал қазір бізге бәрі де түсінікті. Бізге мұндай мемлекеттер де таныс. Мекенжайға орналасу туралы рұқсаты жоқ, нан карточкасы мен еңбек кітапшасы жоқ адам туралы айтқанда, біз оның не екенінің бәрін біліп отырамыз. Эрине, ол неге сенсе де, сене берсін, бірақ отаны мен құқы жоғы – рас. Мұндай біздің ортамызда да болып тұрады.

Осындайды оқығанда мен: „Киелі кітап ескірді деп есептейтіндер бар-ау арамызда“, – деп ойлап, есенгіреп қалғандай боламын. Алайда Киелі кітап ескірген жоқ, біздің дүниетанымымыз ескірген. Киелі кітап дегеніңіз – болашаққа жол бастаушы фой!

Мәсіхтің қас жауы шынайы Құтқарушыны, Иса Мәсіх Тәңірімді танудан басқаның бәріне рұқсат береді. Осы себептен де Мәсіх жолын қуушылардың соңына шам алып түсетін, тағы бір үлкен кезең туусы ықтимал.

Мен бірде осы туралы балаларыма айтқанымда, кіші қызым жылап қоя берді. Мен одан: „Балақайым менің, сен неге жыладың?“ – деп сұрадым. Ол солқылдай отырып, былай деді: „Мұның кез келген уақытта басталуы мүмкін фой“. – „Иә, мүмкін“, – дедім мен. „Ал егер мен өз Құтқарушыма сенімді бола алмасам, онда не болады?“ – деді ол өксігін баса алмай. – „Бұл – сұмдықтың қара басы болар еді, – деп жауап бердім мен оған. – Бірақ саған керегі – тек біреу ғана: дәл қазір сен Оның жағында тапжылмай тұруың керек“. Бұл күні ертең де болуы ықтимал. Онда біздің Исаны табу мүмкіндігіміз болмайды. Онда Құдайға құлшылық етілмейді де. Бүкіл ғибадатханалардың қоңыраулары Мәсіхтің қас жауына ескерткіш орнату үшін, балқытылып құйылады. Ғибадатханалар – билеуші Мәсіхтің жауының жас шағын бейнелеген суреттер қоятын, мұражайға айналады. Адамдар көңіл жұбанышын сағынады. Онда жұбатушы болмайды, өйткені олар бір ғана Жұбатушыны – Исаны жаратпады фой. Мен Еремия пайғамбардан мына сөздерді оқығаным бар: „Сендер Мені қабылдамадыңдар, – деді Тәнір, – сондықтан сендерге енді Жұбатушы болмайды“. Сонда ешқандай жұбатушысыз адамдар біріне-бірі тәуелді болады. Мен, тіпті өлуге тиісті болғанның өзінде, Мәсіх жолын қуушылар – бақытты жандар деп есептеймін. Осындай сұмдық уақытта да олардың Исадай Жұбатушысы бар!

Мені Исаның: „Адамдардың әлемге төніп тұрған ала-пат пен апатты тосудан зәрелері ұшып, өледі“, – деген сөзіabyржытып-ақ таstadtы. Жоханның Аянында да: „Мәсіхтің жауы әлемді үрлемелі мыс аспаптарының әуе-

німен және жалауларымен толтырады“ – делінген. Мен мұны: „Қалай түсінуге болады“, – деп ойладым. Бір жағынан, алда болар алапат пен қорқыныш туралы айтылса, екінші жағынан үлкен жетістік жөніндеге еске алынады. Бірақ 1933 жылдан бастап білетінім – әлемнің күттіқтау ұрандарға, үрлемелі аспаптар әуеніне, тулаарға толатыны мүмкін екені рас, сонымен бірге алда не болар екен деген үрей билейтіні де – шындық.

Бірақ Мәсіхтің жауы даңқтың шырқау биігіне көтеріліп, Исаны жеңілді деп, жеңісін мерекелеген шақта, оқиғаға Құдай араласып, Иса Өз даңқымен келеді! Мәсіхтің жауы туралы бұдан былай әңгіме болмайды. Ол Иса аузының лебі арқылы жер бетінен жойылады!

Уақытты қараңғы қапас тұмшалаған сайын, адамдар мен Мәсіхтің жауының мемлекетінің дәрменсіздігі айқындалып, Киелі кітапты оқығандардың жүздері жарқырап, беделдері биіктей береді. Олар Исаңың келуін күтеді!

3. Иса келгеннен кейін, не болмақ?

Киелі кітапта тағы бірнеше ірі оқиға әңгімеленеді. Біріншіден, Иса бұл жерде мың жыл патшалық құрады делінген. Бұл – әрине, бейнелі түрде айтылған, бұл – жалпы Иса ұзак уақыт билік жүргізеді деген сөз шығар. Оқиғаның кезектілігі мынандай: алғашында адамзаттың толықтай дәрменсіздігі айқын болады; содан кейін адамдардың қажырлы күшін салуларамын, әлемді сақтап қалудың соңғы әрекеті жасалады; бұдан әрі менің Патшам үстемдік етеді. Ал Ол басқара алады! Мен сіздерден Иса басқаратын отбасына баруларыңызды сұрап едім. Иә, Иса патшалық еткен үйлер, қазірде де бар. Осында үйге кіргенде, сіздер бірден басқа бір дүниеге енгендей сезінесіздер.

Мен бір жас жұбайларды білуші едім. Бірде күйеуі маған мына жайды айтып келіпті: „Мен Құдай алдында тізе бүгемін. Бұған дейін мен Құдайды мойындармай келген едім, мен Оған ашықтан-ашық қарсы шыққанымды

жасырмаймын. Алайда бұдан әрі бұлай өмір сүре алмаймын!“ Оның жас отбасы күйрекені белгілі болды. Ол былай деді: „Мен онсыз-ақ бақытты ұяжай тұрмысын құруға болатынын, бүкіл әлемге дәлелдеуге тырыстым“. Бірақ бәрінің астан-кестеңі шықты. Ерлі-зайыптылар тұңғыштарының мәйіті жанында тұрып, төбелескен. Енді ол: „Құдай бізге қарсы болды. Мен ақ туды көтеремін“, – деп мойындарды. Оның баласын жерлеуге мен өзім қатыстым, бұл – жүрек тебірентерлік болды. Ортада – бала жатқан табыт. Қарсысында – жас, көрікті, бірақ та қатыгез әйел өзінің сыйбайластарымен бірге тұрды. Екі дүние, екі топ, ал олардың арасында – өлген бала. Эйелі де Иса Тәнірге сенгенге дейін, арада бір жыл уақыт өтті. Құтқарылу мейрамы күні, менің бұл әйелден: „Ол менің де жүрегімде тірілді!“ – деп жазған хатын алғанымды, ешқашан ұмытпаймын. Осыдан кейін олар тағы да қосылды, өйткені олар бұрын шын некеге отырмады фой. Олар жаңа өмір бастады. Бұлар өз бетімен күн көре алатын, ақылды адамдар еді. Енді олардың өмірі өрге басты. „Бұрын біздің тұрмысымыз жараса қоймаушы еді“, – деді үй иесі. „Ал енді қазір бәрі неліктен жақсы болып кетті?“ – деп сұраймын мен. Ол оған қуана былай жауап берді: „Өйткені, қазір бізді Мәсіх баурап алған. Енді менің әйелім өз еркін орыннатам деп, әлекке түспейді. Мен де еркекпін деп, еркінсімеймін. Енді біз „Исаға не үнайды?“ – деген сұрақ төнірегінде күй кешудеміз, сондықтан бәрінің де сәті түсude!“ Сонда маған мына бір ой келді: егер Иса осы үйді жақсы басқарса, онда Ол бүкіл әлемге билік жүргізгенде – ғажап болуы тиісті фой! Мың жылдық Патшалық дегеніңіз – тамаша болады! Исаңың Патша болғанын, көз алдарыңызға келтіріңдерші! „Оғажап күн, күн қайда болса – Сен, Иса, сондасың!“

Бақытты адамзат Исаңың Патшалығы дәуірінен кейін олардың жүректері шынымен жаңарды ма екен деп, тағы да сынаққа түседі. Шайтан еркіндікке шығады, сонда адамның жүрегінің өзгермегендігі, адамзат бұрынғы күйінде қалғандығы белгілі болады. Киелі кітапта, бұл – Құдайға қарсы қолданылған ең соңғы бұлік болатыны, атап көрсетілген. Сонда барып ақырзаман келеді. Күн

жүйесі жарылады. Аспан мен жер жоғалып кетеді. Кітапта былай деп айтылған: „Сонда мен ұлы ақ тақты және оның үстінде Отырғанды көрдім... Сонда мен Құдай алдында тұрган, өлгендердің кішілерін де, ұлыларын да көрдім, сөйтіп кітаптардың беттері ашылды... Ал кімнің есімі өмір кітабында жазылмаса, сол отты көлге тасталынады“.

Бірде маған: „Егер бәрі жойылса, тақ қай жерде тұр-мақ?“ – деген сұрақ қойылды. Мен бұған былайша жауап бердім: „Ең әуелі Өзіңіздің тақ алдында қалай тұратыныңыздың қамын ойлаңыз!!!“ – дедім. Өйткені, өлуге болады фой. Мен бұл аңы ақиқаттың Киелі кітапта жазылмағанын қалар едім. Амал не, мұндай үрейлі қауіптілік бар: біз мәңгілікке өлуіміз мүмкін!

Осы жөнінде мен бір оқиғаны айтайын. Шотландияның бір қорғанында белгісіз қауым жиналды. Олар Мәсіх жолын қуушылық туралы әңгіме өрбітеді. Бәрі де от жаңып тұрган каминде қоршай жайғасқан. Сыпайы, егде тартқан мырза үй иесі әйелге: „Сіздің сөзіңізден аңғарғаным, сіз – Мәсіх жолын қуушы екенсіз. Киелі кітапта жазылғаның бәріне шын мәнінде сенесіз бе?“ – дейді. – „Иә!“ – „Өмір кітабына есімі жазылмағандардың бәрі де, тозаққа түсетініне де ме?“ – „Иә, мен бұған да сенемін!“ Сонда бұл мырза орнынан тұрып, залды кесіп өтті. Бұрышта ішінде тотықұс отырған тор ілулі тұратын. Ол осы құсты тордан алып, отқа тастамақ ниетпен, каминге тақап келді. Әйелді қорқыныш билеп: „Сіз не істегелі тұрсыз? Бейшара құсым!“ – деп әлгі мырзаның алдын кескестейді. Мырза күліп: „Міне, көрдіңіз бе, сіз бейшара құсты аяйсыз. Ал сіздің Құдайыңыз миллиондаған адамды тозаққа тастайды. Сүйіспеншілік еткен Құдайдың ісі – күлкілі емес пе!“ – дейді. Бір сәт тыныштық орнады, содан кейін әйел: „Сіз қателесесіз! Құдай ешкімді тозаққа тастамайды. Біз өзіміз өз еркімізben соған асығудамыз. Құдай барлық адамның құтқарылуын қалайды!“ – дейді.

Киелі кітап сұрапыл соттың жан түршігерлік суретін көрсетеді. Біз Құдай сотын көреміз: „Сонда мен Құдай алдында тұрган, өлгендердің кішілері мен ұлыларын көрдім“.

Адам сот туралы бұл хабарды теріске шығарып: „Бұл – шын емес!“ – дейді. Менің бір жас досымнан бірде фабрикада былай деп сұрапты: „Сен сол сұмдық сотқа шынымен сенесің бе?“ – „Иә, сенемін“. Отыргандар оны әжуалап: „Тыңдаң көрші! Қазір жарық дүниеде қанша адамдар тұрады? Ал бұрын қаншасы өмір сүрді? Енді мынаны ақылға салайық, осылардың әрқайсысы жеке-жеке сот алдына барады делік. Сонда бұл сотқа қанша уақыт керек болар еді, соны ойластырышы!“ Бірақ бұған жас жігіт былайша жауап беріпті: „Бұл сәт туғанда, әрқайсысының уақыты жеткілікті болады. Өйткені, бұдан басқа айналысатын істері болмайды фой!“

Иә, Құдайдың ол кезде уақыты жеткілікті болады. Және Құдай әрқайсымызды жеке-жеке тергейтіні, Оның ниеті біз үшін елеулі екенін, тағы да айқын көрсетеді. Ол Өзінің Ұлын өлімге қиғаны да, бұған дәлел бола алады. Сіз күнә мен жеңілтектікке салынып, өз өміріңізді ысырап етіп жүрсіз, ал мұндағы Құдай қатаң қарайды.

Киелі кітапта болашақ туралы баяндау: „Мен әділдік үстемдік құрған жаңа аспан мен жерді көрдім“, – деп аяқталады. Киелі кітап жаңа өмірді бейнелеп көрсетеді, бірақ осының бәрінде ең басты ой: Құдай мақсатына жетті. Бұл жаңа дүниеде Өмір Кітабында жазылғандардың бәрі болады, бұлар Оған, Құдай Ұлына ұқсас болады. Бұл – полициясыз, түрмесіз, сотсыз, шайтансыз, соғыссыз, ауру-сырқаусыз, күнәсіз, өлімсіз әлем болады! Бұл жөнінде өздерінің Аянның тамаша 21 және 22-ші тарауларын оқыңыздар. Бұл жарқын суреттер (бейнелер) біздің ақылымызға симайды, өйткені, бізге танысы – тек күнәкар өлім мен қайғы-қасірет жайланаң дүние гой. Мен Құдайдың осы жаңа әлемінде тұрсам деймін! Ал сіздер ше?

4. Не олай – не былай!

Мен барлық айтылғандарға қорытынды жасағым келеді. Білесіздер ме, Киелі кітаптың осы қорытынды бейнелеуін одан әрі зерттеген сайын, мен ең ақырында тек

адамдардың екі тобы: құтқарылғандар мен өлгендер болатынына, көзім жетті. Егер сіздер қазіргі әлемде Иса туралы ойлайтындар сирек деп айтсаңыздар, мен былайша ғана: өлгендер өте көп болады деп, жауап берер едім. Біздің әкелеріміз Құдайға былай деп сыйынатын: „Егер Сені қаламайтындар көп болса да, мені азғаналардың арасында үйіңе кіргіздіре гөр!“ Ақыр аяғында тек құтқарылғандар мен күнәкарлар қалады. Мен тағы мынаны айтсам деймін.

Ең алдымен мен сөзімді күнәкарларға арнаймын. Менің досым Пауль Гумбургтың бірде былай дегені бар еді: „Мен түсімде Сот Күнін көрдім. Исаңың күнәкарларға: „Қарғыс атқандар, Менен аулақ кетіңдер!“ – дегенін естідім. Киелі кітапта солай жазылған. Мен олардың: ұнжырғасы түскендердің, үрейі ұшқандардың, ашынғандардың кетіп бара жатқанын көрдім. Содан соң олар бір-бірінен мынаны сұрасып жатқанын байқадым: „Сен көрдің бе? Бізді қабыл алмаған қол – тесілген ғой! Оның қолы біз үшін айқыш ағашта тесілді, ал біз болсақ Оған ешқандай мән бермедік. Енді біз – шын мәнінде, күнәкар, өлген адамдармыз!“

Мынаған көңіл аударыңыздаршы, Ол жеке сіз үшін де өлді! Сіздер бұған сенесіздер ме, әлде жоқ па, оның қажеті шамалы. Сіздер Исаңың өздеріңіз үшін өлгенін білсеңіздер – болғаны! Тәңірге барыңыздаршы! Ал егер сіздер өздеріңізді күнәкармын деп санасаңыздар, тіпті жақсы, Ол күнәкарларды іздеуде, өйткені күнәсыз адам – жоқ. Егер кімде-кім өзін күнәлы емеспін десе, бұл – барып тұрған өтірік. Мұндай адамдар түбірінен қателеседі, тіпті олар өздерінің өлім қалінде екендерін, байқа майды да.

Енді мен сөзімді құтқарылғандарға арнаймын. Мынаған назар аударыңыздаршы: Киелі кітапта болашақ әлем туралы былай делінген: Жаңа Иерусалимнің негізінде 12 аса ірі, асыл тас бар. Олардың бетінде Ізгі хабардың куәлары – 12 елшінің аттары жазылған. Мен мұны былайша көз алдыма елестетемін: „Петір, Жохан, Жақып“ – деп жазылған. Оның біреуінде – „Матай“ деген жазу. Ал Матайдың қайдан келгенін, сіздер білесіздер ме? Бұл –

барып тұрған алыпсатар, алаяқ, баукеспе ұры болатын. Ол бірде осындай арам іспен шұғылданып жатқан сәтте, жанынан өтіп бара жатқан Иса, оны Өзімен бірге жүргүре шақырды. Сонда Левий (оны бұрын солай атайдын) бәрін тастап, Исаңың соңынан ілеседі. Ол Құтқарушының өзі үшін өлгенін, өліден қайта тірілгенінің, көрінбейтін дүниеге оралғанының және Киелі Рухты жібергенінің куәсі болды.

Кейін достары оған былай деген көрінеді: „Сен Иса мен көп уақыт бірге болдың, көргеніңдің бәрін жазсаңшы!“ Ол осыны орындалды. Сөйтіп, Матаидың Ізгі хабары дүниеге келіп, ол Киелі кітапқа енді, сол арқылы миллиондаған адамдар Исаңы тауып отыр. Оның жаңа аты „Матай“, бір кезде Иса жаман істен азат еткен Ізгі Хабардың туындыгері, жаңа дүниеде беделді орында тұр. Иса Мәсіхтің түсірген шапағаты – осындай ұлы! Ол – осындай құтқарушы күшке ие!

Міне, осындай шапағат сізге де тұсуге дайын тұр! Қарсы болмаңыз! Әңгіме сіздің ғасырдан ғасырға құтқарылуыңызда болып отыр!

ҚҰДАЙҒА ӨЗ ӨМІРІМІЗДІ АРНАҒАНДА, БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗ НЕГЕ ЖЕТЕДІ?

Бұл діни жетекші Буштың 1966 жылғы 19 маусымда Рюген аралындағы Засница қаласында оқыған соңғы дәрісі. Осы ізгі хабарландыру қызметінен қайтар жолында, яғни 1966 жылғы 20 маусымда, Тәнірім оны Өз үйіне шақырып алды.

Біздің тақырыбымыз: „Құдайға өз өмірімізді арнағанда, біздің қолымыз неге жетеді?“ – деп аталады. Біз сауалды былайша: „Мәсіх жолын қуушы болу керек пе?“ – деп қоюымызға да болады. Бұған мен жауапты Киелі кітаптағы жыр арқылы берейін. Ефестіктерге жолдау хатында Пауыл былай деді: „Тәніріміз Иса Мәсіхтің Әкесі – Құдай мадақталсын. Ол бізді Мәсіх арқылы жарылқап, көктегі әрқылы рухани игіліктерді сыйлады“. Бұл сөздер, Мәсіх жолын қуушылардың Иса арқылы қолдары жеткен Құдайдың шапағатына бай екенін, дәлелдейді. Мен бұл туралы айтпас бұрын, тақырыпты ашу үшін, бірқатар алғы шартты түсіндіруім керек. Ең алдымен айтарым мынау:

1. Құдайға арнаған өміріміз қиял емес!

Иә, Құдайға арнаған өміріміз – бұл бізді соған сендіру немесе қиял емес! Мен мұны сіздерге түсіндіріп бергім келеді.

Ірі қаланың діни жетекшісі түрлі-түрлі қызықты кездесулерге тап болады. Мәселен, мен жақында бір жас жігітті кездестіріп, оған былай дедім: „Егер сенің өмірің Құдайға арналған болса, сенің көп нәрсеге қолың жетер еді!“ – „Ай, діни жетекші Буш, – деді ол, – аспанда шарықтамай, жерге түсінізші!“ Сіздерге бұл сөздің астары түсінікті ме? Ол бұл сөз арқылы: „Құры босқа қиялдама! Құдай жоқ қой!“ – дегенді айтқысы келді. Мен оған былай жауап бердім: „Сенің маған айтып тұрганың, мен

үшін соңғы хабарлар“. – „Мынаны ұқыптап тыңдап алышызы, – деді ол, – бұрын адамдар өздерін табиғаттылысымы алдында дәрменсізбіз деп сезінетін, сондықтан өздеріне көмектесе алатын қуатты құشتі ойлап тапты. Біреулері оны Алла-тағала, екіншілері – Құдай, үшіншілері – Иегова, төртіншілері – Будда, бесіншілері – тағы бірдеңе деп атады. Ал шын мәнінде, мұның бері – бос иландыру, аспан бос екені айқындалды“. Сөйтіп осы бір жас жігіт маған тамаша дәріс оқыды. Ол ойын аяқтаған соң, мен оған қарсылық білдіре, былай дедім: „Ah, достым менің, сен Исаңы білмейсің мой!“ – „Иса! – деп сұрады ол, – бұл да – көп діннің бірінің негізін салушы емес пе?“ – „Жоқ! Бұл – адасушылық! – деп түсіндірдім мен оған. – Бұл – барып тұрған өрескел қателесу, достым менің! Мен саған Исаңың кім екенін айтайын. Исаңы білгенімнен бері, менің тірі Құдайдың барына, көзім жетті! Исасыз біз Құдай туралы ештеңе білмеген де болар едік!“ Содан соң мен оған Исаңың кім екенін түсіндірдім.

Иса дегеніміз – кім? Мен мұны сіздерге мысал арқылы түсіндірейін. Білесіздер ме, мен өз өмірімде көпті басымнан кешірдім. Менің тұрмеге жиі түсуіме тұра келді, бірақ күміс қасық ұрлап түскен жоқпын, сенімім үшін отырдым. Үшінші рейх кезінде нацистер мен сияқты жастар діни жетекшісін ұната қоймады, сейтіп, олар мені ең жексүрын абақтыларға қамады. Бірде мен тіпті сорақы тұрмеге түстім. Үйдің бері бетоннан құйылған, қабырғаларының жұқалығы сондай, төменде кім жөтелсе немесе үшінші қабатта кім сәкіден құлап түссе, бері естіліп тұратын. Мен өте тар болмеде отырып, гестапо тұтқындаған жаңа бір тұтқынның көрші камераға қамалғанын естідім. Ол адам, шамасы, өте ашынған болуы керек. Оның түнде жылағаны жұқа қабырғадан естіліп тұрды. Мен оның сәкі үстінде қалай аунап жатқанын да естідім. Оның өксіп жылағаны жиі естілуші еді. Ереккітің жылағаны – сұмдық қой. Күндіз бізге сәкі үстінде жатуға рұқсат етілмейтін. Оның ерсілі-қарсылы жүргегінін байқадым: екі жарым адым алға аттайды, екі жарым адым кейін қайтады; ол өз камерасында торға түскен

аңша аласұрды. Кейде оның ыңырысиганы да естіліп тұрды. Ал менің камерамда Құдай тыныштығы орнаған! Білесіздер ме, менің камерама маған Иса келді! Менімен іргелес жатқан кісінің қандай халде екенін білгеннен кейін, мен: „Менің оған баруым керек! Менің онымен сөйлесуім керек! Ақыр аяғында, мен – діни жетекшімін ғой!“ – деп түйдім. Мен күзетшіні шақырдым. Ол келгенде, мен оған былай дедім: „Менімен іргелес жатқан адам өте ашынған екен, оның ашынғандығы сондай, өліп кетуі мүмкін! Мен – діни жетекшімін, оған баруға рұқсат етіңізші! Менің онымен сөйлесуім керек!“ Ол: „Мен барып сұрап келейін“, – деп кетті. Бір сағаттан кейін оралып: „Рұқсат бермеді! Қабыл алынбады!“ – деді. Сөйтіп, мен ол адамды ешқашан жақыннан көрген емеспін. Ал ол маған жақын жерде. Ол – жас па, кәрі ме, оны білмеймін. Мен тек оның қатты ашынғанын білемін. Сіздер осыны көз алдарыңызға әкеле аласыздар ма? Мен талай рет қабырғаға таяу тұрып: қабырғаны бұзуды білсем, оған барап едім-ау деп ойладым. Бірақ қабырғаны қирата алмадым, тіпті бұған бар күшімді салсам да, оны жасай алмас едім.

Ал енді мынаған мұқият, ден қойып тындаңыздар! Аспан мен жерді Жаратушы тірі Құдай да сол мен күй кешкендей жағдайда. Біз көзімізге көрінетін үш өлшемді дүниеде қамалғанбыз. Құдай біздің жанымызда. Киелі кітапта: „Сен барлық жағымнан мені қоршағансың“, – делінген. Құдай бізге қол созым жерде, бірақ екі арада басқа өлшемдегі қабырға тұр. Міне, Құдай жердегі барлық күйінішті көріп, естіп тұр. Ол қиян-кескі ұрысты, жеке адамдардың жылағанын, табыт қасында тұрғандардың өкінішін, әділетсіздіктен жапа шеккендердің күйзелісін естиді. Осының бәрі, менің камерама сол бір ашынған адамның күйзелген дауысы естілгеніндей, Құдай жүргегіне жетіп жатыр. Сіздер көз алдарыңызға елестетіңіздерші – мен істей алмағанды, Құдай істеді: Құдай екі арадағы қабырғаны қиратып, Өзінің Ұлы Иса арқылы біздің дүниемізге енді! Сіздер түсініп отырсыздар ма? Өзінің Ұлы Иса арқылы Құдай осы былыққа толы ашынған дүниедегі біздерге көніл аударды! Сөйтіп,

Исаны білгеннен бері, мен Құдайдың тірі екенін білемін. Мен әдетте былай деймін: „Иса келгеннен кейін, Құдайды теріске шығару – тек мағлұматсыздықтың ісі“.

Енді мен Иса туралы әңгімелейін. Өз дәрістерімде мен тек Иса туралы шын көңілден айттар едім, бірақ бұл тамаша тақырыпты толықтай ашу үшін, көптеген кештер де жетпес еді.

Сөйтіп, Иса Бетлехемде туды, Ол өсіп, ер жетті. Сырттай қарағанда, Одан Құдай даңқы көрінбейтін. Сонда да Оған адамдардың аңсары ауды. Олар Сол арқылы Құдайдың сүйіспеншілігі мен шапағатының келгенін сезді.

Иса, Израиль халқы қофамының бір мүшесі ретінде, өмір сүрген Ханақан жерін Рим әскерлері басып алған еді. Капернаум қаласындағы гарнизонның комендантты – Римнің әскери басшысы болды. Римдіктердің көп құдайлары болғанымен, шын мәнінде, олар олардың бірдей біреуіне сенбеді. Осы Капернаумдегі римдік әскери басшының өзіне аса жанашыр деп жүрген бір қызметшісі қатты науқастанып, өлім халінде жатты. Ол шақырган дәрігерлердің ешқайсысы оған көмектесе алмады. Енді қызметшісінің өлетініне оның көзі жетті. Сол сэтте оның есіне мына бір жай түсіп, ол: „Мен Иса туралы көп естіп едім фой. Мүмкін сол көмектесе алар? Соған барып көрейінші!“ – деді. Міне, сөйтіп, Құдайға мұлдем сенбейтін адам, Исаға келіп, Одан былайша өтінді: „Иса Тәңірім, менің қызметшім ауырып жатыр. Сен оны емдей алар ма екенсін?“ – „Жарайды, – деп жауап береді Иса, – Мен сенімен барайын!“ Алайда әскери басшы айтады: „Оның қажеті бола қоймас. Менің бұйрықтарым дерек орындалады. Сол сияқты, Сенің де аузыңдан сөз шықса, қызметшім сау-сәламат айырып кетер“. Басқаша айтқанда, Құдайға иланбайтын мына римдік әскери басшы мынандай ойды білдірді: „Сен мүмкін болмайтынды раска шығарасың! Сен – Құдай ісін жүзеге асырушысың!“ Иса бұрылып: „Мен Израилдің өзінде мұндай сенімділікті таба алмадым“, – деді. Бұл сөздің мәнісі: мына атеистің сеніміндей сенімді, бүкіл қауымнан кездестірмедім“, – дегені. Көрдіңіздер фой, Құдайға нанбайтын мына әскери басшы, Иса арқылы бізге Құдайдың келгенін түсінді!

Сіздер Иса Мәсіх туралы тарихты білуперіңіз керек! Мен сіздерден өтінемін, мен сіздерден жалынып сұраймын: Жаңа Өсиетті алыңыздар. Жоханның Ізгі хабарын оқыңыздар, содан кейін – басқасын, солай – әрі қарай жалғастыра беріңіздер. Бұлар – Иса жөніндегі тамаша тарихтар! Жаңа Өсиетте жазылғандай тамаша тарихты мен бірде-бір көркемделінген журналдардан әлі кездес-тіргенім жок.

Алайда, Құдайдың Ұлы Иса әлемге тек осы бір қызыметшіні сауықтыру үшін, сөйтіп Құдайдың барын растау, дәлелдеу үшін келген жоқ. Ол адамдарды Құдаймен татуластыру үшін келді!

Міне, байқадыңыздар ғой, Құдай мен біздердің арамызда басқа өлшемдегі қабырға ғана тұрған жоқ. Құдай мен сіздердің, Құдай мен менің арамда басқа да бір қабырға, атап айтқанда, біздің күнәмьыздың қабырғасы көтерілуде. Бұрын-соңды өтірік айтып көрдіңіздер ме? Міне, осы арқылы сіздер Құдай мен өз араларыңызда тағы да бір тасты қаладыңыз деген сөз. Егер сіздер бір күнді Құдайсыз, дұғасыз өткізсеңіздер – тағы да бір тас қостыңыздар. Тазасыздық, зинақорлық, үрлық, жексенбі күнді қастерлемеу және сондай мындаған ұсақ-түйек, өсиетті бүрмалау мен аттап өту – осының бәрі құрылышқа бір-бір тастан қосады. Сөйтіп, бәріміз болып, Құдаймен екі араны бөлөтін қабырғаны қаладық. Бірақ Құдай – киелі Құдай. „Құдай“ деп атағанның өзінде, менің күнәм мен менің кінәм жөніндегі мәселе қалқып шыға келеді. Бұл мәселе шешімін күтеді! Құдай әрбір күнәға байыппен қарайды! „Мен Оған әлі де сенгенім үшін, Құдай қалай қуануға тиісті“, – деп есептейтін адамдарды да білемін. Сүйіктілерім менің, бұл – жеткіліксіз! Шайтан да Құдайға сенеді! Ол тіпті де атеист емес. Ол Құдайдың тірі екенін жақсы біледі. Бірақ ол Құдаймен тату емес. Құдаймен екі арадағы менің күнәларым мен кінәларымның қабырғасы жойылғанда ғана, мен Құдаймен тіл табыса аламын. Иса да осы үшін келді. Ол біздің кінәмьыздың қабырғасын қиратты! Сол үшін Ол айқыш ағашқа шегеленуге ықтияр болды. Күнә үшін не адамдардың, не Өзінің жазалануы керектігін, Ол біл-

ді! Сіздер тындал отырыздар ма: не Вильгельм Буш, не Иса! Сонда Ол, тірі Құдайдың жазықсыз Ұлы – Иса Мәсіх – менің жазамды өтеді! Сіздердің де!

Енді мен сіздердің көз алдарыңызға айқыш ағашқа керілген Иса Мәсіхті әкелейін. Бұл – мен үшін ең қымбат бейне. Міне, Исаңың араласуымен Құдай қабырғаны қиратып, біздің қайғы-қасіретке толы дүниеге келді. Сөйтіп Иса – айқыш ағашта ілулі тұр. Ол туралы Киелі кітапта: „Тәңірім Оған бәріміздің күнәмізды артты“, – делінген. Ол – айқышта керіліп тұр. Барлық күнә тасын, біздің күнәларымыздың тасын иығымен көтерген Ол, ілулі тұр. Ешқайсымыз атқара алмайтын істі атқарған Ол, ілулі тұр. Ол біздің күнәларымыздың тастарын алып, тазалауда. Бұл туралы Киелі кітаптан өздеріңіз оқыңыздар. Осында, айқыш ағашта: „Біздің әлемнің жазасы – Соның үстінде“, – деген сөз жүзеге асуда.

Мұны басқаша түсіндіріп беруге рұқсат етіңіздер. Швейцарияда менің жақсы досым бар, ол екеуміз жи саяхатқа шығатынбыз. Біз бір жерлерде тамақ ішсек, бізге есеп айырысу қажет болатын: „Екеуіңің біреуің төлеуің керек! Қайсыларыңыздың әмияныңыз қалыңырақ?“ Мен әрине: „Досым, бүгін – сенің кезегің. Қалтаңды қақ!“ – деп айта алар едім. Эйтеуір, біреуіміздің төлеуіміз керек қой! Біздің Құдай алдындағы кінәміз үшін, бәріміздің күнәміз бен қылмысымыз үшін біреу төлеуге тиісті ғой! Сіздерге, сіздер үшін күнәны не Иса төледі деп сену керек, немесе оны бір кездері өздеріңіздің төлеулеріңізге тұра келеді. Эйтеуір, әрбір күнә өтеуін талап етеді. Міне, көрдіңіздер ме, Иса маған осы үшін қымбат?! Ол мен үшін төледі, сондықтан мен Оның етегінен мықтап ұстаймын!

Алайда бұл Иса табытта қалған жоқ. Жоқ! Бұл – өте тамаша жэйт! Иса өлгеннен кейін, үшінші күні, бір адам терең ой құшағында тұрды. Ол: „Исаға не болды? – деп ойлады. – Енді Ол өлді ғой. Оны тас табытқа қалай салғанын, бейіт аузын таспен жапқанын, мен өз көзіммен көрдім. Ол – Құдайдың Ұлы ма еді, әлде жоқ па?“ Бұл адамның есімі Тома еді. Ол осыны ой елегінен өткізіп тұрғанда, оның достары оған қуанышты хабарды әкелді:

„Тындашы! Ол – тірі! Неге әлі қайғырып тұрсың? Ол – тірі!“ – „Кім – тірі?“ – „Иса!“ – „Бұлай болуы – мүмкін емес!“ – „Сөйтсе де, біз табыттың бос екенін көрдік! Біз – бұған күэміз және ол үшін ант бере аламыз! Біз онымен жолығыстық!“ – „Бұлай болуы – мүмкін бе, – деп ойлады Тома, – біреу өліден қайта тіріле ала ма? Егер бұл рас болса, онда Ол – шын мәнінде, Құдай Ұлы болғаны“. Бірақ Тома шұбәланудан арылмаған адам еді, өйткені, ол өмірінде талай рет алданған, сондықтан бұдан былай өзі көзімен көрмей, ештеңеге иланбайтын. Бірде жолаушылап келе жатып, мен жолсерік әйелмен Иса туралы әңгімелестім, сонда ол айтты: „Мен өзім көзіммен көріп тұрғанда ғана, сенемін!“ Тома да дәл солай ойлады. Ол достарына былай деді: „Егер мен Оның қолындағы шегеден қалған жараны көрмесем, жарасын саусағыммен сипамасам және қолымды Оның қабырғасындағы жараға салмасам, сенбеймін“. Шекірттер оған қаншама айтса да, ол бәрібір: „Иланбаймын!“ – деді. Араға сегіз күн салғанда, ол достарының арасында болды. Сол сәтте олардың арасына Иса келіп: „Сендерге тыныштық тілеймін!“ – деді, содан Томаға бұрылып, Ол былай деді: „Қолыңды созып, Менің қолымды көр; қолыңмен Менің қабырғамды сипала; иланбаушылықты қой, сенуші бол!“ Сонда осы құдіктенуші, бәріне шұбә келтіруші адам, Оның аяғына жығылып: „Тәнірім менің, Құдайым менің!“ – деп дауыстады.

Құдайға арналған өмір – қиял емес екеніне, енді сенген боларсыздар! Біреулердің „Құдай бір жерлерде тұруы мүмкін, ал Оның қандай екенін ешкім білмейді“, – деп айтатыныңдай, Құдай – белгісіз Біреу емес. Тіпті де олай емес! Құдаймен өмір бар екені, Құдай Ұлының жерге келуімен және біз үшін өліп, өліден қайта тірілүімен негізделеді. Сондықтан Құдай туралы мен қазір барлығын айқын білемін.

Тақырыпты анықтап түсіндіру үшін, мен бірінші кезекте, Құдайға арналған өмір – бос қиял немесе еріксіз сендіру емес екенін түсіндіруді ұйғардым. Ал енді мен екінші, алдын ала қойылатын сұраққа жауап беруім кепек, атап айтқанда:

2. Құдаймен бірге болатын өмірді қалай алуға болады?

Адамдар маған: „Діни жетекші Буш, сіз бақытты адамсыз! Менде жоқ бір нәрсе (сенім) – сізде бар“, – деп жиі айтады. Мен сонда оларға былай деп жауап беремін: „Ақымақтық сөзді айтпаңыздар! Сіздер де Оны иемденулеріңгэ болады! Иса сіздерге де қатысты!“ Сонда маған: „Құдаймен бірге өмірді қалай алуға болады?“ – деген сауал қойылады. Бұған Киеle кітаптан накты жауап табасыздар: „Иса Мәсіх Тәңірге сеніңіздер!“

Шіркін, мен сіздерді осы сенімге жеткізе алсам ғой! Бұл үшін сіздерге алдымен „сену“ дегеннің не еkenін түсіндіріп беруім керек. Көптеген адамдар сену деген ұфымға тіпті көрінше қарайды.

Бірде маған Норвегияның астанасы – Ослода дәріс оқуыма тұра келді. Сенбі күні таңертең қайта ұшуға жиналып жатқан едім, өйткені, келесі күні Вуппертальдағы үлкен жиналыста уағыз айтуға тиісті болатынмын. Алайда басынан бастап жолым болмады: тұман тұмшалап, ұшақ бір сағатқа кешікті. Ақыры, ұшағымыз Копенгагенге бет түзеді, сол жерде мен басқа ұшаққа отыруға тиісті болдым. Копенгаген үстіне жеткенімізде, кенет ұшқыш ұшақты Швецияға қарай бұрды. Ол радио арқылы Копенгагенді толықтай тұман басқандықтан, қонуға болмайтынын хабарлады. Біз Мальмаға бет алдық. Маған Швециядағы Мальма қаласына барудың мұлдем қажеті болмаған еді. Мұнда менің істейтін шарапуам да болған жоқ. Маған Дюссельдорфқа бару қажет! Маған Вуппертальда уағыз айту керек. Ақыр аяғында ұшақ Мальмаға қонды, біз әуежайда күтуші жолаушылардың тым көп еkenін көрдік. Ал ұшақтар бірінен соң бірі қонып жатыр. Тек Мальманың әуежайында ғана тұман жоғы белгілі болды. Сондықтан бүкіл ұшақ осында келіп жатты. Бұл – кішкене ғана әуежай еken, күту залында тізе бүгер бос орын жоқ. Мен осында австриялық бір саудагермен таныстым. Екеумізді де: „Бұдан әрі не болар еken?“ – деген мәселе ойландырды. Мүмкін, таң атқанша осылай тұратын шығармыз. Бұлай болса,

аяғымыз да шыдамауы мүмкін фой! Бәрі кейісіп, бір-бірінен сұрасып, әдетте осындай жағдайларда болатынындей, өздерінің пікірлерін білдірісіп жатыр. Бір сэтте радиодан: „Оңтүстік бағытқа бір ұшақ ұшады! Отыратын орын әзірге белгісіз: Гамбургке ме, Дюссельдорфқа ма немесе Франкфуртке ме... Ұшқысы келгендер – отыруға келініздер“, – деп хабарлады. Бұл тіпті белгісіз жағдай еді. Біздің қасымызда тұрған бір әйелдің сол кезде дабырламасы бар ма: „Мен бұл ұшаққа отырмаймын! Мен қорқамын!“ Мен оған: „Қымбаттым! Сіз ұшпай-ақ, осында тып-тыныш қалуыңызға болады фой!“ – дедім. Ал менің австриялық танысым былай деді: „Иә, мынандай тұманда ұшу дегенің! Тым құрыса, қонатын жерімізді де білмейміз!“ Осы сэтте, әлгі айқайлаған әйел мен австриялық маған күдік ұялата бастаған кезде, жанымыздан көк киімді ұшқыш өтіп бара жатты. Оның бет-әлпеті өте байсалды, маған оның бүкіл тұлғасы өз басына алған жауапкершілікті толық сезінгендей көрінді. Сонда мен австриялық танысыма айттым: „Мына ұшқышқа сенуге болады, жүр ұшаққа отырайық! Бұл – жеңілtek адам емес!“ Сөйтіп, біз отыруға бет алдық. Ұшаққа кіргеннен кейін, жер бізге тірек болудан қалды, ұшақ есігі жабылғанда, біз осы кісінің билігіне көштік. Бірақ біз оған имандай сендік. Мен оған өз өмірімді сеніп, тапсырдым. Ұшақ Франкфуртке келіп қонды. Мен үйіме жеткенше, таң атты. Бірақ мен мақсатыма жеттім. Міне „сену“ дегеннің мәні – неде екені! Сену – яғни біреудің ісіне, қылышына илану.

Құдаймен бірге өмір сүруге қалай жетуге болады? „Иса Мәсіх Тәнірге сен!“ Мен „Исаға бар!“ – деп сіздерге айттар едім. Мені түсініп тұрсыздар ма? Ұшаққа отырар алдында, менің байқағаным – австриялық адам бір аяғын ұшаққа салып, екінші аяғымен әуежайды қалғысы келетіндей көрінді. Бірақ бұлай етуге болмайды. Оған біржола әуежайды қалуы, немесе бүтіндей ұшаққа сенуі керек болды. Исамен де жағдай дәл осындай, сіздер бір аяғыңызben Исадан тыыс өмір сүріп, ал екінші аяғыңызben Оған кіре алмайсыз фой. Бұл – мүмкін емес! Иса Мәсіх Тәнірге сеніп, Құдайға өзінді арнау үшін, толықтай

Оған илануың қажет. Мен Оған былай деуім керек: „Құдайым, өмірімді ал: ол толығымен Саған арналған“.

Сіздерден сұрайын дегенім: Құдайдың Ұлынан басқа, кімге тағы да сенуге болады? Дүниеде дәл Исадай маған әлі ешкім жақсылық жасап көрген жоқ! Оның мені жақсы көргені соншалық, тіпті мен үшін өлді. Сіздер үшін де! Дәл Сондай бізді әлі ешкім жақсы көрген жоқ. Ол өліден қайта тірілді. Неліктен мен өз өмірімді Қайта тірілгенге сеніп тапсыра алмаймын? Мұны істемесем, ақымақ болар едім! Өз өмірімді Исаға берген сәттен-ақ, мен Құдайға арнаған өмірімді бастаймын. Бір жырдағы мына сөздер маған аса қадірлі: „Сенбеймін басқаларға, міне, иманым, (Патшам менің, мен үшін қиған жаңын), Сені салам мезбақта (бердім бәрін), қызметшің екенім – Саған мәлім!“ Шіркін, сіздер де осыны айта алсаңыздар фой!

Менің бұған тағы да бірдеңелерді қосқым келеді. Егер сіздер өз өмірлеріңді Исаға арнағыларыңыз келсе, Оған сеніңіздер, бұл туралы Оған айтыңыздар! Ол сіздерге жақын тұр! Ол сіздерді тыңдалап тұр! Оған былай деп айтыңыздар: „Тәңірім Иса, Саған мен өз өмірімді тапсырамын!“ Мен күнекар, Құдайсыз жігіт, Исаға бет бұрып, Оны қабылдағанымда, былай деп дұға оқыдым: „Тәңірім Иса! Енді мен Саған өз өмірімді тапсырамын. Мен қайырымды боламын деп, Саған уәде бере алмаймын. Ол үшін, Сен маған басқа жүрек беруің керек! Менің мінезім қыныр, бірақ мен Саған өз қалпында келемін. Менен Өзіңе лайығын жаса!“ Бұл менің Исаға екі аяғыммен кіріп, менің күнәмді Өз қанымен Өтегенге, өз өмірімді басқаруға тапсырған сәтім еді.

Алайда мұнданай істе алға басу үшін, міндетті түрде үш шартты орындау қажет: Құдай Сөзін оқу, дұға жасау және Құдай балаларымен қатынаста тұруың керек.

Түсінесіздер ме, Иса туралы ештеңе оқымай және естімей жатып, Оған қатысты бола алмайсыздар. Күн сайын 15 минут Киелі кітапты немесе Жаңа Өсиетті мұқият, дұға арқылы оқыңыздар. Түсінбеген жерлеріңіз болса, оған қапаланбаңыздар. Көп оқыған сайын, сіздерге ақиқат беті ашыла береді. Осы Құтқарушыға қатысты екенімді ойлағанда және Ол туралы айта алатынайма,

менің журегім қуанышқа және мақтанышқа толады. Құдайға арналған өмірді алғып қана қоймай, онымен бөлісуге де болады.

Екінші шарт – дүға. Иса сізді естіп тұр. Оған әдемі сөздерді тізбектеудің қажеті жоқ. Бір үй шаруасындағы әйел: „Иса Ием, бұғін мен үшін ауыр күн: күйеуімнің қоңіл-күйі нашар, балаларым тіл алмайды, бұғін кір жуатын күн, осының бәрі үшін, бізге он марка қажет болып тұр. Иса Ием, өзімнің бүкіл ауыртпалық жағдайымды Сенің аяғының астына тастаймын. Менің өмірім Құдайға арналған, сондықтан менің жүргегіме қуаныш сыйла! Бәріне төзе алуыма көмектес! Иса Ием, Саған толықтай сене алатыным үшін, алғыс айтамын!“ – дегеніндегі дүға айтсаныздар, жетіп жатыр. Түсінесіздер ме, жүргегімде не барын, Исаға айта аламын! Мен сондай-ақ: „Тәңірім Иса, Саған бұрынғыдан да бетер қатысты болу үшін, Өзінді жақсырақ танып-білуге мұрсат бер!“ – деп сұрай аламын.

Құдаймен бірге өмір сұрудің үшінші шарты – сөйлесу, пікірлесу. Мұның мәнісі – Исаға қатысты адамдармен араласу. Жақында бейтаныс біреу маған сенімінің артпайтынын айтты. Мен оған Мәсіх жолын қуушылармен араласуға ақыл қостым. Бірақ ол олардың өзіне мүлдем ұнамайтынын жөнінде айтты. Сонда мен былайша жауап бердім: „Ештеңе емес, егер сіз аспанда олармен бірге болғыңыз келсе, онда оған осы жерде дағдылану керек! Құдай сіз үшін ерекше бір Мәсіх жолын қуушыларды жаратпайды мой!“ – дедім.

Жас кезімде мен бір банкирді білуші едім. Бұл өзі егде тартқан мырза болатын, маған жастық шағынан көп сыр шерткені бар. Ол оқу бітіргендеге, әкесі оған жеткілікті қаржы беріп, Еуропаның бүкіл астаналарын аралауға рұқсат етіпті. 18 жасар жігітке осындай мұмкіншілік жасалғанын, көз алдарыңызға елестетіңіздерші. Бұған екінің бірі қызыға да, қызғана қарайды! Міне, сол егде мырзаның маған айтқаны: „Мұндай ірі қалаларда арбаушылар мен азғыруушылар көп болатынын, аяқ астынан күнәға бататынымды, мен білдім. Алайда, мен Исаға қатысты болғым келді, сондықтан да өзіммен

бірге Жаңа Өсиетті ала кеттім. Қонақ үйден шығар алдында, әр кезде Исаның дауысын естіп, Онымен сөйлескім келді. Қайда барсам да, мен Мәсіх жолын куушыларды іздедім. Мен барлық жерде де: Лиссабонда, Мадридте, Лондонда... Исаның шәкірттерін таптым. Бәрінен де қыындауы – Парижде болды. Мен онда Исаға қатысты біреу бар ма екен деп, әуре-сарсаңға түсіп, оларды іздедім. Ақыр аяғында Киелі кітапты оқытын бір етікші барын айтты. Міне осы бір сәнді киінген, сыпайы жас жігіт басқышпен етікші шеберханасына түсіп, одан: „Сіз Исаны білесіз бе?“ – деп сұрайды. Етікшінің көзі қуанғанынан, жайнай түсті. Жас жігіт одан мынаны өтінді: „Әр күні таңертең бірге дұға оку үшін, осында келсем қайтеді?“ Оған ең маңыздысы, осы шын Мәсіх жолын қуушы болғысы келген адамдармен аラласып тұру туралы қойылған – үшінші шарт еді. Сайып келгенде, мен сіздерге, Иса келгелі Құдайға арналған өмір-қиял емес екенине, сіздердің көздерінізді жеткізгім келді. Екіншіден, Құдаймен бірге өмір сұру үшін, Иса Мәсіх Тәңірге сену қажет. Ең сонында, мен енді негізгі мәселеге келдім.

3. Құдаймен бірге өмірден біз не аламыз?

Қымбатты достар! Егер мен Құдаймен бірге өмірден және Исамен қарым-қатынас жасаудан біз не ала алатынымыз жайлы тоқталсам, онда бізге уақыт жетпес еді. Мұның бәрі көп затты қамтиды.

Менің 53 жастағы әкемнің өлім аузында жатып айтқан сөздерін, мен ешқашан жадымнан шығармаймын: „Вильгельм, Исаңың мені өмірімде де және өлімімде де қандай бақытты және шат-шадыман еткенін, достарым мен таныстарыма айт!“ Өмір мен өлім арасында арпалысып жатқан адамның әдемі сөздер мен тіркестер тізуіне шамасы да, мұршасы да жоқ екені белгілі. Ол сондай сәттің өзінде: „Иса мені өмірімде де, өлімімде де бақытты етті“, – дегені, еттен өтіп, сүйекке жеткен жоқ па! Ал сіздің өліміңіз қандай болар екен?

Мен Рур аймағында әлі жас діни жетекші болған кезімде, қызықты бір оқиға болды. Үлкен жиналыста бір ғалым екі сағат бойы „Құдай жоқ“ деген сөзді дәлелдеуге тырысып-ақ бақты. Ол бүл үшін бүкіл білгенін, білімін салды. Жұрт қол шапалақтап: „Ура! Құдай жоқ! Біздің не істесек те еркімізде!“ – десіп жатты. Шешен екі сағаттан кейін сөзін тамамдаған соң, жиналыс төрағасы орнынан тұрып: „Енді пікір таласын бастаймыз. Кімнің сөйлегісі келеді, қолын көтерсін!“ – деп жариялады. Әрине, мұндайда кім белсенділік көрсете алсын? Бәрі де: „Мұндай ғалымға қарсы тұrap кім бар дейсін?“ – десті. Әрине, ғалым сөзіне риза емес көптеген адамдар да табылды. Бірақ, мындаған адам қол соғып, мақұлдан отырғанда, мінбеге кімнің дәті барып, шыға қояды?! Сонда да! Бір қол көтерілді. Артқы жақта отырған кейуана екен, кәдімгі Шығыс-Пруссияда жиі кездесетін қара телпек киген, кәрі, кәдімгі кемпір. Төрағасы: „Шешей, сіз бірдене айтайын деп пе едініз?“ – деді. „Иә, – деп жауап берді ол, – мен бірдене айтайын деп едім!“ – „Онда алға шығыңыз!“ – „Жарайды, – деді кейуана, – мен қорықпаймын!“ Батыл әйел! Бұл оқиға шамамен 1925 жылы болуы керек. Ол алға мінбеге қарай келіп, мінбеден былай деп сөз бастады: „Шешен мырза, сіз жаңа фана екі сағат бойы өзіңіздің сенбеушілігіңіз туралы айттыңыз. Ал менің өз сенімім туралы бес минут сөйлеуіме, мұрсат берініздер. Менің айтайын дегенім, менің Тәңірім, менің Аспандағы Әкем мен үшін бар жақсылықты жасады. Менің жас келіншек күнімде, күйеуім рудникте қайғылы қазаға тап болды, үйге оның мәйітін алып келді. Мен қолымдағы кішкене үш баламмен қалдым. Ол кезде әлеуметтік мекеме өте әлсіз болатын. Күйеуімнің табытының қасында тұрғанымда, мен қапаланып, ашуулануға жақын едім. Бірақ Құдай мені мұсіркеді, ал адамдардың бәрі де олай мұсіркей алмас еді. Адамдардың айтқаны бір құлағымнан кіріп, екінші құлағымнан шығып жатты. Алайда Ол – тірі Құдай мені жұбата білді. Мен Оған: „Тәңірім, енді Сен менің балаларымның Әкесі боласың!“ – дедім. (Әйелдің сай-сүйекті сырқырата айтқан сөздерін тыңдаудың өзі – бір керемет

еді.) „Келесі күні балаларымды тамақтандыратын ақшаны қайдан аламын деп, кешке дал болушы едім. Бұл туралы да мен Құтқарушыма: „Тәңірім, менің қыншылықта өмір сүріп жатқанымды Сен білесің фой, маған көмектесе гөр!“ – дедім“. Содан соң әлгі қарт әйел шешенге қарап: „Ол менің сөзімді ешқашан далаға тастаған жоқ, ешқашан! Кейде мені мұң басса да, Ол мені жалғыз қалдырмады. Ол маған одан да артық жақсылық жасады: Ол Өз Ұлы – Иса Мәсіх Иемді жіберді, ал Ол мен үшін өліп, Өзінің қанымен мені барлық күнәдан арылтты! Иә, қазір мен қартайым. Көп кешікпей өлермін. Бірақ тыңдал алыңыз, Ол маған мәңгілік өмір туралы мықты сенім ұялатты. Егер осы жерде менің көзім жұмылса, Исаға қатысты болғандықтан, мен аспанда оянамын. Міне, осының бәрін мен үшін Сол жасады! Ал енді сізден сұрайын, шешен мырза, сіздің сенімсіздігіңіз сізге не берді?“ Шешен орнынан тұрып, кемпірді арқасынан қақты да: „О, мұндай қарт әйелдің сенімін біз тартып алымыз келмейді! Кәрі адамдар үшін ол толық сәйкес келеді!“ – деді. Сіздер сонда сол қарт әжені көрсөніздер фой! Ол мұның бәрін сызырып тастап: „Жоқ, жоқ, сіз менен жай құтыла алмайсыз! Мен сізге, шешен мырза, сұрақ қойдым, сіз соған жауап беріңіз! Менің Тәңірім маған не істегенін мен айттым фой. Ал енді сіз маған айтыңыз: сіздің сенімсіздігіңіз сізге не берді?“ – деді. Зал ішінде ыңғайсыз тыныштық орнады. Кейуана – өте ақылды әйел еді...

Қазірде Ізгі хабарға жан-жақтан шабуыл жасалып жатқанда, мен де былай деп сұрап едім: „Сіз өзініздің сенімсіздігіңізден не таптыңыз?“ Мен осы сенімсіздіктен адамдардың жүрегі тынышталып, бақыт орнай қояды деп ойламаймын. Жоқ, достарым менің, олай емес!

Дегенмен біз Исаға арнаған өмірімізден не табамыз? Мен өзімнің басымдағы жеке тәжрибем арқылы, бұған жауап бергім келеді.

Егер мен Иса арқылы Құдаймен татуласпасам, менің өмірім адам төзгісіз болар еді. Кейде жүрегім жарылып кетуге сәл-пәл қалатын: бұғін міне, көршіде үлкен бақытсыздық болғанын, одан екі отбасы қасіретке ұшыра-

ғанын, естіп отырмын. Бізді де ойламаған жерден қырсық шалуы мүмкін. Ондайда әдемі сөз тіркесінің қажеті шамалы, қараңғыда қолымызды қарманып, неліктен көмектесуші табылмайды деп, түнілеміз. Сондай ауыр, киын сэттерде Исамен қашшалықты бірге екенінді сезесің. Мен үйленгенде, әйеліме: „Әйелім, мен алты ұлым болғанын және оның бәрі де тромбонда ойнағанын, қалар едім“, – дедім. Үйінде өзіңің үрлемелі оркестрінің болғаны – қандай тамаша, деп ойладым мен. Біздің шынында да, алты баламыз болды: төрт әдемі қызымыз және екі ұлымыз. Екі ұлымыздың – екеуі де енді жоқ. Екеуін де Құдай сүмдық жағдайда Өзі алды: ең алдымен біреуін, сонан соң екіншісін. Оның қалай болғанына, осы күнге дейін миым жетпейді. Мен бүкіл өмір бойы жастардың діни жетекші болып, жастармен жұмыс істедім, ал менің өзімнің балаларым... Екінші ұлымның өлгенін естігенде, біреу жүргегіме пышақ сұғып алғандай күй кештім. Қоңіл айта келген адамдар қанша басу айтқанымен, бірде-бір сөз жүргегіме жетпеді, біреуі де әсер ете қоймады. Бірақ мен жастардың діни жетекші болғандықтан, бүгін жастар клубына барып, 150 жастың алдында Құдай Сөзін қуанышпен уағыздауға тиістімін. Ал жүргегім әлем-тапырық! Сонда мен есікті жауып алып, тізерлей отырып, дұға оқыдым: „Иса Ием, Сен – тірісің ғой, мен секілді пақыр діни жетекшінді аясаншы!“ – дедім. Мен Жаңа Өсиетті ашып: „Иса айтады: Мен сендерге жан тыныштығын беремін“, – деген жерін оқыдым. Ол не айтса, соны орындаитынын мен білетінмін. Сонда мен Одан былай деп сұрадым: „Иса Ием, Сен неліктен мұны жасағаныңды мен түсіне алмадым, бірақ маған Өзіңің жан тыныштығыңды бер! Менің жүргегіме жан тыныштығыңды бере гөр!“ Сонда Од оны орындаады! Мен мұны сендерге осында куәлік етіп, айтып отырмын.

Бірде-бір адам сізді жұбата алмағанда, Ол сендерге де қажет болады. О, шіркін, десеңізші, Исаны білу, Оның айқыш ағашта Өз қанымен бізді тазартып, өліден қайта тірілуін, бірде-бір адам жасай алмаған көмекті, Оның жасағанын білу – қандай ғанибет! Біз Оған былай деп

айта аламыз: „Тәнірім! Маған жан тыныштығыңды бер!“ Ол берген жан тыныштығы қуатты ағынмен жүрекке қарай ұмтылады. Бұл өміріміздің ең бір қызын-қыстау шағында, өлімнің жақындағанында да болады. Сіздің өліміңіз қандай болар екен? Сонда сізге де бірде-бір адам көмектесе алмайды. Тіпті ең сүйікті қолды да сізге бірде босатуға тұра келеді. Бұл қалай болар екен? Сіз сонда Құдай алдына баrasыз! Сонда сіз Құдай алдына бүкіл күнәларыңызben барғыңыз келе ме? О, егер Құтқарушының білегінен бекем ұстап тұрып: „Сен мені қымбат асыл қаныңмен тазарттың және күнәмды кешірдің!“ – деген сеніммен, тып-тыныш көз жұмылса фой, шіркін!

Құдайға арналған өмірімізден не тиесілі бізге? Мен сіздерге санап берейін: Құдаймен татулық, жан тыныштығы, Құдайды және жақындарыңды жақсы көру, тіпті жүйкеңе ши жүгіртетін бүкіл қас-дұшпаныңды сүйіспеншілікке бөлеу, тіпті бақытсыздығында да – күнде ашиқ күн нұры, мәңгілік өмір туралы нақты сенім, Киелі Рух, күнәның кешірілуі, шыдамдылық... О, мен мұны әлі ұзақ соза беруіме болады!

Мен сөзімді өзіме қымбат санайтын, мына бір жыр жолдарымен тәмамдасам деймін:

Мәсіхтің игілігіне айналсам фой,
„Сөзін екі етпесем“, – деген бар ой.
Оны іздеймін, бұзылса жердегі қорған,
Иса маған қатысты, мен де – OFAH!
Еш шүбәсіз, шіркін-ай, болсам фой мен
Тәнірдің қызметшісі, мұрагері!

Құтқарушының игілігіне айналуға болады! Мен сіздерге осындай байлықты, осындай бақытты тілеймін!

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңіз, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына мекен жайға жазыңыз:

480031 Алматы п/ж 68
„Шығыс сәулесі“ баспасы